



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нүрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Ғашықтық дастандар



ББК 82.3 (2 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Алпысбаева Қ., Өзібаева Б. (*жауапты редактор*),
Қасқабасов С., Қорабай С., Ысмағұлов Ж.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Алпысбаева Қ., филология ғылымдарының кандидаты,
Өзібаева Б., филология ғылымдарының докторы,
Салтақова Ж. (*жауапты шығарушы*)

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 19: Ғашықтық дастандар. — 2005. — 328 бет, суретті.

ISBN 9965-612-50-1

«Бабалар сөзі» сериясының он тоғызыншы томына «Қисса
Ләйлі — Мәжнүн», «Қисса Таһир — Зүһра», «Бозаманның қиссасы»
атты ғашықтық дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05) - 04}$

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-612-50-1 (т. 19)

© Әдебиет және өнер институты, 2005

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

«Бабалар сөзі» атты серияның он тоғызыншы томы халқымыздың ғасырлар бойында жаратқан эпикалық мұраларының бір саласы — ғашықтық дастандарға арналған.

Томға фабулалық төркіні шығыстан келсе де, қазақ халқына кең тараған, өзінің төл туындысындай етене жақын болып кеткен «Қисса Ләйлі — Мәжнүн», «Қисса Таһир — Зүһра» дастандары мен жергілікті фольклорлық сюжетке құрылған «Бозаманның қиссасы» енгізіліп отыр.

Алғашқы екі дастанда бірін-бірі сүйген жастардың бас еркіндігі жолындағы озбырлық-зұлымдыққа қарсы күресі мен махаббат трагедиясы жырланады. «Бозаманның қиссасы» дастанында сүйіспеншілік тақырыбы қиял-ғажайып сипатта, дәстүрлі эпос пен шығыс дастанының поэтикасы ұштастырыла жырланған.


Кітап «Бабалар сөзі» сериясының қағидаларына сәйкес дайындалып, ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және жарияланып отырған нұсқалардың варианттары, көшірмелері жөнінде мәліметтерді қамтыды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томды дайындау барысында Қазан төңкерісіне дейін араб әрпінде басылған кітаптар мен араб, латын әрпіндегі қолжазбаларды дұрыс тану үшін мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жалпыға ортақ жазу нормаларына және контекске сәйкес түзетіліп отырды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер жақшаға алынып берілді.


Томға еніп отырған «Қисса Ләйлі—Мәжнүн» мен «Бозаманның қиссасы» бұрын еш жерде жарияланбаған, бізге қолжазба күйінде жетіп отыр. Бірінші дастанның жазбасы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасында [2001-шифрлы бума], екіншісі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба орталығында [105-шифрлы бума] сақтаулы. Ал «Қисса Таһир—Зүһра» Қазан төңкерісіне дейін бірнеше мәрте баспа бетін көрген. Сондай-ақ Кеңес дәуірінде көпшілікке арналған жинақта біраз түзетулермен екі рет жарияланған.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер түпнұсқаларынан еш өзгертусіз дайындалды.

Томның көлемі — 20,5 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ



قصة لایلی مجنون

Қисса Ләйлі—Мәжнүн

Әуелі бір Құдаға хамду сәна,
Дәрүрі Мұстафаға болсын жәна.
Алланың сүйер досты нұрдан болған,
Салауат Мұхаммедке болып жәна.

Екінші жад етемін Тәңірім атын,
Ғаріптің қабыл әйла мінәжатын.
Пайғамбар расул досты қайдум тұтып,
Ғаріптің аман еткіл бар қажетін.

Қажет көп біз пақырда көңілге алған,
10 Ете алмай мақсат хасыл болады арман.
Адамды ғам суымен сипат әйлап,
Ғам-қайғы сонан бізге мирас қалған.

Келеді сонан бізге мирас қалып,
Аз дәуір һәркім өтті пайдаланып.
Бағдат, Басра екеуі тұрған жері,
Өтіпті бір жақсы адам нәсілі араб.

Бағдат, Басра екеуі тұрған жері,
Сұрадым таяуда ма о да бірі.
Тұрақтап араб, ғажам тұрса дағы,
20*

Қимылдап құрсағында сайран етті,
Берген соң Хақ бағыштап көңіл бітті.

* Қолжазбада бір жол өшіп кеткен.

Ойылға еккен тұқым жеткендейін,
Гүл ашып шығатұғын уақыт жетті.

Анадан айдай болып туды бала,
Ер ұғлан болды ужуды келген жәна.
Той берді көп мал сойып, шаттық етіп,
Құдаға мың шүкірлік айтып сөна.

Неше күн той қылады көп мал сойып,
30 Бай, мырза, пақыр, міскін қалды тойып.
Муазин азан айтып, қимат оқып,
Тарқады Қайыс мырза деп атын қойып.

Раушан нұр шашады туған бала,
Ғазиздап құрмет етті жерден Алла.
«Қайғының мақамына түстім бе» деп,
Көп жылап бала тынбай айтты нала.

Тазартып баланы орап қолына алған,
Жан қалмай көп жылады кемпір-шалдан.
Даяға асыра деп өмір етті,
40 Емізді сүт орнына хасыл малдан.

Қылады дая құрмет жас баласын,
Қоймайды бала жылап һеш наласын.
Жылаудан һеш уақытта тыйылмайды,
Қанеки, қайдан білсін мажарасын.

Емшекке бала жылап алданбайды,
Нәрсеге не қызықты көз салмайды.
Уақытылы пейілі қанып ұйықта[майды],
Бір жанын пида қылып жалбаңдайды.

Күн-күннен жылағаны болды ғалиб,
50 Сарғайды дая байғұс қайғыланып.
Алданып һәрбір жерге жұбансын деп,
Баланы қыдырады қолына алып.

Бір үйге баланы алып келді жетіп,
Үйде отыр бір жас бала қаріп айтып.
Көрген соң жас баланы шаттық кіріп,
Жылағанын қоя қойды сабыр етіп.

Екеуін дая қосып алдына алды,
Жыламай отырғанға бек қуанды.
60 Айырып екі анасы өздері алса,
Пәрленіп бұрынғыдай афған салды.

Қимайды айыруға екі қатын,
Бір қосып отырғызды перизатын.
Жылаудан неш уақытта тиылмайтын,
Баланың дая айтады хикаятын.

— Бұл бала бір арабтың жалғыз ұғлы,
Көп жылап тілеп алған Хақтан мұны.
Ақы алып уақытша асыраймын,
Қайыс аты, тыңдасаңыз сөздің шыны.

70 Отырған сөз сөйлейді кәрі қатын:
— Бұл менің өз балам-дүр, перизатым.
Дүниеде жалғыз бала болғаннан соң,
«Ләйлі» деп қожа, молда қойған атын.

Хақ берді тілеген соң қыз баланы,
Қыз туып көңіл шіркін мұздағаны.
Көтеріп жылаған соң алып жүріп,
Жарылып табанымның сыздағаны.

Көтеріп қыдырамын дамыл алмай,
Сағынып көргенімді естен салмай.
80 Бір минут жылағаннан тиылмайды,
Жылайды афған етіп шаршап талмай.

Ақылым дал болады ойлағанда,
Жылауын сабыр етіп қоймағанға.
Ішіне қанша бала отырғызсам,
Етпейді тоқтап мағзұр нешбір жанға.

Кеміді қыдырумен жарым жаным,
Көтеріп бала бағып кетті сәнім.
Неше күн, неше уақыт бақсам дағы,
Көргенім осы-ақ ойнап отырғанын.

- 90 Қуанып ойнап отыр екі көдек,
Жері жоқ неш ойнаған мұнан бөлек.
Отырар ғашық-мағшұқ сықылданып,
Емес пе дүр Иләһим бұл ғажап кеп.

Қимайды айыруға екі дая,
Ұқсайды ажар-көркі күн мен айға.
Бұлардың арасында не хикмат бар,
Баршасы өзіңе аян, иә, Құдай-а.

- 100 Түзетті екеуіне ғилдат жайын,
Ас, тамақ неше түрлі қойды дайын.
Ас ішу, ұйқы, дамыл бәрін тастап,
Сайрайды бір-біріне бұлбұлдайын.

Түзеліп түрленеді бұл екі гүл,
Бір бесік, бір төсекті етті мәнзіл.
Тамақты сүткісіне бір-ақ татып,
Алады екі күнде бір-ақ дамыл.

Баланы бұл үй тұрды тәрбия етіп,
Балалар рахатта, қайғы кетіп.
Ләйліден Қайысты айырмай бірге қойып,
Үйіне дая қайтып келді жетіп.

- 110 Даяға анасының түсті көзі,
Шыдамай сонда мынау айтқан сөзі:
— Тастапсың иесіз үйге жас баланы,
Қалды ғой өмірі өксіп жалғыз өзі.

Зарығып тілеп алдық біз Құдайдан,
Алып кел, тұрып барып қойған жайдан.
Үш күннен бері маған келгенің жоқ,
Құрысын бала асырап қылған пайдаң.

Бұл сөзге қысылады жаман сасып,
Кетіпті қорыққаннан түсі қашып.
120 Есінен айтар сөзі шығып кетіп,
Тұрыпты аң-таң қалып, аузын ашып.

— Бибекке, мен айтайын, сөзім тыңда,
Қыламын жаным пида жалғыз ұлға.
Қойғанын жылағанын көріп пе едің,
Келгенде зиаратқа һәр күн мұнда.

Көтеріп пәруана боп жүруші едім,
Үй қоймай жұбанса деп кіруші едім.
Гүл беріп, емшек беріп уата алмай,
Дағдарып хайла таппай тұрушы едім.

130 Қолымнан тастамаймын ебелектеп,
Хал-жайын сұрайтұғын не керек деп.
Үйіне пәлен бектің алып бардым,
Жүруші ем бұрын бармай төңіректеп.

Мен кірдім баламды алып ханасына,
Емізген көзім түсті баласына.
Гүл жүзді баласына мейірім кетіп,
Сұрадым маған бер деп анасына.

Анасы көркем екен, ұзын бойлы,
Бек зерек адам екен, ақыл-ойлы.
140 Алдыма бала келіп отырғанда
Өз балам жылағанын қоя қойды.

Шаттанып екі бала ойын салды,
Анасы ойнағанға ғажапланды.
Ішіне қанша бала отырғызсам,
Дос тұтып ойнамаушы ед һешбір жанды.

Баланың біліп алдым атын сұрап,
Қия алмай ойнағанын еттім тұрақ.
Жамалы хор қызының сипатындай,
Дариға-ай, аялы екен дедім бірақ.

- 150 Айырып баланы алдық қолымызға,
Қайтуға даярланып жолымызға.
Шырылдап бейне отқа күйгендей боп,
Көнбеді бала жылап онымызға.
- Жатқыздық бір төсекке, бір бесікке,
Бұларды қосады деп кім өсекке.
Жамалы бір-бірінен айырғысыз,
Бірін ұл, келесісін қыз десек те.
- Қасына сол баланың қойып келдім,
Көркіне ажарымен тойып келдім.
- 160 Жыламай балам шат боп отырған соң,
Мінеки, сізге келіп хабар бердім.
- Сағынып анасы отыр өз баласын,
Көзінің тілеп алған ақ-қарасын.
«Екеуін бір орында көрейін» деп,
Тарады тоты құстай жуып шашын.
- Сөйледі бибі қатын байға барып
Сандықтан киінеді киім алып.
«Қатыны пәленбектің шақыртты, — деді,
Қонаққа келсе екен деп хабар салып».
- 170 Байынан осылай деп рұқсат алды
Бай біліп отырған жоқ үшбу халді.
Қонаққа бибі қатын келгеннен соң,
Үйіне кілем жайып, төсек салды.
- Атластан көрпе жайды неше түрлі,
Рұқсатпен есік ашып үйге кірді.
Бибі бір қанділге ашып жаққан шамдай
Сүйінді көзбен көріп екі нұрды.
- Отырды мәжіліспен зияпатта,
Кемпір жүр қонақ үшін тәрбиатта.
- 180 Қолға алмай бір-бірінен айырғысыз,
Көз салып қарап тұрса перизатқа.

Сүйеді қолына алып екі нұрын,
Айырмай бір-бірінен көркем түрін.
Дүниеде теңдесі жоқ екі бала,
Көрген жан һеш теңгермес ұжмақ хорға.

Бек сыйлап, құрмет етті мейманын,
Бала үшін пида қылған жалғыз жанын.
Даяның айтқанымен өзі келіп,
Шат болып көріп қайтты отырғанын.

- 190 Баланы дая бақты бірнеше жыл,
Түзеліп күннен-күнге ашылды гүл.
Еңбектеп апыл-тапыл аяқ басып,
Қолында ата-ананың шығарды тіл.

Тіл шығып, бұлбұлдайын сайран етті,
Шаттанып ата-анадан қайғы кетті.
Алтыға бестен өтіп келген шақта
Той қылып, сүннет етер уақыт жетті.

- Той берді неше күндей қылып сауық,
Қуанысып бәйге берді аттар шауып.
200 Молданы сүннет еткен тоғыз беріп
Қайтарды ақсақалға тондар жауып.

Тарқатты қызықпенен осы тойын,
Жасады қанша мәжіліс, қаншама ойын.
Жібектен неше түрлі киім сайлап,
Түзетті тал шыбықтай көркем бойын.

Сол күйімен Қайыс келді он жасына,
Алданып сөзді ұзатып болмашыға.
Баланы ата-анасы қолына ұстап,
Мектепке алып келді молдасына.

- 210 Молдадан Қайыс отырды сабақ алып,
Сөз бастап бисмилладан оқып қаріп.
Хорлардай ұжмақтағы өңшең бала
Отырса төңірекке көзін салып.

Отырған бір сапта қыз, бір сапта ұғлан,
 Молдаға айып-пұл келіп көп жиналған.
 Молда сонда бір-біріне мәжіліс ...*
 Ұжмақтан қосылғандай хор мен ғұлман.

Қыздарда періштедей бір бала бар,
 Өзінен табылғандай көркем ажар.
 220 Қыздар мен ер балалар бас қосқан соң,
 Тұтанды арасында бейне базар.

Сол қызға Қайыс салды шын назарын,
 Тапқандай қуанады ғашық жарын.
 Көңілінде ғашық оты пайда болып,
 Кетірді бойындағы ықтиярын.

Ол қыз да оқып жүрген шәкірт бала,
 Ләйлі деп атайды екен есімін жәна.
 Жұмсақ тіл, раушан жүзі, сабыр құлық,
 Беріпті бәрін жиып Хақ Тағала.
 230 Сөйлеспей жүреді екен лебіз ашып,
 Барады күннен-күнге қайғы басып.
 Ғешкімге бір білдірмей сыртындағы
 Ләйлі де жүреді екен болып ғашық.

Жүріпті сабақ алып қыз бен ұғлан,
 Хабардар болған емес ғешкім мұнан.
 Риясыз іштерінен от жанады
 Шын ғашық пайда болған ажайыннан.

Сабырға ғашық отын жеңдіреді,
 Өздерін мехнатқа көндіреді.
 240 Қызда ұят, жігітте әдеп көміл толық,
 Кетпеген ол екеуі мезгіл еді.

Ғашықтық мехнат күн-күн артар,
 Көрмесе жарты сағат қайғы тартар.

* Түпнұсқада бір сөз түсіп қалған.

Мешітте бір-біріне жолыққанда,
Күлімдеп гүл раушан шер тарқатар.

Қайыстан отырмайды Ләйлі жырақ,
Алады «білмедім» деп сабақ сұрап.
Ләйлінің білмегенін Қайыс айтады,
Сөзіне басқа бала салмас құлақ.

- 250 Ләйліден Қайыс сұрайды ұмытқанын,
Олардың ешкім білмес ахуалын.
Бір бақта екі бұлбұл сайран етіп,
Бір етті екі бақта жалғыз жанын.

Жүреді күндіз келіп, түнде барып,
Әбжадтан молдасынан сабақ алып.
Бірінен әғар бірі соңғы қалса,
Тұрады соңғысының жолын бағып.

- Қосылып келеді екен молдасына,
Сыр ашпай бұл мазмұннан жолдасына.
260 Ғылас, жан-тән бірге болғаннан соң,
Хабардар басқа бала болмасын ба.

«Ләйлі» деп әғар біреу айтса кеңес,
«Не дейсің, не сұрайсың?» дер еді Қайыс.
Бірінен сұрағанды біреуі айтып,
Өтіпті арасында осындай іс.

Қайыс әғар жазбақ үшін қалам алса,
Ләм, йа жазар еді шаршағанша.
Үшінші қаріп хатты қояр еді,
Қаламын тастар еді естен танып.

- 270 Ләйлі де хат жазғанда қалам алып,
Қаф, син қояр еді машық салып
Сөйлесіп бір-бірімен бахас етіп,
Осылай күн өткізді пайдаланып.

Жүріпті осыменен бірнеше жыл,
Паш болып ғашық Ләйлі болды мүшкіл.
Екеуі ғашық деген сөзден қашып,
Сөйлесті сабыр сақтап, сайлап дәлел.

Бұрыннан екеуі де болып ғашық,
Соңынан мүкіс қалмас қадам басып.
280 Жалықпай қос қабақпен сөйлеседі,
Неңдейін Хақ Тағала қылар нәсіп.

Молдадан жүруші еді дәріс алып,
Қайыс тұрды сөйлесуге ойға қалып.
— Білмеген сабағымды үйретіп бер,
Алдыңнан өткізейін құлақ салып.

Қатадан хат жазады бала тұрып,
Хатқа назар салады пейілін біліп.
«Тастапсыз қата жазып қойыпсыз» деп,
Қапа болып Ләйлі айтады мойын бұрып.

290 Ғашықтық көркем болып пайда бермес,
Бұл деген осылайша сөзге көнбес.
Ғарық болды жанған отқа ақыл, ұят,
Орнына егілгенмен қайтып келмес.

Жасырып ойнаушы еді кітаптарын,
Ғашықтық ғаскері алған ықтиярын.
Жалынып өтініш етіп алушы еді,
Балалар тегіс білген осыларын.

Өшкере, мағлұм халыққа болып кетті,
Жасырын ішке сақтап күндер өтті.
300 «Қайыс пенен Ләйлі ғашық болыпты» деп,
Ләйлінің анасына хабар жетті.

Анасы ашуланып оттай жанды,
Неңдей іс Хақ Тағала басқа салды.
Ләйлі үйге сабағынан қайтқан шақта,
Баласын оңашалап қолына алды.

Сөз айтты баласына ашуланып:
— Деуші едім сабақ үйрен молда барып,
«Ләйлі ғашық бір баламен болыпты» деп.
Барады сыртқы хабар құлақ жарып.

- 310 Білмедім не боларын намыс етіп,
Өзіңнен бұлай болма қарар етіп.
Қыз қымбат сандықтағы гауһар мысал,
Қадарың кем боларсың қадірің кетіп.

Екен деп жақсы сират оған бақпа,
Еріп көрінгенге судай ақпа.
Нәркес көз, бек ашық жүзді болмай,
Пінһан жүр, жалғыз жаным, әдеп сақта.

- Лұғбат кебі дүниеде сөзбен айтып,
Раушан жүзің күйеді, күнәһ етпе.
320 Пердемен отыр үйде өз ісіңмен
Қыңыр қыздай көше аралап шықпа шетке.

Һешкіммен бірге отырып, бірге жүрме,
Көлеңке сықылданып һәркімге ерме.
«Қайыспенен қызың ғашық» деген сөзден
Ұялып намысымнан кірдім жерге.

Ер ұғлан ғашық болса ғажап емес,
Болмайды қызға лайық мұндай кеңес.
Факир, нәсіп, қадір, құрмет иесімін
Осалдық бізден садыр болған емес.

- 330 Әй, балам, тыңда мұны айтамын зар
Бұ істе менің қатты қорқынышым бар.
Мүбәда атаң мұны естімесін,
Көндірер сиясатқа етіп қаһар.

Мектепке бармай-ақ қой мұнан кейін,
Баламсың жаным, тәнім, мен не дейін.
Іс істе үйде отыр машық жазып,
Молдаға, балам, сені жібермеймін.

Ойынға күлкіменен болма ғарұр,
Қор қылма өз басыңды, қадіріңді біл.
340 Көрінбей неш адамға үйімде отыр
Бұл бұһтан саған айтқан кесілсін тіл.

Меніңше оңаша үйді әйла мәнзіл,
Көрмекке һәркім ғашық сіз қызыл гүл.
Үміткез балалармен бір жүрме деп,
Осы-дүр насихатым, енді өзің біл.

Осындай анасынан естіді сөз,
Қасірет, шаттық кетіп, орнады тез.
Рас деп айту сонша қиын болып,
Беруге танып жауап аударды жүз.

350 — Бересің мұнша сөгіс анам, — деді,
Түсініп біле алмайды балаң, — деді.
Ғашық, мағшұқ дегенге түсінбеймін,
Түсіндір баян етіп маған, — деді.

Естідім анам сенен ғашық атын,
Білмеймін дұрыс іс пе, иә ұятын.
Ұстаз бол осы сөзге түсіндіріп,
Тоқтасын асылын біліп қанағатым.

Мектепке рұқсатсыз барғаным жоқ,
Бар дедің айтқаныңнан қалғаным жоқ.
360 Нәжыныс балалармен бірге отырып,
Һәр уақыт сабақ сұрап алғаным көп.

Сұраса сабақ айтып беруші едім,
Дәріс оқып, машық жазып жүруші едім.
Кейде біліп, сабақты кейде білмей,
Өзім де ренжуде жүруші едім.

Әй, ана, мұратым сол үйде отыру,
Қолында ата-анамның дәурен сүру.
Ұсады молда да «сабақ біл» деп
Бек қиын өзіме де қорлық көру.

- 370 Дәріс алып күні бойы оқимыз хат
Мектепте һаман бала болмайды шат.
Бір сөзді білмейтұғын аузыңа алып,
Бердің ғой түсіндірмей көп қаһарат.
- Естіді баласынан бұл жауапты,
Ашуы басылады келген қатты.
«Білмейтін жас баланы сөзге қосып,
Болмайды не деп айтып адамзатты.
- Бұл балам білмейді екен ғашық жайын,
Өсекке бекер қосып не қылайын.
- 380 Қолымнан намыс, ұят кете жазды,
Мақтасын һәр уақытта бар Құдайым».
- Көңілі қызға нанып, тәсіл[ім] етті,
Бір жүріп, бірге отырған күндер өтті.
Ләйліні ықтиятпен үйге сақтап,
Мағшұқтың дидарынан мақрұм етті.
- Қапаста Ләйлі болды тұрған құстай,
Бар ма екен тірі ғаріп бұл байғұстай.
Ғашықтық дидарынан үміт кесіп,
Сарғайтты қайғыменен көркем түсті.
- 390 Шарасыз үйде отырды сабыр етіп,
Жүреді ата-анасы келіп-кетіп.
Оңаша бұл ғазалды айтар еді,
Дертіне шыдай алмай афған етіп.
- Зарығып Ләйлі жылайды,
Ғашық жарын ойға алып,
Отыра алмай мұңайды.
Біلمесін басқа біреу деп,
Төңірекке көз салып,
Қалам, сия қолға алып
- 400 Ішіндегі дертінен
Әпсана айтып толғанып.

— Жоқтан бар ғып біздерді
Жаратқансың, Құдайым.
Қайғысыз қылып қоймадың,
Көңілге салдың уайым.
Ақылымнан тандырдың,
Ғашықтық отын жандырдың,
Не дауа бұған қылайын.

- 410 Ойласам қайғы артады
Ұятым кейін тартады.
Бірге жүріп мектепте
Аз күн шерім тарқады.
Іштегі шерден хабарсыз
Ғашық жайын білмеген
Дұшпандар сөгіс айтады.
Жанған отқа жолығып,
Қайғы-қасірет молығып,
Басқа қылар шипа жоқ,
Зарлық етпей қайтеді?!
- 420 Қайғысы кетпес басымнан,
Ата-анамның ісінен,
Мектепке бардым жасымнан.
Шам-шырақты жандырдың,
Ақыл-есім тандырдың,
Табылып ділбар қасымнан.
Айрылып сізден жыладым,
Көзімнің жасын бұладым.
Дертке шипа етерге,
Көңілдің көп қайғысы,
- 430 Ренжіп бұлай кетерге,
Өзіңнен жәрдем сұрадым.
Мақсұтқа жетер болмасам,
Қосылып дарақ қонбасам
Әуре қылмай дүниеде
Аманатың ал, Хақ Жаппар,
Осы еді менің мұратым.

- Әй, Физули, ғам-қайғы
Мұнан да артық сізде бар.
Өшкере етпей һешкімге,
440 Тәңірге аян үшбу хал,
Мақсұтты Хаққа тапсырып
Айтып келген сөзіңнің,
Аяғына назар сал.
Өлшеулі ғұмыр сапасыз,
Тамам етіп тастауға,
Тоқталмай қолға қалам ал.
- Дүние ойлағанға бейопа-дүр,
Һәркімге опасыздық көрсеткен-дүр.
Ас өтпей тамағынан ішкенменен
450 Сарғайып кетер болды жүздің нұры.
- Шын ғашық әғар болса екі жары,
Болмайды қосылудың ықтибары.
Араға бір жұдалық болар себеп,
Тұрмайды өз-өзінде ықтияры.
- Ғашықтық неше түрлі, неше фасыл,
Мехнат суша қатып табар асыл.
Мысал бар дүниеде ойлап тұрсаң,
Тікеннің ортасынан шығады гүл.
- Бұл істен Қайыс мырзаның хабары жоқ
460 Мектептен табамын деп көңілі тоқ.
Ертерек орынынан түрегеліп,
Мешітке жетіп келді күліп шат боп.
- Ләйлінің қарап отыр жолын бағып,
Көңілі тоқтамайды судай ағып.
Отырып өзі ішінен ойлайды:
«Сабаққа келмей қалды бүгін нағып?»
- Мырзаның Ләйлі болды назарында,
Таба алмай харидарын базарында.

«Не үшін келмеді?» деп қайғыланып
470 Қалмады зәрредей қан ажарында.

Мектепке ол күн Ләйлі келе алмайды,
Болғанын не оқиға біле алмайды.
Қайғы мен қараңғылық басқа түсіп,
Оқыған сабағына көз салмайды.

Сұраған нешбіреуге айтпайды сөз,
Қайғыға шаттық кетіп аударды жүз.
Жылаудан екі [көзі] тыйылмайды,
Ас ішіп, дамыл алмай кеше-күндіз.

— Әуелден жаратқан соң Бір уа Барым,
480 Ләйлінің ғашығы алған ықтиярым.
Бұрын шат, бүгін қойдың қасіретке,
Жақпайтын білмедім не ісім барын.

Мектепте шаттандырдың бірге тұрып,
Мен жүрдім сабақ алып, дәурен сүріп.
Таппадым келіп мұнда мекеніңнен,
Қай жаққа пәруаз еттің, сейіл құрып.

Достықтан жүз қайтарып, қылдың жәбір,
Бұл отқа нешік пенде қылар сабыр.
Бұл қайғы бүгін менде, ертең сенде,
490 Һәрнәшік дауасының ғилажын қыл.

От болып жанып кетті ішім-тысым,
Ләйлімен болмас менің неш жұмысым.
Қан болып жүрек, бағырым езіледі,
Етпей ме саған әсер бұл налаһым.

Ләйлінің тікені гүл бағындағы,
... ..* қандай қолындағы
Неше күн, неше түндер қасірет шекті,
Қосылып, еске түсіп жүрген шағы.

* Екі сөз танылмады.

Сарғайтты ғазиз түсін қайғы-қасірет,
500 Мектепте көтерілді аһы, афған.
Баршасы өһл мектеп зар жылайды,
Ғашықтың күйіп-жанған сипатынан.

— Бұл күнде заһар зақұм ішкен асым,
Көл болды жылауменен көзден жасым.
Көңілімнен мүбдағаны көндірмесең,
Айрылды ақыл-хоштан ғазиз басым.

Аһ ұрып осылай деп зарланады
Ғажаптап һәркім бұған таңданады.
— Жаным жоқ Өзірейіл алатұғын,
510 Қайғымнан басқа менің немді алады.

Жылаудан босамайды екі көзі,
Өшкере қапалықпен айтқан сөзі.
Сандуғаш пенен бұлбұл сықылданып,
Ләйлімен еске түсіп жүрген кезі.

— Жаратушы Құдайым,
Дәрғаһыңа көз салып,
Зарлықпенен жылайын.
Қанша қасірет шеккенмен
Пайда бермес уайым.
520 Жолдас болған жасымда,
Назбен тіккен қасын да,
Мен Ләйліден айырылдым,
Білмеймін не-дүр күнөһым.

Ақыл-қошым қайғы алды,
Ішім тола от жанды.
Ғашықтық отын ішінен,
Махкам етіп жай салды.

Мен ғарішке назар сал
Бір жолығып хабар ал.
530 Дертке шипа болмай ма,
Сұрасаң келіп ахуал.

Мақрұм қалып ділбардан
Алыс кетіп ділбардан.
Көп оқыған сабақтан,
Ұйқы, қорек, тамақтан.

Баршасынан айрылып,
Мәжнүн болып жай қалды.
Әй, Физули, ахуалы
Дәулеттің шамы жанбады,
540 Мағшұғың назар салмады.
Мұратың хасыл болар деп,
Жақындық, достық қылар деп,
Мұхтабаның алдады.
Екінші жақтан сөз бастап,
Кешіктіріп сөз қосып,
Хикаяты асыл ғаріптің
Кетпесін іште арманы.

Жылаумен Қайыс мырзаның ақылы кетті,
Шат болып сабақ алған күндер өтті.
550 Ләйлінің ғашығының әсерімен
Айырып ес-түсінен мәжнүн етті.

Бір күні наурыз берді жұрттың бәрі,
Шат болып жиылысты жас пен кәрі.
«Басыңды, әй, иә, Мәжнүн, көтергіл» деп,
Қасына жиылыпты жолдастары.

Һәр мақлұқ бұл фазылда болады шат,
Жарлы, бай, пақыр, міскін ғамдан азат.
— Гүл теріп, бағы-бақша аралалық,
Иншалла, душар болар ол перизат.

560 Бұлардың айтқанына құлақ салды,
«Кез болар» деген сөзге бек қуанды.
«Ләйліге қай орында жолығам» деп
Аралап бағы-бақша бірге барды.

Жүріпті бақ-бақшадан гүлдер теріп,
Таралды һәр тарапқа бұлар серік.
Мәжнүн жолдасынан айырылады,
Тігулі бір бақшада шатыр көріп.

Шатырға жетіп келді қадам басып,
Ішіне назар салды есік ашып.
570 Гүл теріп, сайран қылып келген екен,
Жолықты Ләйлі, Мәжнүн душарласып.

Жоқ екен жары-жора қастарында,
Ғашықтық қайғысы бар бастарында.
Қарасып бір-біріне шүкір етті,
Құданың бұл орында қосқанына.

Ішінің ғашық оты ұшырады,
Бір-бірін анықталып айырады.
Сағынған мағшұғына тап ете алмай,
Мәжнүн бейһүш болып жығылады.

580 Мәжнүнге Ләйлі тұрды назар салып
Қалған соң сөйлесе алмай қайғыланып.
Не түрлі жәбір-жапа еске түсіп,
Ләйлі де жығылыпты есін танып.

Екеуі осылайша талып қалды,
Неңдей іс арасында Тәңірім салды.
Гүл терген кәнизактар қайтып келіп,
Ләйлінің бұл ісінен хабар алды.

Кәнизлер келіп тұрды қастарына,
Мәжнүннің құлақ қанған дәстларына.
590 Ләйлінің көл суымен бетін жуып,
Жидырды ақыл, есін бастарына.

Көтеріп бұл орыннан алып кетті,
Мәжнүнге қатты қайғы салып кетті.
«Ата-анаң мұнан әғар хабар тапса
Жарамсыз баршамызға ұят, — депті.

Шырағым, жат біреуге назар салма,
Болар деп сонан опа ойыңа алма.
Жарамсыз жат біреуге ғашық болып,
Бересің не деп жауап кемпір-шалға».

600 Ләйліні алып кетті бұл арадан,
Хабарсыз қалды Мәжнүн мажарадан.
Мәжнүнді жансыз жатқан тауып алды
Біреуі жолдасының гүл қараған.

«Мәжнүн!» деп жолдасы айғай салды,
Дыбыстан хабары жоқ, қозғалмады.
Соғады құр өкпесі, ес-түсі жоқ,
Болғанын не оқиға біле алмады.

«Күлмей бұл жүруші еді қайғы басып,
Жатқан-ды жүрек талып, қарны ашып.
610 Ыссылық бұған әсер кірген-ді» деп
Бетіне отырыпты гүл су шашып.

Тұрғызды қасындағы жолдастары,
Қараса қасында жоқ ғашық жары.
«Алла!» деп аузынан шыққан отпен
Артылды бұрынғыдан аһы-зары.

Тасталды киімдері аяғынан,
Қасірет, күйініші артты баяғыдан.
Ләйліге осы орында кез болғанын,
Абайлап білді бұлар сияғынан.

620 — Мәжнүн, басың көтер, сабыр әйла,
Күйініш артық жанға бермес пайда.
Өзіңді бұлай болсаң қор етерсің
«Сары алтын — сабыр түбі» деген пайда.

— Ғазиздар, бұл дертімді жеңілсінбе,
Мен күйдім саламат болып отқа жаңа.
Жүрер деп менің үшін тоқталмаңыз,
Пәруана мен бір ұшқан аспанға.

- Жолығып атам сұраса сізден халім,
Айтарсыз осылайша ахуалым.
630 Бұл қайғы өлсем менен ада болмас,
Ғашықтық қасіреті алған ықтиярым.

Мен үшін тоқталмаңыз жолдан қалып
Аралас дәурен сүрмен тіліңді алып.
Көзімнен нұр, көңілімнен ақыл кетіп,
Қайғы мен маған жолдас пәруаналық.

Бұл іске мені теңе ықтиярлы,
Көңілімнен ақылым алып, күйініш салды.
Мағзұр тұт бірге жүрген ашыналар,
Маталып жүз көрсеткен қайда барды.

- 640 Қанбадым, көзім шалды күннің нұрын,
Келтірсе керек емес ұрмақ ғұмыр.
Ғешкімнің насихатын қабыл алман,
Берсе де дәрежесін пағфурдың.

Сіздермен бірге жүріп, бірге тұрман,
Табылар маған жолдас ой мен қырдан.
Сіздердің маниғ еткен тіліңді алып
Ғашықтық сұлтанынан мойын бұрман.

- Мәжнүннен бұлар қайтты амандасып,
Ғазыл, мақсұтты Хаққа еткей нәсіп.
650 Көзінен қан, аузынан көбік ағып,
Басына жүріп кетті топырақ шашып.

Білмеді Мәжнүн жылап оң мен солды,
Аударды сахараға жүрер жолды.
Бір жерге мақам етіп тоқтай алмай,
Зарлықпен жүрген жерге ағған толды.

Кезеді һәр орынды ағған салып,
Қайда жол елсіз болса соған барып.
Мәжнүннің зарлық еткен наласымен,
Құсадан кім ерімес қайғыланып.

- 660 Мектепке жолдастары қайтып келді,
Оқиға бастан кешкен айтып келді.
Мәжнүннің өздерінен айрылғанын,
Баяндап атасына хабар берді.
- Атасы осы сөзден хабар алды,
«Не мүшкіл ұшырадым» деп қайғыланды.
Көзінен қанды жасы рауан болып,
Баласын биабаннан іздей барды.
- Нышана табылмады шырағынан,
Жүріп, не отырған тұрағынан.
- 670 Бір жерде сабыр тауып тұра алмады,
Мәжнүннің даусы кетпей құлағынан.
- Таба алмай жалғыз ұғлын қайғыланды,
Сарғайып күйінішпенен оттай жанды.
Тікеннен төсек, топырақты жастық қылған,
Баласын биабаннан тауып алды.
- Көрген соң есі кетіп болды қайран:
— Таусылды саған бола ақыл-хайлам.
Киім, опа, астыңда төсек жоқ,
Шырағым, не-дүр сенің қылған пайдаң.
- 680 Тікенмен пара-пара ғазиз тәнің,
Жапасын көп шегіпсің бұл дүниенің.
Гүл жүзің топырақ басып, мекенің — дала
Баян қыл, не-дүр сенің ойлағаның.
- Кім алды қолыңдағы ықтиярың,
Мал-мүлік берсем дағы һәрне барын.
Айтсайшы көңіліңдегі тілегіңді,
Бұлайша өзгерілген рузгарың.
- Баян қыл, мақсұдыңды гүлде болып,
Биабан, не сахара шөлде болып.
- 690 Орнына мақсұдыңды келтірейін,
Айнала араб, ғажам елде болып.

— Сен кімсің маған бұлай ақыл берген,
Мехнатты көрген мені іздеп келген?
Дертіме шипа сенен табылмайды,
Бейпайда неге келдің шығып елден?

Кідірмей менің үшін жолыңа бар,
Еткенмін қайғы-қасірет шөлді ықтияр.
Басқа сөз жарамайды құлағыма,
Ләйліден әпсана қыл білсең хабар.

700 — Әй, балам, құлағың сал айтқан сөзге,
Ләйлі үйде, қонақ болып келген бізге.
«Алып кел Мәжнүнді» дегеннен соң,
Атаңмын іздеп келген, жаным, сізге.

Естіді атасынан Ләйлі атын,
Бергендей қуанады Хақ мұратын.
«Ләббай» деп орнынан түрегеліп
Көруге бірге келді перизатын.

Қосылып атасымен бірге келді
«Мәжнүн келеді» деп хабар берді.
710 «Жаныңа сенің жәбір-жапа беріп,
Не болды, көзім нұры балам» дейді.

Анасы отыра алмай қарсы барды,
Көрген соң Мәжнүн халін қайран қалды.
— Сағынып, сарғайғанда көрген қозым,
Басыңа мұнша жәбір неден салды?

— Әй, ана, мақсұдым сол қайда Ләйлі,
Басқа сөз құлағыма жарамайды.
Ләйлісіз қарар, әсла, етпеймін, — деп
Болмайды ата-анадан һешбір мәйіл.

720 Ата мен қарамайды анасына,
Бұлар жүр пәруана боп баласына.
— Жанымның рахаты, көзім нұры,
Азырақ сөзге құлақ саласың ба?

Біздерміз асыл тұқым нәсілі — араб,
Бақ берген дәулетпенен Құдай қалап.
Көз салып, пікір етіп ойла, балам,
Батырлық бізге мирас, толық әдеп.

730 Жан балам, бұлай болма, әдеп сақта,
Көп жылап зарлықпенен жүрдім Хаққа.
Қор қылма қартайғанда ата-анаңды,
Көңілден және қайғы кеткен шақта.

Шырағым, өзіңе-өзің берме жәбір,
Табылар һәрне мұрат етсең сабыр.
Көңіліңе қараңғылық қайғы салма,
Ойлаған мұратыңның жөнін білдір.

Сабыр қыл, өз басыңа қайғы салма,
Қолда жоқ қорлаған сөзге нанба.
Күйгенмен өзін-өзі жоқ әйлайды,
Қарасаң ғибрат үшін жаққан шамға.

740 Ғашықты көрер дәуір ойламаған,
Айрылар ғашық болған ақылынан.
Ғашық төуір дегеннің бәрі бекер
Осы-дүр насихатым, балам, саған.

Ақылы кем болады сұрамастың,
Иманы болар қайғы пұтпарастың.
Зарлатып ата-анаңды қартайғанда
Жігер, бақ бізде ме еді сенің қасың.

750 Айтылған илтимасым қабыл әйла,
Әрі сіз, әрі бізге осы пайда.
Дұғасы ата-анаңның мақбұл деген,
Бұрынғы имамдардың нақылы қайда?

Толықтың балиғатқа, балам, кәміл,
Өткізіп уақытыңды жүрме ғапыл.
Қол жетпес күнге мәйілің солдырғанша
Ойлан, басқа жерден талабың қыл.

Бұл жерде араб, ғажам мың бөлім ел,
Мың қыз бар һәр бөлімде қып-қызыл гүл.
Парыздан үйлендіріп құтылайық,
Жолдаспен өзің барып ұйғарып кел.

- 760 Перзентім, бізге бұлай қайғы салма,
«Болмасқа ғашықпын» деп отқа жанба.
Жар тауып, бұл саудадан құтылалық,
Мақсұтқа жеткізейін берсе малға.

Балам ең көп ізгілік үміт еткен,
Деуші едім қарсы сөйлеп алмас беттен.
Ғашықтық нендей сипат мекендеген
Дәптерге кәміл ұстаз жазып кеткен.

Ғашықтық

- Ғашыққа көңіл салмаңыз,
Онан ғылым алмаңыз.
770 Сапары қайғы-қатер-дүр,
Халас етсе аңыз.
Ғашықтық жақсы мирас деп,
Уағда маған берген деп,
Шын ақиқат рас деп,
Жаныңа апат келтіріп,
Түзік тұрған ғұмырыңды
Қайғымен шауып өлтіріп,
Құтылмастай бөлеге,
Рәсуалық жалаға
780 Кіріптар болып қалмаңыз.

Ғашықтың жолы қамал-ды,
Басыңа бермес амал-ды,
Мирас етпе ғашықтан,
Бұйрығы жоқ нәсіптен
Ақыры табар зиянды.
Суреті жақсы көрінер,
Неше түрлі назбенен,
Ойынан кетпей кіруер,

- 790 Көркем құлық сөзбенен
Соңына түссең ғашықтың,
Ішкі сыры аян-ды.
- Іздесең қолға келмейді,
Не қартайып өлмейді,
Ішкеніңді қан қылар,
Алыпты үсік бойыңды.
Қайғымен ойың дал қылар,
Жолдас қылар қасыңа
Қайғы, қасірет, ағанды.
- 800 Әй, Физули, ойламаң,
Гөзелден опа келмейді,
Қолынан шарап бермейді.
Әслан қолың жеткізбей,
Қайғысын естен кеткізбей,
Соңымнан менің аулайды.
Қор етіп сенің басыңды,
Көзіңнен төгіп жасыңды,
Машақат қанша тартсаң да,
Мағшұғың көрмес қайғыңды.
- 810 Ықтиярын алдырмай,
Көңіліне қайғы салдырмай,
Сабыр етіп тұрмағың,
Ойлағанға осылай.
Кітабыңды қолға алып,
Ләйлі — Мәжнүн хақында,
Өткен ісін ойланып,
Баян етіп тастаңыз,
Кейінге қалмас фасылды.

Мәжнүннің айтқаны

- 820 Естіді анасының айтқан сөзін,
Жылаудан тоқтата алмай екі көзін.
— Руби ру анам, ата, анам,
Болмайды бұл қайғыға һешбір төзім.

Қалмайды адам сенде ықтибарым
Артылып қасірет пен ынтызарым.
Тахқиқ ісім қатасын білсем дағы
Не дейін, өзімде жоқ ықтиярым.

Сіздерге көрінеді сыртым бүтін,
Аузымнан аһ десем шығар түтін.
Жақыптың Бәйтул Ғаза орнындай
Ішімнің ізһар етсем жанған отын.

- 830 Көңілде ғашық — ғалиб, ақыл — зағип,
Тікендей ділім ойран, ғашық — жаным.
Жарымның қайғысы алды жан-тәнімді,
Басқа жер мекен етпен онан қалып.

Әуелден бізге бұлай жазса тағдыр,
Өзгертіп тәуір етпес, келмес тағбир.
Науқасқа өзін-өзі қарсы ұстай ма,
Әгарда сақыплықта болса қадір.

- Кедейге Тәңірі берсе падишалық,
Етер ме тіленші боп кімге қарарлық.
840 Біреудің ақыл-хошы болса бүтін,
Алар ма өзі тілеп рәсуалық.

Сол өзі тазалықтан айырылар ма,
От жанып апат бермей тек тұрар ма.
Жаннан жетпек, не тәрік етпек керек,
Болмайды мәслихатпен қалдырарға.

Толтырып көңіліме қайғы салды,
Саудамен қол-аяғым байлап алды.
Бөдан да бастан-аяқ жарым шауқы,
Ойлайтын бөданым жоқ басқа халді.

- 850 Бөлеге көңілімді мүлік қылды,
Жапаға бір жанымды жерік қылды.
Бұл дертке өзелдегі дауа болмас,
Көңілімді мейіріммен желіктірді.

Сұраса біреу келіп қалдырарға,
Көтерді қолға алып отқа ұрарға.
Жарығы һәркімдерге түсер шамның,
От берсе шырпыменен жандырарға.

860 Және от дүниедегі жаққан шамның,
Сөндірсе, жанын алған болады оның.
Достық деп дұшпандыққа ісім бар ма,
Қажеті сол рәуішті бұл баланың.

Ғарық болдым қайғысына ғашық жардың,
Ізінде екі көзім ділбигармын.
Рауа қыл бұл дертіме Ләйліменен,
Жаныма хош келмейді басқа пендең.

Айтасың араб, ғажам еліміз бар,
Ләйлідей һәрбіреуде неше қыздар.
Ләйліден басқа біреу жар тұтынбан,
Билләһи, екінші сөз деме зинһар.

870 Бақшада нала қылар бұлбұл сайрап,
Наладан қайғысына дәрмен ойлап.
Мәжнүн бұл ғазалды айтар еді,
Ішінде қайғы-қасірет оттай қайнап.

— Ғашыққа дауа болмайды,
Естіген шыны қонбайды.
Рахаттан айырылып,
Қарамас жөнге қайрылып.
Дүние қамын ойласа,
Ғашықпын деуін қоймаса,
880 Құр жылаудан тыймаса,
Ол ғашық боп оңбайды.

Жаннан таппақ мұратты,
Ықтияр егер пырақты.
Жаны үшін жан қимай,
Зар-сәргардан қайғырмай,
Ел-жұртынан айырылмай,

Құр ғашықпын деген сөз
Өлумен болар бұл қатты.

890 Әй, Физули, ойласаң,
Айтар сөзді қоймасаң,
Жолдас дейді жарыңды
Қызы білер халіңді.
Ғашықтың бұлай болмағы
Һәркімдерге мәлім-ді.
Мәжнүннен хабар әйлаңыз
Жылатып қоймай мазлұмды.

900 Мәжнүн осылайша тамам етті,
Артты ата-анасына қайғы-дертті.
Пәлеге құтылмастай қалған екен,
Қаперін ойламасаң болмас депті.

Атасы күйінішпенен ғазиз қалды,
Мойнына үзілместей шынжыр салды.
Мақсұдын баласының таппақ үшін
Данышпан адамдарын жиып алды.

— Ләйліге осы бала болды ғашық,
Әсілі бере алмадым көңілін басып.
Баламнан бұл қайғыны көтере гөр,
Баршаңыз ұлық-кішік ақылдасып.

910 Әрі-бері осылайша ақылдасты,
Болмайды тоқтатуға ғашық масты.
Ләйлінің атасына жаушы салып,
Сұралық қосамыз деп екі жасты.

Мен тұрмын қайғыменен есім танып,
Отырмын иғлаж не деп ақыл салып.
Ләйліні жаушыменен сұрамай-ақ,
Тілесек не қылады тегіс барып.

Баршасы «барайық» деп түрегелді,
Билеген һәрбіреуі һәр тайпа елді.

920 «Арабтың ғазиздері келеді» деп,
Ләйлінің атасына хабар барды.

Бұларға үйін тосып даяр қылды,
Қосылып мейманымен бірге жүрді.
Һәрбірін нұр сипатпен отырғызып,
Алдында қызмет етіп тіке тұрды.

Алдында тіке тұрды қолын жайып,
Мейманнауаз нығмет қойды сайлап.
«Баршасы не жұмысқа келді екен» деп,
Ләйлінің атасы отыр пікір ойлап.

930 Алдына дастарханмен тағам келді,
Күткендей құрмет етті бір тайпа елді.
Қалдырмай өзіндегі барыменен,
Мейманды құрмет етіп сыйлай берді.

Бұларға көз көрмеген тағам салды,
Ішіп-жеп баршалары тойып алды.
Һәммасы тағамынан қол тартқан соң,
Дастархан қалған дәмін жиып алды.

— Меймандар, риза бол һәрне барым,
Мағлұм өздеріңе ахуалдарым.
Келіпсіз бұл орынға, не жұмыс бар,
940 Хош келдің, сафа келдің, ғазиздарым.

Һәрбірі білгенінше айтып өтті,
Мажара бастан кешіп тұрған кепті.
Мәжнүннің өз атасы осылай деп,
Жұмысын ойына алған баян етті.

— Асылы нәсіл болып өзіңе аян,
Құдай деп жүргенім мың үйге рауан.
Алдымда қызмет еткен бірнеше жан
Көңіліме махаббаты әсер еткен,
Дұшпаным қарсы келмей қайғы шеккен.

950*
Жазулы күйінде беріп кеткен.

Өткіздім сол қызықпен орта жасты,
Шамасыз дәулет болып судай тасты.
Қайғылы перзентсіз боп жүрген шақта,
Тәуір ғып бағыштады Хақ мирасты.

Көңілімнен қайғы кетті, перзент беріп,
Күнінде бір жасаймын жүзін көріп.
Тікенсіз гүл, сауапсыз дүр болмайды,
Таба алмай харидармен істен серік.

960 Хош келдің отыз екі күнде тамам
Айтысып жар-жорамен есен-аман.
Бірнеше жазар сөздер қалды тоқтап,
Табылып жоқтан жұмыс тұрған қамап.

Қайыры жүрген жолды айтсын Құдай,
Жұмысқа жиһад етіп жүрдік тынбай.
Көшбасшы адастырмай жол көрсетіп,
Қонғандай болып қайттық ауыл сыбай.

Бұл жауап осылайша тұра тұрсын,
Бәрікімнің Хақ тазартсын іші-тысын.
970 Ләйлі мен Мәжнүнді қолға алып,
Бастаған хикаятқа қалам ұрсын.

— Ізденіп мұнда келдік дүрге маржан,
Болмасын дүрден асыл бағасы арзан.
Айтайық мағшұқ ісін табаламай,
Көз салып қарасам да һәр даярдан.

Бір гауһар лайықты қолыңда бар,
Кең дүние бермес ебін көрінде тар.
Не мақсұт дүниеден мейлің білсін,
Қабыл ет илтимасым, қойма зинһар.

* Бір жол танылмады.

980 Лағылға дүр, маржан болса дапыл,
Мағшұғын есен тапса жүрмей.
Ізгілік сыйлашы дүр кешіктірмей,
Һәр нешік илтимасың тәдбирін қыл.

Балам жүр зар-гөриан қайғыменен,
Дауасын қалап айттым келіп сенен.
Асан ет мүшкілімді, қызың беріп,
Мақрұм рақым еткен қалмас деген.

Сақтаулы қазынам бар ел көрмеген,
Жерім жоқ балам үшін сенделмеген.
990 Ләйлі үшін ақыл хошым жерде қалды,
Басқа қыз айтсам дағы көзге ілмеген.

Аямай мен берейін бар малымды,
Қыз беріп, дертіме қыл дәрменіңді.
Жылаған ғашықтарға рұқсат бер,
Бір шығар көңілдегі арманымды.

Осылай сөз естіді ғазиздардан,
Мақсұдын тамам білді көңіліне алған.
Бұларға тиіс жауап қайтарарға,
Кідіріп Ләйлі атасы ойға қалған.

1000 — Хош енді, меймандар, жақсы сөзің,
Бек шырын, балдан тәтті һәр лебізің.
Арабтың ішіндегі қадырдансың,
Зиарат һәркімдерге басқан ізің.

Арада жұртқа мағлұм бір жұмыс бар,
Ойланып соған ақылым болады дал.
Тірлігі екеуінің екі түрлі,
От пен су бір сауытқа нағып сияр.

Мәжнүн жұртқа мағлұм балаң сенің,
Бағында бейне бұлбұл балам менің.
1010 Баламен ауш бір қосылып қарар етпес,
Кенішіне қызыққанмен дүниенің.

Балаңды «Мәжнүн» дейді көп халайық,
Дұға алғыз дәруіштен қолын жайып.
Қаратып табибтерге сихаттандыр,
Балама Мәжнүн болар сонда лайық.

Жындыға сауды бермек бұл бір қорлық,
Кетпесін тұғры жолдан аяқ тайып.
Қаратып жазылғанша мен бермеймін,
Уағда осылайша шарт қылайық.

- 1020 Тоқталды бұлар берген жауабынан,
Қосылат деп үміттенді сауабынан.
Баланы табибтерге ғилаж еткіз,
Уағда алып көңіл қарар етті мұнан.

Осылай уағдамен қайтып келді,
Хабармен аралатып һәрбір елді.
Атасы барып келген жұмысының
Былайша Мәжнүнге айта берді.

- Әй, балам, біз қайтпадық үміт кесіп,
Сарғайтып қасіретпен көксің тесіп.
1030 Табылса ақыл-хошың бермек болды,
Болады ақыры оның әлде нешік.

Шарт болды арамызға саламатың,
Табылар сауыққан соң бар қажетің.
Иә, Ханнан, мүшкілімді асан әйла,
Мақбұл ет, мазлұмлардың мінәжатын.

— Әй, ата, сөзім тыңда ақыл көміл,
Бұ сырды пінһан еттім бірнеше жыл.
Ықтияр, ықтияжым қолдан кетіп,
Паш болып осы сырлар болды мүшкіл.

- 1040 Әуелден болсам еді ықтиярлы,
Көңілімнен ақылды алып, қайғы салды.
Әдеп деп мұны таңдап аламын ба,
Мәжнүн рәсуалық үшбу халді.

Әй, ата, білгеніңше әйла тәдбир,
Ғилажың шипа беріп қылса тәуір.
Ләйлі деп ауызға алып зар етпейтін,
Тәуіпті алып келіп шипасын қыл.

1050 Атасы Мәжнүн үшін болды қайран,
Ізденіп дауа еткізді һәрбір жайдан.
— Табибтер, дәрі беріп, сауықтырсаң,
Берейін дүние, малым тисе пайдаң.

Һәр жерден дәрігер тапты іздеп жүріп,
Бақтырды һәркімдерге мағлұм қылып.
Дәрімен неше түрлі ғилаж қылды,
Саламат қыла алмады дертін біліп.

1060 Қай жерде кез боп тұрса сіз күшалық
Дұға алды ғазиз етіп қолын жайып.
Бір адам бұл арабқа үйін берді,
Халіне рақым етіп таңғажайып.

Дәрігерлер бұл балаға қылмас шара,
Көп жүріп дауа еткізу ойлағаны.
— Бәйтулла Хақ үйіне тәуап еткіз,
Бермесе сонда шипа Бір уа Бары.

Хажарул асуадқа жүзін бұрсын,
Басқа орын мұнан былай тұра тұрсын.
Жын-шайтан сол орнынан зейіл болар,
Түзелер балаң сонан ғақыл етіп.

1070 Арабтың бұл сөз жақты құлағына,
Сәргардан дауа таппай шырағына.
Лайықты меркаб жолдас даярлайды,
Жолының қарамайды жырағына.

Мәжнүнді аттандырып қасына алды,
Меркабын «биалла» деп жолға салды.
Неше күн, неше түндер жиһад етіп,
Мақсұдты Қағбаға жақын барды.

Мәжнүнге атасы айтты: — Ғазиз балам,
Болмасын басқа іске көңілің алаң.
Ықылас, әдеппенен дұға қылғыл,
Жеткізсін мұратыңа Хақ Тағалам.

- 1080 Бұл жерде қабыл болар мінәжатың,
«Жад етіп зікір әйла Хақтың атын.
Науқастан сауықтыр» деп сұра, балам,
Табылар сауыққан соң бар қажетің.

Шаттанып Мәжнүн тұрды үйді көріп,
Көңілі тоқтамайды судай еріп.
Қағбаны жеті айналып тамам етіп,
Арыз айтты, Бәйтуллаға жүзін беріп.

- Бәйтулла Хақтың үйі, жолың ұлық,
Ізденіп келіп тұрмын қадірің біліп.
1090 Һәрнешік мінәжатым әйла қабыл,
Мен тұрмын босағаңда дұға қылып.

Өз үйіңе Хақ Тағала еттім қайым,
Зәмзәмдай жас ағызып зар жылайын.
Хажарул асуадтың құрметі үшін,
Мақсұдым көңілімдегі баяндайын.

Жүз тұтып, келіп тұрмын қызметіңе,
Тапсырдым мақсұдымды миннатыңа.
Ижабат тілегімді әйла иә, Рабб,
Халелдің Ыбраһым құрметіне.

- 1100 Сайраған босағаңда мен бір бұлбұл,
Зар әйлап күйінішпен тебіреңттім тіл.
Ләйлінің ғашықтығын арттыр маған,
Иә, Рабб, құрметіңе нәби Қызыр.

Құдай-а, ғашық отын көңіліме сал,
Ой ойлау, ақыл-хошым баршасын ал.
Арттыр зауқы-шауқы күн-күн сайын,
Мехнатқа ризамын дүниеде бар.

- Құдай-а, құс, хайуанмен әйла жолдас,
Мақам бер сахарадан адам қонбас.
1110 Бөлеге дүниедегі мағрұр қыл,
Тілге алып зияпаттап айтып болмас.
- Ләйлі үшін ризамын һәрне жапа,
Ғашықтық дертіменен қылғыл опа.
Мехнат-машақатқа ашына қыл,
Иә, Кәрім, құрметі үшін Мәруа, Сафа.
- Құдай-а, халас әйла ой қиялдан,
Азат қыл тамақ, киім, дүние-малдан.
Күйінішпен бөданларым зағыптан дыр,
Екі ұлыстың құрметіне, Ханнан, Маннан.
- 1120 Осылай дұға қылды қолын жайып,
Естіген қайран қалды адырайып.
Дұғаның қабыл болар орнында,
Мақсұдын тілеп алды һәрне лайық.
- Естіді баласының мінәжатын,
Сиынып жад етеді Хақтың атын.
Атасы үміт кесіп, зар жылайды
Дұғаның тахқиқ біліп ижабатын.
- Бір-бірлеп тыңдап отыр айтқан сөзін,
Жылаумен керең қылды екі көзін.
1130 — Құдай-а, мен құлыңа рақым әйла,
Көзден нұр, белден қуат кеткен кезім.
- Айтпады «сауықтыр» деп тіліне алып,
Мәжнүннен үміт кесті қайран қалып.
Зар жылап, сусыз шөлге шығып кетті,
Бірге алып қайта алмады, жөнге салып.
- Айырылды зар-сәргардан баласынан,
Көрген жан есіркеді наласынан.
Мақсұды ойына алған қабыл болмай,
Меккенің қайтты жылап қаласынан.

- 1140 Атасы үміт кесіп қайтты жайға,
Бұлардың халі мағлұм бір Құдайға.
Мәжнүннің қай орында жүргендігін,
Физули, білген кісі баян әйла.

Мәжнүн қалды жалғыз бұлар кетіп,
Жолдас жоқ тұратұғын құрмет етіп,
Кейде жол, кейде жолсыз сахара кезіп,
Бір таудың етегіне келді жетіп.

- Тұрыпты ғажаптанып көріп тауды,
Болса да Мәжнүн ессіз, ақылы сау-ды.
1150 Бұлағын неше түрлі, неше алуан,
Қарауға біраз тұрып көңілі ауды.

Астында мәркабы жоқ қастай жолдас,
Кемері беліндегі айтып болмас.
Зинаты беліндегі түрлі гауһар,
Харирдан киімдері көзге қонбас.

Қараса тау басына көз жетпейді,
Не мақам бұл орынға келдік дейді.
Гүл, бұлақ, ағаш, өзен баршалары,
Мәжнүнге қызмет етіп көлбектейді.

- 1160 Бұларға тұрды Мәжнүн назар салып,
Тамаша қызығына қайран қалып.
Тау мен тас, көл мен бұлақ есіркейді,
Мәжнүннің ата-анасы сықылданып.

Қия алмай бұл мәнзілді біраз тұрды,
«Ғажап, не бұлар маған қызмет қылды.
Кілемде жад етілген орын екен,
Ол жұбайлар отауы», деп заһир білді.

- Болмаған орын екен жан көрмеген,
Ізденіп адам бұған кез келмеген.
1170 Таппадым мұндай орын қайда барсам,
Бақытым, сірә, менің жөнделмеген.

Бұл таудың халін айтты бұлағына,
Тоқталып қарар етіп тұрағына.
Өзіндей қайғыменен өуез қылған
Тау жақтан дауыс келді құлағына.

— Табылды маған жолдан мұнан ғашық,
Барамын қай мекенге мұнан асып.
Күйініш бастан кешкен хикаятын
Сөйледі өуел-ақыр лебіз ашып.

- 1180 Өзіндей Мәжнүннің айтқан зарын,
Ғашықтық әпсанадан һәрне барын.
— Шын ғашық жар екенсің, Бәрақ Алла,
Ұқсайды бейне маған ахуалың.

Қайғымен тұрса керек һәмән ғашық,
Болмайды сендей жолдас маған нәсіп.
Іштегі қайғы-қасірет апатынан,
Сөйлеуде өуез қосып, көңіл басып.

- Зар жылап, ішкі халын баян етті,
Ағытты іште толып жатқан кепті.
1190 «Шүһри Ләйлі отырған қайдасың?» деп,
Тұра алмай, ол орнынан жүріп кетті.

Тоқтамай жол тартады ой мен қырдан,
Жері жоқ дамыл алып, мойын бұрған.
Байлаулы бір киікке кез болыпты,
Аушының тұзағына түсіп тұрған.

Киікке тұзақтағы келді жетіп,
Жылайды ол, жалынар жалт-жалт етіп.
Аушыға сонда Мәжнүн жалынады,
Халына бейшараның рақым етіп.

- 1200 — Кіріптар киік сенің тұзағыңа,
Сөз берген Хақ Тағала тіл-жағыңа.
Қоя бер, азат қылып бұл ғаріпті,
Ғұмырыңның дұға қылсын ұзағына.

Қосылып киіктермен өлең терсін,
Мұнсыз да ризықланып күн көресің.
Жанын қи бейшараның Құдай үшін,
Тілеген мақсұдыңды тезірек берсін.

1210 Қолыңа түскен екен болып пенде,
Өлмейтін мақұлық қалмас жүрген жайда.
Жанын қи, қанын төкпей, рақым әйла,
Бұл қанша ризық болар ойласаң да.

Ұшырадым киік тұтқын болған жерде,
Хақын ал, жібермесең маған бер де.
Рақымың көре тұрып келмейді ме,
Зар жылап, жан қиылып шыққан терге.

Жапамен бұл ғаріпті ренжітпе,
Рақым қыл, қолдан келсе залал етпе.
Жамандық жақсылықты өзің үшін,
Дүниенің ұшы қалмас ақыретке.

1220 Аушы айтты: — Жібермеймін, кессе басым,
Не пайда есіркеумен көздің жасын.
Кәсібім осыменен күн өткізбек,
Кім сыйлар қатын-балам қарны апса.

Үйде жоқ сойып берер оған малым,
Тәрбиемен айтамын ахуалым.
Күн бойын тұзақ құрып, аң-құс аулап,
Нәпақа қылушы едім табылғанын.

1230 Өлімге бұл киікті қимасаңыз,
Болмай ма маған обал ойласаңыз.
Артық баға бер дағы киігімді ал,
Жанына рақым етіп сыйласаңыз.

Белінен Мәжнүн алды кемерлерін,
Пұл беріп, риза қылды дертменені.
Көз жасын, үстін тозаң сылап, сипап,
Киіктің аяғынан шешті бәнтін.

Аушыдан алтын беріп киікті алды,
 Бұл аушы алтын алып байып қалды.
 Жүзіне жүз, көзіне көзін сүртіп,
 Зар жылап Мәжнүн бұған афған салды.

- 1240 — Сатып ап Құдай үшін құлдан азат,
 Денсаулық, толық дәулет, зор ғанибет.
 Жол көрсет, жалғыз тастап кетпе мені,
 Жұбансын ғаріп көңіл қайғыдан шат.

Жолдас бол, мені тастап кетпе жайға,
 Қауіп етпе болмайды деп маған пайда.
 Бір қыдырып сеніменен бір жүрейін,
 Һәрнешік табыс еттім бір Құдайға.

- 1250 Хош, киік, азат еттім ықтиярың,
 Сұрайды мақсұдымды Һәрне барын.
 Қайғыңды білгеніңмен көңліме бер,
 Ләйлінің әпсана ғып айтсам зарын.

Мәжнүнді кете алмайды киік тастап,
 Жыласа тұрушы еді көңілін хоштап.
 От оттап, су ішіп көп киікпенен,
 Зиарат келуші еді мұнда бастап.

Мәжнүнде рахат жоқ тынбай зарлап,
 Отырар тұрағы жоқ келген арнап.
 Қасында киіктерден һамраһы бар,
 Мақсұды Ләйлі отырған жерге бармақ.

- 1260 Қосылып көп киікпен бірге барды,
 Қайғымен айтты зарын, ой-қиялды.
 Бір кептер торға оралып жатыр екен,
 Көргеннен Мәжнүн қарап тұра қалды.

Осылар Мәжнүнге болды серік,
 Жүреді қайда барса соңына еріп.
 Шырмалып торға оралып жатқан кептер,
 Қарады шиқ-шиқ етіп мұны көріп.

- Мұның жоқ тордан шығып кетер халі,
Қысылып зар жылайды қорқып жаны.
1270 Жапаға бұл да тұтқын болған іші,
Ұқсайды бейне маған ахуалы.

Ой ойлап осылайша қарап тұрған
Қозғалды іштегі дерт өткен сырдан.
Кете алмай және қиып қарап тұрса,
Жүгіріп жетіп келді тұзақ құрған.

— Әй, аушы, құрып па едің осы торды,
Қылсайшы халал кәсіп мұнан зорды.
Ауыз толып дәм болмас жануарға
Не үшін көрсетесің жапа, зорды.

- 1280 Аушы айтты: — Менде болған осы кәсіп,
Етпеді малды Тәңірі бізге нәсіп.
Не түссе тор мен жайған тұзағыма,
Жеуші едік үйге апарып кебаб басып.
Менсінбей мұны қоя бергенменен,
Қалмай ма қатын, балам қарны ашып.

Байлаулы бұл құс менің торымда тұр
Ойлаймын маған осы бұйырған-дүр.
Бос барсам түскен құсты қоя беріп,
Қылады қатын, балам қаншама қор.

- 1290 Апарсам қуанады мұны көріп,
Сатып ал, шын сұрасаң хақын беріп.
Азат қып бейшараның сауабын ал,
Қуансын биабанда дөнін теріп.

Қолынан бұған берді гауһар жүзік,
Тұтқын боп кептер жылар, көзін сүзіп.
Босатып байлауынан қоя берді
Жанынан жатқан құсты үміт үзіп.

Жүзікте дүниенің малы бар-ды,
Бұл ғаріп Тәңір беріп байып қалды.

1300 Өз сырын бұ кептерге баяндайды,
Ғилаж не, бұл қайғыны басқа салды.

— Кептер, тыңда мұны, айтамын зар,
Басымда тілге келмес көп қайғым бар.
Пұл беріп, Құдай үшін азат еттім,
Сахараға мені тастап кетпе зинһар.

Маған бол, Құдай үшін жолдас, серік,
Рахаттан, суың ішіп, дәнең теріп.
Ұшқан құс, саған алыс емес һеш жер,
Ләйліден хабар әкел, хабар беріп.

1310 Осылай халін сөйлеп қоя берді,
Сахарада көп құстармен дәнін терді.
Мәжнүнге мұның көңлі мәйіл болып,
Қасына құстарымен қайтып келді.

Құс, хайуан жолдас болды қастарына,
Қайғылы құлақ салып дастанына.
Ұшқан құс рақым етіп, қанат жайып,
Тұрады көлеңкелеп бастарына.

Мәжнүн кетті безіп адамзаттан,
Отырып үміт үзді рахаттан.

1320 Шын ғашық құрметіне Хақ Тағала,
Қызметкер берді құс пен хайуанаттан.

Мәжнүн құс-хайуанменен жүріп кетті,
Алданып һәрбіріне көп күн өтті.
Ләйлінің не халменен тұрған жайын
Физули осылайша баян етті.

Сақтапты ата-анасы оңаша үйге,
Салған соң не шара бар мұндай күйге.
Ләйлі үйде, Мәжнүн түзде зар жылайды,
Бермеген кімге жапа жалған дүние.

- 1330 Қайғымен һеш болмайды көңілі шат,
Алмасты күйінішке рахаты.
Бой жетіп Ләйлі жасқа толған сайын,
Артылды ата-ананың ықтияты.

Қайғымен безер болды ата-анадан,
Нешелер жары-жолдас, ашынадан.
«Көңілі осылармен алдансын» деп,
Қасына жолдас қосты қыз баладан.

- Ләйлі түр ортасында жаққан шамдай,
Бұлардың һешбіріне назар салмай.
1340 Ләйліні шаттандырып күлдірмекке,
Айтады түрлі абиат дамыл алмай.

Бастайды түрлі мәжіліс қыздың бәрі,
Бәрінің бір Ләйлі үшін ділбигары.
Ойын-сауық, ұйқы, қорек жұмысы жоқ,
Артады күннен-күнге аһы-зары.

Айтпайды ішкі сырын һешбір жанға,
Науқасты көрінеді өзі аманға.
Жатқызып жолдастарын жалғыз қалып,
Әпсана айтар еді жаққан шамға.

- 1350 — Раушан көрінеді жарық нұрың,
Келгенмен жоқ боларсың ақыр түрің.
Тұрасың отпен күйіп көрген сайын,
Бейне мен сықылданып ішкі сырың.

Сырыңды баян етпен лебіз ашып,
Қайғымнан әсер еткен кетер қашып.
Қайғымен зар-сәргардан отырғанда
Ұқсайсың пәруанаға болып ғашық.

- Дидар деп пәруана ойлар жаққан шамды,
Көңілінде ғашықтықтан мақсұт бар-ды.
1360 Қайғыдан күйінішпен опат болып,
Шығарды отқа күйіп о да арманды.

От сөнбес жасырғанмен іште жанған
Пінһан сыр ішке сақтап болды арман.
Ғашық дерт тамұғының отындай деп,
Бұрынғы имамдардан нақыл қалған.

Ұйықтатты тамам кәниз-жолдастарын,
Тәрк еткен ұйқы, қорек, һәрне барын.
Сахараға шығып айға көзін салып,
Сөйлейді зар-гөриан ахуалын.

- 1370 — Құданың мақұлығы назарын салып,
Тәңірі үшін қара қанша мехнатым бар.
Қай тауда, қай жолда жүр ғашық жарым,
Сыр айтып Құдай үшін хабарын ал.

Жолықсаң мен ғаріптен ғазиз әйла,
Не түрлі хал жайым бәрін сөйле.
Ықтияр өзімде жоқ бара алмаймын,
Күйінішпен жарым мекен тұтқан жайға.

- 1380 Көп айтып ғазизымды тұра алмаймын,
Ұяттан әслан мойын бұра алмаймын.
Зор мүшкіл өгар біреу хабар тапса,
Атақтан жынды деген қорқа алмаймын.

Боламын күндіз — өлік, түнде — тірік,
Болмасын ба түніме хаста серік.
Білмеймін өзің нендей халде жүрсің,
Айырылмас қайғы-қасірет кеттің беріп.

Алмасты қайғыменен түнім күнге,
Күйініш ішке сыйып келмес жөнге.
Іштегі ғашық оттың әсерімен,
Ғазиздеп баян етіп, айттым желге.

- 1390 Жел, сен де мақлұқсың бір Құдайға,
Білмеймін Мәжнүн тұрған орны қайда.
Жолықсаң тауып алып қай орында,
Өтініш мен ғаріптен сәлем әйла.

Жұрт білмес менім нендей сырым барын,
Баян ет, сұлтаныма ахуалым.
Жар тауып бізден көңіл суытты ма
Ғазызым, мейірбаным, ғамкасарым.

Алданды көңілі тоқтап қандай жанға,
Ләйлі деп ала ма екен ой-қиялға.
1400 Жаныма апат беріп жоқ боп кеттің,
От тастап күйінішпен натауанға.

Әуелде менде болды хош назарың,
Мен болдым жан-тәніммен харидарың.
Мәжнүннің күйінішімен шығар жалын,
Не шара кетсе өзіңде ықтиярым.

Тапсырды желге осылай бірнеше сөз,
Шын ғашық мақсұдына жетпейді тез.
Кешірді осылайша ахуалын,
Ас ішпей, ұйқы көрмей кеше-күндіз.
1410 Қыс өтіп, келді осылай жаздың күні,
Көк шығып, кірер болды жердің нұры.
Жерден бу шығып, көктен жаңбыр жауып,
Жайқалып шыға келді жердің күйі.

Гүл шықты жер жүзіне неше алуан,
Шаттанбай жан қалмады мақұлықтан.
Сахараның тамашасын сайран қылып,
Бас қосқан неше ағайын бірге туған.

Жайқалды жапырақтар, өзен тасып,
Қосылды рахаттанып неше ғашық.
1420 Гүл теріп, сахара кезіп жүрген жермен,
Ләйлі әслан шыққан емес қадам басып.

Ләйлі сөз айтқан емес анасына,
Отырған келді анасы ханасына.
Сарғайған қасіретпенен қапастағы
Бұлайша сөз сөйлейді баласына.

— Әй, балам, айтқан менің үгітімді ал,
Не үшін жүзің солғын, ақылың дал.
Бір жүріп қыздарменен сахара кезіп,
Һәр түрлі тамашаға назарың сал.

1430 Қыздармен тамаша үшін шықты түзге
Жас толды қайғыменен екі көзге.
Қыздардың баршасына гүл тергізді,
Оңаша елден жырақ келген кезде.

Тамаша көп қылады жүрген жерін,
Қасында қалдырмады қыздың бірін.
Адамнан құпия сақтап, әшкере етпей,
Сөйлейді іште толып жатқан сырын.

— Жарақат күйінішпен зағип төнім,
Назар сал бір көрініп, мейірбаным.
1440 Көзден нұр, көңілімнен ақыл кетті,
Тірідей отқа күйіп ғазиз жаным.

Басыма мұнша жәбір-жапа салдың,
Жоқ болып өзің де ретсіз қайда бардың.
Көремін опасыздық һөман сізден,
Лайығы сол болар ма ғашық жардың.

Келмедің бұл тарапқа қадам басып,
Кез болды тәуап етер болсаң ғашық.
Көре алмай арманда боп өлсем керек,
Барады қасіретің бастан асып.

1450 Төңірекке «жан бар ма?» деп салды көзін,
Сағынып ғашық жарын жүрген кезін.
— Гүл — хандан, бұлбұл — налаш мейлінуде,
Жақпайтын саған болды не мінезім?

Сандуғаш, бұлбұл сайрар бақ ішінде,
Көре алмай мағшұғын һешқайсында.
Отырып Ләйлі былай ғазал айтты,
Не қайғы-қасірет бәрі өз басында.

Ғазалы Ләйлі

- Рақым әйла, Құдірет,
Жандырып қойма жапаға.
- 1460 Достың етіп біз үммет,
Өзіңе мағлұм халымыз,
Ішіме толды қайғы-дерт.
- Мұратымды айтпаққа,
Көтеріп көңіл қайтпаққа,
Бұл мақамға келгенім.
Рақымың келмей ме,
Сарғайып жарың отыңа,
Маған берген жәбірді
Үеш пендеге бермесін.
- 1470 Тірі жүрген пенденің,
Тілегін мақбұл етпейсің.
Ғашықтық оты жанымнан
Қадам басып кетпейсің.
Ғашықтық оты қуантсын,
Көңіл шіркін жұбансын.
Осындай жалғыз орында
Бір көрініп өтпейсің.
- Кіріптар болдым жасымнан
Ғашықтық жанған отына.
- 1480 Сабыры имам шықпайды
Қайғылы теңіз шетіне.
Жалғызым, мені жандырдың,
Ақыл-хошым тандырдың,
Әшкере қылып айтпайын
Қайғымды һешкім бетіне.
- Әй, Физули, ақталма,
Хабарың жоқ өзіңнен.
Тоты қылып алмадым,
Басып кеткен ізіңнен
- 1490 Мұратыңды Хақ берсін.

Ойыңа алған талабың,
 Машақатсыз жөнделсін.
 Екінші баян етіңіз,
 Ләйлі — Мәжнүн сөзінен.

Осылай Ләйлі махзұр тұрды жылап,
 Дертіне ғашықтықтың дәрмен сұрап.
 Бір кісі осылайша әпсана айтты,
 Мәжнүннің халін сөйлеп, салса құлақ.

1500 Қараса құры дауыс сөйлеп тұрған,
 Айтады пінһан сақтап жүрген сырдан.
 «Ләйліден Мәжнүн артық қасіретте,
 Ғашықтық мекеніне дүкен құрған.

Ләйлі әслан қолына алмас инедей іс,
 Мәжнүнге залал етпес шапқан қылыш.
 Мәжнүннің күйініші артар күннен-күнге,
 Бір уақыт Ләйлі отырып алар тыныш.

1510 Ләйлінің астында бар харир төсек,
 Ләйлі үшін Мәжнүн жынды болған есеп.
 Жалғыз-ақ зар-гөриан Мәжнүн жүр,
 Ғашықтық екеуінде бірдей десек».

Есітіп Мәжнүн халін баян білді,
 Солдырған қайғыменен қызыл гүлді.
 Жарының нендей халде жүрген деген,
 Ғайбана хабар алып көңілі тынды.

Мәжнүннің анық білді бұл хабарын,
 Қолынан кетірмеген ұят-арын.
 Қуанды «мені ұмытпай жүр екен» деп,
 Білмеді нешік барып жолығарын.

1520 Естіген көңіл хошының ғазалына,
 Күйініш ғұмыр жолдас инсалына.
 Әкелді қыздар теріп жиған гүлін,
 Реттеп басқа қойды һәрбір түрін.

Қыздармен Ләйлі үйіне келген шақта,
Қуанды ата-анасы көріп нұрын.
Ләйлінің көңілі хош осы сөзге,
Ұшырар тірі пенде һәр мінезге.
Құс салған бірнеше адам жолығысты,
Гүл теріп жаңа бұлар қайтқан кезде.

1530 Қолында лашын құс, алда дабыл,
Ләйліге көзін салса қып-қызыл гүл.
Мұндай жан дүниеде көрген емес,
Жүрсе де ғұмыр кешіп бірнеше жыл.

Бұлардың қыздар көрді сиясатын,
Білмекке сұрасыпты асыл затын.
Арабта Пажкенің әкімі екен,
Бақыт ибн Салам-дүр білсең атын.

1540 Бақыт тұрды Ләйліге назар салып,
Айрылды сабырынан есін танып.
Ләйлінің атасына хабар берді
Күйінішпен отыра алмай үйге барып.

— Өтініш халайыққа қызын берсін,
Мал-мүлік, орным қандай келіп көрсін.
Алтын, гауһар, төрт түлік малым тегіс,
Алады қанша дүние мейілі білсін.

Жолынан аямаймын берсе малым,
Ләйлінің көз нұры алды ықтиярым.
Ләйлі үшін дүниелігім сарп етемін,
Жолында разымын шықса жаным.

1550 Ләйліге бұл тараптан жаушы барды,
Тұрған жоқ аяймыз деп дүние-малды.
«Бақытқа қыз айттыра келіп едік» деп,
Ләйлінің атасына хабар салды.

Қонақ боп жаушы көрді зияпатты,
Тәрбие құрметіне көңіл шат-ты.

Ләйлінің атасына өтініш деп,
Шығарып берді Бақыт жазған хатты.

Хатты оқып атасына баян етті,
«Өзіңе нәсіл нәсіп аян депті.
Хош көріп ата-анасы бердім» деген
1560 Жауабын Бақыт Саламға алып кетті.

Қуанды ибн Салам алтын шашып,
Той қылды қазынаның аузын ашып.
Көп болды жарлыдан бай, қайғыдан шат,
Қылады Хақ Тағала кімге нәсіп.

Тарқады екі тарап қуанысып,
Мас болды біреу ішіп, біреу құсып.
Жапамен жалғыз жүрген маңшұғына
Кім барып берер хабар жолығысып.

Қайғысыз ғашық мақсұт таппайды тез,
1570 Не көрмес тірі жүрсе өлмеген көз.
Айттырып Бақыт Салам тұра тұрсын,
Батырдан Нәупіл атты айтайын сөз.

Кісі еді өзі адал қылған жүріс,
Саялап көп қысылған алған тыныш.
Ғашықтық көп жылаған мақсұты үшін,
Дұшпанға қарсы тұрып тартқан қылыш.

Ғашықтар көп жиылған қаласында,
Мұраты мақсұт тапқан саясында.
Басталды Мәжнүннен бір хикаят,
1580 Отырған мәжілістің арасында.

Дүние һешбір жанға бермейді опа,
Басыңда һаман тұрмас сауық, сөна.
Халіне Мәжнүннің және күйіп,
Сұрайды: — Кім салды, — деп, — бұған жапа?

— Арабта Мәжнүн деген бір жігіт бар,
Бір қызға ғашық болып жылайды зар.
Ол қызға қосыла алмай елден шығып,
Жолдасы құс-хайуанмен еткен қарар.

1590 Мектепте ғашық болған жүзін көріп,
Сұрапты қосайық деп көп мал беріп.
Бермейді қанша атасы сұрағанмен,
Ләйлінің өз басында болмайды ерік.

Ол қызды көп айттырды баласына,
Нешелер жаушы салып арасына.
Ләйліні Мәжнүнге бермеген соң,
Меккенің алып барды қаласына.

1600 Атасы зар жылайды қайғы тартып,
Жетпейді мақсұдына Хақ қуантып.
Ғашықтық шипа табар сырқат емес,
Болыпты бұрынғыдан он есе артық.

Адамнан жәрдем болмай кетті безіп,
Жүреді құс-хайуанмен сахара кезіп.
Мәжнүннің зар әйлаған наласынан,
Құс-хайуан жылайды екен бауырын езіп.

Құп сұрап халін білді осылардан,
Қайтуға бір жолығып қылды арман.
Қасына бір-екілеп жолдас алып,
Жеріне Мәжнүн тұрған іздеп барған.

1610 Мәжнүнді іздеп жүріп тауып алды,
Аударған ғашық дерті ой-қиялды.
— Не қылып, жалғыз жүрген құс-хайуанмен,
Елден таппай шықтың ба мейірбанды.

Құстардың мекені екен бұл мақамың,
Қайғыңа рақым етіп күйді жаным.
Маған ер мақсұдыңа жеткізейін,
Жарық берер болса жаққан шамың.

Соңыма ер іздесең о һаманың
 Орнын тап кен іздесең аждаһаның.
 Жолыңнан бар күшімді аямаймын,
 1620 Сарп етіп саған бола барлық халім.

Мәжнүннің жауабы

— Пірәдар, сені көрдім қайғы жеген,
 Һешбір шат бұл қайғыдан болған емен.
 Нешелер мұратыңа жеткізем деп,
 Ақырында сөз қайтарып кеткен менен.

Нұр берер зағип көзге тартқан сүрме,
 Не пайда сүрткенменен тура көруге.
 Дариға, менің бақытым жоқтығынан
 Кетпесін қайғы болып қайрат жерге.

Отырмын жапан түзде қайғымен зар,
 1630 Табылды мен ғаріпке сіздей қамқор.
 Өзімнің бақытсыздық сипатымды,
 Көңлімде төкрир еткен ғазалым бар.

Құлағың сал, пірәдар,
 Мен ғаріптің зарына.
 Сипат етіп жаратып,
 Жіберді жаһан тарына.
 Ата-ана, ағайын,
 Рақымды назар салмады
 Қайғылы менің халіме.
 1640 Мен бір ғаріп адасқан
 Жәбір беріп жанына.
 Алданбадым керек деп
 Дүниенің малына.
 Шөлді қылдым ықтияр,
 Қосылмай ғашық жарыма.

Мектеп барып жасымда,
 Сабақ алдым молдадан.

- Мағшұғым сонан табылып,
Ахуал жайын біліскен.
1650 Бейім етіп Ләйлімен,
Ғанибет етіп келіскен.
- Көрмегендей боп кетті,
Мәжнүнге сол заман.
Мұнан соңғы уақытта
Һәркімнен дәрмен сұрадым
Соңынан еріп тоқтамай,
Көз жасым төгіп жыладым.
Илтимас еттім олардан
Табылар деп мұратым.
- 1660 Нешелер маған жолдас боп,
Жеткермек болды опаны.
Көтермек болды көңілден
Қараңғылық жапаны.
Ойнатпақ болды күлдіріп,
Ләйлімен сауық-зафаны.
Өз әкеме қарасам,
Жүзін қумен сылады.
Іштегі дертке қарасам,
Күннен-күнге артық жанады.
- 1670 Таба алмадым һешкімнен
Дертіме қылар опаны.
- Үміт кесіп адамнан,
Құс-хайуанмен жолдас боп,
Мекен тұттым даладан.
Жапанда зарығып жүргенде
Іздеп келдің жаным.
Рақым қылып сөйледің,
Күйінішті менің халіме.
Ләйліден шипа болар ма,
- 1680 Мажрухлы менің төніме.
Апатына ғашықтың,
Қайрылар халім болмады.

Ұят, әдеп оныға,
Қосылар күн болар ма
Ынтызар болған жарыма.
Мақсұдымды Хақ беріп,
Қайтатын күнім болар ма,
Саламат келсе ісіме.

1690 Әй, Физули, ғұмыр хар,
Себеп емес дүниеге
Тірлік етіп жәй қалмақ,
Мәжнүнді ертіп бар
Нәупілдің айтқан қалпына.

— Әй, Мәжнүн, қара мұнда, ақылың көміл,
Зарығып сен бұлайша тұрма ғапыл.
Күш-қуат, қайрат, дәулет бәрі тегіс,
Жетерсің мақсұдыға, шүкірлік қыл.

1700 Уағда берген болса Ләйлі саған,
Жұмысы қиын емес һешбір маған.
Зейін қыл, — деп басына сәлде салып,
Киімін бастан-аяқ берді тегіс.

Қуанып Мәжнүн бұған болады шат,
Айтады бір Тәңірге көп мінәжат.
Нәупілге ермек болып түрегелді
Қайғыдан құтылғандай, ғамнан азат.

Мәжнүннің талап етті рахатын,
Сарп етті уағдасына ыждаһадын.
Қолына қара сия, қалам алып,
Ләйлінің атасына жазды хатын.

1710 «Әй, ғазиз, өтінішке сал құлағың,
Қалмасын мақрұм болып сынып сағым.
Жапаға екі жерде тұтқын етпе,
Айырып шын ғашықтың ынтымағын.

Ләйліні Мәжнүнге әйла жолдас,
Жылатып шын ғашықты қойып болмас.
Ерік әйла, жарасады гүлге бұлбұл,
Бұларға азар берген һешкім оңбас.

Әйлайық бір-біріне екі ғашық,
Бұлардан ренжу алма көңілін басып.
1720 Қабыл ет, менің айтқан өтінішімді,
Берейін қазынамның қауабын ашып.

Тез қайтар жауабыңды кешіктірмей,
Жандырма ықтиярын қолға бермей.
Қосайық татулықпен ғашықтарды,
Араға ұрыс болып, қылыш жүрмей».

Қағазын осылайша тамам етті,
Ләйлінің атасына алып кетті.
«Нәушілдің сізге жазған қағазы деп,
Жауабын алып қайта келдік» депті.

1730 Хатты алып Ләйлі атасы оқи берді,
Ішіне не жазғанын баян білді.
«Диуанада ес, жындыда ақыл жоқ» деп,
Осылай ашуланып жауап берді.

Болмаған малға сауда жұмысымыз,
Жәнсізге тарылады тынысымыз.
Өзін еркек, бізді қатын деп балама,
Онда бар, бізде жоқ па қылышымыз.

Бұл сөзбен барған адам қайтып келді,
Жауабын һәрне деген айтып келді,
1740 «Ұрысқа Мәжнүн үшін барамын» деп,
Жіберіп Шам әһліне хабар берді.

Елінен Нәушіл шықты әскер жиып,
Келеді Мәжнүн үшін жанын қиып.
Ләйлінің атасы да даярланды,
Бұлардан келе жатқан хабар тиіп.

Сап бойлап даяр болды екі тарап,
Кім үстем болар мұнда Құдай қалап.
Соғысты бір-бірімен қарсыласып,
Жекпе-жек ұрысқан жоқ оңашалап.

- 1750 Баршасы «иә, Алла» деп айғай салды,
Қолына найза, шоқпар, қылыш алып.
Арада бас кесіліп, қан төгілді,
Зор майдан көз көрмеген болып қалды.

Ұрысты екі тарап араласып,
Барады біреу озып, біреу қашып.
Сауыт, қалқан, дулыға дал-дал болып,
Бір-бірін ала алмайды басып, жаншып.

- Тұрады сонда Мәжнүн назар салып,
Ұрыспен жұмысы жоқ шетке барып.
1760 Арада мұнша қырғын болғанына,
Күйінді қасірет тартып қайғыланып.

Бұл тарап өзіменен жолдас болған,
Соғысты екі әскер оң мен солдан.
Нәупілдің адамына қарсы тұрып,
Арабқа жәрдем берер келсе қолдан.

Мәкірі өз әскерінен адам өлсе,
Шат болып тұрар еді араб жеңсе.
Өзін қойып оларға жәрдем беріп,
Қарсы тұрып ұрысты әлденеше.

- 1770 Таң қалды бұл ісіне һәркім көріп,
Сөйлейді біреу сонда қарсы келіп:
— Сен үшін біз жан қиып жүрген шақта,
Оларға тұрғаның не жәрдем беріп?

Жолында біздер жүрміз басты қиып,
Нәупілдің үкіміне келдік сыйып.
Боласың досқа дұшпан, дұшпанға дос,
Ойланшы, лайық па ақылың жиып?

- Мәжнүн айтты: — Ләйлі үшін жаным пидә,
Оларға жәрдем берсін Жаппар Құда.
1780 Олар жеңіп, біздерді байлап алып,
Жатсам да ризамын тұтқынында.

Болғанмен мүшкіл іске мен кіріптар,
Жарым дұшпан болған соң, не хайлам бар.
Ләйлі шауып өлтірсе қылышпенен,
Ойым жоқ риза болмай жүз қайтарар.

Мен разы емеспін жеңгеніңе,
Хош көремін жеңіліп көнгеніңе.
Уисалына жарымның жетемін деп,
Шаттанамын жолында өлгеніме.

- 1790 Мәжнүн осылай деп сөйлейді енді
Тілегін бұл мазлұмның Тәңірі берді.
Нәупіл тұтқын жеңіліс бола жаздап,
Кеш болып қонар жерге қайтып келді.

Екі сап өз жайында етті мәнзіл,
Нәупіл ер көпке былай сөйлейді тіл:
— Аттанып барған жауды тез мұқатып,
Жұмысым бітуші еді мұнша жеңіл.

- Бұл сапар ауыр болып, болды қиын,
Келсек те тілеп ғашық ризалығын.
1800 Жұмысым екі ғашық мажарасы,
Осыннан табылады Хақ ризасы.
Барады оңға баспай ыждиһадым,
Болды ма бір мазлұмның бәддұғасы.

Нәупілге сонда біреу арыз айтты:
«Білдің бе, Мәжнүн халін, тақсыр» депті.
Өзіне қарсы тұрып айтқан тілін,
Нәупілге бастан-аяқ баян етті.

— Мәжнүннің іздеп жүрсің сен мұратын,
Алсам деп ойланасың көңіл шатын.

1810 Бізді қор, оларды зор етсе екен деп,
Байлайды дұшпан жаққа ыждаһадын.

Есітіп Нәупіл білді мұнан хабар,
Әулие адам еді сақып назар.
Бұл жұмыс Мәжнүннен болған екен,
Дұғасы Хақ қасында мұғтибар.

— Біздерге осы жұмыс болды мүшкіл,
Құдай-а, дәрғаһыңа тебіrentім тіл.
Бет алған жұмысыма үстем әйлап,
Өзіңе қиын емес барша жеңіл.

1820 Нәупіл ер налаш етті бір Құдайға,
Қиын іс асылын білмей қайтты жайға.
«Хақында осы жұмыс не хикмат бар,
Фазылыңмен біз ғаріпке бек әйла».

Осылай Хаққа дұға қылып тұрды,
Айтпаса кім біледі өткен сырды.
Себепсіз жеңіліп қайту қиын болып,
Көзінен ұйқы көрмей таң атқызды.

Таң атып, дүние жүзі болды жарық,
Әскер тұрды оянып ұйқы қанып.

1830 Саптанып екі әскер екі жақтан,
Майданның орнында тұрды барып.

Тұрады екі жақта саптар байлап,
Батырлар қару, қалыш алды сайлап.
Жаһанның палуаны батыр Нәупіл
Барады сол араға оттай жайнап.

Қолына палуандар алды қылыш,
Мұндайда жарамайды қарап тұрыс.
Соғысып қан төгіліп, бас кесіліп,
Ғажайып таман қасірет болды бір іс.

- 1840 Нешеудің жаны кетті денесінен,
Нешеулер танды ақыл һәм есінен.
Жердің жүзі қып-қызыл қан боп кетті,
Адамның ат жүрмеді кәлласынан.

Арабқа батыр Нәупіл болды ғалиб,
Ұрыстан бас тартпайды қырғын салып.
Арабтың адамдары қалтырайды,
«Қылыштан құтыламыз, — деп, — қайда барып».

- Батырлар қырғын салды басып, жаншып,
Жөнелді үріккен қойдай олар қашып.
1850 Тіледі Ләйлі атасы амандықты,
Қылышын төмен салып басын ашып.

— Баһадүр, бізге мұнша қырғын салдың,
Қан төктің, басын кесіп мұнша жанның.
Ләйлі үшін мен қайтарған жауабыма,
Бермеймін деген сөзге ашуландың.

Ләйлінің беріп қойған күйеуі бар,
Өзіңе мағлұм намыс, ұят пен ар.
Пайғамбар һәм шарифат халықтың жолы,
Бір қызға жараса ма екі гауһар.

- 1860 Осы еді сізге әуелде айтқан зарым,
Мал берген айтып едім жары барын.
Ләйліні еріне қос, не өзіңе ал,
Һәрнешік батыр сіздің ықтиярың.

— Жалған сөз бұлайша деп айтып маған,
Айрылма хилаф сөйлеп ынсабыңнан.
Асыл көңілім тұрады қалыбында,
Құтқармақ ғашықтарды бұл жападан.

- Солардың мақсұды үшін ыждаһадым,
Тілемей бұл тараптан өз мұратым.
1870 Айрылсам айтқан сөз бен сұлу қыздан,
Артық-дүр Хақ қасында ол ұятым.

Хастеге іздеп келдім мұнда дәрмен,
 Жүріпті шипа таппай көптен арман.
 Себепсіз іс, иглажсыз науқас екен,
 Өлгенше жолдас болған Хақтан пәрмен.

Өзім де болып тұрмын құр пүшәйман,
 Қатаны ғафу еткей, Хақ Сүбхан.
 Бақұл бол, өткен іске өкініш етпе,
 Мал-мүлік айырмайын әйеліңнен.

- 1880 Аман тұр, мұнан кейін бұл қатерден,
 Азат бол қорқынышты қайғы-шерден.
 Сапар қып Шам жұртына қайтып кетті,
 Айрылып амандасып осылардан.

Мәжнүннің жауабы

Олар қайтты, Мәжнүн тұрып қалды,
 Жүрегі күйінішпен оттай жанды.
 Нәупілге Мәжнүн сонда қылды жауап,
 Ләйліден жаңа біліп бос қалғанын.

- Қайта елге жөнелдің менен қашып,
 Келіп ең әперем деп судай тасып.
 1890 Уағдаңа айтып келген опа қылмай,
 Барасың қайда кетіп амандасып.

Жазусыз болса жазмыш кемістікке,
 Мүшкіл іс асан болып келмес жөнге.
 Қайран күнің бек зайғы босқа кетіп,
 Қалдырдың өз басыңды өзің кімге?

Нәупілдің жауабы

— Қолымнан аянбадым келген күшім,
 Азалы тілеп алған бұл жұмысың.
 Тағдыр солай ғилажы қабыл болмас,
 Өзгерту қолдан келмес Хақтың ісін.

- 1900 Тұрған жұрт Мәжнүнге айтты былай:
— Сарғайма, күйінішпен жылай-жылай.
Бұныңнан ессіздікті зәйіл әйла,
Жеткізер мұратыңа Қадір Құдай.
- Ағла баршамыздан мәртебең бар,
Сөйлесіп, көндірерміз етсең қарар.
Өзіңе Ләйліні алып берсек керек
Сабыр етсең ішіңнен қайғың шығар.
- Қылмады көптің қабыл насихатын,
— Тастаймын нағып естен ғашық затым.
- 1910 Бәддұға Меккеде айтқан тоқталар ма
Дүниенің көрсетпе деп рахатын.
- Сол жерде тілеп алған бұл қажетін,
Пенденің тыңдатар ма насихатын.
Үсті тозаң, көзінен жас ағызып,
Жөнелді ықтияр қып саяхатын.
- Сахарада неше күндер жүрді кезіп,
Жылайды дамыл алмай, бағырын езіп.
Бір адам шынжырлаулы қолына алған,
Бір шалға душар болды жүрген кезіп.
- 1920 Сұрады шалдан мұның мәні-жайын,
Шал айтып сұраған соң қылды дайын.
— Кім достық қылса, соған қылар қастық,
Көп сөйлеп басқа сырын не қылайын.
- Жүреді өсек айтып дамыл алмай,
Тұрмайды халық болған соң сөзге нанбай.
Өзінің кәсібіне алданбайды,
Қатын-баласы отырады нан таба алмай.
- Мойнына шынжыр салдым ұрып-ұрып,
Кәсібіңе қылмайсың мойның бұрып.
- 1930 Нәпақа тауып бұзықтықтан тоқталуға,
Тіленшек еткіземін алып жүріп.

Біреу бос шығарады, біреу беріп,
Жолдас боп біз де жүрміз бұған еріп.
Қолына сұрағаннан түскен пұлын,
Аламыз ортақ болып теңге бөліп.

— Қата, — деп Мәжнүн айтты, — осы хайлаң,
Азат қып, бұл ғаріптің сауабын ал.
Лайық диуанаға жұмыс екен,
Ағытып шынжырыңды мойныма сал.

1940 Ел қыдыр, шынжыр салып алып жүріп,
Айтайын тіленшілік үйге кіріп.
Маған анша пұлыңның керегі жоқ,
Өзің санап ала бер жиып-теріп.

Әй, баба, сізге өтініш айтамын зар,
Көңілімде пінһан тұтқан мақсұдым бар.
Үй қойма Басраның бөріне кір,
Иншалла, бақытым нұры душар болар.

Босатып ол адамды қоя берді,
Шынжырлап Мәжнүнді алып жүрді.
1950 Ақшасын өзі тегіс алмақ болып,
Аралап Басрадан үйге кірді.

Кіреді қайыр сұрап үйден-үйге,
Ләйлі үшін неше түрлі түсті күйге.
Берер деп Хақ Тағала мұратымды,
Шалменен жолдас болып жүрді бірге.

Біреуден аз алады, біреуден көп,
Біреуден бос шығады, біреуден жеп.
Мақсұды — ғашығына жолықпақ та,
Жүрген жоқ дүние үшін мал жиям деп.

1960 Шал жиып алады екен түскен пұлын
Бос қойды тіленсін деп екі қолын.
Жылаудан бір уақытта көзін ашып,
Ләйлінің мақсұт еткен көрді ауылын.

Мәжнүнде тұрар хал жоқ бойын тежеп,
Шал жүрер ақша түсер жолын көздеп.
Үй қоймай шеттен кіріп әдетінше
Ләйлінің өз үйіне келді кіріп.

Мәжнүнді жетелеп жүр шынжыр салып,
Ләйлінің қасірет етті үйін танып.
1970 Далаға Ләйлі үйінен шыға келді
Дауысынан Мәжнүннің хабар алып.

Орнынан тұрып келді қадам басып,
Қарады мазлұмына көзін ашып.
Сипаты күйінішпен адам танымас,
Халі жоқ мауқын басар құшақтасып.

Көз қанды ықылас қойып дидарына,
Зияпат, құрмет қылды мейманына.
Ішінен бұл ғазалды анша қылды
Ғанибет көрген үшін ділбарына.

Ләйлінің ғазалы

1980 — Рақым етті жарымыз,
Көптен көрмей қапаста
Күйініш еді халымыз.
Раушан болып нұр шашып,
Рахаттанды жанымыз.
Ызғары кетіп қыс күннің,
Рақым болып Жаппардан
Жапырақтар жайқалып,
Түрленді гүл сәніміз.

1990 Ішке сыймас жанған от,
Көтерілді қайғы-дерт.
Жарығы түсті жаныма,
Басылды қайғы-қасірет.
Ғашығым үшін қан жұтып
Ұйқы келмес көзіме.
Қасірет тартып не шара

- Құлағым қанбай сөзіне.
Келмек түгіл үйіме
Бінтызар едім ізіне.
Тасаттық жаным қылайын
2000 Мейманның келген жүзіне.
- Әй, Физули, ділникаран,
Түсті жанды алмаққа.
Жолына жанды төрік етіп,
Миннат ісің болмай ма
Мақсұтты ділбар өзіңе.
- Мәжнүн бұған салды хош назара,
Жүрегі қуанғаннан пара-пара.
Ішінен «сұлтаным» деп аһы тартып,
Айтады былайша сөз әшкерө.
- 2010 — Жолы ұлық, қадірі артық падишаһым,
Сөз болып тілге сыймас іштегі аһым.
Достықты қойып дұшпан болып кетіп,
Жақпайтын сізге болды не күнөһым.
- Кеттің бе жаман құлық соңына еріп,
Болды ма шағымшыдан өсек беріп.
Бұрынғы ықыласың неден қайтты,
Мен қалдым қайғыңменен болып серік.
- Біздерге кімнен болды осы себеп,
Ойда жоқ сізден алыс боламын деп.
2020 Денім сау, көңілім сау болмаған соң,
Сұрадым һәркімдерден жәрдем, көмек.
- Басымнан айрылмады қайғы мен ғам,
Машақат неше түрлі болды һәм дәм.
Өткіздім жалғыз жүріп жаз бен қысты,
Таба алмай рас жолдас қайда барсам.
- Рахатпен отырасың, қам жемейсің,
Не қылды ол бейшара жүр демейсің.

Ойламай мені ғапыл тек тұрасың
Сөйтіп не көңіліңді кең демейсің.

- 2030 Күйінішсіз отырасың бұл зор ғажап,
Жаныма қайғы-қасірет берді азап.
Күнәһар шынжырлаулы келіп тұрмын,
Өлтірсең разымын ұрып-сабап.

Не-дүр деп көз тұтамын арман сізден,
Риза боп хүкіміңді алмақ бізден.
Асып кез ықтияр, ерік өз басыңда
Қалмасын әслан ғабир көңіліңізден.

- 2040 Хош бойлап таза жүзді ынтызарым,
Ұқсаусыз һешбір жанға нұр жамалың.
Ақылым жоқ, мойнымнан шынжырлатып,
Мен сіздің пәруанадай кіріптарың.

Байлаулы қайғыменен қол-аяғым
Диуана естен кетіп болған шағым.
Шам болып неше жанып, неше сөніп,
Кем болып һәр орында сынды сағым.

Дүниеге не түрлі жан келіп-кетті,
Шат болып көміл тұрған күндер өтті.
Өзінің нендей халде екен деген,
Бір ғазал ахуалынан баян етті.

- 2050 — Махбүбім, сенің жолыңда
Жапалар түсті жаныма.
Арыз қылып уисалың,
Алданбай жан-малына.
Еске түсіп аһ тартып,
Қандар толып көзіме,
Рақым қылып зар еткен,
Құлақ салып сөзіме
Мұсылман түгіл, көпірлер
Ағылады пәришаныма.

2060 Әслан қайғым кемітілмес,
Шаттанып менен жан кетпес.
Ұшырса һәркім жаныма,
Ауырлық түсті аяққа
Күйініш сыймай тәніме,
Күпірлік жұлыныңа келтірер.
Кемшілік беріп өлтірер,
Рәшін салып иманыма.
Әй, Физули, қайғы күн,
Әуре қылып зар етті.

2070 Айтқалы келдім арызымды
Мәлік ие сұлтаныма.

Мәжнүн осылайша қылды фариад,
Соныменен ғашықтықтан сұрады дат.
Шынжырынан мойнын алды дал-дал қылып,
Мәжнүн болды хазир қайғыдан шат.

Қан болып екі көзі жасқа толған,
Адамдай зар әйлайды хаста болған.
Халіне біреу күліп, біреу жылап,
Адамдар тамаша қып, көп жиылған.

Жөнелді отыра алмай бұл арадан,
2080 Көп күлді мазақ қылып бозбаладан.
Адамның арасынан шығып барып
Тағы да мекен тұтты айдаладан.

Ел тастап, шығып барып жатты түзде
Дүниенің қызығынан үміт үзді.
«Ләйліні бір себеппен көрейін» деп,
Байлайды орамалмен екі көзін.

«Көрмейтін екі көзім мен бір зағип»,
Біреуге жетелетті қолын алып.
Үй кезіп, қайыр сұрап, ауыл қоймай,
2090 Арыз айтты «кедеймін» деп бейнауалық.

Бұлардың сұрап жүрген қайыры бар,
Кең дүние қайғылыға көрінер тар.
Ойдағы мақсұдына жету үшін,
Туралап Ләйлі үйіне етті көзар.

Ол үйге тіленшілер болды мағлұм,
Шығарар мұнан мақсұт бар арманын.
Құдыс деп Мәжнүн тыстан дыбыс етті,
Ләйлінің көрмек үшін нұр жамалын.

2100 Даусынан үйде отырып білді халін,
Сағынған жақын тапты ғашық жарын.
Бетіне перде салмай қарсы шығып
Көрсетті нұр сипатты хақ дидарын.

Сыр айтты пінһан етіп аптабын,
Мәжнүн арыз айтты бұл хитабын.
Кедейлік соқыр болып тілеп жүрген,
Білдірді сен едің деп өз мұратын.

— Алдыңа келіп тұрмын көзім байлап,
Езілдім дәрғаһыңа иә, Құдайлап.
Болыпсың өзің разы дұшпаныңа
2110 Жүрсем де мен қайтейін достық ойлап.

Үмітпен хұзырыңа келдім әй, хор,
Таусылды сізге бола көздегі нұр.
Қайғыңмен шөлді ықтияр қылып жүрмін
Жолықтым жамалыңа, Хаққа шүкір.

Көре алмай мұштақ едім жүзіңізге,
Есітпей ынтызармын сөзіңізге.
Назар сал кедейіңе, падишаһым,
Мағлұм ішкі сырым өзіңізге.

2120 Жан үйіне байладым ғамның тойын,
Жібектен тұмар сол кез дерт тоқырмын.
Көз жасын еңіретіп сарп еттің маған,
Бір естіп тұра алмадым Хақтан күтіп.

Зиарат қыл, өз мейліңе қабағың ашып,
Харидарым күліп тұрған болып нәсіп.
Тұра алмай осылай деп пар-пар жылап,
Жөнелді биабанға қадам басып.

Алмасып еріксізбен өтер дәурен,
Қайғы, зар айтып жансыз бейнесіне.
Дүниенің сипатын қарап тұрсаң,
2130 Арбаша ылди жаққа тайғанаған.

Дүниенің ішінде ұрмақ ықтияры,
Айналып диірмендей етпес қарар.
Көп дүние үшін машақат та,
Бір сүйген нәсіп етер, халалыма зар.

Тағдырда жазулы-дүр әмір мансуф,
Қияметке талап етер болып матлуб.
Қайғыма бекер жанып отырғаны,
Мұра деп ойындағы етілмес құп.

Айтайын ибн Салам сізге халін,
2140 Қалайша білмек үшін отырғанын.
Ләйліні некаһ етіп алмақ үшін
Береді уағда қылып қойған малын.

Жалбақтап миннат берді ерекше той,
Мысыр, қожа жидырды һәм Ирақтан.
Мың күң, құл киіндіріп алып келді,
Киімі көзді ұялтар қызыл алтын.

Нар берді мұғжизадайын хаят жолды,
Бұп-бұйра бәрі бірдей қызыл тонды.
Мақтанып ғанбар құты, жүз-жүз алтын,
2150 Әкеліп Ләйлі үшін бәрін төкті.

Күйеу боп айыппұл беріп келді,
Ләйліге бұл мазмұннан хабар берді.
Жайқалған жаздағы аспанында
Төгілер жапырағы күз, хизан енді.

Болмады көңілдегі асық үміт еткен,
Бір жұмбақ ұшыратты қайыршыны.
Наласыз деп ықтиярсыз оты жанып,
Көп ішінде жәбір көрді қайғыланып.

2160 Толтырды қайғыменен аһы-зарын,
Күшпенен қолдан алды ықтиярын.
Дарига-ай, неше түрлі шашын тарап,
Осындай кетер ме екен нұр жамалы.

Жатады Ләйлі жылап көтермей бас,
Сүрмесін кетіреді құйылған жас.
Іштегі от сағұр болып жана берді,
Адамзат оған шыдап тап ете алмас.

2170 Аузынан шығар еді от пен жалын,
Ләйлінің көрсе біреу аһ ұрғанын.
Айнала түтін болып жанып [со]ған,
Бұ қапа кетіrmес пе адам сәнін.

Көрмеді көңіл көзі, зары жарық
Ай жүзін қаптағандай бұлт алып.
Сақтанып халықтың айтқан өсегінен,
Өзіне жолдас етті пәришандық.

— Құдай-а, жаңылыспа бұл мұратым,
Мағлұм бір өзіңе ықтиқадым.
Рәсуа таңда Хаққа боламын ба,
Халлаба өзгеріліп асыл затым.

2180 Һәркімге жапа берген дүние пәни,
Тағдыр[да] өзгерілмес жазылғаны.
Жиылған тар орында жолығармыз,
Дүниенің біз бес күндік мейманы.

Көр қылмас дұшпан Тәңірі болса пана,
Жолбасшы ізгілікке Хақ Тағала.
Жан үшін жаннан тілеп құдіретіңнен
Өйласаң өзің асан, Бір уа Бара.

- 2190 Әуелден достық бердің екі араға,
Көнбестік ықтияры жоқ мұғжизаға.
Мағлұм зағипіңнің сізге халі,
Дұшпанның апатынан сақта-сөна.
- Әзелден уағда шарт болды махкам,
Басымнан айрылмады қайғы мен ғам.
Халықтың тезіне душар қылмай,
Не болар мен ғарішке етсең кәрам.
- Құдай-а, өзің Қыдыр, өзің Ғалым,
Қасыңда жасырын жоқ барша мағлұм.
Өзіңнің хүкіміңе лайық па,
Жеткізсең көпестерге зағип малың.
- 2200 Дұшпанға тиісті ме достың мейілі,
Біреу көркем, біреудің жоқ адам сәні.
Бұйырсын жақсы-жаман өз халасы,
Бай еттің ибн Салам дүние беріп.
- Мәжнүн жүр құс-хайуанның соңына еріп,
Мехнаты бір минут естен шықпай.
Күйінішпен өзгерілген атын көріп,
Тілімнен шығармады бұл қата деп.
Түседі басқа жапа осынша көп,
Азат қыл, ата-ананың тұтқынынан,
Ойлаймын екеуден біреу жеңіл ғой деп.
- 2210 Ләйлінің сонда осылай Хаққа зары
Қапалық көңіліндегі һәрне бары.
Өзінің қайғы-ғамы ішке сыймай,
Бастады әпсана қып бұл ғазалды.
- Он сегіз мың ғаламды
Құдіретіңмен бар еттің.
Біреуге тола мұң беріп,
Біреуді пұлға зар еттің.
Біреуді қайғы-ғамсыз ғып,
Біреудің күнін тар еттің.

- 2220 Біреулер ғейш-ғишратта,
Біреулер қайғы-күлпатта,
Біреуді сонша зор еттің
Білмеймін не-дүр фазылың.
Мен кәнизің қор еттің,
Ойыма қарсы тірлігім.
- Ғұмырымда көңіл ашылмай,
Шарасыз сабыр етемін.
Іштегі алау басылмай,
Мехнат зайығ бос кетті,
- 2230 Мақсұдыма қосылмай.
Сабырым пайда бермеді,
Ізінде жүріп бас ұрмай,
Қайғымен бөдан жарақат
Шаттықтың кілті ашылмай.
Уағдаға опа етпедім,
Бір қалыптан кетпедім,
Аманатын Алланың
Отырып үйде тапсырмай.
- Жандырып қойдың жапамен,
- 2240 Ішке сыймас қапамен.
Адастырып зар еттің,
Хауа ана, Адам атамен.
Көп зарығып қосылып,
Қалмас ғұмырын өткізді
Рахаттанып сафамен.
Ақырын сондай еткейсің,
Рақым әйлап опамен.
- Өмірін тұтпай Алланың,
Зарықты бұлар қосылмай.
- 2250 Тасифа солар кетпеген,
Бөгет тауып тосылмай.
Тұрарлық халім қалмады
Ақырын ойлап шошынбай.
Ұятты қылдың мақшарда
Қол-аяғым куә боп,

- Дүниедегі істі жасырмай,
Тілеме Хақтан қазына,
Пінһан сыр халыққа шашылмай.
Хаққа құлдық етіңіз,
2260 Шын уағдаға жетіңіз.
Ақылың болса фазылы,
Көрінеді опасыз
Дүниенің жайы осындай.

*Ләйлінің айтқаны**

- Ләйлінің халін көрді отырған көп,
Ойлады «басқа науқас болмасын» деп.
Сөйлесіп біреу олай, біреу бұлай,
Деп айтты: — Ата-ананың қайғысы, — деп.
- Шырағым, Хақтың ісі бізге мирас,
2270 Қайырлы іс болмағын Хақтан сұрас.
Қолында ата-ананың өскенменен,
Жат жұрттық әйел бала деген рас.
- Қолынан ата-ананың айрыларсың,
Қараумен екі көзің талдырарсың.
Тікенсіз гүл, сауапсыз дүр болмайды,
Шам-шырақ неше түрлі жандырарсың.
- Сүйікті қыз болмайды отырғанмен,
Көзге жас кетпей қалмас толтырғанмен.
Барар жер қалған жерден болмас төмен,
2280 Күйінішті зар етіп аһ ұрғанмен.
- Ләзім ата-ананды ұмытпағын,
Тоқтатып көңіліңді суытпағын.
Айтпайды күйінішін ол емші деп,
Шешер деп жаратқан Хақ істің ағын.
- Айтуға лайық көрмес мұны өзіне,
Халықтың ұшыраймын деп жел сөзіне.

* Түпнұсқада Ләйлінің ғазалы түсіп қалған.

Талаптан ұят артық қыз балаға
Гүл берер сұлу сипат мінезіне.

2290 «Киін» деп қыздар өтініш қылып тұрды,
Шарасыз іс болғанын анық білді.
Қыздардың айтқан сөзін қайтара алмай,
Шықты да оңаша үйге киім киді.

Харирдан неше түрлі киді киім,
Көз көрген, баға жеткен емес бұйым.
— Құдай-а, не қылсаң да құдіретің мол,
Бұл емес өзіңе аян ризалығым.

2300 Бой түзеп тіке тұрды қадам басып,
Басына төжін киді, жыға шаншып.
Ғешкімге сыр білдірмей зинаттанды,
Түседі күйініші халден асып.

Күйінішке сабыр еткен кәміл ынсап,
Тоқтайды сабырлыққа дәулет пен бақ.
Раушан неше қыздар болды дайын,
Той, мәжіліс, ойын-күлкі түзілген шақ.

Түзеді өз халінше қыздар түрін,
Жұлдыздай сап байлады бірін-бірін.
Жандырып бір-бір шамды қолына алды,
Мәжілістің келтірмекке көркем нұрын.

2310 Бес жүз қыз гүл ұстады қолдарына,
Гүл суын төкті барар жолдарына.
Тұтады жүз қыздар ғанбар құты,
Хош иіс жүрген жері болмағына.

Қолына жүз қыз тұрды домбыра алып,
Қосылып өлең айтып әуез салып.
Ретпен осылайша түзейді анық,
Ішкілік жеткілікті тамам беріп.

- Тұттырды жүз кәнизге жүз табақ зер,
Басынан шашу шашып етті нишар.
Ішінде рауан Бақыт, Ләйлі отырды,
2320 Ықыласпен һешбіріне қылмас назар.
- Мақсұтпен біздің жұртқа сапар еттің,
Білмейсің парқын айырып бұл реттің.
Адамға мақсұт халил етпе кесір,
Бұл түрлі хикматі бар Құдіреттің.
- Пері қор қылыш* қолда болып хазир,
Мақсұды осы күткен бірталай жан.
Жолықсақ екеуімізді жоқ қылады,
Жаннан төтті нәрсе жоқ, енді өзің біл.
- Керекті сауық-зафа бәрі жанға,
2330 Қалмайық сабыр етпей бұл зиянға.
Сабырмен өткерелік һәр уақытты
Не түрлі Тәңір шипа берер таңда.
- Иншалла, жетсек керек мұратыма,
Кемшілік нұқсан етпей ұятыма.
Дұшпанның тағынасынан сақтаналық,
Лайықсыз өсек бұһтан өз затыңа.
- Бұлайша пінһан айтқан сөзге нанды,
Хабарын жалған айтқан рас санады.
Тоқталып жақындықтан текке тұрды,
2340 Қорқыныштан құтқармаққа шыбын жанды.
- Тастады жан азасын төтті жаны,
Ғашықтан көңілі тоқтап, қайтты сәні.
Нақыл бар халық ішінде тілге мәшһүр,
«Сауданың пайдасынан зор зияны».
- Ғашықтың неше түрлі жапасы бар,
Бәлеге дүние қуған болар душар.

* Түпнұсқада осылай берілген.

Ғашықтық бір кісіден болса мағлұм,
Ықыласпен сынап көңілі береді жар.

2350 Жапаға жарлы көрсе еткен сабырын,
Өзі үшін анық білсе көрген жәбірін.
Кемшілік ықыласынан тапса кемдік,
Лайық қызметіне бәрі жетіп.

Жарының ықыласынан тапса кемдік,
Жақындық достықпенен етпес елдік.
Бұрынғы ықыласынан ұстар салқын,
Болғандай ішке нұқсан көңілде жік.

2360 Қуаныштан ибн Салам қалды тоқтап,
Құр әзіл сөз айтады шықылықтап.
Бір жатпай мейіл қылмай бағып тұрды,
Бағушы берді Тәңірі лайықтап.

Бұл дертке шипа сұрап жүрер дәйім,
Қол байлап қызметінде болды қайым.
Жан таппай бұған дауа келістірер,
Сел болды ақыл-хошы тұрған сайын.

Бұлардың хал-жайы болды осындай,
Болмады мақсұт алып көңілі жай.
Хабарсыз жалғыз жүрген Мәжнүнге
Жеткерді һәркімнен хабар Қадыр Құдай.

2370 Мәжнүнге мұнан хабар кім береді,
Хикаят күн-күн сайын түрленеді.
Ақылды, халыққа мәшһүр, көркем сипат
Бір жігіт Заид атты жүрген еді.

Басынан бұл Заидтың ғашық кешкен,
Ғашығы Заид әлі де қалмайды естен.
Ләйліні ибн Салам алғаннан соң,
Ол Заид хабар берді гүл кеңестен.

Ғашықтың бұ да тартқан көп жапасын,
Нұр еткен зинат үшін ғазиз басын.
Өзіндей зар-зар болған Мәжнүннен,
2380 Әсла, айырмаушы ед ықыласын.

Ойланды «Мәжнүнге барайын деп,
Хабарды құлағына салайын деп.
Босқа жапа тартпа деп тоқтау етіп,
Тіл алса сауабына қалайын» деп.

Ізденіп Мәжнүнге Заид барды,
Мекені өзіне анық тауып алды.
Заидтың жапа тартқан түрін көріп,
Мәжнүн сол арада аң-таң қалды.

Зәрредей қан қалмаған көркем беттен,
2390 Қысылған адам түрі жапа шеккен.
Заидтан Мәжнүн сонда сөз сұрайды,
— Ғазизім, жүзің солды не реттен.

Бұрынғы қайда кетті нұрлы ажарың,
Бұлайша болды ғамкін неден халің?
Көңілің — уайымда, көзің — жаста,
Баян қыл, рас достым, бар хабарың.

Қасында Мәжнүннің жылап тұрды,
Айтпаққа даярланды білген сырды.
— Бұ жолдан қайтып сен де ықтияр қыл,
2400 Күйініш айналдырды сіз пақырды.

Ғашығың ибн Саламға кетті тиіп,
Сен жүрсің зар-гөриан сырттан күтіп.
Ләйліден көңіл үзіп, тәсіл қыл,
Бақыттың қатыны үшін тұрмай күйіп.

Зайғы боп осынша еңбек босқа кетті,
Күйініш, рахатты алып кетті.
Заидтың бұ сөзінен хабар біліп,
Әуезі аһ тартқан көкке жетті.

Ләйлінің Мәжнүн ғаріп кіріптары,
2410 Жылаған көкке жетті аһы-зары.
Құс-хайуан, жылан-шаян, құрт-құмырсақа,
Жылады тағат етпей баршалары.

Тамшылап жас ағады көздерінен,
Ашумен ажар кетті жүздерінен.
Ләйліге қалам алып хат жазады,
Қалдырмай көңілдегі сөздерінен.

«Құдай-а, өзің Қадыр, өзің Кәрім,
Екінші интиһа жоқ болдым қадым.
Сипатын рада еткен хәкіміңмін,
2420 Ғаламның тәрбия еттің жоқтан барын.

Жараттың күннен раушан, түннен әуел,
Ай менен жұлдыз бердің түнге сәуле.
Бәр уақыт жәрдем тілеп қыламын зар,
Дертім көп, ішке сыймас мехнатым бар».

Ләйліге бұл мазмұнша нама жазды,
Не халді, жәбір-жапа қылып ізһар.
«Жан бар ма сендей болған опасы жоқ,
Біз дайын ғарібіңе қапасы көп.

Сендіріп уағдаңда жүр екең[сің],
2430 Бізді алдап Бақытқа жар болайын деп.
Ойланып маған сабыр ете алмадың,
Халіме зар-гөриан көз салмадың.
Жанға жолдас, дертіңе дауа таптың,
Сөзіңе бұрынғы айтқан жете алмадың.

Әуелде уағданы бізге бердің,
Кім жиһад қылса, соның соңына ердің,
Көз салған қызарғанға әдепсіздік,
Мағшұғы бұлай емес өткендердің.

Деуші едім бірін жасырын етті гауһар,
2440 Білмедім қандай сенің талабың бар.

Ақылың кемдігінен бізді ұмытып,
Себеп не, басқа біреу ұстадың жар.

Менде дерт көптігінен күнде халім,
Харидар болды бір сен үшін ғана менім.
Бізден хабар білмей-ақ жар тауыпсың,
Рұқсат деп босаттың ба ескі жарың.

Қайғың менде, Бақытпен көңілің хош,
Уағдаңның бізге берген баршасы бос.
Сөзінде бізді рас жар десең дағы,
2450 Бақыт ибн Саламға болыпсың дос.

Дүниеде бізде қалды жаман атың,
Айырған адам білер сөздің затын.
Рас деп тикрар қылып білген керек,
Нәпіл ғып халықтың айтқан хикаятын.

Тікенмен гүл тұрады ашылғанша,
Тікені бос қалар гүлден басқаланса.
Ұқсайды бейне соған ахуалым
Әуелден болса осылай шарам қанша?

Әуелден жазса осылай тілелесім,
2460 Жүрелік жапа шегіп, баста қайғым.
Жар-жора, ата-анадан кетсем дағы,
Сіз еттің өз бойыңа лайығың.

Көптен қайғы жеп жүрген ділбигарым,
Қаһары көп, опасы жоқ никарым.
Ақылдан хош, көзімнен нұр, белден қуат,
Бір сен үшін жоқ қылдым соның бәрін.

Дертімнің шипасысың басымдағы,
Жан күйер жамалыңа қасымдағы.
Назынан миһр жамал зун рум,
2470 Мінезің естен шықпас жасымдағы.

Бізбенен бір тұрмаққа ойладың ар,
Деп білдің қалай менің лайығым бар.
Үстінде зағиф ықылас тұрғаныңда
Бақыты ибн Салам болды душар.

Һәр жерден сізге ғашық табылар көп,
Бір менің сен сықылды мағшұғым жоқ.
Мен опа қылсам дағы сізден жапа
Ойлайсың кімнің ісін зор қата деп.

2480 Қалып тұр қайсымызда бұл жаманат
Болмаған халық ішінде бұл бір әдет.
Жаман деп ескі жардан жүз қайтарып,
Жақсы деп жаңа жарды әйладың шат.

Сізге көп мен сықылды сырттан ғашық
Ақылым бекер деме қалса адасып.
Мағшұғым аз уақыт қолға тисең,
Рахатпен тұрсам деуші ем көңіл басып.

2490 Тиіпсің ибн Салам анық білдім,
Құдай-а, бұл нешік деп ғажап қылдым.
Ләйлі сен жаным, төнім әлі де менің,
Сенімен әлі де менің тіріклігім.

Бір минут көңілімде жоқ болмайсың,
Бізді ойлап, талабыңнан тоқталмайсың.
Ғашықтық арадағы ғаламға паш,
Не түрлі қиялық бар, не ойлайсың?

Бақытпен көңілің хош, ниет бірге отырып,
Уайымсыз рахатта қызық көріп.
Рас деп уағдаңды біле алмадым,
Болыпсың кімге жолдас, кімге серік.

2500 Мәжнүннен еткен бе екен шын жұдалық,
Бақытпен қалайша еткен ашыналық?
Бұлайша мақсұт таптым деген болсаң,
Бос екен сізде болған адамшылық.

Біледі бұл себепті жұрттың бәрі,
Сіз едің көңіл көзім ықтияры.
Неше жыл жапа шеккен Мәжнүннің
Демедің қарыз болар аһы-зары.

Көңілмен Мәжнүн барып айта алмадың,
Бақытқа көңілің кетіп қайта алмадың.
Маған хабар бермегенің дұрыс еді
2510 Еңбегі бос қалар деп ғашық жардың.

Ойласаң қайғыменен қартайды деп,
Жапамен ақыл-хошы жар тайды деп.
Жүргенмен сізден ләззат алмақ болып,
Уағда бар екінші сөз айтпайды деп.

Хүкім Алла көңілің болмайды тар,
Тұрарлық уағдамда қуатым бар.
Сен үшін зағиптанып жүрген мені,
Болмай ма хабар беріп айтсаң хош хал.

Рұқсат сұрасаң болмай ма, ей, жүзі гүл,
2520 Жасырып бұл сырымды еттің ғапыл.
Жанан емес жанымның дұшпанысың,
Біз ғаріп натауанға мархабат қыл.

Сөзіңді әуелгі айтқан кетпе ұмытып,
Басқа ойлап, басқа мінез пиғыл тұтып.
Бақытты шат еткенде бізді де ойла
Қалмайын қасіретпен қайғы жұтып.

Екінші назарың сал осы сөзге,
Білемін бұл ғайып деп көрер көзге.
Жапамен зар-гөриан бізді ұмытып
2530 Кірген соң жараса ма һәр мінезге.

Мәжнүннің газалы

— Жаным сүйген жананым,
Жапа тартқан бұл төнім.

Жараса ма сіздерге
Басқамен сұхбат құрғаның.
Бізді қойып жапаға,
Жақсы деп оны сыйладың.
Жастағы еткен уағдаңды
Жарай ма ойран қылғаның.

- 2540 Уағдасы екі адамның
Зағип дейді ғалымдар,
Көкірегіндегі иманын.
Тура-тура көз салып,
Басқадан хабар алғанын.
Ләззатын біліп ізгілік,
Шарабына қанғаның.
Бара-бара уағдаңды
Бердім деп бізді алдадың.
Көңілді бізден суытып,
Басқаға көзің салғаның.
- 2550 Рақым біздің төрік етіп,
Залымдық маған сыйладың.
Қай күнәһым себеп боп,
Білмедім мейірім, лағылым.
Қайғы-қасірет көп көрген,
Жалғыз Ләйлі деп жүрген,
Сіздікі әдет сол ма еді.

- 2560 Бізді ұмытып, әй, залым,
Басқа жар тауып алғаның.
Айналма шарық сықылды
Әйелден мақсұт алмадым.
Шаттықта болған екенсің
Рахатын көрдім деп,
Осы дүние жалғанның.
Өз бойыңа лайық,
Жақсы атыңның өзіне,
Жаманат тауып салғаның.
Бізді ұмытып кетсең де,
Мақсұт тауып жетсең де,
Өзгермек маған харам-ды.

- 2570 Ішімде кетер әл мәнім,
Кәне, халім біздерге
Аһады паймарди қылғаның.
- Зағип көңіл, сабыр қыл,
Ләйлі деп гөриан болмасын.
Бауыр етім, қан болма,
Теңін тапты жолдасың.
Ғазиз көзім, жылама
Опасыз жарың болған соң.
Ғашық оты сабыр қыл,
- 2580 Қашан халы жетер деп
Мехнатқа қойдың, әй, басым.
Ләйлі жапа еткен соң
Бізді ұмытып кеткен соң,
Басқадан жәрдем сұрама,
Ойындағы мұратты
Мүлік иесі Хақ Сұбхан».
- Қағазын осылайша тамам етті,
Заидке: — Мағшұғыма тапсыр, — депті.
Бешаттап, қойнына салып берді,
- 2590 Хайламен бұған сарп ет ақыл, епті.
- Солай деп Мәжнүн сөзін тамам қылды,
Ол Заид хат мазмұнын анық білді.
Апарып жылдамырақ тапсырмақ боп,
Ләйлінің шаһарын іздеп жолға кірді.
- Сол уақыт шаһарына келді жақын,
Мойнына міндет көрді тапсырмағын.
Ой ойлап, бір баһана хайламенен
Ұқсатты дәруішке салахатын.
- Сиынып дәруіш келді Құдайына
- 2600 Ұшырар нендей пиғыл талайына.
Қолда — аса, баста — сәлде, шөнде киіп,
Бақыттың жетіп келді сарайына.

Келеді «Аллаһым» деп диуана мас,
Көзінен рауан болып ағады жас.
Қасына ибн Салам шақыртып ап,
Дерт жайын диуанаға әйлады паш.

Ләйлінің бұған айтты барша халін,
Бойында қорқынышты сырқау барын.
— Жетпедім талап еткен мақсұдыма
2610 Жолына сарп етсем де һәрне барым.

Бұл дерттің сенде бар ма һеш дауасы,
Қор болды қайғыменен ғазиз басы.
«Жазулы өз бойыма сақтап жүрген,
Бар, — депті, — менде дерттің бір дұғасы».

Дұғаның дәруіштен білді жайын,
Бақытты әуре қылды бір Құдайым.
«Ләйліге өз қолынан шипа етсін» деп,
Түзетті оңашалап кең сарайын.

Ләйлінің бөлмесіне Заид кіріп келді,
2620 Мұратын ойындағы Тәңір берді.
Қойнынан хат шығарып, тағзым етіп,
Қолына мағшұғының алып берді.

Қайғымен хатты Ләйлі қолына алды
Құпия жазуына назар салды.
Хайламен Заид екен келіп жүрген,
Мәжнүннен алып келген бұл хабарды.

Қарады қағазына назар салып,
Тағзымдап жүзін сұртті, қолына алып.
Көзінен жас орнына қандар ақты,
2630 Күйінішпен қала жазды естен танып.

Мәжнүннің көріп болып жазған хатын,
Сарп етті мазмұнының ықтибарын.
Ишарат михтаб сөзін фаһим әйлап,
Бір жауап рет көрді қайтармағын.

Ләйлінің жауабы

— Бисмилла, жад етемін Хақтың атын,
Ғаламның түзгіл еткен жоқ сипатын.
Біреуге қайғы-қасірет жолдас қылып,
Біреудің айырмадың рахатын.

2640 Һәртүрлі қалып берген бұл заманда,
Ақылсыз біреу ақымақ, біреу дана.
Біреу бай, біреу патша, біреу кедей,
Адамзат тегіс емес ойла-сәна.

Біреуге қуат берді жұрттан асқан,
Біреуге ғылым берді ақыл-дастан.
Ғашықтық, ұят, әдеп, тең жаратып,
Жібердің дүниеге қалдырмастан.

2650 Бірі біз осылардың дүниедегі,
Ғашықтан әсер білмес жұрттың көбі.
Ғашықтық әдеппенен бірдей болса
Әдепсіз ғашықты ұстап келмейді ебі.
Жеткізер тәрбие еткен, Қадір Мәулам,
Ықыласың Хаққа мәлім болып тегі.

Әдеп деп нәрсе алмадың мұратымнан,
Жазулы хабар алдым бұл хатыңнан.
Қалай деп сөккеніңе ризамын
Өзімнің басымдағы ұятымнан.

2660 Ұятты шерменде боп тұрмын сізге,
Күнәһар көрінемін көңліңізге.
Бар болса қаталығым ғафу әйла,
Рақым ет, қаһар, азап қылма бізге.

Біреудің гауһарымын қолындағы
Табылды пұл беретін харидары.
Кім келіп баға беріп сатып алды,
Базардың менде бар ма ықтияры.

Әслан сізден басқа болмас жарым,
Өзімде болса менің ықтиярым.
Сөйтiп ықыласыңды алыс қылма
Жетерлiк бұл азапқа кiрiптармын.

2670 Сау болмай қаһарыңның кеттi сәнi,
Зайғы боп ысырап болды берген пұлы.
Ете алмай мақсұт хасыл ибн Салам,
Тартады мехнатты күндiз-түнi.

Не пайда құр көзiне қарағанмен,
Тұтынбас өз мүлкiне санағанмен.
Жан тәттi ғашықтықтың ләззатынан,
Қол қоймас көңiл сүйiп қалағанмен.

2680 Ойыма әғар қайғың келсе сенiң,
Тиылмай көзiмнен жас ағар менiң.
Жарыма дәлел себеп болмағы үшiн,
Фарқадын жад етемiн ата-анамның.

Айтамын сағынар деп жары-жолдас,
Рахмат һәрбiр iске төзбей болмас.
Ақырында халыққа айып көрiнедi,
Сырларың заһир болса әлемге паш.

Сағынсаң көрмек үшiн дидарымды,
Ойласаң не халде деп дiлбарыңды.
Кеше мен ғұсыл бәдан етемiн деп
Баһана һешкiм бiлмес қылғанымды.

2690 Оңаша басқалардан болсам жалғыз,
Болады қараңғы түн маған күндiз.
Түседi ай сықылды жарық нұрым,
Ғашықтық өзгерген жоқ айтылған сөз.

Мағшұғым қалайынша болады кез,
Шықпайды сiзден бөлек тiлден лебiз.
Қол-аяқ, тiл мен құлақ сiзге мұштақ,
Сiздi ойлап, қарар етпес көңiлiмiз.

- Қайғысыз жолығам деп үмітім жоқ,
 Ойлаймын жапаменен өлермін деп.
 Киім, кебін, үй лахыт мен ғаріпке
 2700 Сенімді ерге тиіп кетті ғой деп.
- Бұлбұлмын бастан кешкен қайғы мен зар,
 Біреудің қапасында мен кіріптар.
 Қайғымен ұсатылған қанат, құйрық.
 Қуат жоқ пәруаз етіп сайран қылар.
- Хайуанмен жолдас болып өткіздің күн,
 Лайық деп бұл сөзімді біліңіз шын.
 Құс-хайуан табиғ болып тұрар емес
 Баршасы қызмет етіп сіздің үшін.
- Сол хайуан қызметін маған да етті,
 2710 Мойнына арқалады көп міндетті.
 Бақтырып екеуімізді екі жерге
 Бұлайша Хақ Тағала тәрбие етті.
- Бұл күнде сіздікімен бірдей халім,
 Хақ білер мұнан соңғы не қадарын.
 Сабыр қыл, аз уақыт мағзұр тұтып,
 Рухы жаннан төтті, ғашық жарым.
- Хатыма менің жазған назар салсаң,
 Неңдейін халде жүр деп қапалансаң.
 Оңаша бұл ғазалды ықыласыңмен
 2720 Халінен көңілің тоқтар хабарлансаң.

Ләйлінің екінші газалы

— Ғазизім, сенің жолыңда,
 Ықтияр болмай халім де.
 Расуә болды халіміз
 Захмат болды төніміз.
 Тағына қылып дос-дұшпан,
 Кемдікпен кетті сөніміз.
 Ғашық оты күйдіріп,

- Кесілді құйрық-жалымыз.
Дауасыз дертке ұшырап,
2730 Өуре болды жанымыз.
- Ажар кетті жүзімнен
Құтылмай дұшпан сөзінен.
Сақтасам пінһан сырымды
Қайғы басар төзімнен.
Сөйлесем қайғы-қасіретім,
Ғешкім жүрмес ізіңнен.
Көзім неден қараңғы,
Жарық нәсіп болмады
Дүниенің жүзінен.
2740 Мың жәбір көрдім жападан,
Қандар ақты көзімнен.
- Бағыр етім езілді
Дертімнен өзің сезілген.
Ниһаятсыз ғам-қайғы,
Мақсұттан үміт үзілген.
Жәрдем болмас ұқсайды
Болмаса, Жаппар, өзіңнен.
Осы дерт маған болмай ма,
Дерт бересің сөзіңмен.
- 2750 Айрылып сенен кеткеннен,
Қайғы болды жолдасым.
Кеше-күндіз ұйқы жоқ
Қасірет болды жолдасым.
Дертіме шипа сұрасам
Табиб, қази, хакімдер
Болмайды дейді дауасы.
Асан емес құтқармақ
Бұл дерттен һәркім озбасын.
Ғилажын қабыл ете алмай
2760 Қызыр да болса жолдасың.
Қасірет шегіп, қан жұтып,
Таусылар дейді көз жасың.
Фазылын Хақтан сұраңыз,

Шипасыз дерттің һеш пенде
Кіріптары болмасын.
Осы дерт маған жетпей ме,
Сөзіңмен мені күйдіріп,
Арттырдың дертім баршасын.

2770 Осымен тамам қылды әпсанасын,
«Айтпайды отырғанға сөзі расын.
Сырларым халыққа мәлім болады» деп,
Қараңыз мына қылған баһанасын.

Ләйлі айтты: — Сізден пайда көрдім, — деді,
Дұғаң дертке шипа екен білдім, — деді.
«Дұға» деп сәлем хатын тапсырмақ боп,
Бұл сырын һешкімдерге білдірмеді.

— Дұғаңнан баһар алып, көңілім хош,
Дұғадан басқа сөздің баршасы бос.
Дұға алып, дұға беріп қатынап жүр,
2780 Рақымды біз ғаріпке болсаңыз дос.

Үміт бар саламатың болар деген
Дұғаңмен дертке шипа болар саған.
Бұл дертті менен зейіл болмастай ғып,
Жазбаса Хақ Тағалам әзелінен.

Сақтайын тұмарыңды өз бойыма,
Бұл күнде шүбһә жоқ һеш ойымда.
Иншалла, қадамыңнан болар шипа,
Болмаса құдіретіңе маңдайымда.

2790 Өзімде бір тұмар бар сақтап жүрген,
Болар деп дертке шипа үмітпенен.
Қояды бағзы шерін шығара алмай,
Молдалар бас салып оқып көрсін.

Берейін тұмарымды көріңіз сіз,
Үйіңе асығыс қып апарыңыз.

Өшкен жері бар болса иә, қатасы,
Дұрыстап анық қарап түзетіңіз.

Әкеліп тапсырарсың тұмарымды,
Үшкіріп тарқатарсың құмарымды.
Ұмытпай бізге дәйім қатынап жүр,
2800 Не халде біліп, қайтып тұрағымызды.

Құрма деп тапсырыпты жазған хатын,
Өзінің бастан кешкен хикаятын.
Үмітпен ибн Салам құрмет қылды
Бұл дәруіш тиді деп шарапатын.

Дүниеде Хақ жазбады қауышпағын
Сындырмас басқа тілек қалған сағын.
Дос тұтып ғашықтардың құрметі үшін,
Бақтырды ықыласпен екі жағын.

Хат берді осылайша дәлел сайлап,
2810 Хайламен түсінбестей ақыл ойлап.
Мақсұдын бұ жердегі тамам қылып
Қасынан Заид шықты «иә, Құдайлап».

Жолынан Заид барған қайтып келді,
Не көрген оқиғасын айтып келді.
Ләйлінің ықыласымен жазған хатын
Қолына Мәжнүннің алып берді.

Шат болды хатты көріп оқығандай,
Тыныштанды рахат тауып көңілі жай.
Жүзінен айдай болып нұр шығыпты,
2820 Қасына Ләйлі келіп отырғандай.

Бұл халде Мәжнүн, Ләйлі тұра тұрсын,
Көрмедік қауышарлық һеш жұмысын.
Қайғы мен қасіретке тастап кетпей
Мәжнүннің атасынан нақыл қылсын.

Мәжнүннің қайғы шекті ата-анасы,
Бала үшін құрғамайды көздің жасы.
Түнде ұйқы, күндіз қорек бәрі кеміп,
Болыпты қайғы-қасірет мұпталасы.

2830 Көзіне көрінбеді дүние-малы
Болмады күндіз сабыр, кеш қарары.
Дертіне баласының дауа таппай,
Қалмады өз қолында ықтияры.

Ағайын сөз айтады сырттан былай,
«Мәжнүн» деп отырады жылай-жылай.
Мәжнүнді іздеп дауа еткізбейді
Қасында екі-үш ұғлы отырғандай.

2840 Бұл кісі рақымды емес, қатты көңіл,
Рақымсыз екендігін осыдан біл.
«Балам» деп һешуақытта ойға алмайды,
Баласын көрмегелі бірталай жыл.

— Қылады һәркім салық біздің бетке,
Жынды боп Мәжнүн жүр, — деп, — шығып шетке.
Дертіне шипа болар жөн бар еді
Бақтырмай қоя берді қасіретке.

Жаны ашып Нәупіл барды әскер тартып,
Ұрыста екі тарап бек зорайтып.
Таба алмай онан мақсұт ажиз қылды,
Бола ма дауа еткізсе алып қайтып.

2850 Дүниеде қуаты бар жүретұғын,
Айтқанды ақылы бар білетұғын.
Бір шаттық бір қайғыдан алыс емес,
Күн болды Тәңір тілек беретұғын.

Бар дейді денесінде шықпаған жан,
Адамға намыс білген болды зиян.
Дертінен жарылқап шипа берсе,
Достар шат, күйініште болар дұшпан.

Ізденіп балаңды еске ал, мақрұм қойма,
Сауықса жолығармыз жиын-тойға.
Етегіңе Хақтан тілек зайғы болмас,
2860 Құн берер лайықтап Тәңірі бойға.

Атасы халықтың сөзін фаһим етті,
Жапамен шалды Тәңірім ренжітті.
Көз жасы қайғыменен судай ағып,
Баласын сахарадан іздеп кетті.

Ол қартқа қиын болды тауып бармақ
Күш келіп аяғына түсті салмақ.
— Апарып өз мүлкіме ие қылсам,
Тілеген мақсұт еді мирас қалмақ.

Кезіпті һәрбір жерден нышан таппай
2870 Шарқ ұрып күн-түн демей жүрген шақтай.
Көп жүрген захматынан табан тиіп,
Қандары аяғының судай ақты-[ай].

Басшы қып жолдас алды бұрын көрген,
Бірнеше Мәжнүн орнын көріп жүрген.
Қыдырып дамыл алмай келе жатса,
Көрінді от сәулесі бір жерлерден.

Ойлайды «от жағушы араб шығар,
Шөп-шалам шабатұғын әдеті бар».
Отына жылынбаққа келді дағы
2880 Бетіне отырғанның қылды назар.

Таниды бейшара шал өз баласын
Көзінің таппай жүрген ақ-қарасын.
Дүниемен жақсы, жаман жұмысы жоқ,
Тәрік еткен мал-мүлік, ата-анасын.

Атасы Мәжнүннің көрді халін,
Сағынған көптен көрмей ынтызарын.
Атасы аһ тартып, қасірет шекті
Күйінішпен жапа шегіп отырғанын.

2890 Қан ақты жас орнына көздерінен,
Мәжнүннің көз айырмай жүздерінен.
Қасына біреу келіп отырғанын
Мәжнүн хабарланды сөздерінен.

— Сен кімсің, маған келіп болған жолдас,
Қағаз бер, елші болсаң, қолыңды аш.
Әгарда жолшы болсаң жолыңа кет,
Бұл мәнзіл екеуімізге орын болмас.

Атасының айтқаны

2900 — Шырағым, жаңа таптым деме жырақ,
Сағынып көріп едім Хақтан сұрап.
Атаңмын, қозым сені іздеп келген,
Жүзіңді бір көрмекке болып мүштақ.

Сен едің дүниеде көрер көзім,
Нақыл ғып халыққа дастан айтар сөзім.
Орныма ие, ғұмырымның шаттығысың,
Атаңа болды күйініш бұл мінезің.

Қартайдым күйінішпен жасым жетіп,
Ақыл-хошым таусылды қасірет өтіп.
Мал-мүлік, бағы-бақша, орнымның
Баламсың қалдыратын иесі етіп.

2910 Мас болып балалықпен шығып кеттің,
Жолыңда ата-анаңды зар еңіреттің.
Ғашық деп халыққа мәшһүр есім жайып,
Атқардың уақытты ол миннаттың.

Сабыр мен бала шақта еттің ғалиб,
Болады һәрбір іске жас мінәсіп.
Ғашықтық жас адамға өнер деген,
Жас толды бұл мінезді ұстау айып.

Бала едің ол уақытта болдың ақыл,
Көрінбес бұл мінезің жұртқа мақұл.

Жапанда жалғыз тұрып нала қылып
2920 Дүниенің қызығынан қалма ғапыл.

Жарамас құс-хайуанмен отырғаның,
Адаммен жақсы емес пе бір тұрғаның.
Ер мақұлық өз жынысымен жарасады,
Лайықсыз жалғыз жүріп аһ ұрғаның.

Шырағым, налашыма құлағың сал,
Ел-жұрт, мал-мүлкат, ағайын бар,
Елге жүр, бұл саудадан жүз қайтарып
Мен мазлұм бейшараның дұғасын ал.

Мастықпен жас балалық болды душар
2930 Ойласаң лайықсыз жерлері бар.
Мүбадә бір сапарға қадам қойсам,
Менің кім мал-жұртыма ие болар.

Мастықпен не пайда қылдың мұратыңнан
Айрылдың Мәжнүн болып Қайыс атыңнан.
Бұл істер ақылың кіріп еске түссе,
Жүрерсің бас көтермей ұятыңнан.

Бір сурет құп көрінген көзіңізге,
Айтуға дос ұялар жүзіңізге.
Қылғаным қата екен деп өкінерсің
2940 Бұрынғы ақылың келсе өзіңізге.

Жас жетіп, менің мұндай болды халім,
Соңында ғашықтықтың жүріп дәйім.
Қызметің босқа балам кетпес еді,
Еске алып ашық жарың тұрса қайым.

Қайғымен құрғатпаса көзде жасын,
Бұзбаса уағдасын кессе басын.
Ләйліден осы мінез табылмаса,
Уағдасы саған берген болмайды шын.

Көп жасап көпті көрген мен бір ғаріп,
 2950 Ондайды құп білемін құлақ қанып.
 Ойыңда басқа ниет алған болса,
 Тоқтамас қызығынан жолдас қалып.

Һәр жерден табылады оған ғашық,
 Айтайын бір хабардың түсін ашып.
 Кетіпті ерге тиіп ғашық жарың,
 Шырағым, көңіл тоқтат, мауқың басып.

Қызмет көздің жасын шығын қылдың,
 Өзіне Ләйлі тапты лайығын.
 Әйелдің мінезі бар торғайға ұқсас,
 2960 Бұтақтан-бұтаққа таңдап қонатұғын.

Ләйлі ұқсас бұлбұл құсқа тұрған сайрап,
 Уағдасын саған берді басын байлап.
 Бейне құс мысалында әйел халқы
 Соңында жем берген жүреді ойнап.

Мағшұғың рас жапа саған етті,
 Опасыз екеніне көзің жетті.
 Тілімді ал, бұл сауданың жөнін таста
 Арттырма оның үшін қайғы, дертті.

Нәупілдің . . . * осында пәрменіне,
 2970 Бақыттың болды риза алғанына.
 Балама опасыздық етті ғой деп,
 Басыңа бекер жапа салғанына.

Тәрік етіп ғашықтықтың жолын тастап,
 Өтірік қанша жапа салды басқа.
 Тамам қып, түрегел де Хаққа жабыс,
 Минаткер Тәңірі еңбегіңді қалдырмасқа.

Дүниеде һәрбір өнер жаратты Хақ,
 Өнердің қайсыбірін қылсаң талап.

* Қолжазбада бір сөз түсіп қалған.

Дүниенің амалынан босқа қалмай
2980 Ғылым үйрен, бір ұстаздан алып сабақ.

Мектепте жаным қинап о басында,
Қаншама мехнат көрдім мен жасымда.
Ие бол, мал-мүлкіме тілімді алып
Қалдырмай жат біреудің олжасына.

Бұлайша ашықтығың тұрып қалмас
Ғам-қайғы һаман Тәңірі басқа салмас.
Қаларсың өкініште, ғазиз балам,
Күн болар бек керекті мал менен бас.

Қолыңнан шығып кетсе менің малым
2990 Дүниесіз болмас, балам, адам сәнің.
Бір күнде саныңды ұрып өкінерсің,
Бақытыңды душар қылып ойлағанын.

Мал керек һәрбір жерде адамзатқа,
Пендені мал жеткізер һәр мұратқа.
Өрі мал, өрі жардан мақұрым қалып,
Тіл алмай ұшырарсың бұл ұятқа.

Бәнтіне атасының құлақ салды
Жүрмейін жолдас қылып бұл зиянды.
Ғашықтық жолын кесіп тастамақ боп,
3000 Соңынан ерейін деп ыңғайланды.

— Тәрік етіп ұмытайын ғашық жарды,
Болмайын ғашықтықпен қайғы зарлы.
Аз ғана солай ма, — деп тұрды дағы
Ғашықтық жолын ойлап ойға қалды.

Мәжнүннің жауабы

— Қызығар менің нем бар бұл жаһанда,
Пенденің еркі болмас жұмысы жанда.
Денемде жан менікі деп ойлама,
Уақытша жан да мейман тұрған төнде.

3010 Қарады төңірекке көзін ашып,
Жазулы жалығарсың болса нәсіп.
Ұстаған ғашық дерті ойдан шықпай,
Қайнады көкірекке судай тасып.

Жаны ашып уағыз айтып берген кеңес
Айтқаның бәрі пайда залал емес.
Сөзіңе құлақ салып отырсам да,
Не пайда, не залалы еске келмес.

3020 Сөзінді есітпекке құлақ салдым,
Ұмытып не айтқаның қайран қалдым.
Өзіңнен хабарым жоқ сөзің түгіл,
Аларлық мұны түзеп бар ма халім.

Ақылдан айрылғанмен амандасып,
Қалыпшын мехнатқа бауыр басып.
Тәрік ету ықтиярсыз қолдан келмес
Әзелден Хақ Тағала қылған ғашық.

Жапаның қайғысымен жаннан кеттім,
Қызығын дүниенің тәрік еттім.
Қайғым асып саламат болмақтықтан,
Шара жоқ жазғанына Құдіреттің.

3030 Шыныдай көңілім ойран пара-пара,
Таппаққа саламаттық болмас шара.
Біреу шат, біреу қайғы-ғаммен кетті,
Дүние тегіс емес, ойла-сәна.

Һәркім тастап кетеді жиған малын,
Дүние іздеп, мал бағу келмес әлім.
Ойлама мал-мүлкімді тапсырам деп,
Дүниені сенен забун сынған сағым.

3040 Біреудің қолында бар дүние малы,
Біреудің көңілінде бар ғашық жары.
Талаппен адам мақсұт таба алмайды,
Болады бір Құданың қалағаны.

Халінің ғашық оты падишасы,
Болмайды ұйқы, дамыл, ішкен асы.
Өтініп мағзұр тұтып, қолын ұстап,
Көзінен рауан болды аққан жасы.

— Кешікпе, менің үшін пікір ойлап,
Баланы тілеп алдым басым байлап.
Бір жан екі бөданды шат етеді,
Бұлбұлдан үміт үзбен тұрған сайрап.

3050 Ләйлімен һаман бірге тұрар жаным,
Тіріклік онан бөтен қылмас тәнім.
Сынама бұлар екі адам ғой деп,
Құданың ғажап осы жаратқанын.

Бір жанмен тіріклік етер бұл екі тән,
Шаттықпен бізде бірдей қайғы мен ғам.
Алданып дүниенің қызығына
Бірінен-бірі қалып қылмас сайран.

3060 Әй, ата, мағзұр тұт, ере алмаймын,
Уағда барамын деп бере алмаймын.
Жан-тәнім бір Ләйлінің қызметінде
Дүниеден басқа нәрсе көре алмаймын.

Атажан, саған қасірет бердім жәбір,
Өзіме күшім жетіп әл мен қадір.
Таңында мақшар күні жолығармыз,
Риза бол, Хақ ісіне қылып сабыр.

Бұлай деп Мәжнүн тұрып қалмақ болды,
Шарасыз атасы елге бармақ болды.
Байғұс шал көңілге алған бұл мұратын
Мәжнүннің құлағына салмақ болды.

3070 — Аман бол, қозым, қалсаң іздеп келген,
Көз нұрым, мен ғаріпке Тәңір берген.
Не қылған мехнатқа ризамын,
Бақыл бол, ренжу ғып қалма менен.

Құданың болдым хош ниет бергеніне,
Мақсұдым алып қайтпақ келгенімде.
Дүниеде тілімді алып шат қылмадың,
Қыласың не жақсылық өлгенімде.

Аман бол қалсаң, балам, мен қайтамын,
Жүзімді сенің үшін сарғайтамын.
Келсем еріп жүрмейсің тілімді алып,
3080 Сұраған дос-дұшпанға немді айтамын.

Ақырет сапарында жолықпасақ,
Дүниеде болмас, балам, қайтып көрмек.
Бұл, балам, сенен тілек илтимасым
Өлгенде кім ұстайды менің басым.
Естісең іздеп келіп өлгенімді,
Үстінде қабірімнің зар қыларсың.

Тіріліп келгеніңде шаттық қылман,
Жылауға деме, балам, жасым болман.
Һәрнешік біздің ісім әдетінше,
3090 Әсілінде қайғы-қасірет, аһы, афған.

Дұғамен мені, балам, шат қыларсың
«Сауабын рухыма бағыштарсың.
Баласы іздеп келіп дұға етті» деп,
Дос-дұшпан менен соңғы хабарлансын.

Солайша өсиет етті баласына,
Сағынған көзінің ағы-қарасына.
Үйіне зорға қайтты ауру болып,
Жан тұтпай күйінішті наласына.

Көңілі нашарланып бек ренжіп,
3100 Қалмады сырқау болып жүздегі нұр.
Қадимнан халыққа мәлім келе жатқан
Жанға апат, от, күйініш келтірмек-дүр.

Таппады бейшара жан дертке дәрмен,
Бала үшін дерт болыпты көңілде арман.

Жалғызы Мәжнүннің күйігінен,
Етіпті Хаққа тәсілім ақибат жан.

Тажалдан бізге мирас үміт тұтпақ,
Ажал жаман айып-дүр мұны ұмытпақ.
3110 Һәр нәпсі уақытында жоқ болады,
Әуел-ақыр бір өзі жаратқан Хақ.

Пендеге хош көрінер осы ғылым,
Тұрыпты неше фитна қайғы мен ғам.
Ажалдың шарабынан ішпей қалмас
Жан біткен мақұлық та, бөни Адам.

Шал өлді Мәжнүннің қасіреті өтіп,
Айтайын халдарынан баян етіп.
Жиһад қыл ықтиярың қолда барда,
Ажал жем ұсынғанша уақыт жетіп.

Ой ойлап, бастан қайғы кетіркемке,
3120 Жолдас боп, пәни дүние тұрмас көпке.
Бес күндік дүниеге меймансың
Жіберме ғұмыр өткеріп, бекер текке.

Жолдас бол тіріклікте тағатпенен,
Бос тұрма қорлық әдетпенен
Исламның бес бөнасын тамам әйла.
Ада қыл, парыз, уәжіп, сүннетпенен.

Дүниеде мәңгі тұрып қала алмайсың,
Бір жүрер жолдас тауып ала алмайсың.
Бос болса екі қолдан амалың жоқ,
3130 Мақшарда қадам басып бара алмайсың.

Бұл дүние кәсіп орны ойлағанға,
Азықтық амал керек шыбын жанға.
Адамзат осыларды біле тұрып,
Сарп етер бар ғұмырын дүние-малға.
Азап өлім барлығын еске алмайды
Сонша хайуан нәпсіге амал бар ма.

- Хабарсыз Мәжнүн қартты кетті тастап,
Жеткізсін мақсұдыға Тәңір бастап.
Бұрынғы қайғы-қасірет күйінішпен
3140 Бихұзыр отыр еді көзін жастап.
- Үстіне Мәжнүннің аңшы келді,
Тек жылап отырғанын көзі көрді.
— Кем ақыл һәм намыссыз, һәм ұятсыз,
Көрмедім ынсапсыз жан сендей, — деді.
- Сарғайып атаң өлді қасіретіңмен,
Бір рет атаңды риза қылмадың сен.
Атаңның қабіріне дұға қылмай
Не пайда таптың мұнда отырғанмен.
- Мәжнүнге аңшы айтыпты осындай сөз,
3150 Жылаудан тоқтамайды көңіл мен көз.
Атасының қабірін іздеп сапар етті,
Тоқтамай дамыл алмай кеше-күндіз.
- Іздеді атасының раузасын,
Тиылмай рауан қылды көздің жасын.
Қабірін атасының тауып алып,
Жүз сүртіп, топырағына қойды басын.
- Атамсың, көп ізгілік қылған бізге,
Жүрмедім білместікпен жөніңізге.
Өсиетің, қадірің біліп, тіліңді алмай
3160 Ұятты шерменде боп қалдым сізге.
- Айналды қабірінен пәруанадай,
Басында тіке тұрды жаққан шамдай.
Көз жұмып, халден кеткен уақытыңызда
Бақылдық сізден сұрап алмадым-ай.
- Зар етіп, жүзін қойды топырағына,
Жылаудан жаны келді тырнағына.
Басында неше уақыт тұрды сайрап,
Жолыққан бұлбұлдай боп гүл бағына.

Жүздерін қап-қара боп басты қайғы,
3170 Айтпаған көңілінде зар қалдырмайды.
Дүниеде сені риза қылмағаннан,
Табатын менде хал жоқ бір Құдайды.

Тіл алмай сізге болды көп күнәнім
Жетер ме сізге айтқан налаш, аһым.
Зор мүшкіл ғарібіңнің болды халі,
Етпесең өзің рақым қабыл гоһым.

Атажан, менде сенің қарызың көп,
Білмедім өсиетіңді ғанибет деп.
Аталық мейіріңнен үмітім бар,
3180 Рәсуа мен ғаріпті қалдырмас деп.

Лайық пиғылыма бұл миясар,
Жапамен сізге қылдым қайғы мен зар.
Білмеген қаталығым ғапу әйла,
Дәулеттің нұрыменен болма бизар.

Қамқорлық нихаятсыз еттің маған
Көңілден шығармадың һешбір арман.
Ақырында қасірет тұттым тап ете алмай,
Опат боп менің жапам жетті саған.

Дүниеден қайғыменен еттің сапар,
3190 Опаты мен себепті болған душар.
Бір көріп дидарыңды басылмаса
Дүниеде көңіл тоқтап етпес қарар.

Алдыңда даяр болсын рахатың,
Құтылып асан таптың дерт нәжатын.
Орның болсын ұжмақтың сарайынан
Хақ Расул рухы әйлап шапағатын.

Неше күн, неше түндер налаш етті,
Налашы аһы тартқан көкке жетті.
Тәрік дүние шын ғашықтың құрметіне
3200 Дұғасын Хақ қасында қабыл етті.

Зар етіп Хаққа сәна тебіrentті тіл,
Атасы қабір ашып шығарды гүл.
Ішінен ғанбар, құт иістер шығып,
Раушан тұрған һәр жерге жайылды нұр.

Мәжнүн сөйтіп көтерді қайғы ажарын,
Тірілтіп бағыштады өлікке жам.
Қараңғы көр жап-жарық нұрға толып,
Ұжмаққа жол ашылды раушаннан.

3210 Жақсылық қиын емес етсе Құдай,
Атасының жүзі жарық туған айдай.
«Перзентім саған риза, хош ниетпін» деп,
Қайтадан орын алды қабірден жай.

Атасының болды хош ниет көргеніне,
Ризалық жауап айтып бергеніне.
Мәжнүннің басқа халін баяндайын,
Оқыңыз ражигдан өлгеніне.

3220 Жаратты неше түрлі іс Хақ Тағала,
Ажарға ақылсыздық болды жәна.
Ажары айна сықылды раушан нұр,
Ғашықтық оған бейне жапқан жала.

Ажар кәміл таппайды болса ғашық
Ғашық кәміл жападан болса нәсіп.
Неше көркі сұлулық бағасы жоқ,
Ғашық дүкен құрмас базар ашып.

Ғашық қайым болмайды көрмесе көз,
Екеуін Хақ Тағала жаратты егіз.
Ләйлінің Мәжнүнменен қайғысында,
Әслан тыңдамайды басқадан сөз.

3230 Күндерде Мәжнүн сахара кезіп жүрді,
Жазулы бір тақтайда сурет көрді.
Қараса Ләйлі, Мәжнүн суреті екен,
Ғажаптап бірнеше адам қарап тұрды.

Қолына ол Мәжнүн пышақ алды,
Жамағат не қылар деп қарай қалды.
Ләйлінің суретін қырып тастап,
Нақыштап өз суретін оған салды.

— Баян қыл, бізге бұл сырыңды хақ,
Бірінен-бірі абзал бұл екі зат.
Мәжнүн сұраушыға жауап берді:
3240 — Бірлікке жараспас деп екі сурет,
Жан біреу, бөдан екеу осымен бар
Мәлім данышпанға осындай хал.

Сұраушы айтты: — Сіз мұнда, Ләйлі қайда,
Сізге бұл бекер жапа болған пайда.
Ләйлі ғашық дегенге инанбаймын,
Ләйлінің көріп келдім тұрған жайын.
Жары опа қылмай ма ғашығына
Бекер сөзге құлақты сала алмаймын.

Ғашық сипат құпия қып сақтайды жан,
3250 Тән заһир, жан ішінде болар пінһан.
Ғашық, мағшұқ тән менен жан сықылды
Хабардар бір-бірінің ләззатынан.

Ғашық жүрер көзінен ағызып жас
Һәркімге өз сипатын қылады паш.
Күйінішін ішке сақтап төзім қылған,
Ғашықтан мағшұқ қадірі кейін болмас.

Тоқтатты мына сөзбен сұраушыны:
— Ләйлінің маған анық айтар міні,
Мәжнүн — тән, Ләйлі — жан мысалында,
3260 Бұлардың қайсысы абзал ойла мұны.

Мәжнүнге қызмет қылды құс пен хайуан,
Не болса істің бөрі бір Құдайдан.
«Бол» деген өмірімен бөрі дайын,
Керексіз дәлел себеп ақыл-хайладан.

Ризығым құс, хайуаннан берді Құдай,
Бұлайша рахат берді көңілге жай.
Кәсіпсіз Хақ Тағала асырады,
Бармадым һешбіреуге тамақ сұрай.

3270 Құс-хайуан ризық теріп қолдан келген,
Сахарадан түрлі жеміс, балық көлден.
Мәжнүнге түрлі тағам қояр жиып
Бәрінде ризық үшін Тәңір берген.

Самұрық неше зарар етер құстар,
Жартастан бүркіт самғар аспанға ұшқан.
Баршасы қызмет қылып асырайды
Һешбірі зәрре-қадар қылмас нұқсан.

3280 Піл, бұғы, марал менен құлан, киік,
Бахайым мұнан басқа бойға биік.
Ғазиз деп риясыз қызмет етті,
Қылады тауазилық мойнын иіп.

Қасында аю, маймыл һәм арыстан,
Қасқыр, керік, қабылан, шошқа, жолбарыстан.
Түлкі, қарсақ һәм мәлін бұлар да бар
Баршасы қызмет етер қылмай нұқсан.

Ағулы аждаһа мен жылан, шаян,
Һаманның сыры Тәңірі өзіне аян.
Қызметпен бір тұрады, бір жатады,
Мәжнүнге бұлар өслан қылмас зиян.

3290 Зар етіп Мәжнүн алса қолына саз,
Һәммасы қосар еді бірден әуез.
Мәжнүннің қызметіне қолын байлап,
Тартыпты қасіретін қыс пенен жаз.

Мәжнүннің егер келсе көзіне ұйқысы,
Ол қадар ағар еді көзінен су.
Аққан жасы көл болып, шөптер шығып,
Қарасаң мұнша ғажап хикматі ху.

Көзінен көл болып жастар ағып,
Шөп өсіп, гүл шығарар пайдаланып.
Сусаған неше түрлі хайуанаттар,
3300 Мәжнүннің көз жасынан тұрар қанып.

Жыланды қолына ұстар құйрығынан,
Сүмбілдеп сылап-сипап қылмас зиян.
Арыстан, қабылан, жолбарыс қызмет қылар,
Мәжнүннің басын бұрмай бұйрығынан.

Бір түнде отыр еді Мәжнүн жалғыз,
Қасында хайуанаттар кеше-күндіз.
«Дертке дауа қалайша табылар» деп,
Төңірекке бас көтеріп жіберді көз.

Көрінді дүние жүзі тегіс жарық
3310 Мысыр, Құддыс, Шам шаһар баршасы анық.
«Кеме мініп, дариядан жолдар ашып,
Мақсұт қылып айтайын Шамға барып».

Бір бөлек кез болыпты әскер бұған
Бірі артық, бірінің көбі Шыннан.
Жүрген жері қараңғы, түтін болып,
Күн көрінбес әскердің тозаңынан.

Ішінде неше патша, неше бек бар,
Сап байлап қатар тұрған өңшең сәруар.
Алтын тақ, күміс үстел отырғаны,
3320 Тәждері бастарында інжу-гауһар.

Таңданды тегіс көріп мұның бәрін,
Осал жоқ арасында жалғыз жарым.
Сәулетіне бұлардың көңілі толып
Сөйлейді Мәжнүн бұған арыз халін.

— Жапанда бейшарамын жылап жүрген,
Зор мүшкіл жұмысым бар мұнда келген.
Ләйлінің ғашығымын қайғы-зармен,
Жәрдем қыл, келдім сізге үмітпенен.

- 3330 Рақым қыл, мен ғаріптің көз жасына,
Сіздей жан көзім жетті болмасына.
Басымдағы дертімді ада қылып,
Ләйлімді қосып берсең өз қасыма.
- Бұлар қабыл қылмады айтқан сөзін,
Әслан мойын бұрып салмас көзін.
«Ғешкімнен опа жоқ» деп көңілі тоқтап,
Бір Құдай құдіретіне қойды жүзін.
- Құдай-а, неше түрлі хикматің бар,
Жаратып мені мұнша әйладың зар.
Дертке дауа өзіңнен, Хақ Тағала,
3340 Сенен басқа таппадым жәрдем қылар.
- Ләйліге бағыштадым көрік, ажарды,
Жаныма хұсни жамал жапа салды.
Ләйліге көміл қылып сабыр беріп,
Маған жолдас етіпсің қайғы-зарды.
- Басыма Ләйлі менің жапа салды,
Бір көрдім ақыл-хошым, сабырымды алды.
Дертке дауа, қайғыма ғилаж әйла,
Халиқ еткен Қадір Алла жоқтан барды.
- 3350 Дауасын хакімдерден қылдым талап,
Болмады ғешбірінде бармақтай бақ.
Бір жаныма таппадым зәрре пайда,
Білдім хәкім өзіңсің, Жаратқан Хақ.
- Басқадан дертке себеп дауа іздеп,
Әсілі бермек өзіңде тілек бізден.
Зауыққа шауқым күн-күннен зиян боп,
Белден қуат, нұр кетті көзімізден.
- 3360 Құдай-а, ажар көркем, әйла көміл
Ләйлімен екеуімізді бір сипат қыл.
Қадірімді халық ішінде мәшһүр әйла,
Тартқан жапа жетерлік қисапсыз жыл.

Ләйлінің ғашықтығын арттыр маған,
Маған теңдес көрмесін һешбір адам.
Күйініштен басқа қуат баршасы жоқ,
Дәрғаһыңа жүз тұтып келдім саған.

Құдай-а, арыз етіп құдіретіңе,
Тапсырдым мүшкілімді миннатыңа.
Неше әулие-әнбие, он екі имам,
Бағышта осылардың құрметіне.

3370 Хабарсыз Хақтан болмас рас ғашық,
Нендейін дәрежелер қылды нәсіп.
Һәммасын хал ғылыммен сайран етті,
Һешбірін көрген жоқ қадам басып.

Құдаға айтып тұрды зор мінәжат,
Мәжнүнде басқа да бар жоқ рахат.
Аспаннан қараңғылық көтеріліп,
Күн шығып, дүние жүзі болды жарық.

3380 Нұр шашып, дүние күннен нұрланады,
Бақшаға бұлбұл қонып, әуен салды.
Көңіліндегі жапасы кетер ме деп
Оралып Мәжнүн шығып тауға барды.

Төңірекке тауға шығып салды көзін,
Зарланып бір Құдайға айтып сөзін.
Еңіреген жалғыз адам келе жатыр,
Қараса Заид екен таниды оны.

Жақындап Заид келді қадам басып,
Ол сәлем берді лебіз ашып.
Бойында зәрре-қадар хашарат хабар,
Көрінді жүзі күліп, нұрлар шашып.

3390 Сұрады Мәжнүн сонда: — Нешік халің,
Айға ұқсар он төрттегі нұр жамалың.
Жеткіздің бе махбүбіме хабарымды,
Жүз адым қадам басшы оңға бері.

Мәжнүнге сонда Заид берді жауап,
Ләйлінің жүзіне жорып қылды тәуап.
— Сәлемін ділбигарың сізге әкелдім,
Қазірде өміріме Хақтан сауап.

Бір түрлі себеппенен сонда бардым,
Пердесіз жүзін көріп назар салдым.
Көңілі тоқтау таппай, тамақ татпай,
3400 Һәммасы бір сіз үшін осылардай.

Көп адам бірге бардым арасында,
Қараңыз ақылының данасына.
Сұрадым ишаратын қайда жатыр,
Бақыттың бақшасы деп ханасында.

Сіз үшін Ләйлі маған айтты зарды,
Сізді ойлап күрсінеді қайғы басып.
Сұрады менен сізді халі нешік деп,
Қалай күн өткізіп жүр ол дәйім [деп].

Сәлем айт, іздеп барып сыртымыздан,
3410 Хабар бер қайғы, амал көңлімізден.
Мәжнүннің нендей халде екен деген,
Хат алған сонда хабар өзіңізден.

Айтады «Көңілім қарарлымен сыбай,
Өлді деп жад етемін жылай-жылай.
Мен мұнда, Мәжнүнді сахарада
Зары айтып, Құдайыма жылаймын-ай».

Ләйліжан толтырады екен көзін зары,
Сарайында қасында жолдастары.
Көп дүкеннің ішінде жалғыз тұтқын,
3420 Қапастағы құсқа ұқсар ахуалы.

Қайғысы, бөданлары пара-пара,
Жапасы жанға батқан өшкере.
Ар-ұят, ықтиярға қарамайды,
Сабырдан басқа болмас оған шара.

Не хайла қапа ішінде басқа салған
Бөданның сау жері жоқ қайғы-ғамнан.
Ұқсайды бейне шамға ақ дидарым,
Сыртынан хабар айтып ескі жаннан.

3430 Жазуға қолымда жоқ Ықтиярым,
Пенденің һәрне халі Хаққа мәлім.
Ғұншадан пәришан болар бөданларым,
Өзімнен жан шығарда еттім жария.
Сарғайдым дидарыңнан болмай шипа,
Көрсем көңілім басылар қайғы қашып.
Біз тарапқа қылмадың һешбір сапар,
Ықтиярың өзінде жүзіңді ашып.

3440 Не ойлап тоқталасың хабар бермей,
Себеп не, бұл тарапқа келіп жүрмей.
Мұбарәк лебіз айтып хат та жазбай,
Хатыңды танығам жоқ көзім көрмей.

Жарыңа жапа мұнда келмегенің,
Жаныма қатты батты көрмегенім.
Кім шүбһә достығыңа келтірмей ме,
Сәлем хат неше жылдай бермегенің.
Ғазизым, сізге айтамын, мейірбаным,
Жарыңның қайғы-қасірет тапса жаны.
Ықтиярың барында хабар бермей,
Не дерсің біреу сұрап білсе халі.

3450 Хал білдірсең болмай ма баян айтып,
Ауру тартып жүргенде келіп-кетіп.
Көңілімді кірбің баспай ма,
Бір сенің тірлігіңе көзім жетіп.

Нұрдан шамды жандырсаң,
Міскіннің ісі бар болмас.
Күнінде мың хат берсең,
Аяқ асты қор болмас.
Хақ жаратқан пендені

Ізгінің ісі сол болар,
Әслан пиғыл тар болмас.
3460 Жаман жері өсекте,
Ұят, әдеп бар болмас.
Медеу көрер жарақатын,
Ғашықсыз адам зар болмас.

Хат алмақ дафиқ күйініш-дүр,
Хабар білмек сүйініш-дүр.
Қатубтар мұнда келмеді,
Иғламнама бермеді.
Хат-хабар қанша алсам да,
Көңілден шықпас ғам жолдас.

3470 Әй, Физули, жазасың
Көңілде құса бар үшін.
Ғашық оты жанған соң,
Ықтибарың алған соң
Басқалар ғайып көрсе де,
Сабыр етер хал болмас.

Тыңдады ғашығының айтқан сөзін,
Бағалап тең дәлелге бір лебізін.
Жүзінен қуанғаннан нұрлар шығып,
Гауһардай жарқыратып ашты көзін.

3480 Қайғыдан шаттық кіріп көтерді бас,
Көзінен қуанғаннан құйылды жас.
Ләйліден хабар алып көңлі тынып,
Сөйлейді хабар сұрап қарар қылмас.

Заидқа Мәжнүн айтты: — Жар жолдасым,
Қайғымен мехнатқа жүрген басым.
Жарымнан сүйінішті хабар біліп,
Тарады жаңа бойға ішкен асым.

Ләйліге менен хабар жеткіз-сәна,
Арыз айт, дерті халім барып жөна.

3490 Сөзімді зәрре-кемсіз жеткізе гөр,
Жолдасың Қызыр болсын, Құдай пана.

Естіген кімді өтер дертіңе,
Шаттығы көңілімнің көз шырағы.
Сабыр қыл, ғашық жарым, бәрақ Алла,
Һәрбірі жапа шеккен мұрсал нәби.
Һәр сөздің дертке шипа жар екенсің,
Айтқанша уағдаңда бар екенсің.

Жолбасшы ізгілердің жүзі жапа,
Табылды үміт еткен сізден опа.
3500 Жолыңда нәзниндар құрбан болсын,
Басқа мен маған харам сауық-зафа.

Паш болды жұртқа сіздің ғашықтығың,
Көз жасың еткен еңбек болар шығын.
Харидар өзіңе ғаріп бейшарамын,
Болады саған нешік лайығым.

Адамда теңдесің жоқ жалғыз өзің,
Күйдірет тәнді-жанды айтқан сөзің.
Дүниенің ішіндегі Тор тауындай
Гауһардай ұжмақтағы екі көзің.

3510 Адам жоқ саған ұқсас, болмаса хор,
Жаһанда болмас едің халыққа мәшһүр.
Тең болсам рухым шат болар менің,
Боласың белге — қуат, көзіме — нұр.

Шат әйла күйініште бұлай қойма,
Басылар күйген жалын алсаң ойға.
Ажар, көрік, хұсни пиғыл, тәтті лебіз,
Сыйдырған сабыр пиғыл сіздің бойға.

Мұнан соң мейірі опа жолын ұста,
Бұйрығы опасыздың қалсын тыста.
3520 Жан шығар күйінішті қасіретіңмен
Адамға бізден кейін болар нұсқа.

Сізді ойлап жаным, тәнім етпес қарар,
Қуат жоқ аяқ басып сізге барар.
Бар болса шын ғашықтық мәшһүр әйла,
Басқа пиғылың бар болса онда ықтияр.
Рахатта отырарсың орын жайлы,
Бәлеге мен кіріптар басыбайлы.
Сен ғейш-ғишратта нәзнинсің,
Жанған отпен маған сабыр қылдырмайды.

3530 Ғашықтық табылмады сіз тараптан,
Әслан әсерің жоқ опа жақтан.
Басқамен отырғаның лайықсыз,
Ойласаң көңіліңе алып тура ынсаптан.

Қайғыны көтерелік түсін ашып,
Отқа жақсақ болмай ма басып, жаншып.
Бір қосылып етелік аз күн сайран,
Шат біреумен тұрмаңыз араласып.

Әгар да ибн Салам қылса тоқтау,
Хабар бер, ризаңнан тыс болғаның-ау.
3540 Бір аһ ұрғанда дұшпанды жоқ қылармын,
Ғешбірі тәжі-тақыт қалмайды сау.

Бар сөзін көңліндегі баяндайды,
Жан-төнін бір Ләйлі үшін аянбайды.
Сәлемін Мәжнүннің тапсырмаққа
Ләйлінің шаһарына аяндайды.

Пәруана — Мәжнүн, Ләйлі — жанған шырақ,
Жетіпті Заид бұған жылдамырақ.
Келді де Мәжнүн сөзін Ләйліге айтты,
Қуанып жан-тәнімен салды құлақ.

3550 Мәжнүннен Заид келіп хабар берді,
Шыққан жан денесіне қайтып енді.
Бәледен Ләйлі нәжат болатұғын,
Тыңларлық бір ғажап сөз жаңа келді.

Ибн Саламның опаты

Жаратты нендей ғажап Жаппар Құдай,
 Біріне-бірін жолдас етіп жұбай.
 Жаз бен қыс, күн менен түн бұ да серік
 Тіріклікпен өлім жолдас, күн менен ай.

Тұрады һәрбіреуі уақыт күтіп,
 Келеді бірі кетсе, бірі жетіп.
 3560 Өлшеулі сыр сырының мезгілі бар,
 Қалмайды жалғыз сағат онан өтіп.

Гибрат, назар салсаң осы ғалам,
 Алдыңда шаттық, кейін қайғы мен ғам.
 Аз күнгі дүниенің ауасына,
 Алданып жүргендер көп шады харам.

Не қылды ибн Салам баян әйла,
 Сақтады Ләйлі[ні] әкеп кең сарайға.
 Жарына мехнат еткен қолы жетпей,
 Өзіне ғашық дертін қылды пайда.

3570 Көп көрді бір Ләйлі үшін қайғы мен ғам,
 Қасіреті бойға батты тұрған зиян.
 Ғашық оты зор сырқау шипасы жоқ,
 Жан сақтап хайла болмас қалуға аман.

Күн санап ғашық болды Бақыт халі,
 Сақтады неше дәркар оңлағалы.
 Даудан берген дәрі шипа болмай,
 Қалмады сауығарлық ықтияры.

Дертіне қапу болды бірнеше жыл,
 Ойға алған мақсұт-мұрат болды батил.
 3580 Шипасыз дерт бойдағы себебінен
 Қапастан Хаққа жаны болды уасил.

Дүниеге кімдер келіп, кім кетпейді,
 Мұны ойлап һешкім дүние тәрік етпейді.

Толғанның жапырақ хизан зауалы бар
Қай күні келеріне көз жетпейді.

Ол Бақыт ибн Салам дүние салды,
Артында тәжі-тақыт, көп мүлік қалды.
Ләйліге бұл опаты себеп болып,
Күйінішті әшкере етті зор афғанды.

3590 Ер өлсе қайғы тұтпақ емес ғалиб,
Күйінді бетін жыртып, шашын жайып.
Қайғы көп бұрын ішке сақтап жүрген,
Халыққа мәлім болар деп аяқ тайып.

Лайық қасіретіне киді киім,
Дүниелік хисабы жоқ жиған бұйым.
Қанша мүлік қазынаның қадірі жоқ,
Ойына кіріп шықпас жалғыз тиын.

Сарғайды күндіз-түні жылай-жылай,
Ғешкім күйініш татпаған бұрын мұндай.
3600 Ер өлсе қатын қасірет тартар еді,
Арабтың бір-екі жыл әдетіндей.

Әдетше бек қайғылы болды зарлы,
Кетірді күйінішпен көрік, ажарды.
Бір-екі жыл әдетін бітірген соң,
Үйіне атасының қайтып барды.

Күні-түн шегер еді аһы, афған
Өтпейді зәрредей дәм тамағынан.
Рахмет ибн Саламға айтар еді,
Әшкере зар еттім деп себебінен.

3610 Жасырын әшкере етті жүрген халді,
Паш етті һәркімдерге қайғы-ғамды.
Ғәммасын бұл істердің Заид көріп,
Жөнелді Мәжнүнге алып бұл хабарды.

Жолықты Мәжнүнге іздеп келіп,
Білдірді өзін-өзі сәлем беріп.
Ешкім жоқ маңайында адамзаттан,
Отырған күйінішпен көріп сырын.

— Сыналдым қуанышпен осы жолда,
Етпедім анық назар оң мен солды.
3620 Дұшпаның досыңнан деген мысал
Ол Бақыт ибн Салам опат болды.

Сізге айтқалы келіп ем бұл хабарды
Өзінің Ләйлі үйіне қайтып барды.
Ибн Салам опатын естіген соң,
Зар жылап, қасіретпен афған салды.

Ол Заид мұнысына болды қайран:
— Бақыттан не-дүр сенің көрген пайдаң.
Дұшпаның жарыңды алған опат болса,
Тілер тілек емес пе бір Құдайдан.

3630 Жылаған лайықсыз керек күлмек
Дос адам осындайда хабар бермек.
Баян қыл, ақиқатын бұл сырыңның,
Жұмысым жылауыңның жөнін білмек.

— Тұрсың ба, жылағаным жөнсіз көріп,
Ғашық-ты ибн Салам маған серік.
Жан қимақ ғашық үшін асан иман,
Ол бұрын мақсұт тапты жанын беріп.

Дос еді ибн Салам емес дұшпан,
Түсінбей сөз айтасың асығыстан.
3640 Жылағаным ол жетті мақсұдына,
Менің ғашықтығымда болды нұқсан.

Бақыт та ғашық Ләйліге, мен де ғашық,
Тұрар хал жоқ от жанса ішке басып.
Неге ғашық болды деп айып етпеймін,
Қайсымызға Хақ білер қылса нәсіп.

Ойға алсаң өткен ғашық мажарасын,
 Ісіне ғазиздардың таң қаларсың.
 Ғашықты мағшұғына жеткізбекке
 Ер Әли ғұлғұмаға берген басын.

3650 Ойланды «берген басты алайын деп,
 Желкеге қылышпенен салайын деп.
 Мен үшін басын берген бұл ғазизге,
 Тоқтады неден қастық қылайын» деп.

Көз салды ғұлғұманың сымбатына
 Тоқтаған көзі жетті ұятына.
 Қасына жалғыз өзі еріп кетіп,
 Жеткізді ғашық-мағшұқ мұратына.

Осылар ғашық жайын білген кәміл,
 Болмайды құры ғашық айтқанмен тіл.
 3660 Рас, ғашық хақында бір ғазал бар,
 Осынан фаһим қылып, ғибрат қыл.

Мәжнүннің газалы

— Ғазиз көрген, Заиджан,
 Құлағың сал осыма.
 Жанымменен аһ тарттым,
 Күйінішті досыма.
 Айып еткенің жараспас,
 Келмеген істі басыңа.
 Даусыз іске ұшырап,
 Қоспасын ағу асыңа.
 3670 Ғашық жолы сол болар,
 Жанын қиса жаныңа.
 Ғашық лебін ұрмасын,
 Қимаса жанын жолыңа.

Жанын қиса жаныңа,
 Кәміл табар ғашығың.
 Жаннан төрк етпеген
 Мойны налыс тақасын.

- Рахатпен жан таппақ,
Машақатсыз тән таппақ,
3680 Өзі үйінде ұйықтап.
Сұрағанға ұқсайды,
Байлардан бер деп ақысын.
Шын ғашыққа қарасаң,
Көбелектен сабақ ал.
Жаным бар деп ойлама
Жанекеме Тәңірі бар.
Мақсұдың жаннан болған соң,
Жанып тұрған отқа сал.
Жанға себеп Жаратқан
3690 Абхаят[тай] шашма бар,
Ғашық дертінің жапасын,
Таба алмаған хакімдер.
Ақырғы дауа сол депті,
Жан бермек деген мұғтибар.

Әй, Физули, мұны ойла,
Лайық берер тон бойға.
Жанын қимақ зор мүшкіл,
Табылар кімнен осылар.

Ләйлінің ахуалы

- Үйінде атасының тұрды Ләйлі,
3700 Нендей іс баласы үшін даярлайды.
Қам көңіл осылармен шаттансын деп,
Жібектен кілем, атлас көрпе жайды.
- Салыпты күміс керует, мамық төсек,
Сарп етті дүниесін кесек-кесек.
Неше түрлі асылмен зинаттады,
Болар деп мынау артық қылмады есеп.
- Қасына серік қосты хорлардай қыз,
Қайғылы болмасын деп тұрып жалғыз.
Шам-шырақ, қанділ ашып салып қойды,
3710 Үй іші нұрлансын деп кеше-күндіз.

Сонда да күйініш тартар дамыл алмай,
Рахатпен көзін ашып назар салмай.
Дүниенің қызығының ләззаты жоқ,
Көңілінде ғашық пайда еткен жанға-ай.

Тілге алып, жоқтар еді өлген жарын,
Қол табар дәст қысып тұрған жерін.
Қайғысы Мәжнүн еді көңліндегі
Ада етпес жылағанмен мыңнан бірін.

3720 Сөзінде ибн Салам болады паш,
Қайғысы көңліндегі Мәжнүн рас.
Ләйлінің қасіретіне тап ете алмай,
Тарады қасындағы жары-жолдас.

Ләйлінің қасында қалмады жан,
Лебімен аһ дегенде сөндірді шам.
Оңаша үйде жалғыз отырған соң
Зар етті Мәжнүннің қасіретінен.

— Отырмын жапа шегіп, мұнда жалғыз,
Рақыммен ғажайыпқа қылмадыңыз.
Көңілің бұрынғыдан өзгерген бе,
3730 Қатынап тұрушы едің кеше-күндіз.

Мен түстім қайғы-қасірет бәлесіне,
Дұшпанның жаным төзбес жаласына.
Келмейсіз бұл тарапқа қадам басып,
Сен кімнің рахат таптың арасында.

Тәрік етіп бұл даярды кеттің тастап,
Түстің бе қараңғылық Тәңірі бастап.
Үстіңе қара киіп, қайғым бар деп,
Жүргенің бекер екен көзің жастап.

3740 Дерт алды мені, күйініш Тәңірі тастап,
Қалмады сабыр, мажал бастан асып.
Жарына мейір, опа қылмай ма екен,
Ілгері бізден бұрын өткен ғашық.

Білмедім сенің нендей болды халің,
Бізді ойлап, өғар болса көңлің жарым.
Бір хабар тоқтамастан жеткізе гөр,
Қалмады сабыр етер неш мажалым.

3750 Болмады рахат тауып көңлі жай,
Құлақ сал, зары еткен әуезім-ай.
Құр сенің даусың естіп жауап берген,
Тауықтың болмадың ба әтешіндей.

Дертім көп қисабы жоқ көңілімде,
Айтамын арыз халім барып кімге.
Қайғыңмен бөданларым болды зағип,
Тағаттан мехнат артық күннен-күнге.

Һәркімге сырларымды қылсам ізһар,
Көрінер барар жолы қауіп-қатер.
Іздесем Мәжнүнді қасіретімен
Дұшпан қылар мәлімет һәм намыс, ар.

3760 Ашумен осы жолға қойсам қадам,
Білмеймін мұнан халім болар жаман.
Дүниеде намыс, ұят сақтап тұрсам,
Мәжнүннің дидарынан мақрұм қалам.

Қорқамын өғар Мәжнүн ашуланса,
Аһ тартып жалғыз дұға аузына алса.
Дұғасы садықтардың мұғтибар-дүр,
Болады халім хараб, шарам қанша.

3770 Бірі ұят, бірі қатер не қылармын,
Мұны ойлап хараб болды халім.
Қараңғы тұрған жерім қасіретпенен,
Етпесең өзің асан, Бір уа Барым.

Берік-ті уағда-шарт бала күнде,
Мектепте сабақ оқып жүрдік бірге.
Харидар өзім ғаріп бейшарамын,
Лайықсыз ғашық ісім біздің түрге.

Кім ғашық болса менің ажарыма,
Жол шеккен көз жіберсе көзарыма.
Рухым, жаным-тәнім Мәжнүнде,
Не нәрсе болса менің бөданымда.

3780 Бұл күнде сау-саламат келдім аман,
Сақтады болып аманат барлығынан.
Сақтай гөр, Хақ Тағала, панаһыңда,
Ұятты қылма мақшар барған заман.

Құдай-а, әуел Адам, Нұх нәби,
Әулие, неше әнбие, мұрсалдары.
Жарылқа осылардың құрметі үшін
Не қылсаң бір өзіңде ықтияры.

3790 Көрмедім дүниенің рахатын,
Етпесең өзің асан дерт нәжатын.
Мен мазлұм дәрғаһыңа жылап келген,
Жолдасшы бола ма деп һидаятың.

Бөданнан қуат кетіп, басты қайғы,
Тілге алып сиынбай, сабыр қылдырмайды.
Хабибтің Мұстафаның себебінен,
Халиқ етті Ғаршы, Күрсі, күн мен айды.

Мен ғаріп хақ Расулге үміт болған,
Ықтияр күйініш тартып шықтың қолдан.
Жарылқа фазылыңменен көнізіңді,
Һәр уақыт адастырмай түрлі жолдан.

3800 Сиынып Хаққа нала қылып тұрды,
Айтпаса кім біледі өткен сырды.
Бір жерде тағат етіп отыра алмай,
Сарайға мал байлайтын келіп кірді.

Малдардың барып тұрды арасына,
Сөзінің жан күйеді расына.
Жатқан түйе боздауын қоя салып,
Ләйлінің құлақ салды наласына.

- Мас қылды Ләйлі сөзі әсер беріп,
Жас ақты көздерінен көңлі еріп.
Өзінің ахуалын баян қылды,
3810 Түйенің жылағанын көзі көріп.
- Жүресің жалаң аяқ, басыңды ашып,
Боздайсың көңіліңде бар нендей ғашық.
Ықтияр өзіңде жоқ бейне мендей,
Жүресің һәрбір жерге жүктер тасып.
- Бұл қайғы айтса маған қайдан жетті,
Себеп боп көңіліңді не ренжітті.
Менменсіп һәркім болсаң дағы
Күйініш екеуімізді жолдас етті.
- 3820 Сенің де өзіңде жоқ ықтиярың,
Білмеймін Мәжнүн қайда, ғашық жарым.
Жарыма Құдай үшін жеткізе гөр,
Мәжнүннің жерін табар болса халің.
- Рақым қыл, мен ғаріптің көз жасыма,
Дертімнің қолым жеткіз дауасына.
Өзінің арыз халін баян қылды,
Түйенің мініп тұрып арқасына.
- Жылаумен зар-гөриан есін танды,
Сарайбан бұл сырларды білмей қалды.
Көз ашса сахара кезіп келе жатыр,
3830 Оянып Ләйлі өзінен хабар алды.
- Шаһардан шыққан түннің ортасынан,
Су болды киімдері көз жасынан.
Түйе де ықтияры [жоқ] кете берді,
Ұстап басын бұрмайды бұйдасынан.
- Жүріпті дамыл алмай аққан судай,
Не жолға, не жолдасқа мойын бұрмай.
Тау-тастың жалғыз кетті арасымен,
Һешкімнен Мәжнүн орнын сұрау қылмай.

3840 Раушан дүние жүзі болды жарық,
 Қарады Ләйлі сонда назар салып.
 Аузында сөз, көңлінде қайғысы бар
 Бір адам алдында отыр, өзі — ғаріп.

Ойлады «мұнан хабар алайын деп,
 Жоғымды құлағына салайын» деп.
 — Сен кімсің, өзіңді өзің баян әйла,
 Отырсың не жұмыспен уайым жеп?

Мәжнүн жауап берді бұған қарап:
 — Жөнін айт, жұмысың не қылған талап?
 — Ғашығым Мәжнүн еді іздеп жүрген
 3850 Таба алмай сонан хабар тұрмын сұрап.

— Сен кімсің Мәжнүнді іздеп келген,
 Ғеш адам табылды ма хабар білген?
 — Жылаған көптен ғашық Ләйлісімін,
 Мен бұлбұл дала іздеп келдім көлден.

— Мәжнүнді көріп пе едің мұнан бұрын,
 Көргенде танушы ма ең қандай түрін?
 Мәжнүнге Ләйлі бұлай жауап берді:
 — Бұлбұл[ын] гүл ұмытар ма, садақ дүрін.

— Мен — Мәжнүн, әгар іздеп келген болсаң,
 3860 Хақиқат хабар таппай жүрген болсаң.
 Мәжнүннің сипаттарын айтшы маған,
 Шын ғашық әгар Ләйлі болған болсаң.

Ләйлі айтты: — Мәжнүн жүзі туған айдай,
 Балауыз сырты сұлу жаққан шамдай.
 Көзі гауһар, аузы нун, қолдары син,
 Кірпік оқ, қасы бейне тартқан жайдай.

Жүзінің көз аялар көрсе нұрын,
 Сипаттап айта алмаспын мыңнан бірін.
 Бір ғазиз Мәжнүн дүние ішіндегі
 3870 Мәжнүнге сенің ұқсап келмес түрің.

Мәжнүннің теңдесі жоқ бейне хордай,
Көрмедім күйінішті жансыз пақырдай.
Жәнін айт, әгар білсең ғашығымның,
Қалдырып мені жолдан әуре қылмай.

— Ғашықтар, — Мәжнүн айтты, — болады қор,
Келтіріп от күйініш жанына зор.
Ләйлі айтты: — Қайғы зағип қылса дағы,
Билетін сырларым бар халыққа мәшһүр.

3880 Мәжнүнде хасыл болған түрлі ғылым,
Арттырып Тәңір берген артық білім.
Сандуғаш, бұлбұл құстар тұрар тыңдап,
Әгарда әпсана оқып шығарса үнін.

Не шара, ондай ғылым саған қайда,
Күйінішпен көп хикаят қылған пайда.
Мәжнүн айтты: — Ғашықтар болар қайда,
Халін мағлұм етеді һәрбір жайда.

3890 Ғашықта төтті лебіз, түзу қасірет,
Дәлел сол һаман қайғы, жоқ рахат.
— Ықыласпен құлақ салып тыңдасаңыз,
Қайғым көп болғаным жоқ әслан шат.

Мен Мәжнүн дегеніңе қалмас шегім,
Тануға Мәжнүн деп келмейді ебің.
Ләйліге рас ғашық Мәжнүн болсаң,
Баянда, бастан кешіп өткен кебің.

Ләйлінің білді хабар сұрағанын,
Күйінішпен өте зағип қылған тәнін.
Нендейін өткен күнде бастан кешкен,
Сөйледі білдірмекке ахуалын.

3900 — Дертіме шипа суы сепкен дәрі,
Қылмады сендей рақым жанның бәрі.
Жапаның бастан кешкен хисабы жоқ
Бұйрықсыз шықпайды екен адам жаны.

Әуел сабақ үшін мектеп бардым,
Ғарық болдым дидарына ғашық жардың.
Ләйліні ата-анасы үйіне алып
Сүйікті дидарынан мақрұм қалдым.

Айрылып мені басты қайғы мен ғам,
Бақтырды мал сарп етіп ата-анам.
Сырқауым күннен-күнге жамалған соң
3910 Апарды шипа сұрап Қағбадан.

Меккеден жайға қайттым шипа болмай,
Жолығып Нәупіл арыз еттім сондай.
Неше күн мехнат тартып босқа қалдым,
Онан да мақсұдымды хасыл қылмай.

Ләйліні ибн Салам алып кетті,
Бұл жапа онан бетер жаныма өтті.
Араға Заид нама қатынатып,
Аз көңіл соныменен тәслім етті.

Заидтың айтқан сөзін анық білдім,
3920 Рас деп көңіліме пікір қылдым.
Үмітпен ғұмырым зайғы өтті желге,
Бір минут рахаты жоқ өткен күннің.

Жападан бәдандарым шықпады азат,
Қайғыдан әслан көңіл болмады шат.
Бастағы дерттерінің әсерінен,
Айтыпты тіліне алып бір ғазалиат.

— Қадыр Алла өзіңсің,
Ғаламды тегіс жаратқан.
Бас-басқа қалқайтып,
3930 Һәр орынға таратқан.
Қайғыны маған беріпсің,
Рахат бермей фалактан.
Дертті маған беріпсің,
Бермедің шипа себептен.
Тасаттық бермей сусаттың,

- Қатра бермей шараптан.
Рәсуа қылдың ғаламға,
Зәрра бермей әдептен.
Көңілім құса ұшқалы,
3940 Лебіз хандай болған жоқ
Ойдағы мақсүд талаптан.
- Айып етіп достарым,
Көзімнің жасы толғанынан
Либасым жыртық болғанын.
Пағпұр, тақ Сүлеймен
Рахатын көп көрген.
Осы дүние жалғанның
Намруд патша, Ескендір
Олар да кеткен дүниеден.
- 3950 Шығара алмай көңілден
Ойдағы мақсұт, арманын
Он сегіз мың ғаламды,
Оның үшін жаратқан
Хақтың досты Мұстафа,
Хабарыңнан тастама.
Пақырлық таңдап алғанын,
Тұз қаматым бөгелді,
Қаттылық көріп жападан.
Ғашықтықтың от жағып,
3960 Айырылдым сауық-зафадан.
Қасірет шегіп Ләйлінің
Адастым ата-анадан.
Әуел жүзін көргенде,
Сабақ оқып жүргенде,
Жарым уағда берді деп,
Үзбеймін үміт опадан.
Дүниеден үміт үзілді,
Қайғымен түрім бұзылды,
Осыдан жәрдем болар деп,
3970 Һәркімге көзім сүзілді.
Ғұмырым зайғы бос кетті,
Шыға алмай басым қатадан.

- Екінші жөнге келмес-ті,
 Ақыл-хошым түзетіп,
 Мақсұдымды іздетіп,
 Ғашықтық ойдан шыға алмай,
 Кетті деп Ләйлі тәрік етіп.
 Мехнатын тартып жарымның,
 Бауыр етім езілген.
- 3980 Рахатпенен жалғанда
 Мүлік етем деп ойламан.
 Ақыл-хошым хараб қып,
 Қызығып дүние талап қып,
 Алдымнан күтіп тұрар ма,
 Табылса мақсұт сұраған.
 Неше әулие-әнбие
 Бұлар да тынбай жылаған.
 Біз ғаріп соның біріміз,
 Жапамен кеткен түріміз,
- 3990 Һәрне болса ризамын
 Бұйрықсыз болмас Құдайдан.
- Ләйлі айтты: — Бұл сөзіңнің баршасы шын,
 Хақиқат шүбһәм жоқ, болдың Мәжнүн.
 Жападан зарыменен елден шыққан,
 Тани ма, жан көзімнің шырағысың.
- Жас ақты бұлайша деп көздерінен,
 Ғашығын анық танып сөздерінен.
 — Дертке табиб, жанымның мұштағысың
 Пәруана мен кәниздің іздерінен.
- 4000 Тілде сөз, пікірімсің көңілге алған,
 Анық танып білмедім қылсам да арман.
 Мастың ісі қата-дүр, майда сөзің
 Кімді таныр өзінен ғапыл қалған.
- Ұқсаған бинауалға түзік бойың,
 Көзім көрді пердесіз маһруйың.
 Ақыл түгіл жаныңнан хабарың жоқ,
 Саламат нешік болсын ақыл-ойың.

Мен де қайғы теңізімен жүрмін тайып,
Етпедім тағзым, құрмет сізді танып.
4010 Көп менің қаталығым ғапу әйла,
Ренжіме зәрре-қадар ойыңа алып.

Сізді көп әдеп сақтап ренжіттім,
Хаққа шүкір, саламат сізге жеттім.
Тілде сөзің, нұрыңды көзбен көріп,
Өңім бе, иә, түсім бе деп қиял еттім.

Бақытымның шамы жанды көптен сөнген,
Табылды мұрат-мақсұт іздеп келген.
Қой, көңлім, Хаққа зары қыла берме,
Сүйікті жарың осы жылап жүрген.

4020 Жолында жапа көрген ынтызарың
Тілеген бір көрмекке ғашық жарың.
Енді жан менен шық та Мәжнүнге бар,
Өзінің хал-жайынша қалса тәнім.

Қайғыңнан рахат тауып құтылсын тән,
Кез болған соң мақсұдың дертке дәрмен.
Тілінен Ләйлі бұлай ғазал айтты,
Өзінің басындағы ахуалынан.

Ләйлінің газалы

— Жоқтан бізді бар әйлап,
Топырақтан тән әйлап.
4030 Ағза тегіс жаратып,
Ақыл кәміл жар әйлап.
Нендей іске көндірдің
Дүниеге ендірдің,
Ғажап қайран жол сайлап.
Біреуге бердің рахат,
Қайғыдан азат, көңіл шат,
Дүниеден мұңлы жоқ.
Қызметкері алдында,
Даяр тұрған қол байлап.

4040 Біреуді ғаріп жараттың,
Сатайын десе бұлы жоқ,
Ішейін десе ұны жоқ,
О да адамның баласы
Ағзасы бірдей міні жоқ.

Ғәркімдерге көз тұтып
Өмір өткердім зар әйлап.
Мен ғаріпті ойласаң,
Қайғыдан азат қылмадың.
Күйінішімнен жыладым,
4050 Кеше-күндіз аһ ұрып
Көзімнің таусып бұлағын.
Сырымды халыққа білдірмей,
Жүзімді қайғы күлдірмей,
Жүргенмін бағрым қан әйлап.

Халім нашар қарасаң,
Қапаста құстай сайраған.
Қапалық көп көңілде,
Мұрат, мақсұт ойлаған.
Рахат тауып бір менен
4060 Көңлім қарар етпеді,
Дүние толған пайдадан.

Ғашықтық берді көңліме,
Махаббатын арттырып.
Ұят берді сезерлік,
Сабыр етпестей жараттырып.
Рахат көрмей дүниеден,
Өткердім өмірім аһ ұрып.
Жапамен мені зар еттің,
Күйінішпенен қор еттің,
4070 Ғашықтық бастан кешіріп.

Жүсіп пенен Зылиха,
Фархад пенен ол Шырын,
Таһир менен сол Зухра
Сейпілмәлік, Бәдіғұл

Біздерден бұрын көп өтті.
Қанша мехнат көрсе де,
Зар-гөриан жүрсе де,
Рақым етіп Алласы,
Ақырында бұлардың
4080 Мақсұдына қол жетті.

Мендегі жапа көрінді,
Дүниеде мақсұт табылмас,
Мүшкілім бастан арылмас,
Қасіретін шегіп жарымның,
Өлмекке қалды жарым жас.
Сабыр етпей шара жоқ
Һәрне қылса Хақ ісі,
Қайтқан тағдыр жазылмас.

Мәжнүннің жауабы

— Рақымды неткен жансың сөз сөйлеген,
4090 Көп қайғы қуаныш боп кетті менен.
Баян қыл, өз атыңнан хақиқатын,
Жұмыс не сахарда мұнда келген.

Күйген жан рахат тапты сөздеріңнен,
Көзім жоқ баһар алар жүздеріңнен.
Хош құлық, тәтті лебіз ашынамын,
Сұрадым айып етпеңіз өздеріңнен.

Келесің бұл араға қай тараптан,
Бұлбұлсың пәруаз еткен қайсы бақтан.
Һәр лебізің хауыз Кәусар суындай боп,
4100 Сөндірдің көңілім отын жанып жатқан.

Көңліме шаттық беріп қайғымды алдың,
Күйінішке басымдағы мия салдың.
Ақыл кәміл, көз нұрым болса тамам,
Білер ем кім екенің опадардың.

Көз ғұбар, ақыл зағип, көңіл битап,
Білмеске болар перде бетке хижаб.
Тәңір үшін өз атыңды анық сөйле,
Көңілімде анық біліп қалмасын шөк.

4110 Мастықта қалды басымыз,
Тамақтан өтпей асымыз.
Жананнан үміт еткенмін,
Енді жаннан білмеймін,
Осалына жаннан қарық боп,
Мақсұдым кәміл жеткенмін.
Әуел дүние басымды,
Қайғыменен жүрсем де,
Бұларды тегіс тәрік етіп,
Хабарым жоқ кеткенім.

4120 Хикмат ғарық сол болар,
Дүниені перде қылмайды.
Дүниеде парыз болғандар,
Рас ғаріп болмайды.

Әй, Физули, қам көңіл,
Рәсуа болдың неше жыл.
Ғашықтан әғар шат болсаң,
Нала, қайғы-қасіретсің
Ренжу бермей һәркімге
Сабыр етіп тұрсайшы,
Намыс етпей зор айтты.

Ләйлінің жауабы

4130 Ләйлі айтты: — Бек сүйікті, ғазиз жаным,
Қайғыда пара-пара болған төнім.
Заманың басыңдағы оңға айналып,
Хақ беріп маниғ толған ғашық шамың.

Жетіпсің мақсұдыңа Тәңірі беріп,
Нешелер жүрсең дағы мехнат көріп.

Дүниенің мұнан артық дәулеті жоқ,
Жан мен тәнің осал болса сыртың.

Зар етіп көп сұраған Ләйлі жарың,
Көрмекке мұштақ болған нұр жамалың.
4140 Көптен мұқтаж боп жүрген ғашығыңмын,
Шаттық тауып рахатпен тұрсын жаның.

Миясар Тәңірі беріп болды дидар,
Ғапылдық қысқа ойлап қылма зинһар.
Құданың жеткерген соң қасыма кел,
Өткерме һәрбір істің уақыты бар.

Шүкір қыл, раушан тапты қапастан хал
Көңіліңнен көтерілсін қайғы, мажал.
Мейір етіп аманатың атқар менен
Сақтаулы көптен менде қарызың бар.

4150 Дертіңнің дауасымен көптен жүрген,
Ізденіп мақсұдыңмен жапа көрген,
Жасыңда уағда берген мағшұғыңмын,
Хасыл қыл мақсұдыңды келіп бермен.

Қам көңіл бір-бірімен болсын жарық,
Құмай құс талабына баһар алып.
Жарасар лағыл, гауһар, інжу-маржан,
Тізіліп бір қатарда тұрса барып.

Ғашықтың ұшырағансың бөлесіне,
Жан күйген мехнаттың наласына.
4160 Ақылың кәміл һәр істің түбін ойлап,
Қалдырма мені дұшпан жаласына.

Мен тұрмын арыз етіп өзіме-өзім,
Не ойлап отырасың ашпай көзің.
Алмайсың шарап берсем тұрып келіп,
Ұқсамас ғашықтарға һеш мінезің.

Жарына ғашық мирас әйла баз,
Сынаған жарын кәміл табады бар.
Жамалын Мәжнүнге арыз етіп,
Бір ғазал осылайша қылды әуез.

- 4170 — Зағип қылдың халімді,
Ішіме ғашық от салып,
Түзік ағзам дерт алып,
Рәсуа қылдың ғаламға.
Аралап келіп көз салып,
Уағдаң қалмай ісімнен,
Қайғың асты күшімнен,
Қапалықта күн өтіп,
Ажар кетті түсімнен.
Неңдей халге ұшырап
- 4180 Айрылдым ақыл-хошымнан.
Ізденіп келдім қасыңа,
Пәруана болып басыңа,
Рақым қылып хал сұрап,
Сағынған болсаң зар жылап,
Гүлді көрген бұлбұлдай
Қуанбайсың жалбырап.

- Мұндай жалғыз орында,
Әслан назар етпейсің.
Қайғысынан босанып
- 4190 Ғашықтықтың кетпейсің.
Шеккенім қайғы-қасірет
Бар шығар сізде бір медет.
Жаннан төтті жананым,
Дәулет тауып ғашықтық
Мақсұдыңа жеткейсің.
Әй, Физули, сабыр ет,
Халыққа сырың білдірмей.
Ғәрне пәрмен өзіңде
Алдыңнан талап күткейсің.

Мәжнүннің жауабы

4200 Ләйліге Мәжнүн айтты: — Ғашық жарым,
Не үшін тәнімді отқа жандырғаның,
Жетуге уисалыңа тағатым жоқ,
Әгарда тәжірибе етіп білсең халім.

Көп жәбір маған қарсы тұрма зинһар,
Қарудан уақыт өтті пайда болар.
Көрсетпей нұр жамалың қасірет бердің
Күнім деуге мұштақ көзде нұр бар.

Көре алмай қарасаң да назарыңыз,
Тұрсаң да сонша жақын ажарыңыз.
4210 Жолдас деп екеуімізді хақ тілінде,
Ашылған ғашықтықта базарымыз.

Қалғанмен сурет, қарар ықтибардан,
Күтемін ажал жамын, дертке дәрмен.
Рухым жар бұстаннан хабар алып,
Білерлік болды мұны тәтті жаннан.

Көп заман денемдегі жан кеткелі,
Тәнімді сауық беріп хош етпеді.
Тәніме басқа жанмен тіріклік берді,
Жапамен бауыр етім қан еткелі.

4220 Өзімнен өз жанымды бездірдің сен
Кімге арыз сенің үшін айтайын мен.
Мен әшкере жүргенде таптырмадың
Мен жоқпын, не пайда бар көрген соң мен.

Арттырдым қасірет шегіп дәрежеңді,
Басқадан таптым хош ниет тиесілі.
Менен опа болғанда, сізден қапа,
Бірліктің осыменен кетті сәні.

Басыма душар қылдың қайғы, һажран,
Мектепте сабақ оқып тұрған заман.

4230 Бұрынғы мекеніңнен адастырып,
Таппадым іздеп барып намы нышан.

Әбжадтың жүруші едім сабағында,
Ойлаушы ем біліп сабақ аламын ба.
Жаныма ғашықтықпен от жандырып,
Бір сенің ғұмыр өткердім талабыңда.

Молдада жүруші едім тартып машық,
Жапада кәміл тауып жетті ғашық.
Жапаңмен рәсуа болып ғұмыр өткер
Дүниеде дидарыңнан болмай нәсіп.

4240 Мәжнүн деп мені біледі әһлі ғалам,
Лайық жаман ісім көрмен саған.
Мен жынды, сенің пәктік есімің бар
Аз өмір осыменен болсын тамам.

Жынды деп мені айтады көп халайық,
Ләйліге Мәжнүн болмас бірде лайық.
Өзіңнің әдебіңде өмірің өткер
Тақпасын саған дұшпан сырттан айып.

Ғешкімге білдірмедің мінезіңді
Паш етіп қайғы-қасірет бір сөзіңді.
4250 Тәрік етпей ұят-әдеп отқа төзіп,
Сарғайттың мехнатпен гүл жүзіңді.

Қалмады саған нанып көңілде шөк,
Мен ғаріп халыққа мағлұм, шүбһәдан пәк.
Дүниеде мақсұт етпес рас ғашық
Мәңгілік қауыштырсын Жаратқан Хақ.

Мен рас ғашықтардың жолын тұттым,
Дүниеде намыс-ұят барша ұмыттым.
Құлақ сал, опа қылған ғазиздарым,
Өзімнің ахуалымша ғазал еттім.

Мәжнүннің газалы

- 4260 — Халінен хабар алған соң,
Мақсұт тауып болған соң,
Тілемес жарың уисалын
Зақым болар сабыр етуге,
Көз жетіп кәміл қосарын.
Жүзіне қарап сөйлеген,
Дүниеде мақсұт іздеген,
Бұлар ғашық емес деп,
Рас, кәміл ғашықтар
Тауыпты солай нұқсанын.
- 4270 Жаһил ғашық сол болар,
Махаббат істі назарға,
Жаныменен жүгірер.
Қарамақ үшін ажарға,
Рас ғашық қасында,
Өзіне салып бара алмас,
Мен де ғашық болдым деп.
Таңда мақшар күнінде
Халық жиылған базарға.
Дүниеден ләззат табам деп,
- 4280 Суретке назар салам деп,
Ықтияр бермей нәпсіге,
Пәктікті хақтап жетелік,
Риясыз амал етелік,
Дүние серік болмаған.
Хайла менен амалға,
Дүниеден мақсұт табам деп,
Қалмалық бекер залалға.
Сабыр етіп шыдайық
Қосатын болса ажалға.
- 4290 Ләйлі айтты: — Разы таптың кәміл
Болмақ-ты Хаққа жақын еттің қабыл.
Опасыз дүниеге көзің жетіп,
Тұрғанға алданбадың бір қызыл гүл.

Кең нәсіп, көміл ынсап, зор қанағат,
Нәпсің тоқтау беріп, қылдың тағат.
Ғашықтық талабында ықтимал қып,
Шүбһәдан Хаққа шүкір болдым азат.

4300 Бұлайша сырларыңнан едім ғапыл
Мастықта пәруаз қылмай жүрдім жаһил.
Хақиқат сырларыңды көзім көріп,
Көңлімнен қараңғылық болды батил.

Кәмелет раушан болды бізге халық,
Таба алмай сіздің үшін көңіл жарым.
Жан мен тән, көңіл, бәдан бір көрмекке,
Сағынған кеше-күндіз ынтызарың.

Бір қара ықыласыңмен назар салып
Нұр беріп ғамлы көңіл болсын жарық.
Сен де жет талап еткен мақсұдыға,
Етейін сауап хасыл пайдаланып.

4310 Қарауға көрінбейді көңіл сенде,
Не қылсын көрікке қарап жеткен пенде.
Бір міндет рақым етіп көз салмасаң,
Дақ қалар мәңгілік боп жан мен тәнде.

Ойлаушы ем сарп етем деп жанымызды,
Жолыңа садақа етіп тәнімізді.
Іздеген мақсұдымды хасыл қылып
Қайғыдан құтқарар деп халімізді.

4320 Болмады талап еткен мұратымыз,
Жаманат халыққа жетті ұятымыз.
Айнасы дүниенің жүз көрсетіп,
Сипаттан өзгерілді бұл затымыз.

Қан болып қайғыменен толды көңіл,
Бұл қайғы ауыр сырқау, емес жеңіл.
Қайғы ауып, ғамлы көңіл көтерілсін,
Халіме менің зағип мархабат қыл.

Жатпаққа парыз болды салған төсек,
Өзіме сұрамаймын Хақтан өсек.
Перде ашып һешкімнен араласпай
Рас жұрт мақшар жерде салсаң есеп.

- 4330 Ілтипат тура қарап етпейді жар,
Ғашыққа хұсни құлық, қажет дидар.
Мен — зағип, Мәжнүн — ғаріп қарап тұрсам,
Мәжнүнге менің нешік лайығым бар.

Арамыз екеуіміздің жер мен көктей,
Хақ беріп мақсұдыңды ғаріп етті.
Бір ғазал өз халінен сөз сөйлейді,
Жарының уисалынан үміт етпей.

Ләйлінің газалы

- Жапа бердің басыма,
Халыққа пінһан көрінбей,
4340 Келдім іздеп қасыңа,
Жаным сабыр етпеді.
Зар-гөриан жайыңа
Рақым әйлап көз салсаң,
Мен ғаріпті ойға алсаң,
Абхаят бергенде,
Қызығын дүние көргенде,
Ішімдегі жанған от
Көл суымен сөнгендей.
Осың шипа береді
4350 Сағынып келген досыңа.

Жарық үміт етіп тұр,
Арыз етіп дидарың.
Көптен көрмей сағынған,
Жаңа тауып ділбарын.
Мақсұдың тауып алдыңнан,
Пәниға мейіл қылмадың.
Періштелермен қосылып
Сабыр еткен соң бір жаның.

4360 Мен де сабыр етейін,
Тағы да сізді күтейін,
Жанымды менің күйдіріп
Дәт фариад қылған соң
Мақшар күні болғанда
Қалмасын көңіл арманда,
Хабарыңнан тастама,
Тағы да тіле, сұлтаным.

4370 Ләйлі сөз Мәжнүнге айтты бұлай,
Қан ақты көздерінен жылай-жылай:
— Бір адам түйе мінген келе жатыр,
Сөйлесіп сөз аяғын тамам қылмай.

Түйемен шапшаң жүріп келеді тез,
Болармыз іздеп жүрген жұмысы біз.
«Өлімнен ұят артық» деген мысал
Бұл жерде жарамайды тұрмағымыз.

Сарайдан іздегенде жоқ болған соң,
Жолынан баратұғын тоқталған соң,
Бұл көріп сырларымды халыққа шашып,
Халіміз хараб болар от жанған соң.

4380 Аман бол енді қалсаң, ғазиз жарым,
Тиіслі тапты көріп аһы-зарым.
Барамын өз жұртыма кері қайтып,
Мақсұтты асан етсін Бір уа Барым.

Солай деп Ләйлі үйіне қайтып келді,
Бұлбұл құс ашиянға пәруаз етті.
Жолдасы Мәжнүннің құс пен хайуан,
Бұрынғы қалыбынша қарар етті.

4390 Құс-хайуан, жылан-шаян жолдастары,
Басынан айрылмаған аһы-зары.
Тұруға сабыр етіп тағаты жоқ,
Жүруге өзінде жоқ ықтияры.

Біреуге Тәңірі берсе зор салтанат,
Болмайды қайғы-ғамнан ондай азат.
Дүниенің мехнат, жапасы көп,
Мақшарсыз рас пенде болмайды шат.

Мәжнүнді пәк жаратты топырақтан,
Бұрмады өслан мойын пәктік жақтан.
Дүниеге таза келіп, таза қайтты,
Бір зары өзгермеді сол сипаттан.

4400 Ықыласпен таза болды Мәжнүн Хаққа жақын,
Сақтады құрмет етіп рухы пәгін.
Адамның арасынан кетті безіп,
Ғешкімнің көрмейін деп кесепатын.

Құс-хайуан қызмет етіп тұрар бірге,
Періште саны неше, құстар түрлі ретте.
Жар болып қызмет етіп бағар еді,
Мәжнүнге қайғы мүшкіл түскен күнде.

4410 Заһиры, жолдастары хайуан мен құс,
Бәйітінде періштемен көңілі хош.
Көз жұмып, хал ғаламнан хабар алып,
Көңілімен дүниені көрмеді дос.

Опасыз дүниеге көзі жеткен,
Дүние деп емес еді қайғы шеккен.
Хақ беріп, ағзалары нұрға толып,
Тоқталды еңбек, жиһад бұл реттен.

Жоқ еді һеш адамға ығтималы,
Сақтаған көңілінде бар мұраты.
Ғылым берді Хақ Тағала оқымастан,
Жинады һәр сөзінің мыңнан мәні.

4420 Өзі зейіл Хақ, бек мәулә әлһаум,
Һәм түзік сипаттары тұрар қайым.
Хат жазып өгар оқып шығарса үн,
Құс-хайуан барша тыңдап тұрар дәйім.

Қасында бағзы оқыды бағзы ғазал,
Ешкімді бейназалап қылмас залал.
Ғазиздап іздеп келіп тыңдап тұрып,
Гоһи жылап болар еді, гоһи хош хал.

Ғазалын жазар еді келген адам,
Оқыр еді апарып елге тамам.
Мәжнүн сол себептен мәшһүр болып,
4430 Білінді баршасына жұмлө ғалам.

Хош жамал, зейні артық, лебізі тәтті,
Тауыпты хал ғылымнан кәмелетті.
Құданың мас қолы деп білмек керек,
Айтылған кімге берсе үш сипатты.

Құданың һәрне қылса құдіреті бар,
Жоқ жерде бір ғаламат етсе изһар.
Мәжнүннің ойындағы мақсұдынша,
Бір ғазал осылайша қылды тикрар.

— Пәни дүние қызығын,
4440 Ойыма алып тәрік еттім.
Төзім жетіп бұзығына,
Жалған дүние сипаттап,
Қарар қылыңыз Хаққа тағат деп,
Көрмедің бе көз салып
Расулдың хадис шарифат.
Дүниеде түрлі пенде бар,
Өзін-өзі зор санар.
Жапаға қойып бір басын,
Жанын қинап мал табар.
4450 Халал, харам айырмай,
Таза аяқ сусын татса егер,
Шәрбат деп соны біледі.
Рахматынан Хақтың бейхабар,
Дүниеде мұңсыз болам деп,
Айларға қарап көз салар.
Сүлеймен патша, Ескендір,

- Опасы жоқ дүниеден
Пайда етпеді һеш бұлар.
Осының бәрін ойламай,
4460 Дүниеге алданған,
Таппақ боп мақсұт жалғаннан,
Хақиқат ғылым қасында
Рас надан осылар.

Ләйлінің ғұмырының газалы

- Сағынған Ләйлі көріп қайтты жарын,
Бітірген қасірет шегіп нұрлы ажарын.
Дүниеден көңіл суып үйге келді,
Ете алмай бір күн хасыл жар уисалын.
- Тілейтін мақсұды жоқ бұл жаһаннан,
Безбекке талап етті бұл жаһаннан.
4470 Талабын мәңгі дүние ойына алып,
Пайдасыз құтылсам деп қайғы-ғамнан.
- Ләйлінің көміл тапты ғұмыр бағы,
Мәжнүннің ... * әсер етті дағы.
Ажал жамы хизанның желіне ұқсас,
Төгілер болды жерге жапырағы.
- Көгертпес гүл өсіріп күзгі жауын,
Кімнің кім білер іште дерт алауын.
Бір түнде көміл тауып уақыт жетсе,
Үзілер сағасынан піскен қауын.
- 4480 Дүниеде тұрмасына көзі жетті,
Төнінен қасірет өтіп, сауық кетті.
Көңілін аулақ жерде көтермекке
Бақшаға жалғыз өзі сапар етті.

Бақшаға тамаша егіп тұрды барып,
Жапамен һәрбір түрлі ойға қалып.

* Бір сөз түсіп қалған.

Төгілген жапырақ гүлі барша ағаштың,
Қараса миуасына назар салып.

Ағаштың бастарында жапырақ жоқ,
Құр тірлік сақтап тұрған көңілге тоқ.
4490 Ғажаптап қараған соң ойға қалды,
Бұл менің өз халіме ұқсайды деп.

Қалмаған жемісінің һешбір дәмі,
Қуарған бойдан кетіп көркем сәні.
Өзіне мұның халін тәмсіл қылып,
Отына қасіреттің күйді жаны.

— Көрген соң саған күйді менің жаным,
Баян қыл, неден мұндай болды халің.
Жапасын басындағы тамам қылып
Сұрады қалайша деп сенің дертің.

4500 Мәжнүннің ынтызармын базарына,
Бұл жапа бірге барар ажалыма.
Түрленген жапырақ гүлің тамам кетіп,
Қатты жел ұшырапсың хизанына.

Сенің де үмітің бар келер жаздан,
Гүл берер зағип төнің қаншама азған.
Менің бұл дүниеден үмітім жоқ,
Еңбек һеш қапа хасыл қылған наздан.

Хизанның дауылына сен кіріптар,
Баһардан жазғытұрғы үмітің бар.
4510 Сырларын көңліндегі әшкере етіп,
Құдаға қол көтеріп, қылады зар.

— Мақсұттан үміт кесіп тоқтап қалдым,
Жапамен бекер күйіп отқа жандым.
Достыма ойымдағы жеткізе гөр,
Иә, Алла, керегі жоқ жан мен төннің.

Екінші ризамын тіріклікке,
Жарымнан үміт етіп жүрмін күйге.
Жападан өлімінше нәжат болман
Тұрғанша күнде күйіп бекер текке.

- 4520 Деуші едім ғұмырым болар менің бақи
Мәжнүннің хасыл болса ілтипаты.
Тіріклік бәдан мақсұтты хасыл етпес,
Тіріклік тілемейін Тәңірі Хақ.

Денем мен рухымды хафиз әйла,
Хақтықта қайтсам мәңгі жанға пайда.
Тіріклік пен жанымнан безер ем деп,
Тіледі дұға қылып бір Құдайдан.

- Дұғасын Хақ Тағала қабыл етті,
Бәданын сырқау алып, саулық кетті.
4530 Муафиқ тілегіне душар болып,
Дерт алып зағип тәнін ренжітті.

Хаста боп жатып алды төсек салып,
Басынан жарық болды шырақ жанып.
Ғайыптан пайда болып жанған шамға,
Қарады көрген адам ғажаптанып.

Жеткерді рухын көңілге алған жайға,
Ғеш нәрсе қиын емес бір Құдайға.
Ләйлінің опатының мысалы үшін,
Ғаламат неше түрлі болды пайда.

- 4540 Кетірді науқас жеңіп жүзден нұрын,
— Сақтаған дертім еді мұнан бұрын.
Қайғымды жасырам деп жанға жеттім,
Ғешкімге білдірместен сабыр еттім.
Дүниеден тез қайтатын болғаннан соң,
Анамсың, сырым саған әшкере еттім.

Сырымды баян еттім, анам, саған,
Жан тәтті ғашықтықтан болмады аман.

Мехнатты басымдағы һешкімге айтпай
Іздедім табамын дертке дәрмен.

4550 Сағындым көрмеген соң нұр жамалын,
Бір күн тұра білмедім жар уисалын.
Көзден жас, көңілімнен қайғы кетпес,
Шара жоқ қолдан келер не-дүр халім.

Жарымның күйініші мұнан да артық,
Мехнат бер мені ойлап, қайғы тартып.
Адамнан қасірет шегіп безіп кетіп,
Тұрады құс-хайуанмен зікір айтып.

Көрген жәбір-жапасы менен де абзал,
Қайыс аты өзгеріліп болды Мәжнүн.
4560 Бір күні уисалынан нәсіп болмай,
Қайғымен ғұмыр өткердім күн менен түн.

Ғаламға рәсуа болды менің үшін,
Қайғымен хараб қылды білім, күшін.
От шығып аһы тартқан наласынан,
Күйдірді жан-тәнімді түскен ұшқын.

Дүниеден тезлік илән қылсам сапар,
Дертім сол Мәжнүнге көп ұятым бар.
Ұмытпа зинһар мұны, ғазиз анам,
Мен кетіп дүниеде сен қылсаң қарар.

4570 Мен кетіп дүниеден, мұнда қалсаң,
Қайғымен қасірет тартып афған салсаң.
Үйіңде отыра алмай сахара кезіп,
Мүбадә Мәжнүн тұрған жерге барсаң.

Ұшырап Мәжнүн саған болса мәлім,
Баян қыл, сұлтаныма арыз халім.
Көз сүртіп аяғына дұғасын ал,
Шын ғазиз дұрыс ғапыл қалмағаның.

Хақыма мен ғаріптің дұға қылсын,
Сен үшін Ләйлі жанын берді дерсің.
4580 Хилафтық уағдасында көрсетпейді
Жоқ қылды ғашықтықта ақыл-хошын.

Сәлем айт, мен ғаріп мұпталадан,
Етер деп көз тұтамын жар опадан.
Күйініштен шырақ Хаққа жақын болдым,
Сен де кел азат болып қор, жападан.

Шапшаң кел, дүниеге сабыр етпе,
Сен үшін ынтызармын, ренжітпе.
Әгар да уағдаң рас болса сенің
Төрік етпей дүниені тұрма көпке.

4590 Қосылып шығаралық іштегі арман
Оңаша орын тауып басқалардан.
Дұшпанның жұрты жапа, тағынасынан,
Етпедік мұрат хасыл, дертке дәрмен.

Осылай менің халім, бол хабардар,
Айтпай-ақ білер мұны қуатың бар.
Өсиет анасына тамам етіп,
Дүниеден көзін жұмып қылды сапар.

Жар етті өлгенінше мейірбанын
Ықыласпен үміт қылып жар уисалын.
4600 Дүние пәни һешкімге аман бермес,
Мәжнүн деп Хаққа тәсілім қылды жанын.

Дүние бір аждаһа жеті басты,
Алдап отқа түсірмек, көңлі қас-ты.
Неше дос сұлу сипат болып жүріп
Айырмай берер опат кәрі-жасты.
Ойласаң шаттығы жоқ бұл заман,
Бір-бірлеп келіп-кетіп тұрар жәнә.
Хақында дүниенің мейіл қылып,
Бір ғалым ғазал етті ақылы дана.

- 4610 — Адам ұғлы қарасаң,
Көрмекке жақсы бұл ғалам.
Ойласаң нәпсім шат қылар,
Басыңа пітна көрсетер
Іші толы қайғы-ғам.
Шаттық тұрар ақырында,
Ақырет қамын ойлаған,
Қабір деген орын бар
Раузасын өзің сайлаған.
Жалғыздық қиын дегенмен,
4620 Құтылмаймыз неш мұнан.
Бізге мирас өзелден,
Ата-бабаң жол салған.
Қабірде жалғыз емессің,
Ер қысым топырақ бір адам.

- Пәни дүние ішінде
Қанша қымбат үй салсаң,
Осыным орын болар деп.
Ербір ісін нық салсаң,
Бір күн тастап кетесің.
4630 Жүз жыл өмірің көп тұрсаң,
Ажал жамы құтқарар,
Нәпсіні қауіп-қатерден.
Нәпсіні риза қылмассың,
Қарар тауып тұрмассың,
Ақыреттен орын ал.

Бақи дүние сол махкам,
Ғашық кәміл пенделер,
Өлімге өзін даярлар.

- 4640 Дүниені тәрік етіп,
Рәсуа жүрер харидар.
Жаз мысалын қарасаң,
Байқалар гүл боп шамандар
Апат үшін жаратқан
Сақтаулы бұған хизан бар.
Тіріклікке алданба,

- Алдыңда тұрған ажал бар.
Мехнат көрген дүниеден
Алдыңғы орнын шамалар.
Алдыңғы қамын ойламас,
4650 Дүниеқор пенделер.
Ғапыл болма, Физули,
Барар шақ орның мақшар-дүр,
Осыларға қыл назар.
- Ләйлі опат болды Хақтан жетіп,
Мәжнүннің ғашықтығын себеп етіп.
Жылады басын ашып, шашын жайып,
Анасы отыра алмай тағат етіп.
- Сап-сары жүзі болды зағпырандай,
Кетірді хал-қуатын қайғы-ғамнан.
4660 От жанды тап ете алмай көңілінде
Қан ақты жас орнына көздерінен.
- Көп жылап зары қылды Құдайына,
Қайғының кім жыламас мұндайына.
Жамағат опатынан хабар тауып
Ләйлінің жиылыпты сарайына.
- Жиылған топ жамағат қайғы шекті,
«Мұндай жан һеш уақытта болмас» депті.
Пәк жуып, төуір етіп, кебін сайлап,
Барша халық намаз оқып, дәпін етті.
- 4670 Қабірін дәпін етіп қайтты жауып,
Өлген соң оларға жоқ сатар сеп.
Дүниенің пінһанынан азат болып,
Тыныштанды жаңа жаны рахат тауып.
- Тән жатты рахат тауып тар лахыттан,
Шара жоқ жаралған соң топырақтан.
Ғашық жан мақсұдына уасил болып
Жан тыныш орын алды фалактан.

Ләйлінің зират салды бастарына,
Күтуші адам қойды қастарына.
4680 Кім хабар берер Ләйлі опатынан,
Мәжнүннің құлағың сал дастанына.

Мехнатты дүниеде тұрма ғапыл
Адамзат ажал жамын күтеді ақыр.
Ләйліні Мәжнүн қалай естігенін
Бұлайша айтушылар қылды нақыл.

Сөйлеуші айтқандардан нақыл қылар,
Басыңа қайғылы сөз жапа салар.
Ләйлінің опатының ішінде боп,
Мәжнүнге Заид барып берді хабар.

4690 — Бақытың жүз көтермеді оңға басып,
Болмады басқа пайда қылған кәсіп.
Бұзылды дүниедегі талабыңыз,
Бас көтер, қайғысынан көзіңді ашып.

Тарқады дәуреніңнің жоқ базары,
Болмады саған кәсіп көрік-ажары.
Үмітпен күтуші едің тіріклігін,
Сен барсың, Ләйлі болды бүгін пәни.

Деуші едің Ләйлінің мен садағасы,
Сен үшін құрғамады көзден жасы.
4700 Қасіретке тап ете алмай жанын қиды
Ләйлінің көрінді абзал ықыласы.

Ләйлі хор күйінішпен дүние салды,
Фердаус ағладан орын алды.
Мәжнүн бұл хабарды естіген соң
Зар етіп, аһ тартып талып қалды.

Қасіретпен аһ тартып оттай жанды,
Жаздады хараб қыла бұл жаһанды.
Жарының налашыменен шыдай алмай
Ләйлі мәрк тебіренуге аз-ақ қалды.

4710 Тоқтады наласынан есін жиып,
Көз жұмып пікір етті көңілін тыып,
Зайдке бұлайша деп сөз сөйлейді
Халі жоқ сабыр етер іші күйіп.

— Әкелдің маған сонша бар хабарды,
Осы еді уақыт толған жам ажалды.
Жарымнан опат хабар айтып келіп,
Жаныма тастаған от жапа салды.

Сен серік бола жаздың ажалыма,
Ғұмырымның ұшыраттың хизанына.
4720 Ренжіттің екінші сауабымды ал,
Ләйлінің бастап барып мазарына.

Зайдке Мәжнүн ғаріп болды жолдас,
Қасіретін бастап кешкен айтып болмас.
Ләйлінің зиратын тауып алып,
Құшақтап қабіріне қойыпты бас.

Басына екі қолмен топырақ шашты,
Лахытқа киім жыртып, көксін ашты.
Көзінен жас орнына қандар ағып,
Лай боп тас, топырақ араласты.

4730 Көп жылап, Мәжнүн сонда зары етті,
Рауан көз жасымен толып кетті.
Көз жасы толған сонша жерге батып,
Ішіне лахытының барып жетті.

Ләйліге көз жасымен берді хабар,
— Күйінішпен менің жаным отқа жанар.
Жолдассыз жалғыз тұрмай рақым әйлап
Қасыңа ал, мені мұнда қойма зинһар.

Гауһарым, халің нешік тұрсың қайда,
Бұл дүние һешбіреуге бермес пайда.
4740 Ләйлінің көксін қойып топырағына,
Бірнеше зары қылды бір Құдайға.

— Не үшін менен жүзің жасырғаның,
Хабарсыз бастан қайғымды асырғаның.
Сен ішкен ғам суынан мен де ішкенмін,
Қайғыда саған жолдас жан мен төнім.

Мас болдың ішкен шарап көтере алмай,
Тұрмадың бірің сақтап шаршап, талмай.
Ғашықтық іште жанған қасіретіне
Бұлайша болды халық тап ете алмай.

4750 Құтылдың дүниенің қасіретінен,
Тірі боп менде қалды қайғы тұман.
Дүние ақыретте жолдас едім,
Дос адам кете ме екен жолдасынан.

Қалдырып мені қойдың жапа мен зар,
Көңіл хош сен тұрғанда дүниеде бар.
Кіл ғұмырым тамам болар уақыт жетті
Бұл ғалам жарсыз тұрған не керек-ті.

Ғапу жан уақыт болды амандасар,
Мәжнүннің талабына қадам басар.
4760 Ажал жамын ұсынып, рақым қыл,
Қайғыдан болса мезгіл көзің ашар.

Керексіз дүниеде көп қорғаным
Рәсуа боп бекер қайғы жеп тұрғаным.
Оңаша басқалардан орын алып,
Жарасар Ләйліменен отырғаным.

Құдай-а, мен ғаріпке медет әйла,
Рақымың медет қылған маған пайда.
Жаһанда жишы жанның керегі жоқ
Рахмат Ләйлі тұрған барсам жайға.

4770 Дүниеде енді мені құры қылма,
Ажалдың опатын бер ғұмырыма.
Жан кешкен жарға мүштақ Мәжнүннің
Қараңыз мынау айтқан ғазалына.

- Күйінішті жанды жанымыз,
Қайғы шекті төніміз.
Дертке дәрмен талабым,
Ілгері кетіп жарымыз.
Мен бір бұлбұл қапаста,
Жоқ болып Ләйлі жарымыз.
- 4780 Жиған-тұрған бос қалды,
Мехнат жанға от салды,
Харидары табылмай,
Үміт еткен базарымыз.
Пәни болмақ сұраймын,
Құтылмақ үшін қайғыдан.
Күйініштен азат боп,
Рахат тапсын ғазиз төн.
Қасіретке сабыр ете алмай,
Асығып ажал сұраймын
- 4790 Қайғым көп-дүр лайым.
Айрылып жарымнан,
Көтерер деген көңіл бар,
Рақымың кең, тар емес
Мен ғаріп хастаға
Мақрұм етпей дидардан.
- Ғазалын осылайша қылды тамам,
Қалмады дүние күтіп нешбір адам.
Мәжнүн ықыласымен тілеген соң,
Дұғасын қабыл етті Хақ Тағалам.
- 4800 Құшақтап қабір пәкін жылап тұрды,
Зар жылап, тағат етпей таң атырды.
Ләйлінің ғашығының себебімен
Шат болып Хаққа жанын төсілім қылды.
- Мәжнүннің қолында еді ғазиз жаны,
Сақтаған жаңа келді бұл заманы.
Қанша қайғы, қасіретпен бұлар да өтті,
Тұрады кімді сақтап дүние пәни.

Бірнеше ғашықтардан қалған заман,
Бірі өлсе, бірі тұрар аз күн аман.
4810 Ләйлі опат болғаннан соң, Мәжнүн өлді,
Ғашықтық дүниедегі болды тамам.

Өлгенін Мәжнүннің Заид көрді,
Аһ тартып, жапа тартып жылай берді.
Зар жылап, дөт фариад қылғанынан
Жиылып көп жамағат қазір келді.

Заидтың көп тыңдады айтқан зарын,
Құшақтап Мәжнүн жатыр жар мазарын.
Ләйлінің қабірінің үстінде боп
Етіпті Хаққа жақын шырын жанын.

4820 Жылады көп халайық шуылдасып,
Дүниеде болмады деп бұлар нәсіп.
Пәк жуып, кебін киіп, намаз оқып,
Ләйлімен бірге қойды қабірін ашып.

Ләйлінің бірге қойды мазарына,
Жолықты тарқап кеткен базарына.
Рухы рухымен жолдас болып,
Қосылып сайран қылды гүлзарына.

Жетіпті мұрат, мақсұт талабына-ай,
Бірігіп дәурен сүрді күн менен ай.
4830 Дүниеде ынтызар боп жүрген ғашық,
Ұшырап бір қабірден алыпты жай.

Үстіне атын жазып қойды нышан,
Біледі сұрамастан ұшыраған жан.
Орнына екі ғашық мұғтибар боп,
Келеді зиаратқа жұмлө жаһан.

Зират жұртқа қажет орын болды,
Міскін, пақыр көз атып тұрар жолды.
Дүниеде нашарларға ризық боп,
Басында қабірлері нұрға толды.

4840 Пәк құлық, таза ниет талмас жайға
Зор дәулет, қызмет қылсаң бір Құдайға.
Жеткізді нешік дәулет мақсұдына,
Көз салып осылардан пікір әйла.

Қалмайды өлмей мәңгі тірі жаннан,
Пәруана қайда барсын жаққан шамнан.
Басында қабірінің Заид тұрып,
Медресе бина қылып, мешіт салған.

Заидтан тарқар еді жиылған жан,
Бас тартпас Заид қайғы қайратынан.
4850 Қонақжай неше сарай бәрін түзеп,
Баршасын қанділ асып, қылды раушан.

Жолында ғашықтықтың бұ да төлиб,
Оянды зікір қылып баһар алып.
Қайғымен зар-гөрианда жүрген Заид,
Түс көрді бір күн жатып.

Кетірген Заид жанның рахатын,
Жастанып жатыр еді зиратын.
Бір жаққа Ләйлі — Мәжнүн сайран қылып,
Көріпті шады харам сын сипатын.

4860 Нұр шығар жүздерінен, көңілі шат,
Құтылған қайғы, қапа, ғамнан азат.
Қол байлап ықыласпен қылар қызмет,
Неше жүз періштелер көркем сипат.

Ерғали тамам еттің күн-түн тынбай,
Кезінде кірпік қағып, көзің жұмбай.
Һәр нешік мақсұдыңды берсін Алла,
4867 Ғашықтың Ләйлі — Мәжнүн құрметіндей.

قصة طاهر زهرة

Қисса Таһир—Зүһра

«Бисмилла», мен сөйлеймін, Патша Құдай,
Біз ғасы пенделерде көп қой күнә-ай.
Қыл көпір қияметтің өтерінде,
Болады заманымыз әлде қандай.

Екінші жәрдем берсін Пайғамбарым,
Шапағат қыл үмітіңнің һәммаларын.
Ақылбек Сабалұғлы қисса жазсам,
Үшінші жәрдем қылғыл шаһариарым.

10 Төртінші жәрдем бергіл жұмла әулие,
Соларды өткізбеді мынау дүние.
Бұ жалғанның һешкімге пайдасы жоқ,
Біреуден қалған малға біреу ие.

Не болам бір күндерде тіл байланса,
Алуға ажал өлім ыңғайланса.
Ақылбек қара сөзді өлең қылар,
Нұсқаны жазамын деп ой ойланса.

20 Ат қойған Ақылбек деп анам маған,
Құдай-а, не жақсылық қылам оған.
Таһир менен Зүһраны өлең қылсам,
Тыңдасын кіші іні мен үлкен ағам.

Ноғайша қисса екен мұның өзі,
Көңіліме ұнамады һәрбір сөзі.
Ағалар, құлақ салып тыңдасаңыз,
Талаптың өлең қылар келді кезі.

Ал енді мен бір ғаріп қалам алар,
Сөзіне ғашықтардың жұрт таң қалар.
Әсар уа нақилан нашара бұрынғылар*
Хикаят қылған екен рауаилар.

Заман әуелде бір патша болған екен,
30 Қазынасына қисапсыз мал толған екен.
Көп екен әскерлері заманында,
Сұлтандық, әділдікке болды бекем.

Дүниеге, неш нәрсеге мұқтажы жоқ,
Көзіне көрінбейді дүние боқ.
Армансыз өзі патша болса дағы,
Баладан ұғыл мен қыздың біреуі жоқ.

Көңіліне сол себептен тарлық қылды,
Һәрқашан бала үшін зарлық қылды.
Қай шаһарда естісе бір дәрігерді,
40 Елшіге «алып кел» деп жарлық салды.

Елшілер дәрігерді алып келуші еді,
Патшаның пәрменіне көнуші еді.
«Патша, мұны жесең, балаң болар» деп,
Дауа қып патшаға беруші еді.

Көңілін де патшаның қайғы жуып,
Мұнымен қуанбады бала туып.
«Бермесе Құдай өзі пендеге» деп,
Отырды хакимдерден көңілі суып.

Мақұлық не қылады патшаңызға,
50 Бегірек мұқтаж болды ұл мен қызға.
Құдайым құдіретпен бермеген соң,
Тәбибтер не қылады дауасызға.

Мұнымен патша тұрды біраз заман,
Көңілі бала үшін болды жаман.

* Шығармалар, аңыздар арқылы бұрынғылардан жеткен.

Бар екен шаһар сыртында бір бақшасы,
Кірген адам қайғыдан болар аман.

Бақшада һәр түрлі ағаш өсер еді,
Патша оған сайран етер еді.
Қайғы, тарлық келгенде соған кіріп,
60 Азырақ көңілін ашып кетер еді.

Бір күні көңіліне бала түсті,
Құдайым жаратады ғажап істі.
Қасына бір уәзірін шақырып алып,
«Көшені аралайық енді» десті.

Патша баланы ойлап жүре алмады,
Үйінде сабыр қылып тұра алмады.
Киімін алмастырып базар шықты,
Көңілін бөтен іске бұра алмады.

Екеуі көше аралап енді жүрді,
70 Шаһардан бір дәруіш адам көрді.
Бұларға айғай салып әуез етті,
Не деген сөздерін қарап тұрды.

— Кімде-кім мың алтын берсе, — деді.
Сөзіме менім айтқан көнсе, — деді.
Болса да не мақсаты Тәңірім берер,
Қадірін һәр нәрсенің білсе, — деді.

Патша айтты: — Сөзіңе наналық біз,
Қасына дәруіштің баралық біз.
Тегінде мына сөзі бекер емес,
80 Мұның да фатихасын алалық біз.

Не деген жауабына көнейін мен,
Сөзіне әулиенің ерейін мен.
Дұғасы қабыл болар адам шығар,
Мың алтын садақа қып берейін мен.

Дұғасы егер мұның қабыл болса,
Көрелік ықыласпен дұға қылса.
Алтын түгіл патшалығым берсем керек,
Қуанып бір күндерде көңілім толса.

90 Алайын фатихасын мұның барып,
Тұяқсыз өткенім бе мен бір ғаріп.
Бір пайда дәрігерлерден көрем бе деп,
Қисапсыз алтынымды қылдым сарып.

Бұл сөзбен дәруішке жетіп келді,
Қалтадан бір мыңдай алтын берді.
— Құдай Тағала мұратыңыз берсінші, — деп,
Дәруіш патшаға дұға қылды.

100 Падишаһ жалынады Құдайына,
Бақшаның қайтып келді маңайына.
Бір ағаштың түбінде бір адам тұр,
Бақшаның көзін салса сарайына.

Қараса үстінде бар таза киім,
Жанында жоқ кітаптан басқа бұйым.
Үешкімге қарамастан жазу жазар,
Алдында қалам, сауыт бәрі жиын.

Падишаһ ұмтылады ат секіртіп,
Қасына дәруіштің келді жетіп.
— Алдында қалам, сауыт, кітабың бар,
Сұрады: — Сіз кімсіз? — деп жауап айтып.

110 Дәруіш айтайын деп келді сөзге,
— Құдайым ғылым берген көңілімізге.
Ғылымын рәмилінің жақсы білем
Бәр түрлі өнерім бар мұнан өзге.

Ғылымдық білмегенге талас болар,
Көңілім қашан менім халас болар.
Патша айтты: — Менім бір ниетім бар,
Соны білсең ғалымдығың рас болар.

- Дәруіш қолындағы қаламын берді:
— Әй, падиша, қолыңызға тұтшы, — деді.
Қаламды ұста, көңіліндегі сырынды,
120 Тілеуіңнің мәнісін білем, — деді.

Падишаһ ұстап тұрды қаламды алып,
Алланың құдіретіне қайран қалып.
«Менім балам болар ма, болмас па?» деп,
Көңіліне бұл ниетті тұрды салып.

Уәзір де бұл ниетті тұрған ойлап,
«Менің де неш балам жоқ, иә, Құдайлап.»
Қаламды дәруішке қайта берді,
Тапсын деп істің жөнін енді абайлап.

- Қалмады дәруіш те тез алады,
130 Наққаларын бір-бірлеп аралады.
Рәмилдің қағидасынша тәжірибе қып,
Екеуінің ниеттерін шығарады.

Һәр түрлі тәжірибе әзір екен,
Бергені бұл сұлтанның нәзір екен.
Екі ниет шыққан соң, қарай қалса,
Бірі — патша, біреуі уәзір екен.

- Екеуі де ниет қылған бала үшін,
Табады тәжірибемен һәрбір ісін.
Ғылымдыққа һәр нәрсе заһир болар,
140 Ғайыптың асылына жетпес күшің.

— Әй, патша, тыңдасаңыз айтайын сөз,
Ғайыптан хабар берсем білермісіз?
Бала үшін екеуіңіз ниет қылдың,
Бірің — патша, біреуің — уәзірсіз.

Ғайыпты Тәңірім баян қылады екен,
Көңіліңіз қуанышқа толады екен.
Патша, сенің қыз балаң болып,
Уәзірдің ер баласы болады екен.

Екеуін сүйіндірді осылай деп,
150 «Алдыңда, иншалла, қуанышың көп».
Дәруіш енді сөзін тамам етті,
«Әлғалам инда Алла Тағала» * деп.

Падишаһ дәруішке қалды қайран,
— Бала үшін көңілім болды-ау ойран.
Қата деп айтатұғын неш сөзім жоқ,
Уәзірім, бұ бақшаны қылдым сайран.

Екеуіміздің ниетіміз теңдес екен,
Бұл кісі бекер уайым жемес екен.
Қолын мұның өбейін жалбарынып,
160 Бұл өзі бекер кісі емес екен.

Патша дәруіштің қолын өпті,
«Ғайыптан хабар сөзді айттың, — депті.
Себеп болса болады енді сізден,
Білгендей көрінесіз біздің кепті».

Қойнынан бір алма алып тұрды,
Алмаға дұғалардан оқып, үрді.
Патша мен уәзіріне айтайын деп,
Алманы пышақпенен бөліп берді.

— Әй, патша, қайран қалма жауап айтсам,
170 Сөзімді бекер қылма сіз ұнатсаң.
Алланың изин балаң болар,
Жарты алманы бүгін кеш асап жатсаң.

Шаһарға мағлұм екен әділетің,
Кем емес һәр патшадан салтанатың.
Әгарда ол балаңыз әйел болса,
Қойыңыз Зүһра деп қыздың атын.

Әй, уәзір, жарты алманы сіз асаңыз,
Сізге сөзім айтайын тыңдасаңыз.

* Әлем Алла Тағаланікі

- Иншалла, саған да балаң болар,
180 Ғайыпты тәжірибемен аңдасаңыз.
- Сөздерін ғалымдардың қайырмаймыз,
Ғайыптан нешбір хабар біле алмайсыз.
Таһир деп еркек болса ат қоясыз,
Бұларды бір-бірінен айырмайсыз.
- Әй, патша, сөзімізді көресіз сіз,
Дұшпанның тіліне ермей жүресіз сіз.
Кәміл жасқа жеткенде бұлар өсіп,
Қызыңызды Таһирге берерсіз сіз.
- Ғайыптан хабар берген бір Құдайым,
190 Иншалла, бұ сөзім болар дайын.
Біреуін біреуінен айырсаңыз,
Арманда өтер Фархад пен Шырындайын.
- Арманда пенде өтер бәрі мұндай,
Әуелгі ғашықтардың болғанындай.
Айырсаң бір-бірінен арманда өтер,
Бұрынғы Ләйлі менен Мәжнүңдей.
- Болады бала туса көңілің сап,
Айырмасаң кетеді көпке жасап.
Екі ғашық айырсаң арманда өтер,
200 Бұрынғы Арзу менен Қамбар ұқсап.
- Екеуіңе екі сұлу бала бітер,
Бітуіне, иншалла, уақыт жетер.
Екеуін бір-бірінен айырсаңыз,
Уамық пенен Азрадай арманда өтер.
- Жаратқан һәр нәрсені Патша Құдай,
Арманы бұрынғының, міне, осындай.
Әй, патша, айырсаңыз арманда өтер,
Екі ғашық Уәрақа мен Күлшаһдай.

210 Ғайыпты, иншалла, Тәңірі білер,
Бұл сөзім алдыңызға бір күн келер.
Бұрынғы осы айтқан ғашықтардай,
Айырсаң екеуі де арманда өлер.

Ажал келсе уақыты тез болады,
Бір дұшпан екеуіне кез болады.
Айырсаңыз екеуінің хикаяты,
Кейінгінің тілдерінде сөз болады.

220 Патша мұны естіп қайран қалды,
Ғайыптан дәруіштен хабар алды.
«Бір бала орнымда болар ма» деп,
Беріп еді пақырға сансыз малды.

Дәруіш хабар берді кітап жайып,
Сөзінен таба алмады нешбір айып.
Мың алтынды қойнынан бермек болса,
Көзінен ол дәруіш болды ғайып.

Екеуі тұрып қалды сөзін ұғып,
Аң-таң болып қойнына қолын тығып.
Дәруіш көз алдынан болып ғайып,
Отырған орны жатыр шаңы шығып.

230 Іздейді дәруішті өзі де жоқ,
Өзі түгіл екінші сөзі де жоқ.
«Қашты ғой» деп шарбақты аралады,
Таң қалды, жерге түскен ізі де жоқ.

Үйіне падишаһ, уәзір қайтып кетті,
Ақшам батып, жататын уақыт жетті.
Екеуі де алмаларын жеген екен,
Құданың әмірімен бала бітті.

240 Екеуі «шүкір» деді бір Аллаға,
Дәруіш келтіреді тамашаға.
Тоғыз ай, он күн толғанында,
Падишаһтан бір қыз туды дүниеге.

Патша енді ұмытты қайғы суды,
Көрдi де қуанышқа бетiн бұрды.
Уақыт жетiп уәзiрдiң қатынынан
Көрiктi бiр еркек бала туды.

Бала үшiн жүр едi һәрбiр талап,
Қыдырға кез келтiрдi Құдай қалап.
Қыздың аты — Зүһра, еркек — Таһир,
Күттiрдi кәнизактарға тәрбиелеп.

Екеуi екi жасқа келiп кiрдi,
250 Бiр жерде тағам iшiп, ойнап жүрдi.
Бiрiн-бiрi көрмесе жарты сағат
Тiтiреп, уанбастан жыллар ердi.

Патша ойындарын қызық көрдi,
Һәрқашан екеуi де ойнап жүрдi.
Екеуi алты жасқа келгенiнде,
«Оқысын» деп молдаға әкеп бердi.

Екеуiнiң асылдығы бекер емес,
Өзге бала бұларға жетер емес,
Әгар мақтап сипатын жаза берсем,
260 Жалаң көркi бұ күнге бiтер емес.

Не керек жақсы-жаман пәлен дерге,
Молдадан оқу оқып, жүрдi бiрге.
Әуелi Зүһраның махаббаты
Түстi ғашықтығы Таһир ерге.

Әдеппен сөз сөйлептi молдасына,
Төрт жыл оқып, келедi екеуi он жасына.
Таһирге Зүһра ғашық болып,
Көз салар һәр уақыт жолдасына.

Оқуға екеуi де болды зерек,
270 Сұлулығы өзгеден болды бөлек.
Сипатын екеуiнiң жаза берсем,
Бiр қисса бұдан басқа жазсам керек.

Зүһра һеш сабыр да қыла алмады,
Таһирмен бір күн ойнап, күле алмады.
Бір күні Таһир бала ұйықтап жатыр,
Бұл қыздың ғашықтығын біле алмады.

Зүһра бек сабырсыз болып қалды,
Таһирға һәр уақытта көзін салды.
Ұйықтап жатқан Таһирдің жетіп келіп,
280 Бетін ашып аузынан сүйіп алды.

Ұйқысынан оянды Таһир бала,
Таныды Зүһраны көре сала.
Қарап тұрып айтады: — Әй, ұятсыз,
Сені маған қосты ма Хақ Тағала?

Мен сенің туған ағаң емес пе едім,
Аздан бері әдептен көмескідің.
Ұятың жоқ болмаса сенің өғар,
Бірге туған аға-еке демес пе едің?

Таһирдан ұялады Зүһра қорқып,
290 Ер Таһир сабыр етті ақыл тоқып.
Таһирдің бұл сөзіне қыз өкпелеп,
Неше күндей жүреді жалғыз оқып.

Ғашықтық қатты болар, адам өлмес,
Ақылын һәр адамның қабыл көрмес.
Зүһраның ықтияры қолдан кетіп,
Кеше-күндіз Таһирға маза бермес.

Ойнарға Таһир сүйіп қарамайды,
Көңіліне Зүһра сөзі жарамайды.
«Бұл өзі бірге туған қарындас» деп,
300 Ғашығы мінезіне ұнамайды.

Жастыққа Таһир бір күн басын салды,
Зүһра тағы беттен сүйіп алды.
Ояна тұра келді «әдепсіз» деп,
Жұмырықпен Зүһраны қойып қалды.

Таһирдан Зүһраның көңілі қайтты,
 Ашуланып Зүһраға жауап айтты.
 Зүһра іше алмай, ұйықтамастан,
 Хақ Тағалаға айтады бұл бөйітті.

- Пәруардигар Рахим-а,
 310 Құдіретің кең, Құдай-а.
 Мен бейшара құлыңа
 Рақым қылсаң, Құдай-а.
 Таһиржанның қасіретін
 Жар қылыпсың Құдай-а.
 Ашық жүзін көрмегін
 Зар қылыпсың, Құдай-а.
 Махаббатым жарасын
 Берсең екен, Құдай-а.
 Ғашық отын Таһир һәм
 320 Көрсе екен, Құдай-а.
 Ғашығым шегіп көрмесе
 Ол қадірімді білмес-дүр.
 Ғашықтардың сөзін
 Құлағына ілмес-дүр.

Дұғасын Хақ Тағала қабыл қылды,
 Таһир да Зүһраға ғашық болды.
 Зүһраға күннен-күнге сөздер айтып,
 Қадірін ғашықтықтың бұ да білді.

- Білдірді Зүһраға Таһир өзін,
 330 Ғашықтығы бек қатты болған кезін.
 Мұндайын мүшкіл халді білгенінде,
 Таһирға бұлайша деп айтты сөзін.

— Қыз-қатындар сырыңды біліп кетер,
 Басыңа зауал келер мұнан бетер.
 Жігіттің ғашықтығын сезген болса,
 Тағдырың жетіп тұрса хараб етер.

Зүһрадан мұны естіп, талып кетті,
 Сөйтсе де бір азғана сабыр етті.

Жүрген-тұрған орнын білмес болды,
340 Бұ халменен бірқатар күндер өтті.

Рауилар осылайша риуаят қылған,
Ақылбек қаламменен дүкен құрған.
Шаһардың сырт жағында Зүһраның,
Бір шашмасы бар екен ағып тұрған.

Ол шашманың жанында бір бақшасы,
Әдемілігі артық болған тамашасы.
Ол бақшаның ішінде бір сарай бар,
Келістіріп жасалуын қарасаңшы!

Рұм шаһар ұстасы бина қылған,
350 Алтын-күміс тегістеп оған жайған.
Сипатын айтып тамам қыла алмаймын,
Адамның қарағанда көзі талған.

Бөтен адам келмейді маңайына,
Көргеннің ғажап болды талайына.
Зүһраның жаны күйіп ғашықтықтан,
Бір күн келді бақшадағы сарайына.

Сарайдан суға таман келді тұрып,
Қарады жан-жағына мойнын бұрып.
Зүһраның кеткенін түйген екен,
360 Артынан бірге келді қарсы отырып.

Сарайда отырғанын көрді көзі,
Ғашыққа ақыл емес адам сөзі.
Уәзірдің өз баласы екендігін,
Ол күні білген екен Таһир өзі.

Ішінен ғашық болып жүрген екен,
Қарындас деп көңіліне кірген екен.
Патшаның туған қызы екендігін,
Ол күні Зүһра да білген екен.

Ол Таһир қол көтерді ойнайын деп,
370 Зүһра көңілінен айтты ойлайын деп.
Қарындас емесімді білді ме екен,
Бәйіт айтты сынамаққа болжайын деп:

— Сырымменен сырлассың,
Жолымменен жолдассың.
Қолыңменен ал, Таһир,
Мен саған қарындаспын.

Таһир қарсы жауап берді

— Сырымменен сырласымсың,
Жолымменен жолдасымсың.
Мен уәзірдің ұғылымын,
380 Сен нендейін қарындасымсың?

Андан соң Зүһра бір шигыр айтты

— Тағдыр жетіп сүйіппін,
Көп бәйіттер сөйлеппін.
Хор қызындай гөзалды
Соққаныңа күйіппін.

Таһир қарсы жауап берді

— Көп күнәһні қылыппын,
Енді алдыңа келіппін.
Жаным сүйген, Зүһражан,
«Кеш» деп үміт қылыппын.

Зүһра және айтты

— Ғашығым сен, Таһирым,
390 Мағшұғым сен, Таһирым.
Тәнім ішінде жаным кел,
Өбіселік, Таһирым.

Екеуі ғашық жайын біліседі,
Өз сөзі өздеріне келіседі.
Бірін-бірі құшақтап мойынынан,
Аузынан ләззат алып сүйіседі.

Таһирдың күллу рухи ләалла ирин*,
Құдайым ғашық қылған бір-бірін.
Екі қисса болады жаза берсем,
400 Екеуінің күліп-ойнап жүргендерін.

Шарбақтан екеулері үйге келді,
Әуелгідей молдасынан оқи берді.
Кез келсе оңашада беттен сүйіп,
Һәрқашан шиғыр айтып бірге жүрді.

Он екіге екеуінің келді жасы,
Өзі теңдес баланың болды басы.
Жиырмаға келгендей бой сипаты,
Артық-дүр көп адамнан тамашасы.

Жиырмада деуші еді көрген адам,
410 Сұлулығын бұлардың білген адам.
Екінші бір көрсем деп көркінін де,
Ынтызар ғашық болып жүрген адам.

Екеуі бір жүрді, ойнап-күледі енді,
Бір-бірінің халдерін біледі енді.
Бір күні ол шашма жанындағы
Бақшада сайран қылып жүреді енді.

Отырды саясында бір ағаштың,
Ғашыққа пайдасы жоқ жеген астың.
Өздерінің лайықты шиғыры бар,
420 Сондағы сөзін тыңда Таһир жастың.

— Зүһра, менім ханымсың,
Жісім ішінде жанымсың.

* Таһирдің барлық рухы, бәлкім, тақуа.

Басым менен жандарым
Құрбан қылған жарымсың.

Зүһра қарсы жауап берді

— Таһиржан, сен емес пе,
Мен бір құлың емес пе?
Жаннан тәтті болған соң,
Ғеш жан сені сүймес пе?

Таһир айтты

— Сабырсыздық етпейін мен,
430 Бөтен қызға ғашық боп кетпеймін мен.
Сізден өзге жар сүйсем дүниеде,
Ойлаған ниетіме жетпейін мен.

Әй, Зүһра, биіктеші осы сөзге,
Әгар да күйеу сүйсең бізден өзге,
Қаласыз сол сағатта һәлак болып,
Тілеймін бір Құдайдан мен де сізге.

Зүһра айтты

— Сені нәумиз етпеймін, — деп,
Сіздейін өзге күйеуге кетпейін, — деп.
Әгар да бөтен жарды қабыл көрсем,
440 Ойлаған мұратыма жетпейін, — деп.

Әй, Таһир, сізге уағда болсын сөзім,
Бек ғашық болып тұрған осы кезім.
Әгар атам өзгеге бермек болса,
Һәлак қылып өлермін өзімді-өзім.

Антпен инандырды қол алысып,
Бір-бірін сүйіседі құшақтасып.
Уағдаға лайық сөздер айтып,
Сөздері көңіліне тұр жарасып.

Зүһра бұ жауапты айтты

- Таһир, қара қасыңды,
450 Бейшара қылдың басымды.
Қайтарым жоқ уағдадан,
Дарға асқанда да басымды.

Таһир жауап береді

- Таһир деген есімім бар,
Алда дұшпан кісім бар.
Басым кессең уағдадан
Қайтпайтұғын ісім бар.
- Андайын соң ол бақшадан келді тұрып,
Бірге оқу оқиды ойнап жүріп.
Бірнеше күн жүреді осы халмен,
460 Жазу менен ғылымға мойын бұрып.

Таһирдың ғашықтығы арта берді,
Нәпсінің ыңғайына тарта берді.
«Бір ұста ойыншыдан домбыраны,
Үйреніп, шертейін» деп айта берді.

Ол адам домбыраны үйретеді,
Бір айдай үйренгенше күн өтеді.
Өлең менен шиғырға жетік болып,
Дауысын бармағына билетеді.

- Таһирдың үйренгенін Зүһра білді,
470 О дағы ұста қатын жиып келді.
Ойынға мастер болды бірнеше айда,
Замандас ойыншыны төмен қылды.

Жіберді көп адамды таңырқатып,
Бетін көрген адам тұрды ұнатып.
Бір күні бір-біріне қарсы отырып,
Сөйлеседі сырнайменен шиғыр айтып.

Таһир айтады

— Ақиқат жарсың, Зүһражан,
Зүлфідарсың, Зүһражан.
Сабырым менен қарарым
480 Сен алыпсың, Зүһражан!

Зүһра қарсы жауап береді

— Сырнай тартып ойнауың
Ақылдарым алып тұр.
Көздер тігіп қарауың
Көкірекдерім тіліп тұр.

Таһир қарсы сөйледі

— Ғашығыңнан шарап ішіппін,
Жан сырымнан кешіппін.
Көрсем жүзің қанменен,
Жас аралас шашыппын.

Анда Зүһра айтты

— Рухтары гүл Таһир сен,
490 Лағылдай мисли Таһир сен.
Көзден аққан жастарым,
Мейірбан қыл, Таһир сен.

Анда Таһир айтты

— Зүһра, рухтарың гүлдей,
Таһир аңа бұлбұлдай.
Қара зүлфің, Зүһражан,
Қар үстінде сүмбілдей.

Анда Зүһра айтты

— Сен қардашсың жасымда,
Ғашықтық өтті басымда.

Күндіз ойым сен едің,
500 Кеше көрдім түсімде.

Анда Таһир айтты

— Аһ, нәркес көзімсің,
Жан-жан деген сөзімсің.
Жаһан ішінде мысалың жоқ,
Фердауста хорымсың.

Анда Зүһра айтты

— Қайғыдан дария тауыппын,
Кеме жасап салыппын.
Рақым қылсаң, Таһирым,
Шарасыздан қалыппын.

Анда Таһир айтты

— Шаһзададай туған-дүр,
510 Ақылым тамам алған-дүр.
Сен мың жаса дүниеде,
Таһир саған құрбан-дүр.

Анда Зүһра айтты

— Сен құптарға сұлтансың,
Өлтірме, мұсылмансың.
Фирағыңда Зүһраны
Өлтірме, мұсылмансың.

Анда Таһир айтты

— Маған бір жол айттың сен,
Көз жасым көл еттің сен.
Болмас едім саған құл,
520 Біраз сабыр айттың сен.

Анда Зүһра айтты

— Мың наз илән маһир сен,
Қара көзім, Таһир сен.
Жақпа фирағат отына,
Аһуа көзім, Таһир сен.

Анда Таһир айтты

— Көңілім жара еткенің,
Көздерім зар еткенің.
Маһирың келіп халіме,
Қане, бір шара еткенің?

Анда Зүһра айтты

— Таһиржаным, сұлтаным,
530 Жаным қылсам құрбаным.
Өлсем ғашық жолыңда,
Сол-дүр, сеңа дәрменім.

Андайын соң түрегелді құшақтасып,
Татулықпен жылағаны тұрды ұнасып.
Көзінен қатра жасын Таһир төгіп,
Зүһраға айтты мұны көңілі жасып.

— Ал келген сен бойынша,
Сайран қылайық тойғанша.
Ақылым қайран болған-дүр,
540 Фирақ сөзін тыйғанша.

Қарсысына Таһир айтты

— Фирағат оттан тау екен,
Ол тау мені зар еткен.
Һәр қосылмақ соңында,
Бір айрылмақ бар екен.

Андайын соң орнынан тұра келіп,
Бір-бірін құшақтасып жылап берді.
Екі ғашық жыласып айрылады,
Неліктен жыласқанын білмес ерді.

550 Сөзді қысқа қылайын хасыл кәлам,
Кәлам ойлап алайын қолға қалам.
Он беске екеуінің келді жасы,
Махаббатын арттырды Хақ Тағалам.

Бұрынғы риуаят қылған рауилер,
Ақылбек жәрдем тілеп қалам алар.
Патшаның бір құлы Ғараб атты
Екеуіне һәрдайым көзін салар.

560 Ол өзі бұзықтыққа малғұн екен,
Таһирды аңдымаққа болды бекем.
Екеуінің махаббаттық шиғырларын,
Сыртынан біраз ғана түйген екен.

Сыртынан ғашықтығын жүрді күндеп,
«Көргенімде ханға хабар беремін» деп.
Бір күні Таһир менен ол Зүһра,
Шиғыр сөз айтпақ болды бақшаға кеп.

Ғараб малғұн олардан келді бұрын,
Бақшаның жасырынады талды жерін.
Қарауылшыдан жасырынып кіріп кетіп,
Жапырақты ағашты қылады орын.

570 Ағашқа жасырынады малғұн Ғараб,
Зүһраға ғашық болды ашып-арып.
Ғараб тұрған ағаштың дәл түбіне
Таһир — Зүһра отырды бұлар барып.

Таһир менен Зүһра шиғыр айтты,
Ғашығы бір-біріне болды қатты.
Азғана махаббаттық сөз сөйлесіп,
Екеуі көп отырмай үйге қайтты.

Шиғыры екеуінің енді бітті,
Таһир менен Зүһра үйге кетті.
Ғараб малғұн ханымға жетіп келіп,
580 Көргенін бастан-аяқ арыз етті.

— Тақсыр ханым, сіздерге мен бір сөз айтайын,
Бар сырымды сіздерден аяп, сақтап қайтейін.
Өтірік емес сөзіміз, құлақ салып түргір,
Таһир менен бақшада ойнап қалды қызыңыз.

Аймын мен өзінді,
Жандай көрген қызыңды.
Құрметтеген Таһирың
Азғырыпты қызыңды.

Тақсыр, қызың азыпты,
590 Тұғры жолдан жазыпты.
Тұғры деген Таһирың
Жаман ойлар салыпты.

Көңіліңізге жақса да,
Алтын сарай бақшада,
Көп азғындық бар екен
Таһир менен ханшада.

Құшақтасты екеуі,
Мойындасты екеуі.
Сіздей ханым қызына
600 Көзін салмас болар ма?
Қиянатшы құлына
Жаза қылмас болар ма?

Ғарабтан ханым естіп қапаланды,
Ғәммасын айтқанының ұғып алды.
Шыдамай ашуына оттай күйіп,
Барды да патшаға айтып салды.

— Ғарабты шақырып ал инанбасаң,
Нанарсыз анығынан хабар алсаң.

- Таһир менен Зүһра қосылғанын,
610 Ғарабыңнан қанарсыз құлақ салсаң.

Патша ол малғұнды шақырып алды,
Ғараб құл баян қылды болған халді.
«Таһирға Зүһраны беремін» деп,
Ханымға қарсы қарап айтып салды:

- Бір ой қылсам керек-дүр,
Жұртым жисам керек-дүр.
Қызым қосып Таһирға,
Тойын қылсам керек-дүр.
Алтын сарай түзетіп,
620 Гауһарменен безентіп,
Ойыншылар ойнатып,
Тойын қылсам керек-дүр.
Алтын үйлер салдырып,
Жұртым жисам керек-дүр.
Торғын атлас жайдырып,
Тойын қылсам керек-дүр.
Арақ-шарап қайнатып,
Гауһар шарап қайнатып,
630 Палуандар сайлатып,
Тойын қылсам керек-дүр.
Мың арғымақ жаратып,
Шаһзадалар алдырып,
Ойыншылар сұратып,
Тойын қылсам керек-дүр.
Алтын терек жондырып,
Асыл құстар қондырып,
Гауһар кесе сындырып,
Ойын қылсам керек-дүр.
640 Қазынамды аштырып,
Інжу-маржан шаштырып,
Жүк-жүк бұйым арттырып,
Енді қоссам керек-дүр.
Уағдам күні жеткен-дүр,
Байрам күнім жеткен-дүр.

Жан қызымның тойыны
Көрер күнім жеткен-дүр.

Таһирға бұл ханымның көңілі толмай,
Уағдасын ерінің мақұл қылмай,
650 Ханым сонда айтады үшбу сөзін,
Патша айтқанына разы болмай.

— Ойыңа көңілім салмаспын,
Сөзің қабыл алмаспын.
Мұндай тойлар қылғанға,
Тіпті разы болмаспын.

Хандар басы болсаң да,
Қыздың жайын білмейсің.
Ұлық сұлтан болсаң да,
Қыз уайымын жемейсің.

660 Бұрынғы өткен хандардан,
Талай ғашық жарлардан,
Күйеу болған бар ма екен,
Таһирдайын жандардан?

Ардақтаған жалғызын,
Көз үстінде бір қызын,
Уәзір затқа берер ме
Қарап тұрған бір қызын.

Хан заттары келмей ме,
Шаһзадалар білмей ме?
670 Сегіз жұмақ хорындай,
Нұр жігіттер келмей ме?

Естіген жан құлақтан,
Бәрі де ғашық тұтады.
Қайратыңнан қорқып,
Сырын іште тұтады.
Бұ қызыңның ғашығынан,
Бәрі де қан жұтады.

Бұ не деген қорлық-дүр,
Бұ не деген зорлық-дүр?

- 680 Уәзір затқа қыз берген,
Елде жоқ-ты көргенім.
Қызым беріп Таһирға,
Ханым болып жүргенім.

Ханым сөзін патша естіп тұрды,
Көңілінің жоқтығын енді білді.
«Өз көзіммен көрмейінше нанбаспын» деп,
Сендіріп ол ханымды жауап қылды.

- 690 Ғараб құлға патша айтты: — Сенейін мен,
Сөзіңе екіншілей ерейін мен.
Бақшаға бұлар кетсе хабар берші,
Анықтап өз көзіммен көрейін мен.

Өтеді бірнеше күн мұныменен,
Ғараб құл аңдып жүрді соныменен.
Бақшаға Таһир — Зүһра келді екеуі,
Бұрынғы ғашық болған жөніменен.

Сырнай мен домбырасын ала келді,
Жас жігіт тоқтата алмас ғашық желді.
Бір ағаштың түбіне отырысып,
Аз ғана мәслихаттасып жырлай берді.

- 700 Кеткенін Ғараб малғұн көріп қалды,
Жүгіріп падишаға жетіп барды.
Таһир менен Зүһра ол бақшаға
Тоқталмай кеткендігін айтып салды.

Падиша орнынан тұра келді,
Қарамай бөтен жаққа жүре берді.
Бақшаның бір далдалау тасасынан,
Таһир менен Зүһраны келіп көрді.

- Екеуінің хабары жоқ, тек отырған,
Қас болды Ғараб малғұн Құдай ұрған.
710 Таһир менен Зұһраның шиғыр сөзін,
Падиша таса жерден тыңдап тұрған.

Таһир жүр ғашықтықтан уайым жеп,
Екеуі сөйлеседі әңгіме, кеп.
Ол күні аузынан сүйіскен жоқ,
Зұһраға шиғыр айтты бұлайша деп:

— Атаң патша болған-дүр,
Бақ-дәулеті толған-дүр.
Сізді бізге бермекке,
Шаһым уағда қылған-дүр.

- 720 Уағда қылған күндерді,
Көрер ме екен көзіміз.
Қасіретпенен болмаса,
Өтер ме екен күніміз.

Бұ қасіретім бітер ме,
Уағдалы күні жетер ме?
Аһы, фағаным болмас па,
Ғұмырым босқа кетер ме?

Зұһра Таһирге қарсы бір шиғыр айтты

- Хандар ақыл құрады,
Сөзінде рас тұрады.
730 Тақтым берем десе де,
Уағдасында тұрады.

Бір-біріне шиғыр айтып жүрген екен,
Сөйлесіп бет пердесін түрген екен.
Зұһраға шиғырмен айтар болды,
Ол түні Таһир бір түс көрген екен.

Көрген түсі бұл екен ұйықтап білген,
Түсінде ғашық болып тағы жүрген.

Үйден шығып, Зүһраға барам десе,
Алдынан бір қара ит қарсы келген.

740 Жиырма қара төбет қамалаған,
Таһирды қабамын деп абалаған.
Иттен өтіп күшпенен кетемін деп,
Қолындағы ағашымен сабалаған.

Бір ұрғашы ит шыға келді тағы жөне,
О дағы талар болды келе сала.
Таһир енді қайран боп қарап тұрды,
Һәрбір күйге салады Хақ Тағала.

Екі ит таламаққа аузын ашты,
Таһир енді шарасыздан кейін қашты.
750 Артынан ол екі ит қуды жөне
Оянып, қорыққанынан көзін ашты.

Ол түсін көңілімен білді жорып,
«Бір дұшпан аңдыды ғой мені қорып».
Зүһраға көргенін білдіргелі,
Шиғырмен бұлай деді жылап тұрып.

— Бүгін бір түс көріппін,
Қайран болып тұрыппын.
Алтын сарай ішінде,
Зар-сәргардан жүріппін.
760 Зүһражанға барам деп,
Жолға қадам салыппын.
Иттер келіп қамалап,
Ғажиз болып қалыппын.

Иттер келіп қасыма,
Жан-жағымды қамалап,
Қас қылады басыма.
Қанша ұмтылып қарасам,
Бара алмадым һәр жаққа.
Екі ит хамлә қылады,
770 Бір жағымнан бір жаққа.

Әлқисса, Зүһра сұлтан Таһирдің түсін жорып, бір назым айтқаны

— Таһир, түсің қара екен,
Мүшкіл ісің бар екен.
Ғаріп басың қиындық
Көрер күні бар екен.

Көрген итің — дұшпан ол,
Арамызға түскен ол.
Екеумізді күзетіп,
Көп сырларды шешкен ол.

780 Сені менен айырар ол,
Қанатымнан қайырар ол.
Мұңды басты ғаріпке
Көп залымдық қылар ол.

Қарсысына Таһир бір назым айтады

— Фирағат сөзің артады,
Түндер от тартады.
Ғашық жайлы білмеймін,
Қай жерлерге атады.

Зүһра және айтты

— Көңілім гөриан олған-дүр,
Жігерім бериан олған-дүр.
Жалған дүние, Таһирым,
790 Сенсіз харам болған-дүр.

Андайын бұлар тұрып үйге келді,
Патша сырттан қарап әбден білді.
«Әуелгі соң уағдамша беремін» деп,
Таһирды күйеулікке қабыл қылды.

Патша сарайына келді қайтып,
«Таһирге беремін» деп бұйрық айтып.

«Екеуінің махаббатын көзім көрді,
Беремін той аспабын әзірлетіп».

800 Ханым білді патшаның қылған ойын,
Көңілінен ұнатпады қылған тойын.
Зұхраны Таһирге бергізбеске,
Бір хайла іздемекке қойды мойын.

Бар екен жәду кемпір ол шаһарда,
Сиқыры асқан екен сол заманда.
Кемпірді ол ханым шақырып алды,
«Бір қорлық көріп тұрмын бұ жаһанда».

810 Кемпірді шақырды да сырын айтты,
Зұхраның басындағы махаббатты.
— Зұхраны Таһирге берем, — дейді,
Әй, шеше, патшадан көңілім қайтты.

Әй, шеше, мен айтайын сізге кеңес,
Патша қызым үшін уайым жемес.
Менім қызым патшаның жалғызы еді,
Уәзірдің баласына лайық емес.

Тойға әзір келмекші халайық та,
Зұхра патша ұғылына лайық па?
Таһирға Зұхраны бергізбеске,
Шешеке, бір хайланы қылайық та.

820 Кемпірге жүз алтынды берді ханым:
— Болып тұр осылайша менім мәнім.
Өғар бұл жұмысымды бітірсеңіз,
Соңында жүз алтынды берем, жаным.

Алтынды кемпір алып шығып кетті,
Тезірек өз үйіне барып жетті.
Дорбасын жанына алып келіп,
Бір уыс топыраққа сиқыр етті.

Шақырды ханымды енді оңашаға:
— Суға қосып берерсің падишаға.
Шәрбатқа мұны бірге ішірсеңіз,
830 Соңғы күнде қаларсыз тамашаға.

Сақтады топырақты біраз заман,
Азғырады патшаны залым қа[тын].
Бір күні су сұрады ішейін деп,
Шөлдеуі патшаның болды жаман.

Топырақты суға қосып берді қатын,
Патша қайдан білсін судың затын.
Салқындық көңіліне пайда болды,
Сиқырдың ішкенінде ғаламатын.

— Таһир енді шықсын, — деді, — сарайымнан,
840 Жүрмесін рұқсатсыз маңайымнан.
Зұһраны басқа үйге алып қойды,
Залымның сақтағандай талайынан.

Сындырды әлгі патша уағадасын,
Төгеді екі ғашық көздің жасын.
Қасіретпен қайғыда қалды екеуі,
Ғашыққа әуре қылды бекер басын.

Кең дүние екеуіне болды ғой тар,
Көре алмай Зұһраны жылады зар.
Жамалынан мақрұм болғандықтан,
850 Һәр күнде Таһир жігіт нала қылар.

Армансыз болып еді көргенінде,
Біріне-бірі боса бергенінде.
Таһирдың сондағы айтқан шиғыры осы,
Сайран қып бақ-бустанда жүргенінде.

— Жасым басқан көзімді,
Қасірет алған өзімді.
Айып етпе, достарым,
Аһы, зар еткен сөзімді.

Шаттық күнім өткен-дүр,
860 Аһы, зар күні жеткен-дүр.
Зүһра жардан айрылып,
Көп замандар өткен-дүр.

Һәр күнде Таһир шиғыр бастаушы еді,
Алланың әмірінен аспаушы еді.
Неше түрлі бәйітті жазып-жазып,
Кісі көрер жерлерге тастаушы еді.

Һәр жігіт оқиды екен тауып алып,
Оқитын кітабына қояр салып.
Әлемге мәшһүр болды ғашықтығы,
870 Таһирдай һәрбір ғашық жүрер налып.

Ғашықтан жігіт өлмес, жүрер аман,
Дерттері екеуінің болды жаман.
Зүһраға шиғыр берер қатындардан,
Жүреді бұл халменен біраз заман.

Зүһра ғашықтықтан есін білмес,
Атасы «қалайсың» деп бұған келмес,
Бір күні сарайында тұрмас болды,
Себебі, бұрынғыдай Таһир көрмес.

Келді де атасына жауап айтты,
880 Көңілін көтеретін уақыт жетті.
«Жүретұғын жолына керуендердің,
Бір сарай менім үшін қылсаң» депті.

— Сайран қып сол сарайда жүрер едім,
Келген-кеткен адамдарды көрер едім.
Тұрғанша қапа болып мұнда жалғыз,
Жолына бұрынғының ерер едім.

Жүр еді екі ғашық жанын қиып,
Кім екен жүретұғын нәпсі тыйып.
Атасы қыздың сөзін қабыл алып,
890 Шаһарына ұсталарды алды жиып.

Ұсталар падишаға келіп жетті,
Әділ болған, амалы болмай өтті.
— Зүһраның тілеген орынына,
Бір сарай жасаңыз, — деп әмір етті.

Ұсталар келіп жатыр талай-талай.
Жасады көкке таяу биік сарай.
Нақышты әдемісін көрейін деп,
Адамның көзі талды қарай-қарай.

900 Бегірек биік қыл деп ұнасаңыз,
Ұнамады, болмайды деп аласаңыз.
Бөркіңіз басыңыздан түсер еді,
Биіктік сипатына қарасаңыз.

Безенткен іші-сыртын алтын-күміс,
Болады көргеніңде бұ да тыныс.
Торғын, атлас жайдырып басарына,
Кешікпей бұл уақытта бітті жұмыс.

910 Зүһра келіп тұрады ол сарайға,
Қарайды тамаша етіп һәрбір жайға.
Анасымен, туысқан апасымен
Бірге тұрды тапсырып бір Құдайға.

Таһирдың ғашығынан қапаланып,
Ойынменен жүреді тек алданып.
Бір күні Зүһражан сауық қылды,
Қолына сазы менен сырнай алып.

Сөйледі апасымен әңгіме, кеп,
— Айрылдық екі ғашық уайым жеп.
Әй, апа, бір сауалым бар сұрайтұғын,
Жасырмай, турасын айтасыз, — деп.

920 Апасы айтты: — Сөйле, — деді, — һәр сөзің,
Мен сізден жасырмаймын көрген мәнім.
Атасы не себептен шығарғанын,
Таһирдың білмейді екен ахуалын.

— Атам неге уағдасын жойды, — деді,
Бір күні қылмақшы еді тойды, — деді.
Таһирды сарайынан шығарып алып,
Неліктен бөтен жерге қойды? — деді.

— Әй, сұлтаным, айтайын сырды жарып,
Сезіпті екеуіңді малғұн Ғараб.
«Таһирге қосылғанын мен көрдім» деп,
930 Анаңызға шағыпты бір күн барып.

Құлдан естіп, анаңыз ханға барған,
«Қызың солай болды» деп мағлұм қылған.
«Көзіңменен көргенің рас па?» деп,
Патша құлды алдырып, жауап алған.

«Сенің де рас емес сөзің, — деген,
Анықтап көрсін өзім көзім, — деген.
Таһир менен Зүһра қосылғанда,
Хабар бер маған келіп өзің» деген.

Ғараб құл патша сөзін қабыл еткен,
940 Сыртыңнан екеуіңді құл күзеткен.
Бау-шарбақ ішінде көріп алып,
Тағы да патшаға мағлұм еткен.

Патша көрмек үшін өзі келген,
Таһирменен екеуіңді сырттан көрген.
«Таһир неге қосылды Зүхраменен,
Шықсын, — деп, — сарайымнан» хабар берген.

Сарайдан соның үшін Таһир кетті,
Басына ғашық дерті келіп жетті.
«Әуелгі уағда сөзім бұзылар, — деп,
950 Таһирға берейін» деп ниет етті.

Өзірлетті той асбаптың бір талайын,
Шаһардың шақырмақшы өңкей байын.
Анаңыз бір хайланы қылмақ болды,
Атаңның біліп алып осы жайын.

Шаһардан бір жәду кемпір алып келді,
 Бұзуға патшаны хайла қылды.
 «Таһирдан көңілін суытшы» деп,
 Жауызға бір қисапсыз алтын берді.

960 Жалмауыз анаң сөзін қабыл көрген,
 Атаңызға сиқырлап тағам берген.
 Көңілін осыменен суытқан-дүр,
 Азғырған бір шайтанның тіліне ерген.

Кемпірдің осылайша сөзі өтіп-дүр,
 Атаңды сиқырыменен түзетіп тұр.
 Қарауылшы қойдырып екеуіңе,
 Босатпай, күні-түні күзетіп тұр.

970 Құданың құдіреті болар күшті,
 Анаңыз қылып жүрген мұндай істі.
 Бұ сырды апасынан естіп алып,
 Зүһра есі ауып, талып түсті.

Апасы айтқанына өкінді бек,
 Естіп, дүние салып кетті ме деп.
 Бетіне су бүркіп отырды енді,
 Сипалап аяқ-қолын, уайым жеп.

Бір заман түрегелді көзін ашып,
 Дерт көріп ғашықтықтан халі қашып.
 Көзінен қатра-қатра жасын төгіп,
 Отырды нақұрыстайын бәрін шашып.

Зүһра:

980 — Білдірме, — деді, — сырымызды,
 Сыр білген соң өлтірер бірімізді.
 Адамды өткен-кеткен тамаша етіп,
 Тұрайық мекен тұтып жерімізді.

Мұнымен тұрды аз ғана күн өтіп,
 Өткен-кеткен адамды тамаша етіп.

Сарайдың әйнегінен көз жіберсе,
Бір адам өте берді өлеңдетіп.

Ол адамның өлеңмен жыр айтқан сөзі,
Терезе ар жағынан көрді көзі.
Ғашығы Зүһраның қуаттанып,
990 Киімін пәре-пәре қылды-ау өзі.

Бү шақта Таһир ғашығы қуаттанды,
О дағы қолына бір сырнай алды.
Зүһраның сарайына бармақ болып,
Бақ шарбағының ішінде ой ойлады.

Аяғын енді басты ойлап тұрып,
Зүһраның сарайына келді жүріп.
Тұсынан терезенің назым айтты,
Зүһра тыңдай қалды мойнын бұрып.

— Берік деген уағдаңды,
1000 Ұмытыпсың, Зүһражан.
Кәмал берген көңіліңді
Суытыпсың, Зүһражан.

Жан жолында ғашықтан
Хабарың жоқ, Зүһражан.
Зар-сәргардан, ғаріптен,
Хабарың жоқ, Зүһражан.

Ғашық жарлар мағшұққа
Хабар салмас болар ма?
Шын ақиқат жар болса,
1010 Хабар алмас болар ма?

Зүһра тыңдай қалды Таһир сөзін,
Ғашықтан өлтіреді ақыр өзін.
Қақпағын терезенің ашып тастап,
Қаратты жоғарыдан екі көзін.

Апасы: — Терезені ашпа, — деді,
 «Сабыр түбі — сары алтын», саспа, — деді.
 Бір дұшпан қарауылшы ол тұрады,
 Атаңның жарлығынан аспа, — деді.

1020 Алмады апа сөзін құлағына,
 Қарады терезеден жан-жағына.
 Ұят-намысты ескермей Зүһра қыз
 Таһирға шиғыр айтты бұл тағы да.

— Қайғы болған жолдасым,
 Қапас[та] болған бұл басым.
 Таһир, көңілім қалдырма,
 Ғашығым, менім мұңдасым.

Анда Таһир айтты

— Шаһзада қыз болсаң да
 Тұрмадың сен уағдаңда.
 Шын ғашығым болсаң да
 1030 Тұрмадың сен уағдаңда.

Терезеден Таһир көрді Зүһраны,
 Ақылы бастан кетіп күйді жаны.
 Қанша бәйіт айтса да Зүһраға,
 «Уағдамыз болдыңыз» дейді оны.

Таһир айтты: — Көңіліме қайғы толды,
 Қай адам айрылуға себеп болды?
 Зүһра айтты: — Аңдытып сыртымыздан,
 Дұшпан қыпты кемпір мен Ғараб құлды.

1040 Қарады қарауылшы осы жерді,
 Таһир менен Зүһраның сөзін көрді.
 Бір-біріне шиғыр сөз айтысқанын,
 Барды да Ғараб құлға хабар берді.

Қарауылшыдан ұғып алды малғұн Ғараб,
 Тезірек хабар берді ханға барып.

Малғұннан естіп алып мұндай сөзді,
Патша ашуланды бұзып-жарып.

Әскерге: — Жылдам бар! — деп жарлық салды,
Сарайға ұстамаққа келіп қалды.
Екеуі айырылатын шиғыр айтқан,
1050 Таһирды сайманы жоқ ұстап алды.

Ұстаған соң патшаға алып барды,
Ашуланып, шыдамай оттай жанды.
Әуелгі уағдасын ұмытты да,
Жалладқа «басын кес» деп қаһарланды.

Өлтірмекші «Зұһраны алмасын деп,
Дүниеде неш жынысы қалмасын деп.
Кейінгі қалғандарға ғибрат болсын,
Сарайға рұқсатсыз бармасын» деп.

Сол заман әмір қылды: — Өлтіріңіз,
1060 Қол-аяғын берік байлап, келтіріңіз.
Уәзірлер патшадан тіледі енді:
— Әй, тақсыр, ашуыңды бітіріңіз.

Патша бермек болды уәзірлерге:
— Келмесін мұнан былай осы жерге.
Сіздерге қанын қиып бағыштадым,
Тұрмасын енді бірақ бұл шаһарда.

Залымдық бұ шаһардан арылсын, — деп,
Мәрден деген шаһарға барсын, — деп.
Бұ шаһарға енді келсе өлтірермін,
1070 Зынданға сонда барып салсын, — деп.

Енді келсе «өлтірем» деп ант етті,
Таһирге рахат кетіп, мехнат жетті.
Уәзірлер патшадан тілеп алып,
Қолынан жетелеп алып кетті.

Жетелеп сарайына кіргізеді,
Таһирды арғымаққа мінгізеді.
Қасына бес-он адам ертіп беріп,
Мәрденге ниетін қойып жүргізеді.

1080 Таһирге рақым жоқ жолдасынан,
Ғашықтық пайда болды он жасынан.
Мәрденге жолмен жүріп өте берді,
Пәлеге ұшырады жалғыз жүріп.
Зүһраға бір назым сөйледі енді,
Сарайдың терезесіне қарап тұрып.

— Ер жігіттер ерлігін
Қылмайынша қояр ма?
Шайыр жігіттер сөздерін
Өлмейінше қояр ма?
Ғашық болған жарынан
1090 Жігіт көңілі сөнер ме?
Мағшұқ жарын көрмесе,
Жігіт көңілі тынар ма?
Көңіл қойған жар болса,
Өлмей көңілі сөнер ме?
Айрылуға жарынан
Өлмей мойынсұнар ма?
Ренжу, мехнат көрмесе,
Жігіт көңілі болар ма?

1100 Атаң қолға алыпты,
Фирағат отын салыпты.
Тамам елді аралап,
Бек зор дұшпан тауыпты.

Андайын соң Зүһра түрегеліп,
Зар жылап, Таһир сөзін тұрды біліп.
Көзінен жасын төгіп, назым айтты,
Қақпағын терезенің ашып тұрып.

— Арғымаққа мінерсің,
Көп жерлерді көрерсің.

- Ғашық жарың Зүһраны
1110 Кімге қойып кетерсің?

Атты әскер оңыңда,
Алтын сарай қолыңда.
Қызыл гүлдер ашылсын
Таһир, жүрген жолыңда.

Бақыт болсын қолдасың,
Қызыр Ілияс қолдасын.
Сағынғанда, Таһирым,
Бұлбұл болсын мұңдасың!

- Жырақ жерден, мағшұғым,
1120 Тыныш хабар естілсін.
Алыс жерден, мағшұғым,
Сүйінші хабар естілсін.

Аман болсын басыңыз,
Ұзақ болсын жасыңыз.
Бөтен жарлар сүйсеңіз
Тез кесілсін басыңыз.

- Тұра алмай Таһир ғашық тақат тұтып,
Мәрденге жүре берді қайғы жұтып.
Біраз ғана жер барып арт жағына,
1130 Қарады Зүһраға тамаша етіп.

Айрылар уақыт жеткен ғашық жардан,
Көз салар кетіп барып анадайдан.
Зүһра Таһиржанға қараймын деп,
Шығып тұр терезеден белуардан.

Таһирдың қайрылғанда көрді көзі,
Мехнатқа душар болды осы кезі.
Айрылып кетіп бара жатқанында,
Таһирдің Зүһраға айтқан сөзі.

- Қарай-қарай қалдың сен,
1140 Көп қиындар салдың сен.
Сүйгеніңнен айрылып,
Жылай-жылай қалдың сен.
Ботасынан айрылған
Түйедей боздай қалдың сен.
Көп тобынан айрылған
Құстай мұндай қалдың сен.
Бұтағынан қайрылған
Гүлдей солып қалдың сен.
Анасынан айрылған
1150 Гүлдей солып қалдың сен.
Қанатынан қайрылған,
Жалғызынан айрылған,
Бала шағын алдырған,
Құстай жолай қалдың сен.
Енді қош, сау болыңыз,
Аман-есен жолыңыз.
Жан ғашығың Таһирға
Дұға қылып тұрыңыз.
Қайда біздің сөзіміз,
1160 Бірге жүрген күніміз?
Бақ-бустан ішінде
Сайран қылған жеріміз?
Енді қашан жүргейміз,
Сізді кімнен сұрғаймыз?
Бұрынғыдай бір болып,
Енді қашан жүргейміз?
Ғашық жарым, әлфирақ,
Шаһариарым, әлфирақ,
Бірге туып, бірге өскен,
1170 Мағшұғым, әлфирақ.
Шын уағдалар қылысқан,
Айрылмайық дейіскен,
Ғам шарабын бірге ішкен,
Мейірбаным, әлфирақ.
Көрсем көзім жетпес-дүр,
Айтсам сөзім бітпес-дүр.

- Қайғың естен кетпес-дүр,
Зүһражаным, әлфирақ.
Ғашығым деп ойнаған,
1180 Дидарыма тоймаған,
Қайғымды жеп қоймаған,
Шаһариарым, әлфирақ.
Көңілім хош қанаты,
Ханзадалар санаты,
Екі дүние дәулеті,
Зүһражаным, әлфирақ,
Сәруир назым әлфирақ.
Рух рауаным, қуаты,
Ділнауазым, әлфирақ.
1190 Жан құрдасым, ұмытпа,
Жан жолдасым, ұмытпа,
Бірге жүрген, бірге өскен,
Жар-мұңдасым, ұмытпа.
Бар сырларды білуші,
Бар жолдарын түзгуші,
Тапсырамын Аллаға,
Ұмытпа, жаным, ұмытпа.
- Өлең қылдым Таһир ғашық асыл текті,
Көзінен қан аралас жасын төкті.
1200 Екі ғашық сөздерін қисса қылған,
Ағалар, сөге көрме Ақылбекті.
- Жер тарпып мінген аты сымдай болды,
Құданың құдіреті мұндай болды.
Көңілі тастан қатты кісілердің,
Жылаумен егілгенде ондай болды.
- Жолдасы Таһирменен жылар еді,
Арғымағы даусына ойнар еді.
Жолда жүріп Зүһраны бәйіт қылса,
Қасындағы бірге зарлық қылар еді.
- 1210 Сөзді қисса қылайын көңіл бұрып,
Азғана кеңес қылсам дүкен құрып.

Жеті күндей өткізіп арасына,
Мәрден деген шаһарға келді жүріп.

Мәрденге бәрі бірге келіп қалды,
Зынданға Таһир ерді әкеп салды.
Таһирды салғандығын мағлұм етіп,
Қолынан зынданшының қағаз алды.

Таһирмен амандасып бәрі қайтты,
Не қылсын, патшаның қаһары қатты.
1220 Қайтарында жолдасынан Зүһраға
«Аман-есен болсын» деп сәлем айтты.

«Зынданға түсіп қалды менім басым,
Сәлем айт Зүһраға, жан жолдасым.
Қайтады жақсылығы бізге қылған,
Әуелгі ұмытпасын уағадасын».

Жолдасы мұныменен қайтып кетті,
Тағы да жеті күнде мұнда жетті.
Қолдарына жазып берген зынданшының
Қағазын падишаға келіп елітті.

1230 Зынданда Таһир бала жатар еді,
Қайғыға кеше-күндіз батар еді.
Зүһра[ға] шиғырын жазып-жазып,
Зынданның терезесінен атар еді.

Оқыр еді өзге ғашық тауып алып,
Өзі жоқ, сөзі жатыр жұмарланып.
Тауып алып оқығанның көңіліне
Ғашықтық пайда болар қайғыланып.

Көп ғашық ол шаһарда даяр еді,
Таһирды бәрі жылап аяр еді.
1240 Қолына бәйіт қылып һәркім оқып,
Шаһардың арасына жаяр еді.

Таһирды мұнда ешкім біле алмайды,
 Шиғырын оқығандар күле алмайды.
 Менменсінген ақынның бөйіттері
 Таһирға һеш барабар келе алмайды.

Бұрынғы риуаят қылған рауилар,
 Ақылбек жәрдем тілеп қалам алар.
 Зынданда Таһир жатты кеше-күндіз,
 Алладан басқа жәрдем қайдан болар.

- 1250 Зынданда жеті жылдай қалды жатып,
 Қайғының дариясына әбден батып.
 Көре алмай Зүһраны өмір өтіп,
 Құдайым қойды мені зар жылатып.

— Ғашық болған жарымды

Көрер күнім болар ма?

Шын ақиқат жарымды

Көрер күнім болар ма?

Қара бұлт басымнан

Кетер күні болар ма?

- 1260 Қарағайлы қара орман

Өтер күнім болар ма?

Қайғылардың басымнан,

Кетер күні болар ма?

Мехнат кетіп, рахаттар

Жетер күні болар ма?

Жеті жылдай болдым зар,

Дидарыңа ынтызар.

Мейібаным, опадар

Көрер күнім болар ма?

- 1270 Қара нәркес көздерің,

Шырын дана сөздерің,

Қызыл гүлдей жүздерің

Көрер күнім болар ма?

Қызыл алма иегің,

Саф күмістей сүйегің,

Гауһар, жақұт білегің

Көрер күнім болар ма?

- Сенсіз ішкен астарым
Қызыл қанға ұқсайды.
1280 Жарық күнде жүргенім
Қара түнге ұқсайды.

Зар жылап бұл зынданда тек жатады,
Ғешкім жоқ, достықты кім айтады.
«Мехнатқа сабырлық қылайын» деп,
Өзін-өзі көңілін уатады:

— Жылама, көңілім, жылама,
Күндіз өтер, күн болар.
Мехнат өтіп, ғаріпке
Рахат бітер күн болар.

- 1290 Қайғы берген Алламыз
Алса керек, иншалла.
Айыра білген Алламыз
Қосса керек, иншалла.

Мехнат берген Иеміз
Рахат берер, иншалла.
Қасірет берген Иеміз,
Шаттық берер, иншалла.

- Ғәр мехнатқа бір рахат,
Болса керек, иншалла.
1300 Ғашық берген Алламыз
Қосса керек иншалла.

Бұрынғы риуаят қылған рауилар,
Ақылбек жәрдем тілеп, қалам алар.
Зұһраның ғашығы қуаттанып,
Талықсып өзін-өзі нала қылар.

Таһир кетіп қалған соң қалды талып,
«Артында не болам» деп кейіп, налып.
Апасы көтереді орнынан,
Тізесінің үстіне басын салып.

- 1310 Апасы айта берді насихатын,
Мұндай түрін көрген соң надаматын.
Ғашық болған адамға ақыл қонбас,
Тартқанда мағшұқтың ғаламатын.

Аздан соң тұра келді есін жиып,
Сабырлық һеш қыла алмай көңілін тыйып.
Мәрденге кеткен Таһир табыла ма,
Құрбан боп іздесе де жанын қиып.

- Бір күні апасымен сөз сөйлесті,
Отырар күнінде айтып һәр кеңесті.
1320 Сөз сөйлеп неше түрлі отырғанда,
Есіне Зүһраның Таһир түсті.

Есіне түскеннен соң жылайды енді,
Көзінің жасын төгіп, бұлайды енді.
Сарайдың иығына мініп тұрып,
Келген-кеткен адамды қарайды енді.

Қараса, бір керуен көрінеді,
Барып одан сұрауға үйренеді.
«Сарайдан жақын өтсе сұрайын» деп,
Көңілі Зүһраның бөлінеді.

- 1330 Ғашықтан мекен қылды аулақ жерді,
Іздейді кеше-күндіз Таһир ерді.
Жолменен керуендер жүріп келіп,
Зүһраның сарайынан өте берді.

Ғашық деген мәнісі қайғы тартты,
Таһир деген бір ғашық қайда жатты.
Қолына домбырасын ала сала,
Керуенге бір ауыз назым айтты:

- Көш пе екен, керуен бе екен,
Дертіме дәрмен бе екен?
1340 Мен Таһирым алдырдым,
Бір хабарыңыз бар ма екен?

Бар екен ол керуенде бір жас бала,
Өлеңге ұста қылған Хақ Тағала.
Зұһраның сөзіне жауап берді,
Қолына домбырасын ала сала.

— Көш те біз, керуен де біз,
Дерттіге дәрмен де біз.
Сен Таһирың алдырсаң,
Таһирдан арманда біз.

1350 Әлқисса, керуендер өтеді енді,
Мәрден деген шаһарға кетеді енді.
Талығып көше-қона орта жолда,
Жетінші күн дегенде жетеді енді.

Құданың құдіреті болды бекем,
Бір жақсы сайрандық жер бар екен.
Таһир жатқан зынданның дәл қасында,
Бір күн қонып, кеткенше қылды мекен.

Керуендер шатыр тікті «қонайық» деп,
Бір күнше бұл сахарада «болайық» деп.
1360 Қайсысы от, қайсысы суға барды,
«Ішетұғын тағамды қылайық» деп.

Һәр түрлі қылып жатыр шаруасын,
Зынданға жақын түсірді керуен басын.
Қайсы біреу жүгіріп отын терді,
Қайсысы шертіп жатыр домбырасын.

Һешкімге опасы жоқ бұл жалғанның,
Құр қалдың дүниеден арланғаның.
Керуен басы шатырында құлақ салса,
Есітті бір адамның зарланғанын.

1370 Зарлаған Таһир екен, құлақ салды,
Базарқандар аңырап тыңдай қалды.
Шатырды терезеден көргеннен соң,
Зарлықтан екі көзіне жас алады.

— Көп керуендер келіпті,
Көп шатырлар тігіпті.
Мен Зүһрамнан айырылып,
Мұңдасым саз болыпты.

1380 Манағы ақын бала домбыра алды,
Құдайым шешен қылған өрімталды.
Таһирдың шиғыр сөзін есітті де,
Бір ауыз назым сөзін айтып салды.

— Жарың көп мұң қылады,
Есіткен таң қалады.
Ғаріп ғашық, жақын кел,
Есіміңіз кім болады?

Таһир қарсы жауап берді

— Есімім аһ зар олсын де,
Алла медет қылсын де.
Нендей жақсы адамсыз,
Жар иесі бар қасыңда?

1390 Мұның Таһир екенін енді біліп,
Бір күнде жүрген еді ойнап-күліп.
Жас бала тағы және назым айтты,
Зүһраның бұдан айтқан сәлем қылып.

— Жігіт, аһ зар етпеңіз,
Сүйіншілер берсеңіз.
Жолым ұшырап көріп ем
«Сәлем» деді Зүһраңыз.

1400 Баладан Таһир естіп, талып түсті,
Зүһраның сәлеміне жаннан кешті.
Біраз ғана талып жатып, аһы шегіп,
Өзін-өзі көтеріп, жияды есті.

Түрегеліп, есін жиып тағы қалды,
Талып жатып тағы есін жиып алды.

«Керуеннен мұңымды сұрайын» деп,
Зынданның әйнегінен көзін салды.

Қараса, көшіп кеткен керуен біткен,
Қараса да көрінбей алыс кеткен.
Зындан іші су болды көз жасына,
Бейшара отыра қалып зарлық еткен.

- 1410 — Құдауанда, қадірсің,
Пәруардигар өзіңсің.
Барша жасырын сырларды
Сен ескере білерсің.
Құдіретің көп, Құдай-а,
Һәр не қылсаң қыларсың.
Ғаріптердің халіні
Сен білерсің, Құдай-а.
Һәр не қылсаң пендеге
Сен қыларсың, Құдай-а.
- 1420 Бұ зынданнан құтқарып,
Халас қылсаң, Құдай-а.
Мен бейшара құлыңа
Рақым қылсаң, Құдай-а.
Жүрген құлың тентіреп,
Енді келген жар тілеп,
Жас көзінен мөлдіреп,
Медет қылсаң, Құдай-а.
Жеті жылдар қонғаным,
Тас зынданда қалғаным,
- 1430 Зар сөргардан болғаным.
Халас қылсаң, Құдай-а.
Жылап келген құлыңды
Қайтармасаң қолың-ай.
Аһ зар еткемін сөзіні,
Қабыл қылсаң, Құдай-а.
Пайғамбарлар құрметі,
Әнбиелер құрметі.
Ғаріп жандар құрметі
Халас қылсаң, Құдай-а.

1440 Жеті жыл зындан ішінде,
Өһл рафған ішінде,
Пайғамбарың Жүсіпті
Құтқарыпсың, Құдай-а.
Пайғамбарың Жүністі,
Балық ішінде монсады,
Қырық күндер болғанда
Құтқарыпсың, Құдай-а.
Сенен медет болмаса,
Кімнен дәрмен тілеймін?!

1450 Сен тілегім қайтарсаң,
Кімнен пәрмен тілеймін?!
Бақ-бустандар жолыма
Ашар ма деп тілеймін.
Жеті жылдық зарыма
Қосар ма деп тілеймін.

Тілегін Хақ Тағала қабыл етті,
Йасиғының уақыты болып жетті.
Зынданның есігін ашып, сәлем беріп,
Хазірет Қызыр аләйһиссалам келіп жетті.

1460 Таһирға Қызыр келіп сәлем берді,
Сәлемін Таһир алып қабыл көрді.
— Иншалла құтыларсың бұ зынданнан,
Әй, балам, жылама, — деп жауап берді.

Жылаған көз жасыңды қабыл етті,
Зынданнан шығатұғын уақыт жетті.
Қызырдың жетегінде қара аты бар,
Өзі көркем, жақсы екен бек әйбат-ты.

Қызыр айтты: — Бұл атқа мінгіл, — деді,
Не деп айтқан сөзіме көнгіл, — деді.
Мен сені мағшұғыңа жолықтырам,
1470 Ілгері атқа мініп жүргіл, — деді.

Таһирға Қызыр айтты һәрбір кепті,
Тұра келіп тақсырдың қолын өпті.

Байлаған аяқ-қолын шешкеннен соң,
«Аллаға мың мәртебе шүкір» депті.

Қызыр атқа мінгізді Таһир ерді,
Өзінің шаһарына алып жүрді.
Таң мезгілі болғанда, бір уақытта,
Жүре алмай, екі көзге ұйқы кірді.

1480 Келеді һәрбір түрлі жерден асып,
Бір заман жүре алмады ұйқы басып.
Сарайына Зүһраның жеткен екен,
Қараса ақырындап көзін ашып.

Қызыр аттан түсірді Таһир ерді,
Көрсетті бұрын мекен қылған жерді.
Таһирды әкеп салып Зүһраға,
Ол Қызыр ғайып болып жүре берді.

1490 Ұйқы басып жатыр екен тамам жұртты,
«Шүкір» деп топыраққа жүзін сұртті.
Ғашық болған жарымды іздеймін деп,
Жоқ жерден бейшараны бейнет тұртті.

Қарайды Зүһраны әйнегінен,
Терезе жабық екен түндегінен.
Домбырасын ала сала назым айтты,
Шыға алмады жоғары төменгіден.

— Қатты ұйқыға кетіпсің,
Оян, Зүһра сұлтаным.
Тәтті ұйқыға кетіпсің,
Оян, Зүһра сұлтаным.
1500 Жан төсекке жатыпсың,
Жан ұйқыға жатыпсың.
Ғашық жарың келгенде,
Ғәнүз ғапыл жатыпсың.
Жарың келген көргелі,
Жүзге жүзің сүргелі.
Ойнап-күліп жүргелі.

- Оян, Зүһра сұлтаным,
Зындан шеккен жеті жыл,
Мехнат шеккен жеті жыл,
Таһир жарың келгенде
1510 Оян, Зүһра сұлтаным.
Ғашық жарың келіпті,
Ғаріп жарың келіпті,
Гүл жүзіңді көрмекке.
Ынтызарың келіпті,
Шаһариарым, тұр-сәна.
Мейібаным, тұр-сәна
Зар сәргардан ғарібің
Бір ғана жүзін көр-сәна.
Ынтызарың көргелі,
1520 Разы болған өлгелі,
Таһир жарың келгені
Тұршы, жаным, тұр-сәна.
Қасіреті де зар болған
Тумысыңнан жар болған,
Мұңды Таһир келгенде
Оян, Зүһра сұлтаным!
- Өлқисса, Зүһра бір түс көрген екен,
Апасымен сарайда жүрген екен.
Таһирды ұйықтап жатып түсте көріп,
1530 Бұрынғы айрылғанын білген екен.
- Оянып бұ сағатта енді тұрды,
Құлағына домбыраның даусы кірді.
«Ғажап-ау, түнде жүрген кім екен» деп,
Таһирды терезеден анық көрді.
- Зынданға Таһир барып түскен екен,
Жеті жылдай шаш пен мұрты өскен екен.
Әуелінде Зүһра танымай қалды,
Шаш ұзындығы иығына түскен екен.
- Таһирды енді білді талып түсіп,
1540 Дұшпанның атасы жүр тіліне еріп.

«Жуыныңыз, тазаланып моншаға» деп,
Мың алтын жоғарыдан санап беріп.

— Әй, Таһир, бұл алтынды алшы, — деді,
Мен бір ақыл айтайын наншы, — деді.
Анаңыз бен туысқан апаңыз бар,
Кідірмей бүгін түнде баршы, — деді.

Бү түні кіре алмайсыз қасымызға,
Не кетіп, не келмейді басыңызға.
Атама біреу барып хабар берсе,
1550 Қиындық тағы түсер басыңызға.

Жар күйеуін кіргізуге көңілі ауып,
Жатып қалды терезенің бетін жауып.
Келді де түнде жүріп қақпа қақты,
Зүһра айтуымен іздеп тауып.

Апасы шыға келіп есік ашты,
«Кімсің?» деп Таһирмен жауаптасты.
Таһир өзі айтқанда аты-жөнін,
Үйге кіріп, екеуі көп жыласты.

Апасы жылап айтты: — Інім, — деді,
1560 Не халге түсіп жүрген күнің, — деді.
Шаш-мұртың, сақал түскен иініңе,
Адамдық кетіп қапты сенің, — деді.

Бір қабат жаңа киім кигізеді,
Моншаны «өне, тұр» деп көргізеді.
Моншадан тазаланып отырған соң,
Таһир айтып хал-ахуалын білгізеді.

Апасы жайын естіп күйді жаны,
«Көрсетті аман-есен Тәңірім сені».
Түрлі тағам жегізіп, тойғызды енді,
1570 «Мекен қып тұрарсыз деп енді мені».

Табылмас жерден аңа алтын қазып,
Қайғымен жеті жылдай жүрген азып.
«Апар» деп апасына тапсырады,
Мөһірлеп Зүһраға бір хат жазып.

Апасы алып кетті үшбу хатты,
Таһирды апасынан іздеп тапты.
Қолына әкеп берді жазған сөзін,
Ғашықтық көрсетеді ғаламатты.

Жазған сөзі: «Бүгін кеш келіңіз, — деп,
1580 Домбыраңызды бірге алып жүріңіз» деп.
Зүһраның апасынан бұ да айтады:
«Мен сәлем тапсырам біліңіз, — деп.

Иншалла, Зүһраға ойым бөлек,
Әгар келіп қалса ажал тірек.
Сақтаса дұшпандардың шерлерінен
Бүгін кеш ел жатарда барсам керек».

Құданың құдіреті мұндай болды,
Замана жылдан-жылға қылдай болды.
Бесін менен ақшамның екі арасы,
1590 Таһирға ұзақтығы жылдай болды.

Ақшамның мезгілінде жетіп келді,
Жоғарыдан Таһирды Зүһра көрді.
Біраздан соң көрсетті нұр жамалын
Таһир енді Зүһраға жауап берді.

— Зүһра, менім шаһымсың,
Зүлфі сипар жарымсың.
Нұрға ғарық қылғаның
Құяшымсың, маһымсың.

Зүһра қарсы айтты

— Таһир, жүзің ай екен,
1600 Қара қасың шай екен.

Бұрылып өскен шаштарың
Қара нұрға жай екен.

Таһир енді сарайға келіп кірді,
Нұр жамалын Зүһраның түсте көрді.
Бір-бірінің сұрасып көргендерін,
Жыласып таңға шейін отырды енді.

Таһирға келсе дағы болар жазым,
Таң атқанша бір-біріне айтты назым.
Сарайдан апасының үйіне келіп,
1610 Уақытында оқып жатыр таң намазын.

Апасына Таһир айтты көргендерін,
Зүһраға ғашық болып жүргендерін.
Таң атқанша отырғанының бәрін айтты.
Шиғырмен жақсы жауап бергендерін.

Мұнымен бес-алты күн өтіп кетті,
Таһирға Зүһра тағы бір хат бітті.
Апасына апар деп тағы берсе,
Келіп және Таһирдың қолына елітті.

Жазған сөзі Таһирға «Білің, - деген,
1620 Сарайға күн батқан соң келің,- деген.
Домбыраны тастама қолыңыздан,
Дұшпаным болып жүр ғой елім» деген.

Ақшамның мезгілінде Таһир кетті,
Кел деген сағатында келіп жетті.
Сарайдан Зүһра қарап отыр екен,
Кіргізіп терезеден құрмет етті.

Қанатын әйнегінің тұрған ашып,
Назыммен сөз айтуды қылған машық.
Таһирды көргенінде көңілі тасып,
1630 Бір назым айтады енді Зүһра ғашық.

— Мәйлім бар гүл жүзіңе
Аһуа нәркес көзіңе.
Өлмей тұрып жүз қойсам,
Зүһра сұлтан, тізеңе.

Зүһра қарсы бір назым айтты

— Баста ғашық жылдарың,
Жайдай жіңішке белдерің.
Тізем түгіл көкірегім
Жүзің қояр жерлерің.

1640 Андайын соң сарайға Таһир кірді,
Неше түрлі ойынын қыла берді.
Әуелі Таһирдан Зүһра енді
Бір назым шиғырменен сұрай берді.

— Құлақ тұтып, шеш маған,
Бәр нәрсеге ес болған.
Қайда самрұқ құсына
Бұ дүниеде ес болған.

Ғашық Таһир жауап берді

— Самрұқ құс жүфүтінен
Он сегіз мың ғаламнан.
Іздей, қарай жүргенде,
1650 Айрылған-ды есінен.

Андайын соң муафиқ, шиғыр айтып,
Келеді бір заманда таң да атып.
Бір-біріне екеуі амандасып,
Үйіне Таһир енді кетті қайтып.

Қырық күндей осылайша келіп жүрді,
Зүһраның келіп жайын біліп жүрді.
Қырық бірінші күнінде тағы Таһир
Терезенің тұсына келіп тұрды.

1660 Зүһра жоғарыдан арқан берді,
Жіптен ұстап жоғары Таһир кірді.
Бірін-бірі көрген соң биһұш болып,
Өз халіне қайғымен жылай берді.

Құдайым махаббатын білгізеді енді,
Біріне-бірін ғашық қылғызды енді.
Апасы Зүһраның ұшып келіп,
Су беріп екеуін де тұрғызды енді.

1670 Екеуі есін жиып отырысты,
Ғашықтықтың жайынан сөз сөйлесті.
Түрлі-түрлі тағамды әзір етіп,
Кесеменен толтырып шарап ішті.

Шарап ішіп, неше түрлі ойын етті,
Аздан соң таң мезгілі келіп жетті.
Арқанменен сарайдан төмен түсіп,
Таһир енді үйіне қайтып кетті.

Апасы Зүһраның жайын сұрды,
Таһир енді апасына айтты сырды.
«Ойын ойнап, шарап ішіп келдім» деді,
Көргенін бастан-аяқ айтып тұрды.

1680 Апасы айтты: — Жас жігіт уайым жемес,
Келесің Зүһраға күнде барып.
Келесің Зүһраға күнде барып,
Тіл алсаң өз басыңа лайық емес.

Барсаң да тез қайтқайсың ел жатқанша,
Күн өтер тамашаға қаратқанша.
Сыртыңнан аңдып жүрген дұшпаның көп,
Кешігіп қалмағайсың таң атқанша.

1690 Ғешкімге Таһир енді көрінбеді,
Баруға күнде-күнде ерінбеді.
Мың айтқан насихаты апасының
Таһирға бір тиындай көрінбеді.

Тағы да бірнеше күн барып жүрді,
Мәнісін әлі дұшпан білмей тұрды.
Күндерде күн төсекте Таһир жатып,
Қорқулы ұйқысында бір түс көрді.

Түсінде қайғыменен қапаланған,
Төрт жағынан қара иттер қамап алған.
Таһирды қашса дағы жібермейді,
Ұмтылып олай-бұлай, қайран қалған.

Сескеніп бұ түсінен оянады,
1700 Бұ түсім қалай түс деп ойға алады.
«Пәлен жылда бұл түсті көріп ем» деп,
Өз-өзіне қапа боп қайғы алады.

«Бұ түсті сонда тағы көріп едім,
Жеті жылдай сәргардан жүріп едім.
Қызыр маған себеп боп әкелген соң,
Бейнеттен мен де халас болып едім.

Әуре пенде бар ма болған мендей,
Дүние өте шығар керуендей.
1710 Бір дұшпан көрген шығар бұл мені» деп,
Үйінен шықпайды енді екі-үш күндей.

Рауилар жазған екен мұның сөзін,
Мен Ақылбек баспадан көрдім ізін.
Көріпті Ғараб малғұн Таһир ерді,
Түнде кеп Зүһраға жүрген ізін.

Ол малғұн бір жамандық ойлап келді,
Зүһраның сарайына жасырынды.
Тұрғанын ол малғұнның Таһир білмес,
Кел деген мезгілінде жетіп келді.

Таң атқанша және де сауық күтті,
1720 Таң мезгілі болғанда Таһир кетті.
«Зүһраға Таһир келді бұ түнде» деп,
Ғараб малғұн патшаға баян етті.

— Тақсыр хан, жаһан басы сұлтанымсың,
Көп жылға аман болсын мал-жаныңыз.
«Кірмесін шаһарға» деп жарлық қылған,
Келіпті және қайтып дұшпаныңыз.

Дұшпанның жаза бердің талайына,
Қараңыз Таһирдың бұлайына.
Жоғарғы әйнегінен арқан тастап,
1730 Қызыңыз тартып алды сарайына.

Мен бір ғаріп құлыңыз көріп едім,
Шаншайын деп қайратыма келіп едім.
Сол заман түсе қалды есімізге,
Жарлығы ханымыздың жоқ-ты дедім.

Сол жерде бір қателік қыла жаздым,
Тысқары пәрменіңнен шыға жаздым.
Шыққанда кең сарайға көргеннен соң,
Ұялып намысымнан өле жаздым.

Болғанда біз пақырға пәрменіңіз,
1740 Қалмайды тырп етуге дәрменіміз.
Бірқатар жарлығыңыз түскен адам,
Келіпті бұйым болмай пәрменіміз.

Ол малғұн бұлайша деп айтып кетті,
«Кетті деген Таһирың мұнда жетті».
Ғарабтан мұндай сөзді естіп алып,
«Енді келсе, өлтір» деп әмір етті.

Падиша көп адамды әзірлепті,
Таһирды ұстамаққа даяр етіп.
Зұһраның сарайында бұлар тұрды,
1750 Ұстауға күндегідей келсе жетіп.

Таһир енді ғашықтан шыдай алмай,
Жөнелді Зұһраға сабыры қалмай.
Қолына домбырасын ала кетті,
Апасы «сабыр қыл» деп айтса болмай.

Таһир келсе, Зүһра мойнын бұрған,
Терезе қақпағынан қарап тұрған.
Қолына жібек арқан төмен беріп,
Жоғары шығармаққа жауап сұрған.

1760 Зүһраға жауап қатты: — Шықпаймын, — деп,
Мағшұғымның сөздерін ұқпаймын, — деп.
Апасының ақыл сөзі ойына келіп,
— Бәлеге енді басым тықпаймын, — деп.

Сарайда тығылып тұр әскер адам,
Бұйрығы болғаннан соң падишадан.
Арқан ұстап Таһиры шықпаған соң,
Бір назым Зүһра айтты жоғарыдан.

— Көңіл зарға батқан-ды,
Қайғың жанға батқан-ды.
Таһиржаным, ғашығым,
1770 Неден көңілің қайтқан-ды?

Таһир Зүһраға айтты

— Шаттық күнім өткен-дүр,
Қайғы күнім жеткен-дүр.
Мен жыламай не етейін,
Айрылар күнім жеткен-дүр.

Зүһра мұны естіп, зарлық етіп,
Жылады, ғашық дерті жанына өтіп.
Бұлар мұнда жыласып тұрғанында,
Сарайдағы көп әскерлер келді жетіп.

1780 Қамалап төрт жағынан ортаға алды,
Көрген түсі алдына келіп қалды.
Таһирдың бір қанжары жанында екен,
Ұстаймын деген жанға жара салды.

Біреуін шаншып кетті мойнынан,
Қайсысының қан ағады қойнынан.

Қайсыбірін лақтырды аяғынан,
Көз көрген қайран қалды ойынынан.

Сонша көп мылтығымен ата алмады,
Қайсыбірі атарында от алмады.
1790 Бір сағатта елу кісі қырылған соң,
Ендігі қалғандары бата алмады.

Әскер басы падишаға кісі салды,
«Мына Таһир қырып жатыр барша жанды».
Бес жүз кісі жіберді тағы падиша,
Сағат болмай тағы да келіп қалды.

Жетіп келіп әскер басы бақырады,
Шашылған көп адамы шақырады.
— Қиянатшы баланы тез өлтір, — деп,
Тамағының түбіменен ақырады.

Жиылды «үстаймыз» деп **hәрбірісі**,
1800 Ішінде толып жатыр жас-кәрісі.
Қаһармандай қанжармен шаншып жүріп,
Сағат болмай өлтірді сексен кісі.

Өліпті сексен кісі қаза тауып,
Таһир жүр үсті-басын қанға жуып.
Тағы да падишадан кісі сұрап,
Бір адам падишаға кетті шауып.

Келді де падишаға баян етті:
— Әй, тақсыр, түбімізге Таһир жетті.
Мың әскер өз қасына ертіп алып,
1810 Ашуланып майданға патша жетті.

Таһирға сырттан кісі көз салғандай,
Қайратына лайықсыз таң қалғандай.
Арасына қанжармен кіріп кетсе,
Мысалы қырғанының шөп шалғандай.

Қанжар тиіп кеткенде өтпесін бе,
 Құдай қаза берген соң кетпесін бе.
 Бір сағат тыным алмай араласып,
 Сегіз жүз адам қырды сүткесінде.

1820 Зүһраға және келді барайын деп,
 Бойымда жара бар ма қарайын деп.
 Отырды сарайдың жанына келіп,
 Аз ғана есім жиып алайын деп.

Зүһра айтты

— Сөз айтам, құлақ салсаң,
 Енді кірме соғысқа тілімді алсаң.
 Алармын атамнан сені тілеп,
 Қайтеді «күнәм кеш» деп мойынсұнсаң.

1830 Таһирға көп сөз айтып жалынады,
 Зүһрадан мұны естіп қамығады.
 «Сен үшін басым берсем халал» деп,
 Соғысқа еті суып жалығады.

— Кез болмаса басыма дүние боқ,
 Сенің сөзің болмасын ататын оқ.
 Атаңа мойынсұнсам сұнайын мен,
 Жалғыз-ақ қыз-қатынның опасы жоқ.

Жолдасым жапа болғанда,
 Дертіме шипа болар ма?
 Тозаң құрлы әйелде
 Маһир опа болар ма?

Таһирға Зүһра айтты

1840 — Қыз-қатында опалық
 Жоқ-дүр деме, Таһирым.
 Жаным пида қылғанмын,
 Қасірет жеме, Таһирым.

Андайын соң қанжарын Таһир алып,
Ішіне қынының қойды салып.
Соғыстан қол тартқанын падиша біліп,
Қасына жетіп келді қаһарланып.

— Қиянатшы болдың ба, жаным, — деді,
Ас-тұзым, ескермедің дәмім, — деді.
Осынша соғыс қылып әскерлердің,
1850 Нақақтан жерге төктің қанын, — деді.

Азғана сабыр қылмай надандығың,
Кемшілік көрсеткенің жамандығың.
Мен сені өз баламдай күтіп едім,
Осы ма қарсы қылған жамандығың?

Өз баламнан артығырақ көріп едім,
Һәрқашан жақсы қылып жүрер едім,
Азғана сабыр қылсаң, мұндай қылмай,
Мен саған Зұһраны берер едім.

Тез қолыңды байлаймын, жазың, — деді,
1860 Һешкімге жүре ме енді назың, — деді.
Дәм-тұзды ойлап тұрған байғұс Таһир,
Ал енді өзің жолдан азың, — деді.

Байлады екі қолын аттан түсіп,
Тақытына қайтып келді жиылысып,
Хан жанына жиылды жақсылары,
Әмір қылды: — Өлтір! — деп ашу қысып.

Жалладты шақырады: — Келсін, — деді,
Басын кес, екі бөлек болсын, — деді.
Қиянатшы болмасына екіншілей,
1870 Қалғандарға ғибрат болсын, — деді.

Жалладтар падишаға келді жетіп,
Бір өлер ақырында күні бітіп.
Қаһарланған падишаға қарап тұрып,
Бір назым Таһир айтты зарлық етіп.

- Әділ екен хандарың,
Сөзде тұрмас болар ма?
Бейшаралар сөзіне
Құлақ салмас болар ма?
Көп ішінде бір ғаріп
- 1880 Сөзін қылмас болар ма?
Мойнсұнып келгенде,
Қанын қимас болар ма?
- Өлсем енді өлгеймін,
Хақ жазғанын көргеймін.
Аман берсең біраз күн
Дәурен сүріп жүргеймін.
Пәрмен қылсаң жалладқа
Дәрменім жоқ тұрсам да.
Жарым жүзін көргенде,
- 1890 Арманым жоқ өлсем де.
Алмас қылыш, құрыш сап
Ақ мойныма салсаң да,
Әлем халқы жиылып
Тамашаға келсін де.
Мұң-зарымды айтайын,
Келіп тыңдап тұрсын де.
Бейшараның өлгенін
Көріп ғибрат алсын де.
- Қасында падишаның ғалымдары,
1900 Аяқ ұра тұра келді уәзірлері.
«Басын кес» деген сөзін есіткен соң,
Тіледі «өлтірме» деп көп һәммалары.
- Тіледі «өлтірме» деп көп халайық,
— Әй, тақсыр, қанын қисаң біз алайық.
Зынданға салдырыңыз тым болмаса,
Өлтіргенің дәулетіңе емес лайық.
- Падиша тілектерін қабыл қылып,
Көрерін бір мехнатты Таһир біліп.

1910 Бір кеме жасамаққа бұйрық қылды,
Шаһардан ұсталарды алып келіп.

Бір кеме жасатты іші мықты,
Үстіне орнаттырды бір сандықты.
Аяқ-қолын артына байлап алып,
Таһирды бұл сандыққа әкеп тықты.

Ағызып Шат суына қоя берді,
Бейнетті бейшараға Тәңірім берді.
Бірде бұлай ағады, бірде бұлай,
Қай жаққа білмес еді барар жерді.

1920 Жан-жағын түрегеліп көре алмайды,
Жатқызған шалқасынан жүре алмайды.
Сандықтың аузы ашық, көкке қарап,
Жұлқынып ,олай-бұлай тұра алмайды.

Барады күні-түні бірдей ағып,
Зар жылап шалқасынан көкке бағып.
Ассыз, сусыз жүреді үш күн, үш түн,
Бейнеттен құтылады енді нағып.

1930 Рауилер Таһирдың басқан сөзін,
Ақылбек өлең қылып салды көзін.
Шат суының төменгі падишаһтан,
Таһирдың енді айтайын шыққан кезін.

Күл деген төменгіде падиша болған,
Бір сарай Шат суына бина қылған.
Шат суының екінші бір айрығы,
Ол сарайдың жанынан ағып тұрған.

Зүһра қайғы ойлап, жатып азды,
Ұшырды Таһирдайын қоңыр қазды.
Шат суына ағызды дегеннен соң,
Күл патшаның қыздарына бір хат жазды.

Жазған сөзі қыздарға: «Достым дейді,
1940 Сіздерге бір аманат қостым дейді,
Таһирды Шат суына ағызды атам,
Ғаріптікке бұ кезде түстім дейді.

Кез келсе, су бетінен шығарыңыз,
Таһир жігіт ғашық болған бір жарымыз.
Бір жерге сақтап оны қойғаннан соң,
Жолықаннан бізге тисін хабарыңыз».

Хат жазып тапсырды да Таһир ерді,
Тұрады мекен қылып қандай жерді.
«Елшіден тез жүретін беріңіз» деп,
1950 Мөһірлеп, апасына бүктеп берді.

Апасы жазған хатты қолына алды,
Хат тасушы елшіні тауып алды.
«Күл патшаның қыздарына бұл қағазды
Оңашада беріңіз» деп айтып салды.

— Тезірек күн-түн қатып жорысаңыз,
Қыздарға аулақ жайда бересіңіз.
Бұ сырларды һешкімге білдірместен,
Қайтадан қағаз алып келіңіз.

Қызметке сізді лайық көремін деп,
1960 Һәрқашан қағаз беріп жүремін деп.
Елшіге жүз алтынды санап берді,
Келгеніңде және жүзді беремін деп.

Ол елші «жарайды» деп қабыл етті,
Қойнына хатын салып жүріп кетті.
Арада тау-тас демей күн-түн қатып,
Күл падиша шаһарына барып жетті.

Падишаның шаһар тысында бір бақшасы,
Қыздардың ойын қылар тамашасы.
Қасына жариялар ертіп шығып,
1970 Жер екен көңіл ашар оңашасы.

Елші сонда таныды падиша қызын,
Шарбақтың сыртынан салды көзін.
Артынан келді дағы ақырын ғана
Бір қатыннан баян қып айтты сөзін.

Қатынға елші берді біраз алтын,
Білдірді «айтыңыз» деп сөздің салтын.
«Зұһраның сәлемін айтайын» деп,
Хатын алып разы болды қатын.

1980 Қыз жүрді жариялармен бұ бақшада,
Көңілдерін көтеріп тамашада.
Елшіден Зұһраның сәлем сөзін,
Падиша қызына айтты қатын оңашада.

Ханшаға баян қылды осылай деп,
Зұһрадан есіткендей әңгіме-кеп.
Қатынға бес-он алтын ханша берді,
«Елшіден Зұһра хатын алып кел» деп.

1990 Қатын дәрхал елшіге жетіп келді,
— Зұһраның жазған хатын әкел, — деді.
Елшіден алып келіп Зұһра сөзін,
Ханшаның қолына ұсынып берді.

Падиша қызы хатты алып, оқып білді,
Өзінің қыздарына бұйрық қылды.
«Бұ судан бір сал кеме келсе ұста» деп,
Бәріне мағлұм етіп айтып тұрды.

Шат суын жариялар күзетеді,
Күзеткенге екі күндей күн өтеді.
Үшінші күн бір сал кеме келе жатыр,
Тезірек ханшаға білдіртеді.

2000 Ханша қарап тұрды суға бағып,
Жоғарыдан бір сал кеме келеді ағып.
Ішінде неш адам болмағанға,
Жатады қалайынан Таһир нағып.

Қыздар айтты: — Сіздейін бізге рұқсат берсе,
Бір назым айтар едік дұрыс көрсе.
Бізге қарсы бір назым айтпай қалмас,
Әгарда бұ күймеде Таһир болса.

Хан қызы: — Айтқаныңыз жарар, — деді,
Даусыңыз құлағына барар, — деді.
Шиғырменен дауыста, — деді.
2010 Бар болса назым айтып қарар, — деді.

— Келің, қыздар, ұшалық,
Шат суына түселік.
Дертті Таһир келсе-дүр,
Медетіне ерелік.

Ол салдың ішінен Таһир қыздарға бір назым айтты

— Мекенім тақта парасы,
Кеткенім Шат арасы.
Бір иманды құл жоқ па,
Мені тезірек құтқарса.

2020 Таһир өзін білдірді назым айтып,
Мехнатқа неше күндей жатыр батып.
Бұ сөзін қыздар естіп, жабырласып,
Арқанмен жан-жағынан алды тартып.

Сандықта жатқанынан шығарып алды,
Әдемiлiк сипатына қайран қалды.
Падиша қызы сарайына алып келiп,
Бiр сағатта мәжiлiс жия салды.

2030 Сұлу қыздар отырып iшер шарап,
Таһирға қайран қалар бөрі қарап.
Неше түрлі сұлу жігіт көрсе дағы,
Келмейді һешбіреуі оған тарап.

Алтын-күміс шарап құйған кеселерге,
Таһирмен патша қызы отыр бірге.

Таһирдың көркеміне қайран қалып,
Падиша қызы назым айтты Таһир ерге.

— Таһир, затың пері ме,
Періште ме, хоры ма?
Жаралғаны жисміңіз
Жасыл жауһар нұры ма?

Таһир айтты

— Мен Зүһраның жарымын,
2040 Қара зүлфі зарымын.
Сенің гөзал хұсниңе
Қайран болып қараймын.

Андайын соң падиша қызы кесені алды,
Шарабын ішіндегі қағып салды.
Зүһраға Таһирды білдіргелі
Бір қағаз жазайын деп ыңғайланды.

Қатынға тағы берді бес-он алтын,
«Елшіге тапсыр» деді жазған хатын.
Қатын келіп елшіге өкеп берді,
2050 Тапсырған падиша қызының аманатын.

Жөнелді Зүһраға елші қайтып,
Қолына хатын берді жайын айтып.
Хан қызының жазғанын оқыған соң,
Жығылды Зүһра жерге қапа тартып.

— Көз жасым қан олған-дүр,
Бағырым бериан олған-дүр.
Асықпа, көңіл, һәр іске,
Сабырлық бас болған-дүр.

Андайын соң өз-өзіне айтады ақыл,
2060 «Жылағанмен Таһир қашан келер жақын.
Шара бар ма қылатын енді бұған,
Сабырдан басқа, — дейді, — болмас мақұл».

Құрбылар бұл сөзіме мойын бұрсын,
 Зүһра өз үйінде жылай тұрсын.
 Кұл патшадағы Таһирдан кеңес айтып
 Азырақ қандырайын құлақ құрышын.

Кез қылды Шат суына, Патша Құдай,
 Ғашықтың мехнаты, міне, осындай.
 Патшаның қызыменен сұхбатта,
 2070 Ғейш-ғишрат ойын қылды қырық күн ұдай.

Назымға патша қызы болған машық,
 Күледі бір-біріне аузын ашып.
 Бар екен үш қызы бұл патшаның
 Таһирға үшеуі де болды ғашық.

Өнері күннен-күнге артады енді,
 Мәжіліс қуанышта жатады енді.
 Үлкен қызы патшаның мәжілісте
 Таһирға бір назымды айтады енді.

Ұлық қыз айтты

— Қасың қара болған-ды,
 2080 Аһ зейілдерің болған-ды.
 Зүһра, көңіл ал-сәна,
 Өзге жарлар болған-ды.

Таһир жауап берді

— Ғашық болдым өзелі,
 Солды беңзім ғазалы.
 Көрмедім мен әлемде
 Зүһрадан гөзалі!

Андайын соң ортаншы қыз Таһирға назым айтты

— Жіңішке қасым қара екен,
 Рухым ғұнчө дар екен,

Бір жұп назар қыл-сәна,
2090 Зүһра мендей бар ма екен?

Таһир жауап берді

— Сәруи назым менің жоқ,
Хүсниңге һеш сөзім жоқ.
Ақылым Зүһра алған-дүр,
Сені көрер көзім жоқ.

Андайын соң кіші қызы Таһирға бір назым айтты

— Нәзік зипа һәр жерім,
Ғұнчә рефа һәр жерім.
Лебім шипа хастаға,
Дертке дәрмен һәр жерім.

Таһир кіші қызға айтты бұл сөзді және

— Хошлар болса мың назар,
2100 Бірін қылман ықтияр.
Зүһрам илән уағадам,
Һеш сүймеспін бөтен жар.

Таһирға қыздар болды назым айтып,
Махаббат қылмады деп көңілі қайтып.
Зүһрадан басқаға көңіл бұзбай,
Көре алмай Таһир отыр қапа тартып.

Таһирдың Зүһрамен күні кешкен,
Патшаның үш қызының көңілі түскен.
Бұлардан Таһирдың һеш хабары жоқ,
2110 Бір күні бұл үшеуі сөз сөйлескен.

Үлкені айтты: — Бір мәслихат айтайын мен,
Екі сіңілім, ұнатып тыңдағыл сен.
Үш күндей назым айтып Таһирменен
Қайсымыз жеңіп кетіп боламыз тең.

Жеңгеніңіз Таһирды алсаң, — деді,
Қосылып жүфұт болып қалсаң, — деді.
Екеуіңе айтып болдым мәслихатым,
Жауап бер енді разы болсаң, — деді.

2120 Екі қыз разы болды: — Лайық, — деп,
Сіз айтқан ақылыңды біз алайық, — деп.
Үш күндей үшеуміз назым айтып,
Жеңгеніміз халалы болайық, — деп.

Үлкен қыз айтысады үш күн, үш түн,
Таһирды көрсе көңілі болмас бүтін.
Шиғырменен назымға сөйлеттірмей,
Үшінші күн Таһирың болды үстін.

2130 Айтуға ортаншы қыз тағы келді,
Үш күн, үш түн айтысып Таһир жеңді.
Кіші қыз және айтысып үш күн, үш түн,
Таһирге келе алмайды теңбе-теңді.

Үш қызға келіспейді бұ мәслихат,
Таһирге ғашық болды бек қабағат.
Күндерде бір күн және бұл үшеуі
Қосылмаққа айтысты бір ғаламат.

Үлкен қыз: — Әуелгі жол маған, — деді,
Екеуің талас қылма бұған, — деді.
Ерге бармақ әуелі үлкендері,
Мен болдым бұрын туған апаң, — деді.

2140 Ортаншы қыз айтады енді бір кеп:
— Үлкенмін дегеніңіз бола ма еп.
Шат судан келгеніңде екеуіңнен
Таһирды бұрынырақ мен көрдім, — деп.

Кіші қыз және айтты бұл бір жауап:
— Қабыл көрсе Таһирге қылам тәуап.
Әгар қабыл қылмаса мені Таһир,
Қылышпен бір-ақ шапсам болар сауап.

- Ортаншысы айтады: — Ер көремін,
Халалдыққа алмаса у беремін.
— Аяқ-қолын тас байлап, мені алмаса,
2150 Үлкені айтады: — Шат суына жіберемін.

Осылай қыздар кірді үлкен дауға,
Таһир ғаріп кез болды үлкен жауға.
Бейшара Шат суынан құтылып кеп,
Ілінді балық болып құрған ауға.

Хан қызы бола алмады бұған мекен,
Сақтанып өзіне-өзі болды бекем.
Үшеуінің таласып дауласқанын
Бір шеттен естіп тыңдап тұрған екен.

- Орнынан тұра келді ерте тұрып,
2160 Қарамай алды-артына мойын бұрып.
Қараңғыда бақшадан шығып келіп,
Бет қойып Зүһраға кетті жүріп.

Жөнелді қорқа-қорқа, зар-зар етіп,
Артымнан келе ме деп әскер жетіп.
Жолықты бір шашмаға кешке таман,
«Таһарат алайын» деп үміт етіп.

- Ол шашманың суынан алды таһарат,
Қажет намаз оқыды екі ракағат.
Топыраққа жүзін сүртіп, тілек тілеп,
2170 «Жолықтыр Зүһраға қади әл-хажат».

Аллаға мың мәртебе зарлық етті,
Шаршағаннан аз ғана ұйықтап кетті.
Ат дыбысы құлағына қатты тиіп,
Оянып, сасқанынан тұра кепті.

Астында қара аты бар атлас киген,
Көзіне Таһир ердің желі тиген.
Баяғы жәрдем қылған Қызыр баба,
Көз жасын бұ пақырдың Тәңірім екен.

Қызырға сәлем беріп, сәлем алды,
2180 Ерттеулі даяр атқа міне салды.
«Көзінді жұм» дегенде жұмған екен,
Зұһраның сарайына келіп қалды.

Аш деген соң, тағы да ашты көзін,
Баяғы сарайында көреді өзін.
«Өңім бе, бұл көргенім түсім бе» деп,
Бейшара қайран қалып айтты сөзін.

— Қалайша келіп қалдым құстай ағып,
Қарайды сарайларға тұра бағып.
— Қазір ғана Күл патшаның жерінде едім,
2190 Қалайша бір минутте келдім нағып?

Ағалар, шек келтірме жалғыз Хақты,
Жеткізе ме біздейін ақымақты.
Қызыр кетті, апасының үйін іздеп
Дыбыстап тыста тұрып есік қақты.

Апасы есік ашып, кіргізді енді,
Отыратын орынға тұрғызды енді.
Басында не көргенін апасына
Баян қып һәммаларын білгізді енді.

Апасы күте берді тағам асып,
2200 Отырды һәрбір түрлі жауаптасып.
Екі күндей Зұһраның тарапынан,
Бір ауыз сөз айтпады ауыз ашып.

Апасы халі-жайының бәрін білді,
Үшінші күн Зұһраға көңіл қылды.
Бармақшы боп ойланып отырғанда,
Құлағына сырнайдың даусы келді.

Сұрады апасынан деді былай:
— Сырнай шертіп жүре ме күнде осылай?
Апасы айтпақ болды Зұһраны,
2210 Көңілді бұза көрме олай-бұлай.

— Ah, — деп апасы айтты, — інім, — деді,
Енді жайын айтайын мұның, — деді.
Бір патшаның баласы Зүһраны
Айттырып алмақ болды, білің, — деді.

Бір жұмадай ойынын ойнаттырып,
Күреске палуандар сайлаттырып.
Падишамыз қылып тұр бір үлкен той,
Алыстан ат, жақыннан тай шаптырып.

Шат суына сені ағызды уайым жемес,
2220 Болып тұр осылайша қызық кеңес.
Некесін оқытады Зүһраның,
Күйеудің келер күні алыс емес.

Бү сөзді апасынан естіп алып,
Хошсыз боп бір сағаттай жатты талып.
Апасы айтқанына бек өкінді,
Таһирге гүл су септі қайғыланып.

Бір заманда түрегеліп есін жиды,
Айрылып кеттім бе деп уайым жеді.
— Бір қабат әйелдердің киімін бер,
2230 Тойына барып келем, апа, — деді.

— Қарағым, Зүһраны таста, — деді,
Бейнетің тағы бар ма, баста, — деді.
Бұйырмаған қыз енді кетсе, барсын,
Сұлу қыз өперемін басқа, — деді.

Кірмеді құлағына айтқан ақыл,
Неге алсын ақылды, ажал жақын.
Апасы шарасыздан киім берді,
Баратұғын ниетін қылды мақұл.

Бейнетке ғаріп басын тартады енді,
2240 Көзіне қара нәркес батады енді.
«Қатын-қызда һеш опа болмас-ты» деп,
Бір назым бара жатып айтады енді.

- Қыз-қатыннан опасыз
Бұ дүниеде болар ма?
Мойынсұнған қатынға,
Сірә, адам болар ма?
Іздеп тапқан қасіретің,
Жылама, Таһир, жылама!
Сондай қылған қасіретің,
2250 Жылама, Таһир, жылама!
- Көзіне Таһир ердің ұйқы кірмес,
Сөйткенмен ғашықтықтан жігіт өлмес.
Таң атқанда жөнелді тойға таман,
Қатын болып барған соң адам білмес.
- Бір қабат қатындарша киді киім,
Жігітке ғашық болған қатты қиын.
Келді де орындыққа отырады,
Қыз-қатындар көп екен, үлкен жиын.
- Қарады, отырды да һәрбір жаққа,
2260 Зүһра отыр еді биік тақта.
Ойыншылар, қатындар баршалары
Отырған қатарласып Зүһра жаққа.
- Үстінде Зүһраның асылдар бар,
Безеген неше түрлі жасыл жауһар.
Малынып, бір нұр болып отырыпты,
Көмілген үсті-басы — бәрі гауһар.
- Қарады Таһир жігіт бұған таман,
Құпия жылап қана отыр аман.
Ол гауһармен безелген сарайлары,
2270 Әуелгі зынданнан болды жаман.
- Көп қыздар шиғырменен айтар өзін,
Зүһра тыңдап отыр назым сөзін.
Қыздардың қосылмақтық қып білгенінде,
Зар жылап, жас қылады екі көзін.

Ойыншылар сөзіне күлмес еді,
Таһирдың мұнда барын білмес еді.
Ілтипат қып бөріне қарамайды,
Көңілі қуанышқа келмес еді.

2280 Назымға ұста қызды шақырып алып,
Естиді шиғырын құлақ салып.
Көңілін көтереді соныменен,
Әйтпесе өлмес пе еді қапаланып.

Таһир да қолына бір сырнай алды,
Айтайын деп бір назым енді ойланды.
Бұ назымды айтады сол уақытта,
Жиылған қыз-қатындар құлақ салды.

— Нендей ғажап той екен,
Адам білмес ой екен.
Жарым көрер күнімде
2290 Қияметтей той екен.
Келер деген аманат
Қиянатқа ұқсайды.
Көп жиналған жамағат
Қияметке ұқсайды.

Бұ назымды қыздардың бөрі білді,
Таһирдың жанына қазір келді.
Назымменен шиғырларды айтысқанда,
Қыздардың бөрін дағы Таһир жеңді.

Зүһраға жетіп келді бірқатар қыз:
2300 — Бір қатынмен назым сөз айтыстық біз.
Сөйлесіп бөрімізден ақын екен,
Шақырып халі-жайын сіз біліңіз.

Зүһра өмір қылды: — Алып кел! — деп,
Сөйлеймін біраз ғана өңгіме кеп.
Аяқ-қолын тигізбей алып кетті,
Таһирды шақыруға қайыра кеп.

Отырды бір-біріне көзін салып,
Біле алмай Зүһра жүр қайран қалып.
Тізе бүгіп отырып Зүһраға
2310 Сөйлейді бір назымды аузына алып.

— Ол достана көңілдер,
Гүл мастана көңілдер,
Қайғы кетіп, шат болмас,
Ғам бустанға көңілдер.

Анда Зүһра айтты

— Бақ-бустандар жасасып,
Кіл қалалар салдырдым.
Жібек тұсау босатып,
Сұңқарымды алдырдым.
Алдырғаным қолыма
2320 Әлі де болса келмеді.
Келген адам хал сұрап,
Көңілімдегім білмеді.

Анда Таһир айтты

— Шаһарың екен салдырған,
Қолыңдағың алдырған.
Білмеймісің көңілімді
Жан қарсыңда отырған.

Анда Зүһра айтты

— Сүйгенім хан ба екен,
Садафтағы дана еді.
Ғашық дария түбінен
2330 Алғаным бір дана екен.

Анда Таһир айтты

— Падиша Бағдат кетеді,
Тез заманда жетеді.

Падиша қызын сүйгеннің
Азабы босқа кетеді.

Анда Зүһра жауап айтты

— Шаһарымыздың бағы көп,
Салқамдардың ағы көп.
Ғанкар қызын сүйгеннің
Жүрегінде майы көп.

Анда Таһир айтты

— Атам айтар яғни,
2340 Мұратым бар яғни.
Теңіздегі мәсжидтің
Кімдер екен имамы?

Анда Зүһра жауап берді

— Атам айтар яғни,
Бір мұратым яғни.
Теңіздегі мәсжидтің,
Хазіреті Жүніс имамы.

Анда Таһир айтты

— Атам айтар яғни,
Үйір мұратым яғни.
Төртінші қат көгінде мәсжидтің
2350 Кімдер екен имамы?

Зүһражан жауап береді

— Атаң айтар яғни,
Мұратым бар яғни.
Төртінші қат көгінде мәсжидтің
Хазіреті Айса имамы.

Таһир және айтады

— Қайнар қазан таспай ма,
Қарасыдан жанаспай ма?
Қауышпаса тағдырлар
Қасіреттері қауышпай ма?

Зүһра жауап береді

2360 — Қане, қазан тасқаны,
Қарсыдан жанасқаны.
Қауышар болса тағдырлар,
Ғашығым қауышқаны.

Бұ назымды Зүһра айтып ғажаптанды,
Аз ғана отырды да, ой ойланды.
Шиғырларды айтып тұрған Таһир екен,
Тігіліп қарай қалды, көзін салып.

Таһир енді сөйлемей отырды тек,
Ішінен Зүһраға уайым жеп.
Назымына қатын-қыздар қайран қалды,
2370 Қалайша қатын еді шиғыры көп.

Таһир барып отырды бөтен жерге,
Зүһра қайран қалды Таһир ерге.
Зүһра апасына жалынды көп:
«Таһирды оңашаға қойсаң бірге.

Оңаша кіргізіп қой Таһир ерді,
Кісі көрмес потбалға аулақ жерді».
Апасының көңілін бөлмек үшін
Шығарып қойнынан алтын берді.

2380 Апасын алтынменен көнгізеді,
Таһирды оңашаға кіргізеді.
Ойын қылып отырған қыз бен қатын,
Зүһраның құлағына білгізеді.

Таһирға Зүһра келді есік ашып,
Көрісті бір-бірімен құшақтасып.
Шығып кетіп қыздармен аз ғана ойнап,
Таһирмен тағы отырды жауаптасып.

— Әй, менім хақиқатты жарым, — деді,
Сырымның енді айтайын бөрің, — деді.
2390 Атамыз падиша ұғылына берем десе,
Көңілім сенің үшін жарым, — деді.

Кірген жоқ һешбір шүһбә көңілімізге,
Сүймеймін падишаны сізден өзге.
Бір күні ағу беріп өлтірмекші ем,
Шаһзада аламын деп келсе бізге.

Қатын боп падишаға бой бермеспін,
Мен сізге падишаларды теңгермеспін.
Атамыз бермек еді бізді жастан,
Бұзғанын уағдасын жөн көрмеспін.

2400 Не қылдық атамызға біз осынша,
Екеумізді әуре қылды мұнша?
Екі апаны ерітіп алып біз баралық,
Біздегі бүгінгі түн жағар монша.

Моншаға үш қыз алып кетейік біз,
Айтысқан уағдаға жетейік біз.
Жеті түйе екеуміз мініп алып,
Бір қаладан бір қалаға өтейік біз.

Сөйтіп алып қашайық басымызды,
Дұшпан болған тастайық қасымызды.
Қорғалап күні-түні мұнда жүрсек,
2410 Тауыса алмаймыз көзімізден жасымызды.

«Жарайды» деп Таһир де қабыл етті,
Ертеңінде жеті түйе өзірлетті.
Үш түйеге үш қызды салып алып,
Жетеу болып моншаға жүріп кетті.

Бұларды малғұн Ғараб көріп қалды,
Таһирды «қыз емес» деп танып алды.
Жөніне өтіп бара жатқанында,
Бір назымды Ғараб сонда айта салды.

— Қатар-қатар түйелер
2420 Жиылып-жиылып кетеді.
Таһирдайын хош жігіт
Қыз есімінде кетеді.

Таһир мұны есітті ғажаптанып,
Қайрылып «кім екен» деп көзін салып.
Қайта айналып ат мойнын бұрғанынша,
Зүһра «жүр» деп жөнелді айбаттанып.

Зүһра зор қауіпті болды сонда,
Моншаның есігіне келді сонда.
Таһирға жылап тұрып сөзін айтты,
2430 Сарайға кірмекші боп тұрғанында.

— Әй, жарым, мен аяймын өзіңізді,
Байқашы ой жіберіп көзіңізді.
Менім айтқан сөзімді достық деп,
Әгар да қайтармасаң сөзімді.

Сен өзің тілімді алсаң, болшы бекем,
Бұл монша болмайды ғой сізге мекен.
Ішіне бұл моншаның кіріп кетпей,
Аз ғана сабыр қылып тұрсаң екен.

Көзінен жас ағызды осылай деп,
2440 Тағы да Таһир үшін уайым жеп.
Таһир айтты Зүһраға: — Әй, сұлтаным,
Бұл жылап тұрғандығың, не себеп? — деп.

Енді айтайын мен зарлық еткенімді,
Көңіліме кетпес қайғы біткенімді.
— Манағы Ғараб құлың біліп қалды,
Сен мұнда қатын болып кеткеніңді.

Ол барып патшаға хабар берсе,
Атам тағы құл сөзін мақұл көрсе.
Ісіміз біздің мүшкіл болады екен,
2450 Әскер алып артымыздан мұнда келсе.

Басыңа ашылмайтын қайғы салса,
Ғаріп болып көңіліміз ғапыл қалса.
Моншаға түсеміз деп жүрген кезде,
Сарайды қамап жүріп ұстап алса.

Әскерді жалғыз өзің қуа алмассың,
Бәрінде ұстап алып буа алмассың.
Басыңды қылышпенен кескеннен соң,
Анаңнан бала болып туа алмассың.

Көп жанға барабар келмес күшің,
2460 Сен өлсең, бүтін тұрмас менім ісім.
Алла Тағала көрсетпесін маған ондай,
Зар тұтып жылағаным соның үшін.

Таһир сонда айтады: — Білсін, — деді,
Әскер ап артымыздан келсін, — деді.
Сақтаймыз жанды қайда бекер жүріп,
Ажал жеткен күнінде өлсін, — деді.

Есіктен Таһир бүйтіп кіріп кетті,
Зұһра тағы келіп нияз етті:
«Менім айтқан сөзімді тыңдаңыз» деп,
2470 Таһирға қайта-қайта зарлық етті.

Зұһра айтты: — Бір түйе мініңіз, — деп,
Бір жерге жасырынып тұрыңыз, — деп.
Бір назымды Зұһраға айтты Таһир,
Менім мына сөзімді біліңіз деп.

— Ақыл-хайла құрсаң да,
Болар істер болар ол.
Көңіліңді кең тұтсаң да,
Болар істер болар ол.

- 2480 Таһир ғаріп һеш нәрседен уайым жемес,
Зүһраның айтқанына болар емес.
Бұлар тұрсын рахаттанып моншасында,
Ғараб құлдан сөйлейін енді кеңес.
- Малғұн құл падишаға барды жетіп,
Таһирды «қыз емес» деп мағлұм етіп.
— Түйе үстінде таныдым, тақсыр, — деді,
Қарамастан артына қалды кетіп.
- 2490 Естіп падиша көңілі болды жаман,
Ашуланды бұрынғыдан онан әрман.
Таһирды ұстап алып келтіруге,
«Бес мың адам әзірле» деп қылды пәрмен.
- Бір сағатта бес мың адам келіп қалды,
Ғараб малғұн осылай бүлік салды.
Тез заманда моншаның айналасын
Әскерлер жібермеске қоршап алды.
- Жарианың біреуі шыға келді,
Кеп тұрған әскерді анық көрді.
«Айнала әскер қамап тұр екен» деп,
Таһир мен Зүһраға хабар берді.
- 2500 Естіп, қорықты екеуі халі қашып,
Әскер тұр ту сыртында жабырласып.
Таһирдың қолға тұтқан қайраты жоқ,
Не шара қалды енді жаман сасып.
- Таһир да: — Тұта алмадым сөзің, — деді,
Келетін айтып едің кезің, — деді.
Іс өткен соң бейшара өкінді бек,
— Кез болдым ажалыма өзім, — деді.
- 2510 Махфүзда қойған шығар Тәңірім сызып,
Соның үшін жүрдім ғой күшке қызып.
Қайрылып Зүһраға назым айтты,
Өзінің шыбын жанынан үміт үзіп.

— Мейірбаным, хош енді,
Шаһариарым, хош енді.
Жазылған іс болады,
Алудағым, хош енді!

Бізге жетер күн жетті,
Сізге қалар күн жетті.
Ғашық жарың артынан
Дұға қылар күн жетті.
2520 Жеті жылдық қасіретің,
Жеті жылдық мехнатың
Кетер күні жетті енді.

Мейірбаным, хош енді,
Айрылар күн жетті енді.
Шаһариарым, хош енді,
Алдырар күн жетті енді,
Шаһариарым, хош енді.

Қанды жасым көрсеңіз,
Гауһар тәнім білсеңіз,
Қара жерде қор етпей
2530 Алып көміп қойсаңыз.

Жиылып келген көп әскер
Күннің жүзін қоршайды.
Кетер күні ғаріптің
Тез жеткенге ұқсайды.

Алла медет қылмаса,
Құтылмағым қиын-дүр.
Алла медет бермесе,
Тез өтпегім қиын-дүр.

Ғаріп жарлар көрінсе,
2540 Бізді еске алыңыз.
Опадарым, хан қызы
Дұға қылып тұрыңыз.

Ғашық жарым, хан қызы,
Аман-есен болыңыз.

Артта жылар кісім жоқ,
Рақым қылар кісім жоқ.
Қара жүрек атаңнан
Тілеп алар кісім жоқ.

2550 Мейібаным, әлфирақ,
Ділбар жаным, әлфирақ,
Пида болған жолыңда
Хан жаһаным, әлфирақ.

Таһир және Зүһраға айтты сөзді:
— Дұғаңыздан тастама, — деді, — бізді,
Моншадан шығады енді жылай-жылай,
Бү жолда шыбын жаннан үміт үзді.

2560 Әскердің арысландай кірді ішіне,
Жиылып бәрекедді, келісіне.
Ұрып жүр жұмырығын шоқпар қылып,
Кез-келген шыдамады қол күшіне.

Төмпештеп ұрып жатыр жылдамдатып,
Маңайына келе алмай жүр адам батып.
Соғысып олай-бұлай жүргенінде,
Қылышын біреуінің алды тартып.

Қылышты алғаннан соң қайраттанды,
Жалғыз өзі әскерге қырғын салды.
Қаһарман мысалынша қырып жүріп
Бір сағатта өлтірді жүз адамды.

2570 Өлтірді кейбірінің мойнын бұрап,
Һәммасы қорыққанынан түр қалтырап.
Әскер басы кісі салды падишаға,
«Тағы да жіберің, — деп, — кісі сұрап».

Падиша жібереді бес мың кісі,
Пендеге бұ да болса Құдай ісі.
Жабылып өлтірмекке ортаға алды
Іркіліп кейін қалмай жас-көрісі.

Өлтірді Таһир тағы алты жүзді,
Кейін шауып, кейінің басын үзді.
Әскер басы айтады: — Ұстайық, — деп,
2580 Соғысқанға таусады мынау бізді.

Қылыш өтпес арқанды алды сайлап,
Божырадай дөң көззап алды жайлап.
Таһирдың дәл үстінен арқан тастап,
Шырматып жан-жағынан алды байлап.

Жан-жағынан құлатып байлап алды,
Алдына падишаның алып барды.
— Бұ жаһанда қалмасын мұнан рух, —
Жалладқа «басын кес!» деп жарлық салды.

Падишаның санады мен уәзірлері,
2590 Бала оқытқан мұғалім, ғалымдары.
Таһирды падишадан тілек қылып
Тіледі бір мәртебе оның бәрі.

— Әй, тақсыр, құлағың қой, мына сөзге,
Өлтіру лайық емес тіпті сізге.
Әскерге бір күнде өзі бас болмай ма,
Бір дұшпан шеттен жау боп келсе бізге.

Бекерге зайығ қылма ер жігітті,
Құдайым өзіңізді падиша етті.
Таһирға Зұхраны бермек едің,
2600 Өзіңіз уағдаңыз қайда кетті?

Патша айтты: — Үш назым бастасын ол,
Мен азат қылғанымша саспасын ол.
Үш назымның ішіне өз атымды,
Зұхраның атын да қоспасын ол.

Назымға атын қосса, кесем басын,
Сөзімді менім айтқан жұрт тыңдасын.
Қан төгіп бұ күннен қалдырмасқа,
Падиша айтып қойды уағдасын.

2610 Жәмағат һәрбір сөзін тыңдасын да,
Арманы толып жатыр бір басында.
Үш назымның біреуін бастайды енді,
Майданның байлаулы тұр ортасында.

Бірінші назым

Кел деп бұлбұл ағылайды,
Дерттісіне дағалайды.
Мәжнүңдейін Таһирдың
Орны дағалар ұлғайды.

Екінші назым

Тікенек бұлбұл жылатар,
Ғашығын кім жылатар.
Бір күймеге мінгенмен
2620 Мені күн жылатар.

Бұ тараптан Зүһра келген екен,
Біреуден Таһирды сұрап білген екен.
Назым сөзін айтқанын білейін деп,
Таһирды терезеден көрген екен.

Таһирдың Зүһраға көзі түсті,
Құданың құдіреті болған күшті.
Көрген соң ықтияры қолдан кетіп
Жаңылып Зүһраның атын қосты.

Үшінші назым

Ғашық болып, жан берген,
2630 Үшбу жүзге ұқсайды.
Бір ай туған қарсымда
Зүһрам хорға ұқсайды.

Бұл сөзін патша естіп: — Өлтір, — деді,
 Мойнынан туғры қаза келтір, — деді.
 Назымға Зүһраның атын қосты,
 Тезірек хүкімімді бітір, — деді.

Шарасыз жаллад келді қылыш тұтып,
 «Падишаның әмірі» деп келді жетіп.
 Таһирдың жағасынан ұстап алып,
 2640 Сиясат майданына отыртып.

Әмірің қылыш сермейді,
 Қозы аман тілейді.
 Қара көзді, жан Зүһрам,
 Қарсы шығып күлген-ді.

Таһир және назым айтады

— Жаллад мойным ұрса екен,
 Қаным жерге ақса екен.
 Қайғым шекпе, гөзалдар,
 Зүһрам үміт кессе екен.

Падиша ақырады: — Сұрасын, — деп,
 2650 Мойныңды кімге таман бұрасың, — деп.
 Қышқырды: — Қылышпенен шап мұны — деп,
 Сен қарап не нәрсеге тұрасың, — деп.

Байлап жаллад келіп Таһир көзін,
 Есітіп падишаның қаһар сөзін.
 Қылышын қынабынан шығарды да,
 Таһирды үш мәртебе айланады өзін.

Жаллад және тоқтады қайта айналып:
 — Әй, падиша, рақым қыл, — деп қайғыланып.
 Кесілген бас орнына келмес, — деді,
 2660 Қылышын иініне тура салып.

Падиша ишарат қылды «жылдам ұр» деп,
 Жаллад та шаппақ болды сөзін елеп.

Таһир ғаріп өлерін енді біліп,
Патшаға зарланады аман тілеп.

— Падишаһым, аламан,
Хан, сұлтаным, аламан.
Рақым қылсаң қозыңа,
Ұлық ханым, аламан.

2670 Атасы жоқ бір ғаріп,
Панасы жоқ бір ғаріп,
Күнәһы жоқ бір ғаріп
Жанын қисаң, аламан.

Хандар рақым қылмас па,
Ғаріп сөзін қимас па?
Мәжілісі кең хандарға,
Ғаріп сөзі сыймас па?

2680 Сіздей әділ хан болса,
Уағдасында тұрмас па?
Тілеп келген дәруштің,
Ажал қанын қимас па?

Әуелі бізді жаратқан
Бір Алладан тілеймін.
Себеп болған өлімге
Екінші сізден тілеймін.
Жетім қозы қанынан,
Бағыштасаң аламан.
Ғаріп, міскін қанынан
Бағыштасаң, аламан.

2690 Сізден бөтен бұ жерде
Медет қылар кісім жоқ.
Сізден медет болмаса,
Рақым қылар кісім жоқ.

Падиша: — Өлтір, — деді, — рақым қылмай,
«Шапағат қыл» дегенге тіпті болмай.

Жаллад және: — Өмірің, падиша, — деді,
Ұлыққа қарсылық жоқ [деді] шыдай алмай.

Таһир айтты жалладқа: — Ағам, — деді,
Бір минут рұқсат бер маған, — деді.
Жаллад берді мүһләт Таһиржанға,
2700 «Босаттым біраз ғана саған» деді.

Таһир алды екі мезгіл таһаратын,
Намаздан оқып тұрды екі ракағат.
«Құдай-а, бұ сағатта жанымды ал» деп,
Алла Тағалаға оқыды мінәжатын.

Тіленіп бір Аллаға зарлық күтті,
Көтеріп екі қолын бір дұға етті.
Екі қолын жүзіне сипағанда,
Ғазиз жан кеудесінен шығып кетті.

Таһирдың Хақ Тағала жанын алды,
2710 Бүгілтіп есіл төнді жерге салды.
«Қылышпен басын кесем» деген жаллад
Көтеріп иініне босқа қалды.

Зүһра мұны көріп, қапа тартып,
Ақылсыз болып қалды біраз жатып.
Аздан соң есін жиып тұра келді,
Жан-жағына пышақ пен қылыш атып.

Біреуі падишаға барды жетіп,
«Қызың халсіз болды» деп мағлұм етіп.
Сондай болды дегенін естігенде,
2720 Жығылды падишаның есі кетіп.

Есін жиып, шақырды қожаларын,
Дәрігер, бақсы, балгер жиды бәрін.
Дертіне бір себеп болар ма екен,
Қараңдар, келгеніне шамаларың.

Мұнафиқтың біреуі айтты падишаға:
— Бір дауа біз айталық Зүһраға.
Бір жапырақ етінен жегізсеңіз,
Қаларсыз ақырында тамашаға.

2730 Таһирдың бір жапырақ етін кесіп,
Қуанды «жазылады» деп көңілі өсіп.
Бәліш қып Зүһраға әкеп берді,
Даладан табылғандай халал нәсіп.

Қас қылды Зүһраға бар Құдайым,
Алдына кәбап қылып қойды дайын.
Апасы Таһир етін білген екен,
Баян қып Зүһраға айтты жайын.

«Таһирдың кесіп алған етінен» деп,
Апасы баян қылды уайым жеп.
Бұл назымды айтады баршасына
2740 Зүһра есін жиып, халіне кеп.

— Әй, татарсыз, татарсыз
Бір-біріңе оқ атарсыз.
Базарда ет біткен бе,
Таһир етін сатарсыз.

Құлағын һеш қайсысы салмады енді,
Айтқанын Зүһраның алмады енді.
Андайын соң атасының жанына кеп,
Бұ назым айтып тұрып зарлады енді.

— Хан затына бергісіз
2750 Ханның қадірін білмейсің.
Бұ дүниеге бергісіз
Ханның қадірін білмедің.
Тілеп алған Алладан
Жігіт қадірін білмедің.
Салтанаты көміл-ді,
Шаһзададай асылды,

Палуандай нәсілді
Жігіт қадірін білмедің.

2760 Көп еліңнің ішінде
Таңдап алған дұшпаның.
Неше күндер күзетіп
Аңдып алған дұшпаның.

Енді басын шауыпсың,
Рахат тыныш тауыпсың.
Дұшпан еді көп күннен
Енді өшіңді алыпсың.

2770 Ол еліңде бар болса,
Айырар ма еді өзіңді?
Дұшпан жауың келгенде,
Берер ме едің өзіңді?

Зор тойыңды қыл енді,
Көп ойыңды құр енді.
Төрт жағыңа жар салып,
Зор ойыңды қыл енді.

Қызың тілін алмадың,
Құлағыңды салмадың.
Таһир жарым дегенде
Қайрылып көз салмадың.

2780 Енді кеңес құрарсың,
Рахаттанып тұрарсың.
Мен де артынан кетейін,
Тыныштанып тұрарсың.

Таһирдайын ер жігіт
Іздесең де табылмас.
Таһирымдай хош жігіт
Не қылсаң да табылмас.

Әділ хандар жолына
Тоспайды ғой, әй, ата.
Бұл жалғанда біздерді
2790 Қоспадың ғой, әй, ата.

Қиямет күн, Құдайым
Бізді қосса керек-ті.
Һәр жаралған пендеге
Үкім қылса керек-ті.

Маған салған сарайың
Ішіне от сал енді.
Жалындатып, жандырып,
Бір қыздыртып қал енді.

Бү сөзі Зүһраның жарасады,
2800 Алланың бұйрығынан кім асады.
Зүһраның бұл халін көргеннен соң,
Уәзірлермен ғалымдар жыласады.

Зүһра сарайынан шығып кетті,
Таһирдың денесіне барды жетіп.
Топыраққа былғанып жатыр екен
Бір назым енді айтады зарлық етіп.

— Ақ гүл менен қызыл гүл
Мұндай хараб болғаны.
Бұлбұл менен тоты құс
2810 Ханның қарап қырғаны.

Ғашығым илән Таһиржан,
Бұл халдерге түсіпсің.
Гүл жолымды, Таһиржан,
Не халдерге түсіпсің.

Сен ғашығым кеткен соң,
Кіміңменен жүргеймін?
Сен есіме түскенде,
Кімді көріп төзгеймін?

Ғеш жар болар кісім жоқ,
2820 Көңіл аулар кісім жоқ,
Сенен қалып қайтейін,
Рақым салар кісім жоқ.

Айтсам сөзім жетпес-дүр,
Қайғың естен кетпес-дүр.
Ғұмырым бойы зар қылсам,
Мұңды зарың бітпес-дүр.

Сенен қалып жүргенше,
Қасірет уайым жегенше,
Бойың құшып жатайын
2830 Қайғыларың көргенше.

Зарлық қып Зүһра сұлтан жылай берді,
Құшақтап кеудесінен Таһир ерді.
«Иләһи, бұ сағатта бұл жанымды
Алсаң» деп нала болып айтып тұрды.

Тілегін Хақ Тағала қабыл етті,
Сол араның өзінде ажал жетті.
Таһирды иіскегенде шықты жаны,
Бір күнде екеуін де шаһид етті.

Шаһзадалар ғұмыр өтіп құмдай болды,
2840 Ғашығы бұрынғының сондай болды.
Падиша уағдасында тұрмағаннан,
Мінеки, ақырында мұндай болды.

Әлқисса, қастық қылған малғұн Ғараб,
«Таһирды көрейінші» деді барып.
«Қандай түрде келісіп жатыр екен,
Өлтірттім ғой бәрін де бұзып-жарып».

Жетіп кеп көзін салды Таһир ерге,
Қасында Зүһра өліп жатыр бірге.
Қанжармен өзін-өзі ол да шаншып-шаншып,
2850 Ажал жетіп жығылды қара жерге.

Себебі Зүһраны көреді екен,
 Ғашық боп көрген сайын жүреді екен.
 «Күйеу бала болам» деп падишаға,
 Сол үшін ханға хабар береді екен.

Алладан пайғамбарға хабар деймін,
 Жаласын ғұмыр бітсе жабар деймін.
 Өзіне лайық болмаған дәрежені
 Сүйсе һәркім жазасын табар деймін.

2860 Хадимдер падишаға барды жетіп,
 «Зүһра жаңа өлді» деп малғұм етіп.
 «Жалғызың өліп қалды» дегенінде
 Жығылды падишаның есі кетіп.

Андайын соң ханымға да хабар берді,
 Сарайдан жүгіріп ханым шыға келді.
 Жиғызып падишаның есі-түсін,
 Екеуі Зүһраны келіп көрді.

2870 Көрсе Зүһра Таһирды құшақтаған,
 Екеуі қатарымен өліп қалған.
 Сақал мен шашын жұлып хан мен ханым
 Болды деп қиямет күн зар жылаған.

— Көрсеттім өлтірші, — деп, — мен хәкімді,
 Балам деп мен айтамын енді кімді?
 Падишаның жылағанмен шарасы не,
 Зүһраны бермегенге бек өкінді.

Алладан қайта барып ала алмады,
 Сынған шыны орнына жамала ма?
 Болған іс болып қалды оңары жоқ,
 Өлген кісі қайтадан жарала ма?

2880 Падиша айтты: — Ғарабты келтіріңіз,
 Басын кесіп малғұнды өлтіріңіз.
 Уасуасаның бәрі де болды сонан,
 Енді қалған ғұмырын бітіріңіз.

Ғарабтың падиша білмес өлген кезін,
Бұлайша деп хадимдер айтты сөзін:
— Әй, тақсыр, Ғараб құлың өлген, — деді,
Қанжарменен құса боп шаншыған өзін, — [деді].

Ғалымдар көңіл айтты падишаға:
— Қонақпыз бәріміз де дүниеге.
Жылаудың пайдасы жоқ, қайтып келмес,
2890 Сабырлық қыл, Таһир мен Зүһраға.

Екеуін қоса алмады жарастырып,
Ақылдан Зүһра кетті адастырып.
Падиша әмір қылды: — Қабір қаз, — деп,
Екеуін бір-біріне жанастырып.

Екеуі Таһир — Зүһра қатар өлген,
Алланың әміріне пенде көнген.
Манағы Ғараб құлды алып келіп,
Бастарының ұшына оны көмген.

Тамам жұрт қайтып кетті жиылысып,
2900 «Тағдырға қылар шара бар ма?» десіп.
Қабірінің үстіне Зүһраның,
Жасарып пайда болды ақ гүл өсіп.

Қызыл гүл шықты үстіне Таһир ердің,
Тілеуін һәр пенденің Тәңірім бердің.
Екі гүл жапырақ шықты екеуіне,
Қарасаң тамашасын осы жердің.

Құдайым құдіретпен мұндай қылдың,
Қара тікенек үстіне шыққан Ғараб құлдың.
Екі гүл қосылайын дегенінде,
2910 Түседі арасына екі гүлдің.

Тікенек айырады екі гүлді,
Басына зиарат қып һәркім келді.
Қастығы өлгенінде де қалмады-ау деп,
Алланың құдіретін ойлап білді.

«Алланың құдіреті» деседі екен,
Балтамен көрген адам кеседі екен.
Жылында кесіп тастап, қайтып келсе,
Бұрынғы қалпындай өседі екен.

2920 Жылында және кесіп кетеді екен,
Таһирдың ғашықтығы өтеді екен.
Келген ғашық балтамен кесіп кетсе,
Тағы да қалыбындай бітеді екен.

Зиарат қып жүреді келген адам,
Үлкен зират болыпты осы заман.
Көбейіп маңайына қабір тұрған,
Ажалдан құтылмады һешкім аман.

2930 Бітірдім мен Ақылбек мұның өзін,
Таһир мен Зүһраның өлген кезін.
Ахмет деген бір ноғай басқан екен
Ғұсмания тауарихтан Таһир сөзін.

Мұхаммед Зариф ұғлы Ахмет ноғай,
Оқуды қуар едім халім жоқ-ай.
Ноғай тілден аударып өлең қылдым,
Оқыған қазақтарға болсын оңай.

2938 Қазақша өлең қылып жаздым өзім,
Өзім өлсем жоғалмас осы сөзім.
Хикаятты қиссаға айналдырып,
Қате боп кете ме деп талды көзім.

Бозаманның қиссасы

Ертеде Қарабай деген бай болыпты. Бұл Қарабай төрт түлік малға сай болыпты. Қарабай бәйбішесі екеуі де қартайғанша отырады. Бұлардың бұрынғы туған балалары өліп, мұнан кейін бәйбішесі тағы да жүкті болып, бір ұл табады. Ол баласының атын Бозаман деп қояды. Бозаман күн сайын, ай сайын өсіп үлкейеді. Өзі әрі байдың мырзасы, әрі алып батыр болып, он бес жасқа келгенде өзіне бір лайықты жар іздеп, елін аралап, елінен өзіне лайықты сұлу жар таба алмайды.

Бозаман елінен лайықты қыз таба алмаған соң, жан-жақтан хабар салып, көрінген жолаушылардың жолын тосып сұрайтын болыпты.

Бір күні өзінің көп жылқыларын Тұнық деген көліне айдап келіп суғарып жүргенде, алыстағы асудан бір жалғыз атты жолаушының алдынан шығып Бозаман өзінің басындағы ғашықтық құсасын айтып баяндайды. Сол Бозаманның қиссасы өлеңмен айтылады.

Хикаят болсын бір ғазал,
Тіліме медет бергесін,
Жаратушы Зұлжалал.
Кеңес десе шалқыған
Көңілімді дария бір самал,
Естіген сөзді жазуға
Емес едім мен доғал.
Тірлікте көңіл шалқыды,
Ажал келсе жоқ амал.
10 Құр жүргенше әуре боп,
Ақылың болса ойлайтын
Кезіңе келді бір қиял.

Естіген соң мен мұны
Қағазға неғып жазбайын.
Қарап қалмақ қиын-ды
Білген сөзді аздайын.
Бір армансыз дүние жоқ
Бозаман ердің жайынан,
Бір азырақ қозғайын.

- 20 Жалғыз туды Бозаман
Қарабайдың белінен.
Он бес жаста сандалды,
Қыз таба алмай елінен.
Отыра алмай үйінде
Мал суғарды бір күні,
Тұнық деген көлінен.
Жас уақытта желігіп,
Ойламайды өлімді.
Қарап тұрса Бозаман
- 30 Асқардың асу белінен,
Жалғыз қара көрінді.
«Жөн сұрайын мұнан» деп,
Атының бұрып тізгінін
Батырдың көңілі бөлінді.

Бозаман суғаруға айдап келген өзінің көп жылқыларына көңілін бөлместен бетімен қоя жіберіп, келе жатқан жалғыз атты жолаушыға қарай тартып жөнеледі. Алдынан шығып сөйлейді:

- Келесің қайдан, ей, жігіт,
Ынтықтырмай өзімді
Сұраған сөзіме қабар ет.
Дүниеде мен бір шерменде,
Жүректі алған жаман дерт.
- 40 Лайықты бір жар таба алмай,
Қапалықпен көңілім өрт.
Көңілім қапа болса да
Ерада жоқ бармасқа
Осылай болды айтқан серт, — дейді.

Бұл айтқан Бозаманның ғашықтықтың зардабының жүрегiнiң басын от боп шарпып күйдiрiп тұрғанын жолаушы жiгiт те бiлiп, Бозаманға айтқан жауабы.

— Құлағын тiгiп керiлер,
Наз бедеу ат шабылса,
Ай шұғыласы көрiнбес
Бұлт алып бетiн жамылса.
Күнөсi қанша болса да,
Жақсы кешер жалынса.
Мұратқа пенде жетпес пе
50 Ойға бiр талап алынса.
Қайтер едiң, Бозаман,
Iздеген жарың табылса.

Бозаман сонда сөйлейдi

— Қайғыменен толып жүр,
Бұл уақытта жүрегiм.
Жанымнан басқа нәрсенi
Жолыңа сарп етейiн.
Қабыл болса тiлегiм,
Өлтiрмесең айтсайшы
Қай тараптан көрдiңiз
Перiзаттың дерегiн?

Сонда жiгiт сөйлейдi

— Амалын ойлап ертерек
60 Оны да iздеп алуға
Сiз секiлдi ер керек.
Нәсiлi — қалмақ патшасы,
Мұрты ұзын Бурахан
Соның қызы Ақбiлек.

Мырзаға баян етедi,
Қысқартып сөзiн сағадан.
Мұрады ердiң осы едi,

- Бір жаралған тазадан.
Іздемеке ат қойды,
70 Сақтаса Құдай қазадан.
Ата-ана, жұрт ойда жоқ,
Ақбілекті іздеуге
Түзеді бетін Бозаман.
Талап еткен жігітке
Бір Жасаған пана еді.
Шын сыйынса ықыласпен
Мұрадын іздеп табады.
Бет алып мұнан жөнелді,
Қолыма қашан түсер деп,
80 Ақбілек атты дананы.
Дамыл алмай күн-түні
Бураханнның шәріне
Бозаман жетіп барады.

- Келгендігін білдіріп
Өкетпекке ілдіріп.
Патшаға қабар салады
Келгендігім білсін деп.
Пәруаз етіп ізденген
Біздің жайды көрсін деп.
90 Жұрт иесі хан болса,
Тілемес деп үміт бар
Ғашықтық оты сөнсін деп.
Әдепсіздік жай бару,
«Арызымды ауыз айтамын, — деп
Етсе ұлықсат келсін деп».

Бозаман келген соң Бураханға елшілікке бір адамды жіберіп,
келген жұмыстарын айтқызады. Мұны естіп патша айтты:

- Бұл бір жүрген ер шығар,
Кейшін көріп сөйлессек.
Мүддесін айтып жел шығар,
«Арызы болса алып кел
100 Бір қапалы шер шығар» деп.

Бурахан бір адам жіберіпті. «Бозаманның өзі келіп, келген жұмысы менен көңіліндегі мүддесін айтсын» деп [оны] шақыртады.

- Патшадан хабар алған соң,
 Бозаман тұрды жүрмекке.
 Ықылас, ниет, құлықтарын
 Шамалап ойлап білмекке.
 Ишарат етіп үйге енді,
 Белін байлап ерлікке.
 Ер жігіттер табады
 Ат үстінен ырысын.
 Патшаның көңілі ұнатты
 110 Бозаманның туысын.
 Амандасып отырып,
 — Балам, не? — деп сұрайды
 Бұл жаққа келген жұмысың?
 Жалғыз атты жас бала,
 Баян етші іркілмей.
 Қайсы жұрттан боласың,
 Қандай байдың ұлысың,
 Қай патшаның құлысың? — деп.

Бурахан патша Бозаманнан «ата тек, ел-жұртың кім?» деп сұрағанда Бозаман іркілместен отырып жауап береді.

- Қай уақытта білмеймін
 120 Көңілімнің тынарын.
 Жылай-жылай қан алды,
 Екі көзім жанарым.
 Қолыма түспей аһ ұрдым
 Гүл шашылған шынарын.
 Білмесең өзің бимағлұм
 Іздеген жоқтың боларын.
 Ас өтпей ішсем тамақтан
 Ұйқы қашып қабақтан,
 Болмады ешбір қарарым.
 130 Жолдасым алған елімнен
 Жоқ жанымда жараным.

- Сағым қуып келемін,
Көргенімше басылмай
Аһ, дариға, құмарым.
Перізатты таба алмай,
Болды басым шерменде
Біле алмай қайда тұрарын.
Өзіңе келдім, ей, патшам,
Бір жаманға жалынып.
- 140 Алып бер деп сенгенше,
Бұл күнде менде тыным жоқ
Ақбілекті көргенше.
Тоқталмаспын талаптан
Ажал жетіп өлгенше.
Беліме садақ байландым,
Жаңадан оқты жондырып.
Ерегіскен дұшпанның
Кетемін көзін жұмдырып.
- 150 Сүйегімді танысаң,
Арқандамай желдіріп.
Балапан ғып бақ мені
Оң тізеңе қондырып
Ақбілекпен күлдіріп,
Көңілімді тындырып.
Егер де қабыл көрмесең,
Желпілдетіп туларың.
Найза ұшымен қиратып
Бұл қалаңның шуларын.
Қазақтың зайыпқыранын
- 160 Әкелгенше төндіріп.
Қай таңдауын өзің ал,
Айтқаным осы білдіріп, — дейді Бозаман.

Бурахандай ханыңыз,
Айтқанын қабыл көреді.
Келсе баулып бағуға
Лашын аққу іледі.
Өзі қалмақ демесең,
Ақылға диқан, кең еді.
Риза болып сөзіне

- 170 Миығын тартып күледі.
— Ерлігіңе зауық еттім,
Бермеймін деп айтпаймын
Ақбілек өзі біледі.

Патшаның аузынан мұндай лебіз сөз шыққаннан соң, Бозаман да тақаты қалмай Ақбілекке барып, бір адамның айтып естіртуіне асықты.

- Бозаманда тыным жоқ,
Сабыр етіп тұруға.
Ізденіп келген жұмысы
Келе жатыр тынуға.
Ақиқатын бұл сөздің
Патшадан қабар алған соң
180 Білдірді қалық сұлуға.
— Бізден бұрын өтіпті
Неше қатар ел болып.
Солардан жалғыз біз емес
Су аққалы жер болып.
Жылағанды уантар
Патшаның көңілі кең болып
Ата-анасы ойламас
«Жүрсін, — деп, — балам кем болып»
Ирамбағы шәрінде
190 Тұрасыз бейне гүл болып.
Жан тумас деп ойлаушы ек,
Сеніменен тең болып.
- Қолға түсті бір бұлбұл
Бұған өтсек арман жоқ.
Еркегіміз қызметкер
Әйеліміз күң болып.
Түбі — терең, ұшы — ұзын
Ойлап пенде жете алмас.
Тоқталатын не сөз бар,
200 Осы келген мырзадан
Қызыл тілге бұл күнде,
Шауып жүйрік өте алмас.

- Қолдағыдан айырылып,
Ақылды адам ғайыптан
Кез болад деп күте алмас.
Сұлулық, ерлік сипаты
Пенде бұған жете алмас.
Алыс пенен жақынды
Алсаң дұрыс ақылды,
210 Бозамандай ерлердің
Қабарын айта біз келдік,
Ақбілек көрсең мақұл-ды, — дейді.

Ақбілек әкесінің кісі жіберіп, Бозаманға баруына ризалық білдіргенін анық білген соң Бозаманды өзінің сарайына шақыртып алып, өзіне тең жар [екенін] байқап ұнатты.

- Көргеннен соң бір-бірін
Әзілмен сөзді сынасар.
Жиналған көп қалайық
Тамаша етіп қарасар.
Екі бекзат баласы
Бір-біріне жарасар.
Ақбілекті көрген жан,
220 Ақылынан адасар.
Осындай сұңқар болмаса
Бөтен неғып жанасар.
Бозамандай ерлерді
Ақбілек сұлу көрген соң,
«Құдай қосқан жарым» деп
Көңілі болды миясар.
Бұрынғы бойда қасіреттің
Бәрі де қалды арылып.
Іздеп шыққан елінен
230 Ғашықтықпен сабылып.
Күйеу мен қыз қосылып
Төсегі қалды салынып.
Соныменен неше жыл
Өткізді бұлар өмірін
Мұраты ердің табылып.

Бозаман батыр Ақбілекпенен қосылысып, ғашықтық мақсұты орындалып, сол жерде бірнеше жыл тұрғаннан кейін, Бозаманның бір күні ата-анасы менен ел-жұртын, туған құрбы-замандастарын сағынып, еліне қайтуға атасы Бураханнан ұлықсат сұрап айтқаны.

Өркімнің ісі өзіне
 Теріс те болса мақұл-ды.
 Ойлап білер кез болды,
 Алыс пенен жақынды.
 240 Ел сағынып бір күні
 Бозаман ер патшаға
 Қабар салған секілді.
 «Мұнысы дұрыс екен» деп,
 Күйеуі мен қызын өзінің
 Ордасына шақырды.

Патша отырып сөйлейді

— Ақбілек пен Бозаман,
 Сөзіме сал құлағың.
 Өміріңше бұл жерде,
 Тұрулыққа сендердің
 250 Ұқсамайды сияғың.
 Еншіңді бөліп берейін,
 Міндетті емес тұрмағың.
 Аманыңда жұртың тап,
 Ата-анаңа баруға
 Ұлықсат бердім, қарағым.
 БІқыласы түсті патшаның
 Баласына еміреніп.
 Ақбілек сұлу толғанды,
 Жорға мініп теңселіп.
 260 Қырық түйеге жүк артып,
 Жетектетіп бір күңге
 Жөнелді бұлар күңіреніп.
 Төтелеп асты асудан,
 Көңілі ердің желденіп.
 Екі шаттық бойында

Қауіпі жоқ ойында,
Сапары қайтты жөнделіп.

- Ал, жамағат, құлақ сал,
Қатарында адам жоқ
270 Ақбілектен сымбатты,
Неше асу белдерден
Қиялап батыр жөн тартты.
Уайым, қайғы-қасірет
Көңіліне алмапты.
Тұнық көлге келгенде,
Күні толып сұлудың
Бақан құрып толғатты.
Отыратын жағалай,
280 Бұрынғы байтақ елінен
Жанды қарға болмапты.
Қысқасынан түсінсін
Сөзді ұзатып термелік.
Кіндігін күңге кестіріп,
Атын қойды Тұрлыбек.
Құдайы беріп тілегін
Ақбілекке болды ермек.
Елінен дерек біле алмай,
Бұларды мұнда қалдырып,
Бозаман елін іздемек.

Бозаман жасынан бір ғашықтықтың зардабынан қиып тастап кеткен ата-анасы менен ел-жұрты Тұнық көлінде жоқ болған соң, елін іздемекші болып айтқаны.

- 290 — Жалғыз жүріп өткіздім,
Жас уақытта күнімді.
Көңілім суып менім тұр,
Көріп Тұнық көлімді.
Тұрлыбек пен екеуің
Бір Аллаға аманат,
Іздеймін байтақ елімді.
Тым болмаса жұрты жоқ
Отыр ма деп ойлаймын,

- Осы күнде біздің ел
 300 Көргендей боп көрімді.
 Мұны айтып Бозаман,
 Астындағы бедеуін
 Қамшы салып тебінді.
 Күн жарымның кезінде
 Елден дерек білінді.
 Аңқытып келе жатқанда
 Бір орданың ішінен
 Кемпір мен шал көрінді.
 Ата-анасын көріп шыдамай
 310 Ат үстінен сөйлейді:
 — Қатар-қатар нар бар ма,
 Жалғзынан айырылған?
 Мұнда кемпір, шал бар ма,
 Мүсәпір болып жол шеккен?
 Жалғыз атты жолаушы
 Бізге шығып жөн айтар.
 Бұл орданың ішінде

Сөйлесетін жан бар ма? — деп тұрғанда, есік алдында үйіндегі отырған Тыным деген жеңгесі Бозаманның даусынан танып, далаға жүгіре шығып айтқаны.

- Айналайын, келдің бе,
 320 Адасып кеткен, ұғланым.
 Жаста естіген даусыңды,
 Ұмытпаушы ед құлағым.
 Қай тараптан келдіңіз,
 Бір білінбей тұрағың.
 Мүсәпір болып жол шеккен
 Өзіңді-өзің жасырған
 Бозаманбысың, қарағым? — дейді.

Сонда Бозаман жеңгесіне өзін танытпай айтқаны

- Жамандықты еш уақыт,
 Өзіне пенде тілемес.
 330 Қараңғыда жазым көп,
 Байқауға анық кез емес.

Бозамандай ерлердің
Жүретұғын жері емес.
Жаза бастың, жеңеше,
Анықтап, әбден байқаңыз,
Сағынған қайның мен емес.

Тыным сонда сөйлейді

— Өуре қылма өзімді,
Бейне бала меңзетіп
Аңдап тұрмын сөзінді.
340 Бір көруге зар етгің
Қарағым-ай, ізіңді.
Қалай десең олай де,
Қараңғыдан жарқ еткен
Таныдым, қайным, көзіңді, — деген соң Бозаман-
ның да жүйесі босап, атынан түсіп, жеңгесіменен көріседі.

Құдайым басқа салады
Неше түрлі әр істі.
Зарықтырмай жеңгесін
Атынан түсіп көрісті.
Үйге енуге шыдамай
350 Сұрап жатыр мәністі.

Тыным тұрып сөйлейді

— Үйде отырған, ата-анам,
Көңілден қайғы бұзыңыз.
Бұрынғыдан, иншалла,
Тыңдаулы болар қалыққа
Біздің айтқан сөзіміз.
Жаңа келді шүйінші,
Адасып кеткен қозыңыз.
Естіген соң шыдамай,
Атасы мен анасы
360 Далаға шықты жүгіріп.
Шаттыққа Құдай жеткізді,
Баласы аман көрініп.

Түн ішінде жиналып
Ағайын келді жайланып.

Бозаманның ағайындары келіп, амандасып көрісті

Ашылды елдің таланы
Аман-есен көрген соң,
Жоғалып кеткен баланы.
Келіп жатыр бір-бірлеп,
Елінің жақсы-жаманы.
370 Бітіп қалған орынға
Сиыр менен қойды айдап,
Толтырды сол күн қораны.

Бозаманның ел-жұртын аман-есен көріп, танысып,
амандығын білгеннен соң, Ақбілек пен Тұрлыбекті Тұнық
көлдің басына әкеліп тастап кеткенін, соларды барып көшіріп
әкелуді айтқаны.

Ертеңгі таң атқан соң,
Бозаман тұрып сөйлейді:
— Ата-ана мен ағайын
Көрдім сені саламат.
Ойлап едім түсер деп
Көре алмай сенің бөріңді
Қиындық бізге мәлімет.
380 Тұнық көлге тастадым,
Алып келіп мен бір зат.
Бұраханның қызы ол,
Көшіп мұнда келуге
Ақбілекке қабар айт, — дейді.

Бозаманның бұл айтқанынан ел-жұрты есітіп білген соң,
Ақбілекті, Тұнық көлге қондырып тастап кеткен, көшіріп
алуға дайындалып, қырық қыз-келіншектер жиналысып,
жеңгелеріне жөнелді.

Ағайын, қалқы жиналды,
Той жарағын қылмаққа.

- Іздеп барып неше жыл
Барып қайтқан қалмаққа.
Қыз-келіншек жиналды
390 Жеңгесіне бармаққа.
Қырық қыз шықты сайланып
Алтын-күміс білезік,
Сақина, жүзік салмаққа.
Бұл сөз тұрсын осымен
Қалайынша кеп болар
Біз барайық күң жаққа.

Бозаман елін іздеп кеткен соң, түйесін жетектетіп келе жатқан қара күңі Бозаманға ғашық боп, амалсыз келе жатқан. Қалайда Ақбілектің көзін жойып, Ақбілектің орнына Ақбілек болып білдірместен Бозаманмен бір ойнап-күлуін арман етіп, Ақбілекке қастық ойлайды.

- Бозаман мұннан кеткен соң
Ақбілекке күң келді.
Айтқан сөзі көңіліне
400 Хайла да болса жөн көрді.
— Қан сасиды иісің,
Ертеңгі күні жиналып,
Қыз-келіншек келгенде
Табыла ма достық боп,
Айтпай тұру білгенді.
Мұрныма келді бір иіс
Суға түсіп тазармай,
Отыруда жоқ тиіс.
Сыртыңнан сізге күлер деп,
410 Етемін сізге қызғаныш.
Тұнық көлге жүр, шомыл,
Отырма бұлай былғаныш.
Бұрын мұндай көрмеген,
Далаға шығып жүрмеген,
Жамандық маған қылар деп,
Көңіліне келмеген.
Қара күңі қасында
Тұнық көлді жағалап,

Жоғары қарай өрлеген.
 420 Терең жерге келгенде
 Ақбілек тұрып сөйлейді:
 — Сеніменен бұл жерге
 Бірге келдім қосылып.
 Жалғыз өзім түсуге
 Қорқып тұрмын, қара күң,
 Тұла бойым шошынып.
 Ғұмырымша еш уақыт,
 Жайын суға түскен жоқ едім,
 Түс менімен шешініп.

430 Байқамаққа алдымен
 Қара күнді жіберді.
 Алдауына түсінбей,
 Артынан мұның ереді.
 Ақбілек түсті жалғасып
 Алдауына түсінбей,
 Бара жатыр қан басып.
 Ақбілектің сөзі бұл:
 — Күдіретіне Құданың
 Көңілімізді бөлмейік.

440 Тағдыры осы болған соң,
 Қалайынша көнбейік.
 Еш қызығың көре алмай.
 Арманда кеттім, Тұрлыбек,
 Рыздығың Хаққа міндеткер

Тапсырдым сені, жетімек, — деп ақырғы сөзін
 айтып, Ақбілек ажалдың қармағына ілігіп, артындағы
 қалған Тұрлыбегінің аман болуын арман етіп, су түбіне батып
 жөнелді.

Бұл ниетке күң түсті
 Көңілі бұлай бөлініп.
 Ақбілекті суға жіберіп,
 Үйіне қайтты желігіп.
 Қалампырмен шомылып,
 450 Опа-далап жағынып,
 Киімнің бәрін киініп.

- Уата алмай баланы
Қыз-келіншек келеді.
Әуре болып қара күң
Отырғанда бүлініп.
Аттан түсіп барлық қыз
Отауға қарай жүрісіп.
Қыз-келіншек әммесі
Жеңгесіне келісті.
- 460 Бас-басына иіліп
Сәлем етіп тұрысты.
Аттан түспей бір қыз тұр
Ішінен біліп мәністі.

Жалғыз қыз сонда сөйлейді

- Барлығыңның ақылың
Жалғыз менен кем екен.
Шырылдап жатыр құлыны
Тапқан анаң кім екен?
Он бес жаста қаңғырып,
Іздеп тапқан, ағекем,
- 470 Қиын болар көруің
Анықтап, әбден байқаңыз,
Мынау қара күң екен.

Қыздың айтқан сөзіне
Бөтені құлақ салмады.
Ерттеп әкеп мінгізді
Қара күңге жорғаны.
Күңіретіп көшумен
Қарабайдың қасына
Әкеліп тікті орданы.

Бозаман батыр жас кезінде әкесі Қарабайдың өзіменен жолдас болған, Қарамерген деген мергені Бозаманның аман-есен келгенін естіп, қолында сойып қонақ ететін малы болмаған соң, аң-құс аулап, атып әкеліп шақыруға мылтығын алып, атына мініп, Тұнық көлге жөнеледі.

- 480 Бозамандай ерлердің
Үйде жүрген мезгілде
Жасы жетіп қартайған
Бар екен Қарамергені.
Үйінде жатып естіді
Бозаманның келгенін.
Мылтығын іліп мойнына
Тұнық көлге жөнелді.
Шолақ байтал мінгені
Не көрінер көзге деп
- 490 Әр тарапқа қарады.
Шоқ қамыстың түбінде
Жатыр екен сарбас қу.
Еңбегіме жарар деп
Көңіліне ұнады.
Ұсынған мылтық кезінде
Сарбас аққу зарланды.
Не қыларын біле алмай
Қарамерген сол шақта
Ғажап қайран қалады.

Сарбас аққу зарланды

- 500 — Түсті басым аралға,
Шықпайтұғын қамалға.
Мен келінің, атпаңыз
Қарамерген қайнаға.
Өтірік деп бұл сөзді
Бөтен ниет ойлама.
Жалғзынан айырылған
Әуре болған мен мұңлық,
Жанымды менім қинама.
Білсең айтып қуантшы,
- 510 Шырылдап қалған жалғзым
Тұрлыбек аман барды ма?
- Сасқанынан Қарекең
Кейін қайтты еңбектеп.
Атына мініп шапқылап

Қамшы қылып тымағын
 Келе жатыр елбектеп.
 Шауып келе жатқанда
 Ат үстінде жүр екен,
 Бозаман шықты көлбектеп.

Қарекең тұрып сөйлейді

520 — Ат мінесің белдіктеп
 Жоғалған жоқтың қабарын
 Көзбенен көріп келдік, — деп.
 Тойды тоқтат, шырағым,
 Бұл еткенің кемдік, — деп.

Қалықтың бәрі білісті
 Күңнен сұмдық болғанын.
 Ақбілектей сұлудың
 Тұнық көлде қалғанын.
 Өлмесіне Алла себеп боп
 530 Бір сипатқа салғанын.

Бірі — тұзақ, бірі — тор
 Бет-бетіменен жөнелді.
 Кейбіреуі алып қармағын
 Тұрлыбекті өңгеріп,
 Бесігіменен алдына
 Кесе тістеп келеді,
 Бозаман ер бармағын.
 Жұрт жиналды шуылдап
 Шоқ қамыстың түбінде
 540 Аққу жатыр қимылдап.
 Даусын естіп баланың
 Қанатын ұшты сабалап.
 Тұрлыбектің басына
 Айнала ұшты жағалап.
 Балаға ана төзбес деп,
 Тастап еді бұл жерге
 Ақылменен шамалап.

- Сонша адамның ішінен,
Адаспастан баласын
550 Тапты барып аралап.
- Үстіне қонып зарлайды:
— Әлпештейтін бұл күнде,
Басымда менім күнім жоқ.
Жылғаныңмен қайтейін,
Айналайын, Тұрлыбек,
Емізер емшек сүтім жоқ.
Әлди-әлди, жылама,
Бұл қалыпқа түскен соң,
Анаңызда жату жоқ
Құндақта жатып шырылдап.
560 Жылайды бала іңгөлап,
Аққу кебін сыртынан
Емшек іздеп тырмалап.
Барша қалық шулап тұр
«Тілекті бер!» деп Аллалап.
- Құдайым беріп тілегін
Бастан тұман арылды.
Аққу кебін сол шақта
Тырс етіп жарылды.
Шешті Құдай түйінін
570 Қасіретті тартар қапалы
Неше түрлі қиынын
Ақбілекті көрген соң,
Бозаман ер үстіне
Апарып жапты киімін.

Ақбілек тұрып сөйлейді

- Ойдағының бәрін де
Айту саған қиын-ды.
Не қылып саған шешейін,
Ішімдегі түйінді.
Жапсаң дағы, Бозаман,
580 Қара күңге былғанған

Мен кимеймін киімді.
 Қайтадан тағы жабады
 Шығар деп базына еткені.
 «Құдай қосқан жар болсаң,
 Тексермейік өткенді».
 «Құдай қосқан» деген сөз
 Ақбілектей сұлудың
 Көңіліне құп келді.
 Шүйінші сұрап шапқылап,
 590 Толып жатыр елінің
 Жан-жағына кеткені.


Ақбілектей аруды аман-есен тауып алып, еліне әкелген соң, Қарабай тойды қайтадан істеп, бірнеше күн сауық-сайран еткесін елі-жұрты қара күнді өлтірмекке ойланып, көптің алдына жиналған алып келеді.

Қара күң бұл өлімнің қармағынан қорықпастан, өзінің ойлаған мақсұтының орындалғанын айтып, көпшіліктің «өлтіреміз» деп, ажал оғын таяп тұрғанына қайғырып, өкінбейтінін ашып айтып берді.

Бір қатары тағы да
 Қара күнді әкелді
 Өлтірмекке ойланып.
 «Бір сөз айтып өлем» деп
 Қара күң де келед толғанып.
 «Өлсем де бүгін арман жоқ
 Бір күн жаттың жанымда,
 Пәруана болып айналып».
 600 Қара күң айтып осылай,
 Бозаман көңілін сындырды.
 Өшкерелеп қалыққа
 Жасырын сырын білдірді.
 Өлтірмекке жұрт сайланып
 Мойнына салды шынжырды.


Бозаман жиналған жұрт қара күнді шын өлтіруге айналып беттерін түзеген соң, жұртынан сұрап, айтқан жауабы.

- Ей, адамзат жарандар,
Мен бір жауап айтайын
Құлақ салып қараңдар.
Бұл дүниеге келгенде
610 Әрбір түрлі адам бар.
Сол адамның бәрінде
Мақсұт еткен арман бар.
Біреуі — хан, асыл тек
Бірі — сұлтан, бірі — бек.
Солардың бөрі нашардың
Еңбегін жүр талап жеп.
Соның бірі қара күң
Өмірі өткен күндікпен
Алдыңызда тұрған кеп.
- 620 Ақбілекке ойлаған
Қара күңнің ойында
Көрінбейді ешбір кек.
Басымнан кешкен ғашықтық
Адамды өуре ететін
Жазылмастай ауыр дерт.
Мұны айтып Бозаман
Бостандық берді өзіне.
«Қайда да болса ойлаған
Барып тұрсын жеріне».
- 630 Өзіне беріп ерікті,
«Барам десең еліңе
Болмаса сүйген осы елден
Барып қосыл, — деп, — теңіңе».
- Қара күнді босатып
Ұлықсат берді Бозаман.
Киіндіріп асылдан
Өзі бойына тазадан.
Қапастан шықты босанып
Бірнеше жыл жылаған.
Тілегін беріп түлетіп
Мұратына жеткізді.
- 642 Батыр туған Бозаман.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚИССА ЛӘЙЛІ — МӘЖНҮН

Мәжнүн мен Ләйлінің «туа біткен» махаббаты туралы аңыз-әңгімелер VII-VIII ғасырларда дүниеге келген. Оларға сол кезеңдерде өмір сүрген араб ақыны Қайс ибн Муадтың махаббат туралы өлеңдері арқау болған. Ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, арабауыз әдебиетінен бастау алған бұл аңыз-әңгімелер алдымен парсы-тәжік фольклорына, кейіннен басқа елдерге кеңінен таралды¹.

Шығыс тілдес халықтар арасында танымал болған Ләйлі мен Мәжнүннің таңғажайып махаббатына арналған аңыз-әңгімелерді алғаш жинап, өңдеген әзербайжанның ұлы ақыны Низами Гәнжәуи. Осы аңыз-әңгімелерді пайдалана отырып, Низами өлемге әйгілі поэмасы «Ләйлі — Мәжнүнді» дүниеге әкелген². Бұл шығарманың шығыс өлеміне кеңінен тарағаны туралы шығыстанушы ғалым И. Ю. Крачковский былай жазады: «Шығыс өлемі Ромео мен Джульетта оқиғасын, әрине, білген жоқ. Бірақ араб халқының оларға бергісіз өз Ләйлісі мен Мәжнүні болды. Ләйлі мен Мәжнүн трагедиясы Шығыс топырағынан Шекспирді тудыра қоймағанымен, күні кешеге дейін көптеген шайырлар талмай жырлаған тақырып болды»³. Низамиден кейін бұл сюжетке атақты шығыс шайырлары Науаи, Сағди, Ә. Жәми, Физули, Ә. Дехлеви, т.б. қалам тартқан.

¹ Брагинский И.С. Из истории таджикской народной поэзии. — М., 1956. — С. 267.; Бертельс Е.Э. Избранные труды. Низами и Фузули. — М., 1962. — С. 268.

² «Ләйлі — Мәжнүннің» (Низами нұсқасы) қазақша аудармасы 1947, 1962 жылдары «Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет» баспасынан жарық көрді.

³ Крачковский И.Ю. Избранные сочинения. Т. II. — М., 1956. — С. 588.

Солардың ішінде қазақ арасында кеңінен таралғаны — бұдан төрт жарым ғасыр бұрын дүниеге келген Физули нұсқасы.

Физули нұсқасының ерекшелігі туралы С. Нарзуллаева: «Физули жырлаған «Ләйлі — Мәжнүн» 2720 бәйіттен тұрады. Бұл — адам жанының шынайы сезімдерін суреттейтін шоқтығы биік шығарма. Физули нұсқасының бір ерекшелігі — өзінің мыңдаған замандастарына танымал болған қарапайым оқиғаны сол қоғамның, сол уақыттың әлеуметтік ауыр жүгін арқалаған шығармаға айналдырғаны. Өз жанынан эпизодтар да қосқан. Мысалы: Заид туралы, ибн Салам мен Ләйлінің неке түніндегі қорқынышты пері»⁴, — деп жазады.

Қазақ арасына төл туындысындай сіңісіп кеткен «Ләйлә — Мәжнүн» дастанының көпшілікке Шәкәрім Құдайбердиев жырлаған нұсқасы танымал. Бұл нұсқа «Ләйлә — Мәжнүн» деген атпен 1922 жылы «Шолпан» журналының 2,3-сандарында, 1923 жылы 4,5,6,7,8 сандарында жарияланған. С.Сейфуллин 1935 жылы осы нұсқаны «Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет» баспасынан жеке кітап етіп жарыққа шығарған. Аталған дастан 1994 жылы «Ғашықтық дастандар» атты кітапта жарияланды⁵.

ӘӨИ мен ОҒК-нің Қолжазба қорларында «Ләйлә — Мәжнүн» дастанның бірнеше қолжазбалары сақтаулы. Олар:

1. Ләйлә-Мәжнүн. ОҒК, Ш.1605, латын әрпінде, 7-30 бет. Аяқталмаған. Жинаушысы белгісіз; 2. Ләйлә-Мәжнүн. ОҒК, Ш.923, араб әрпінде, 27 бет. Көшірушісі Ғажам Дайырбайұлы; 3. Ләйлә-Мәжнүн. ӘӨИ, Ш.482, кирилл әрпінде, 8 бет. Аяқталмаған. Жырлаған Қарлыбай Қалжанов жырау; 4. Ләйлә-Мәжнүн. ӘӨИ, Ш.879/4, кирилл әрпінде. 2-18 бет. Жинаған Шайхы Кәрібаев; 5. Қисса Ләйлі — Мәжнүн. ОҒК, Ш.2001, араб әрпінде, 360 бет. Қорға 1948 жылы Е.Есенжолов тапсырған.

Алғашқы төрт қолжазба Шәкәрім нұсқасының көшірмелері. Бәрі дерлік «Арабта бір бай бопты дәулеті асқан» деп басталады.

Бесінші нөмірлі қолжазба «Қисса Ләйлі — Мәжнүн» дастаны бұрын еш жерде жарияланбаған, көпшілікке беймәлім бо-

⁴ Нарзуллаева С. Тема “Лейли и Меджнун” в истории литератур народов Советского Востока.—Ташкент: Фан,1983.—С.48.

⁵ Ғашықтық дастандар. Құрастырған Ү.Сүбханбердина.—Алматы:Ғылым,1994.—383-430 б.б.

лып келген шығарма. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасына» да енбеген. Қойын дәптерге сиямен жазылған қолжазбаның әріптері өше бастаған. 1948-жылы ОҒК-ның Қолжазба қорына ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Ерғали Есенжолов тапсырған. Жырлаушысы туралы мәлімет жоқ.

Ғашығы үшін бар дүниені төрк етіп, азан шақырып қойған атынан айрылып, «Мәжнүн» аталған бас кейіпкердің тағдыры Физули нұсқасының үлгісімен жырланған Шәкәрім нұсқасында да, Е.Есенжолов тапсырған мәтін де үлкен шеберлікпен суреттеледі. Әсіресе, шығыс поэзиясында жиі қолданылатын кейіпкерлердің өз-өзімен сырласуы, монолог түріндегі құдіретті күшке сыйынып жалбарынуы, екі ғашықтың ғазалдары жиі кездеседі. Аймен, күнмен, желмен, жан-жануармен сырласуы арқылы жырлаушы Ләйлі мен Мәжнүннің жан дүниесін аша түседі.

Басқа дастандарда ғашықтардың қосылуына кедергі келтірген кейіпкерді (мысалы, «Таһир — Зүһрадағы» Ғараб образы) жағымсыз жағынан суреттелсе, бұл екі нұсқада да ибн Салам бейнесі жақсы қырынан көрінген.

Шәкәрім жырлаған «Ләйлә — Мәжнүн» мен Е.Есенжолов тапсырған «Қисса Ләйлі — Мәжнүнде» оқиға өзегі біреу болғанмен, айтарлықтай айырмашылықтар бар.

«Қисса Ләйлі — Мәжнүнде» жырлаушы дастанның түпнұсқалық негізін (қалыбын) сақтаған. Физули жырлағандай дастан Аллаға мадақ айтумен басталады және де автор өз есімін атап, өзіне үндеу жасап отырады. Мысалы:

Әй, Физули, сабыр ет,
Халыққа сырың білдірмей. (4196-4199-жол)

Ғапыл болма, Физули,
Барар шақ орның махшар-дүр,
Осыларға қыл назар. (4648-4653-жол)

Осы сияқты мысалдарды дастанның өн-бойынан 15 рет кездестіреміз. Ал Шәкәрім нұсқасында бұлар жоқ.

«Қисса Ләйлі — Мәжнүнде» Шәкәрім нұсқасындағы Қайыстың сүт анасы кемпір және Ләйлі мен ибн Саламның неке түніндегі пері образдары кездеспейді. Сонымен қатар Заид образында біраз өзгешеліктер бар. Шәкәрімде Мәжнүннің әкесі туралы ай-

тылмаса, Е.Есенжолов нұсқасында бас кейіпкердің әкесі жан-жақты суреттеледі. Шәкәрім нұсқасында ибн Саламның Ләйліге құда түскені туралы айтылмаса, «Қисса Ләйлі — Мәжнүнде» ұзатылу тойы ұзағынан жырланған.

Шәкәрім ибн Салам мен Ләйлінің қосылуына пері кедергі келтірсе, «Қисса Ләйлі — Мәжнүнде» Ләйлінің науқасы жұбайын әуреге салады. Бұдан шығатын қорытынды «Ләйлі тек Мәжнүннің «маңдайына жазған жары». Пәни дүниеде қосылмаса да, бақи дүниеде бірге болмақ.

Жырлаушыларының жырлау шеберлігіне байланысты екі нұсқаның көркемдік деңгейі әртүрлі. Е.Есенжолов тапсырған мәтінде жырлаушы оқиғаның әрбір көрінісіне мән беріп, ұзағынан жырлаған. Мысалы, Ләйлі мен Мәжнүннің медреседе оқып жүрген сәттерін Шәкәрімде 9 шумақпен берсе, Е.Есенжоловта бұл көрініс 24 шумақпен кеңінен жырланған. Сондықтан да нұсқалар көлемдері жағынан әртүрлі. Шәкәрім нұсқасы – 1694 жол болса, Е.Есенжоловта – 4867 жол.

Екі дастанның арасындағы мұндай айырмашылықтар, олардың өз алдына жеке-жеке шығарма екендігін көрсетеді. Біздің ойымызша, Шәкәрім Құдайбердиев Қазан қаласында 1902 жылы “Мәшһүр ғашық мағшұқ Ләйлә илән Мәжнүн хикаясы” (ОҒК, Ш.1392) деген атпен татар тілінде, қара сөз бен өлең араластырып жырланған кітаппен таныс болған және осы кітапты негізге ала отырып, өз туындысын дүниеге әкелген. Шәкәрім нұсқасының сюжеті, оқиға желісі және көлемі аталған кітаппен бірдей.

Сонымен қатар, бізге 1899 жылы Тәшкенде “Диуан Физули. Ләйлі — Мәжнүн”, 1917 жылы Қазанда “Ләйлә уа Мәжнүн хикаясы” деген атпен кітаптар жарық көргені белгілі. Е.Есенжолов тапсырған мәтін осы араб әрпімен қазақ тілінде басылған “Ләйлә уа Мәжнүн хикаясы” кітабының көшірмесі болуы мүмкін.

Мәтінді араб әрпінен кирилл әрпіне түсіруге Әкімова Т. қатысты.

Томға бұрын баспа бетін көрмеген «Қисса Ләйлі — Мәжнүн» дастаны енгізіліп отыр. Мәтін қолжазбадан еш өзгертусіз дайындалды.

Салтақова Ж.

ҚИССА ТАҒИР — ЗҮҢРА

«Қисса Таһир–Зүһра» дастанының қазақ тілінде 1883, 1888, 1889 жылдары басылғаны жайында мәліметтер А.А.Бобровников пен Н.Ф.Катановтың сипаттамасында берілген¹. Өкінішке орай, олар кітапханада сақталмаған.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапхана қорында дастанның қазақша екі нұсқасы сақтаулы. Бірі — А.Оразаев бастырып шығарған нұсқа. Ол Кеңес дәуірінен бұрын Қазан қаласында бірнеше рет кітап болып басылып шықты². Бұл нұсқаның мазмұны қара сөзбен баяндалған. Көлемі — 63 бет. Екіншісі, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген «қиссашыл» ақындардың бірі — Ақылбек Сабалұлы нұсқасы. Бұл басынан аяғына дейін өлеңмен жазылған, көркемдігі тәуір, оқиғасы қызықты құрылған шығарма. Көлемі — 120 бет, араб әрпінде.

Бұл екі нұсқаның оқиғасы да балаға зарығу желісінен басталады. Дәруіштің берген қасиетті алмасының арқасында патшаның әйелі қыз табады, уәзір ұлды болады. Балалардың аттарын Таһир және Зүһра қояды. Дастанда есейген екі жастың қайғылы махаббаты суреттеледі. Сүйгеніне қосылу үшін Таһир басынан сан алуан ауыр жағдайларды кешеді. Зүһра да толып жатқан тосқауыл, азап көреді. Таһир мен Зүһра ғашықтық жолында жандарын қияды.

Зүһраның қабірінің үстіне ақ гүл, Таһирдің қабірінің үстіне қызыл гүл өседі. Ал бұларды көре алмай, күндеген Ғараб құлдың басына қара тікенек өсіп, ақ гүл мен қызыл гүлдің қосылуына үнемі бөгет жасайды. Қара тікенекті балтамен қанша шауып тастаса да, ол қайта өсе береді-міс.

Осы екі нұсқаны салыстырып зерттеу нәтижесінде анықталғаны: екі мәтіннің де мазмұны бірдей. Оқиға желісінде, кей-іпкерлер жүйесінде еш өзгеріс жоқ.

¹ Опись к книгам и рукописям, хранящимся в архиве Императорского Казанского университета на арабском, персидском, турецком, татарском, киргизском, джагатайском и монгольском языках. Составлена архивариусом А.А.Бобровниковым под руков. Н.Ф.Катанова. — Казань, 1998. «С.30.

² Қисса Таһир илэ Зүһра. Кітап етіп шығарған А.Оразаев. — Қазан: Университет баспаханасы, 1907; Қисса Таһир илэ Зүһра. Қазан: Каримовтар баспаханасы, 1908.

Адам аттары (Жұл патша, Ғараб құл), жер-су атаулары (Шат суы, Мәрдан шаһары т.б.), Қызыр атаның іс-әрекеті де бірдей. Айырмашылығы — А.Оразаев жариялаған шығарма негізінен қара сөзбен баяндалған да, кейіпкерлердің ғашықтық сезімдері, мұңы өлеңмен берілген. Мәтіннің өн бойында (*тұғры* «тура; *дахи* (түрік) — тағы, дағы; *биһүш болу* (п) — естен тану; *эмма* (а) — сонан соң; *бірлән, илән, илә* (т) — және, менен, бенен, пен) араб, парсы, түрік, татар т.б. сөздердің жиі кездесуі.

Ал Ақылбек Сабалұлы осы нұсқаны пайдаланған. Қара сөзді өлеңге айналдырғанда, екі жастың ішкі сезімдерін, мұң-зарын, арман-тілектерін т.б. білдіру кезінде жыршы кейіпкерлердің лирикалық толғаулары мен диалогтарын, монологтарын еш өзгертпеген. Диалог, монологтар кейіпкерлердің көңіл-күйін, ішкі сезімдерін ашуда үлкен қызмет атқарып тұр. Араб, парсы, түрік, татар сөздері мен ұғымға ауыр тіркестері екі жастың монологы мен диалогында кездесіп отырады.

Екі жастың жалынды махаббаты, өз бастарының бостандығы үшін сәтсіз күресі осы дастан сюжетіне арқау болған.

Дастанда драмалық, лирикалық ағын күрделі орын алады. Екі жастың ішкі сезімдері, тілектері, мұң-зары монолог, диалогпен берілген. Олардың бір-біріне деген махаббаты үлкен драмалық оқиғалар туғызады. Таһир мен Зүһраның арасы еріксіз ажырап, Таһирды Мәрден шаһарына аттандырып, 7 жыл зынданға салдыруы, сандыққа салып Шат суына ағызып жіберуі осыған дәлел бола алады. Ғашықтардың кездесуі қиындық үстінде өтеді.

Жырдың тартыстық желісі нанымды. Патшаның әйелі «дәрежесі өзінен төмен» уәзір баласына қызын бергісі келмейді. Таһир мен Зүһра өз басының бақыты үшін күрескенімен, сол замандағы ескі әдет-ғұрыптың шеңберінде қалады. Ақыры көп азапқа шыдай алмаған Таһир өліп кетеді. Оның соңынан Зүһра да опат болады. Бұл қайғылы оқиғаны өршітіп жүргендердің бірі — Ғараб құл. Жалпы оны жауыздықтың жиынтық бейнесі деп түсінуге болады. Ол да өзіне-өзі қанжар салып қаза болады.

Шығарманың идеясы — адам бақытына қарсы тұрған қатал таптық сенімдерге қарсылық білдіру.

Дастанда аракідік қиял-ғажайыптық элементтер де қосылып отырады. Таһир мен Зүһра көптеген ертегілер мен эпикалық

жырлардың кейіпкерлері сияқты ерекше жағдайда туады, яғни олардың дүниеге келуіне дәруіштің қасиетті алмасы себеп болады.

Болашақ кейіпкердің дүниеге келу тарихын баяндайтын эпизодтар фольклортану ғылымында «ғажайып туу мотиві» деп аталады. Ертегі, эпос, дастандарда «ғажайып туу мотиві» — кейіпкерді әсірелеп көрсету үшін қолданылатын көркемдік тәсілдердің бірі. Классикалық эпостардағыдай, ғашықтық жыр кейіпкерлері де өзгелерден ерекше болып көрінеді. Оған Таһирдың ақылды, өнерлі, кейде батыр сипатында суреттелуін айтуға болады. Аталмыш дастанда қысылғанда Таһирға ғайыптан көмек беруші «Қызыр ата. Қызыр ата екі жерде эпизодтық көрініс тапқан. Таһирді бірде зынданнан құтқарса, екіншіде Күл патшаның елінен Зүһраның сарайына жеткізеді.

Көп халықтарға ортақ «Таһир—Зүһра» дастаны мен қазақ эпостарының арасында ұқсастықтар да бар. Бұған «Таһир—Зүһра» мен «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Алпамыс» жырларындағы ұқсастықтарды айтуға болады. Мысалы, жырдың басталу кезіндегі патша мен уәзірдің бірінің әйелі ұл, екіншісінікі қыз туса құдаласуға серттесуі «Қозы Көрпеш—Баян сұлудағы» Қарабай мен Сарыбайды еске түсіреді.

Дастанның негізгі кейіпкерінің кейде батырлық жырлардағыдай асқан күш иесі болып көрінетін тұстары да кездеседі. Бір өзі мыңдаған жаумен алысады, оларды жалғыз өзі жеңіп шығады.

Батырлар жырында көп тараған сюжеттің бірі «күйеу өз қалыңдығының тойында кездесетін көрініс. Айталық, Таһирдің ұзақ уақыттан кейін, өзінің қалыңдығына әйел киімін киіп барып айтысатын жері Алпамыстың зынданнан шығып, ауылына диуана болып жасырын келіп Гүлбаршынды Ұлтан құлдың зорлықпен алып жатқанын көретін көрініске ұқсас.

Ғашықтық жырларда да діни ұғымдардың, аңыздардың, көне нанымдардың элементтері араласып жүретіні белгілі. Осындай элементтердің бірі — бас кейіпкердің мінәжат айтып, ұлы бір күш иесіне сиынуы. Осы белгі аталмыш дастанда көрініс тапқан. Оған мына бір мысалды келтіруге болады. Зүһра Таһирге алдымен ғашық болып, оған қанша көңіл білдіргенімен, Таһир оны қарындасым, туысқаным деп ұғынады. Таһирден Зүһраның

көңілі қайтып, қайғырып Аллаға жалбарынып, «маған рақым қыл» деп мінәжат айтуы.

Түс көру мотиві көптеген әлем халықтарының, соның ішінде шығыс елдерінің ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларында, әсіресе пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелерде, діни дастандарда («Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәруіл пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі», «Мұхаммед пайғамбар» т.б.), батырлық жырларда («Алпамыс», «Қобыланды», «Көрұғлы»), ертегілерде («Түс сатқан тазша бала» т.б.), ғашықтық дастандарда («Бозжігіт», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш» «Баян сұлу» т.б.) кездеседі. Осындай сарын аталмыш дастанның бірнеше жерінде бар. Таһир түсінде Зүһраға бармақшы болады. Сол кезде жиырма қара төбет Таһирды қаумалап алады. Таһир амалсыздан қашпақшы болғанда, артынан екі ит ере қуады. Сол кезде Таһир оянып кетеді. Таһир көрген түсін Зүһраға өлеңмен айтып береді. Зүһра Таһирдің түсін жорып, назым айтады.

Түс шығармадағы оқиғаның одан әрі дамуына дәнекер болып, сол сияқты кейіпкердің көңіл-күйін суреттеуде көркемдік қызмет атқарып тұр.

Көптеген халықтың ортақ қазынасы болып кеткен «Таһир — Зүһра» дастанының шығу төркіні, дамуы, көркемдігі, қазақ эпостарымен арасындағы ұқсастықтар мен үндестіктер т.б. туралы жан-жақты зерттеліп айтылған тұжырымдар бар³.

Ақылбек Сабалұлының «Таһир — Зүһра» нұсқасы (Қазан, 1911) қазіргі әріпке түсіріліп, екі рет баспа бетін көрді:

1. Таһир — Зүһра // Ғашық-наме. — Алматы: Жазушы, 1976. — 177-253 беттер.

2. Таһир — Зүһра // Ғашықтық дастандар. — Алматы: Ғылым, 1994. — 179-261 беттер. Осы екі жинақты құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктемелерін жазған — филология ғылымдарының кандидаты Ү. Сұбханбердина.

³ Короглы Х.Г. Узбекская литература. — Москва: Высшая школа, 1976; Бердібаев Р. Қазақ эпосы — Алматы: Ғылым, 1982; Дүйсенбаев Ы.Т. Қазақтың лиро-эпосы — Алматы: Ғылым, 1973; Сатбаева Ш.К. Казахская литература и Восток. — Алматы: Наука, 1982; Күмісбаев Ө. Екі перне. Алматы: Жазушы, 1980; Азибаева Б.У. Казахские народные романтические дастаны. — Алма-Ата: Ғылым, 1990; Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар — Алматы: Рауан, 1997; Қамалқызы Ж. Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасы. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. — Түркістан, 1999, т.б.

Өкінішке орай, екі жинақта да «Таһир—Зүһра» дастаны біраз қысқартумен, өзгерістермен, жөнсіз түзетулермен, редакцияланып жарияланған.

Дәлірек айтқанда, 1976 жылы жарияланған «Таһир—Зүһра» дастанында 319 өлең жолы, ал 1994 жылғы басылымда 65 өлең жолы түпнұсқадан толық алынбай, баспада шала жарияланып келген. Көптеген сөздер, сөз тіркестері, жеке жолдары жаңсақ оқылып, қате жазылған, мысалы: түпнұсқадағы *ғажиз* деп жазылған сөз «*гаріп* деп, *хәмлә - жәмілә* деп, *бір жаққа—ыржақтап* деп өзгертілген. Мұндай қисынсыз өзгертулер өте көп. Солардың кейбіреулері төмендегідей:

Түпнұсқа:	1976 жылғы басылым:
Заман әуелде бір патша болған екен, (1-бет, 29-жол)	Бір патша ілгеріде болған екен, (179-бет, 9-жол)
Қазынасы қисапсыз малға толған екен (1-бет, 30-жол)	Қисапсыз қазынасы толған екен (179-бет 10-жол)
«Патша, мұны жесең балаң болар» деп, (2-бет, 43-жол)	Асылы, мынау шипа болар-ау деп, (179-бет, 23-жол)
Дауа қып патшаға беруші еді. (2-бет, 44-жол)	Патшаға талай дәрі беруші еді. (179-бет, 23-жол)
Ешкімге қарамастан жазу жазар, (3-бет, 103-жол)	Ешкімге қарамастан жазу жазар, (181-бет, 79-жол)
Алдында қалам, сауыт бәрі жиын. (6-бет, 104-жол)	Ол отыр әріптерден түйіп түйін. (181-бет, 80-жол)
(7-бет, 105-жол)	Патша ұмтылады ат секірітіп, (181-бет, 81-жол)
Сұрады «сіз кімсіз» деп жауап айтып. (7-бет, 108-жол)	Сұрады сіз кімсіз деп ықылас етіп. (181-жол, 84-жол)

<p>Ғылымның көп рәмилін жақсы білем, (7-бет, III-жол)</p> <p>Һәр түрлі өнерім бар мұнан басқа. (7-бет, 112-жол)</p>	<p>Ғылымның көп саласын жақсы білем, (181-бет, 87-жол)</p> <p>Әр түрлі өнерім бар мұнан басқа. (181-бет, 88-жол)</p>
---	--

Жырдың басынан аяғына дейін созылған осы сынды түзетулер тек құрастырушының ғана қатесі емес, оның дайындап берген материалының үстінен баспа редакторы тарапынан өрескел түзетулер жүргізілгені көрініп тұр. Біздің ойымызша, ол кезде фольклорлық туындыларға қойылатын шарттар ескерілмеген. Жазба әдебиет шығармаларына қойылатын талаптар түпнұсқада көрінбегендіктен, шығарманың эстетикалық құндылығы шамалы, көркемдігі төмен деген қорытынды жасалған.

1994 жылғы басылымда өзгерген тұстары:

<p>Түпнұсқа: Падишаһ жалынады Құдайына, (6-бет, 96-жол)</p> <p>Менің де һеш балам жоқ, иә Құдайлап. (7-бет, 126-жол)</p> <p>Көңілінен білді патша қылған ойын. (33-бет, 801-жол)</p> <p>Бір айла іздемекке қойды мойын. (34-бет, 803-жол)</p> <p>Сиқыры асқан екен сол заманда. (34-бет, 805-жол)</p>	<p>1994 жылғы басылым: Сол патша жалынады Құдайына, (182-бет, 67-жол)</p> <p>Менің балам болар ма, болмаспа деп. (182-бет, 96-жол)</p> <p>Көңілінен ұнатпады қылған ойын. (200-бет, 751-жол)</p> <p>Бір айла іздемекке бұрды мойын. (200-бет, 753-жол)</p> <p>Сиқырға асқан екен сол заманда. (200-бет, 755-жол)</p>
---	---

Бұл салыстырудан байқағанымыз — аталмыш басылымда да біраз сөздердің, сөз тіркестердің өзгеріске ұшырағаны, сонымен қатар түпнұсқалық — *жаллад* (жендет), *андан соң* (одан соң), *менім* (менің), *һәркім* (әркім), *һәр түрлі* (әр түрлі), *һәрқашан*

(әрқашан), *уагда* (уәде) — сөздері қазіргі тіл қолданысында берілгені.

Осындай кемшіліктерге қарамастан, құрастырушы 1976 жылғы басылымда кеткен олқылықтардың орнын толтыруды қолға алған. Фольклорлық шығармалардың мәтіндерін бүгінгі күнге қандай күйде жетсе, сол күйінде беруге тырысқан. Яғни, мұнда жыр сияқты халықтың ғасырлар бойы жасап келген асыл мұрасын жөндей беруге көнбейтін құнды әдеби ескерткіш екенін ғылыми тұрғыдан пайымдау бар.

Өзбек әдебиетінде «Таһир ва Зүһра» атты ертегі бар. Осы ертегі оқиғасын негізге алып, алғаш өңдеп жырлаған өзбек ақыны Саййоди «XVII-XVIII ғ.ғ. өмір сүрген өзбек ақыны Саййоди «Таһир — Зүһра» оқиғасының негізінде бірінші рет әдеби көркем шығарма жазған. Саййодиден кейін түркмен ақыны Моллонепес (1810-1862) өз тілінде жырлап, дастан дәрежесіне жеткізді⁴.

Өзбектің ақыны, драматург Сабир Абдолла өзбек аңызының негізінде музыкалық драмаға арнап «Тахир-Зүхра» либреттосын жазды⁵. Бертін келе өзбек ертегісі орыс тіліне аударылып, «Тахир-Зүхра» атты кітап болып шықты⁶.

«Қисса Таһир — Зүһра» дастанының көркемдігі жақсы болғанымен, мәтінде оқушының түсінігіне ауыр араб, парсы, татар, түрік т.б. сөздер мен тіркестер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікте топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған «Қисса Таһир — Зүһра» дастанының мәтіні Қазанда 1911 жылы басылып шыққан кітаптан еш өзгертусіз әзірленді.

Аллысбаева Қ.

БОЗАМАННЫҢ ҚИССАСЫ

«Бозаманның қиссасы» — аймақтық фольклорлық сюжеттерге құрылған дастандардың жарқын үлгісі. Мұнда Қарабайдың жалғыз он бес жасар Бозаманның өз қиялындағы ғашы-

⁴ Короглы Х.Г. Узбекская литература. — Москва: Высшая школа, 1976 — С.140.

⁵ Тахир и Зухра. Ташкент, 1941.

⁶ Тахир и Зухра. Ташкент, 1951. — С.21.

ғы туралы арманы дәріптелген. Шығарманың негізгі мазмұны сырттай ғашық болған Бозмананның Ақбілек сұлуды іздеп, оған қосылуды, еліне қайтарда Тұнық көлдің жағасында болған оқиғалар құрайды.

Шығарма «Қыз Жібек» эпосына өте ұқсас. Дастанда да оқиға «Қыз Жібек» эпосындағы сияқты басталады, яғни кейіпкер бір күні қалмақ ханы Бураханның сұлулығы жаннан асқан Ақбілек атты қызы бар дегенді естиді. Тағатынан айрылған жігіт ата-анасына қарамай (Ата-ана, жұрт ойда жоқ), алдынан талай қиындық кездесетінін ескерткендердің үгіттеуіне де көнбестен, қалыңдығын іздеп жолға шығады, көп қиындықтарды басынан кешіріп, мұратына жетеді.

Мұнда екі сюжет қамтылған, олар: жар іздеу және ауыстырылған әйел туралы сюжет. Бірінші сюжет эпостық сарынға құрылса, екіншісі — ертегілік сарынды сақтаған. Алғашқы бөлімде оқиға қаһармандық рухта өрбіп, кейіпкер мақсатына жетсе, екінші бөлім мақсатына жеткен кейіпкердің жайын баяндайтын эпилог іспетті.

Мысалы, Ақбілек сұлуды іздеп шыққан Бозаман (болашақ қайын жұртына келген соң) өзін эпикалық батырлар секілді ұстайды. Бір қызығы, жалпы фольклорлық қағидаларға қайшы келсе де Ақбілектің әкесі Бозаманның талабын орындап, оған қалыңмалсыз, соғыссыз, сынақсыз қызын ұзатады.

Демек, мұнда эпос пен ертегілерде міндетті түрде орын алатын қайынатаның күйеуге деген ауыр сынағы, ерлікпен үйлену мотиві жоқ.

Оқиғаның одан кейінгі өрбуі көрсеткендей, жырлаушы кейіпкерді оңай үйлендіру себебі — тыңдаушылар мен оқырмандардың назарын Ақбілекке қастық жасап, оның орнына келетін қара күннің оқиғасына аударуда. Яғни, екінші бөлімнің негізгі мазмұны «ауыстырылған әйел» туралы халықаралық ертегілік сюжетпен толық сәйкес келеді. (Оның негізгі фабуласы мынадай: күйеуге бара жатқан жолда қызметші әйел ханшайымның көйлегін және орнын өзімен ауыстыруға көндіреді; оны қызметші әйел, ал өзін ханшайым секілді көрсетеді; қылмысы ашылады, патша өз қалыңдығына үйленеді де, аяр қызметші өлім жазасына кесіледі).

Алайда «Қисса Бозаман» дастанында бұл сюжеттің кейбір детальдары өзгеріске ұшыраған. Ең алдымен, шығарманың си-

паты ғашықтық дастанға тән. Ханшайым мен қызметші әйелдің әрекеттерін түсіндіруде де ерекшеліктер бар. Қызметшінің өз қожайынын көлге шомылуға мәжбүрлеуі және қожайыны оның айтқанына көзсіз ере беруі онша түсініксіз. Мұнда күннің ойына аярлық енуі түсінікті жәйт, ал ханшайымның оған мойынсұнып бағынуы ақылға сыйымсыз.

Дастандық сюжеттің шешімі де ертегілік сюжеттен өзгешеленеді; күннің қылмысы әшкере болғанымен, ол жазаға тартылмайды, яғни жазаның болмайтындығы туралы қағида бұзылған. Оқиганың бұлай аяқталу себебін ертегілік сюжеттің кейінірек дастанға айналуынан және жырлаушының жеке көзқарасынан іздеген дұрыс. Басқаша айтқанда, жырлаушы адамгершілік жоғары тап өкілдеріне де тән дегенді айтқысы келгендіктен, Бозаман санасының кез келген жан, мейлі ол қара күң болсын өзі секілді ғашық болуға, сүйеге құқылы екенін түсінетін дәрежеге дейін көтерілгенін көрсеткісі келген.

Жырдың бірінші жырлаушысы — халық ақыны Тінібеков Жақып. Жинаушысы — Рамазан Айтқожин. Жинаушы берген мәлімет бойынша, Тінібеков Жақып жырды 1875 жылдары айтып таратқан. Содан бері жыр ауызша айтылып халық жадында сақталған.

Ауыз әдебиет үлгілерін жинаушы, Қостанай облысы, Меңдіқара ауданының тұрғыны Рамазан Айтқожиннің айтуы бойынша, ол «Бозаманның қиссасы» дастанын айтушыларының бірі — Сейітқали Ментаевтан 1895 жылы үйреніп, 1952 жылы хатқа түсіріп Институтқа тапсырған. Қолжазба кирилл әрпінде жазылған.

Томға ұсынылып отырған мәтін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы тұрған №105 папкадан алынды.

Әзібаева Б.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)— ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.)** — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық

* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

** С.а.с. — *салла Аллаху алейһи уас салам*: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке — деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

(жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата — діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан *Хауаны* жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп, тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көкпен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. *Хазірет Әли* — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның *Фатима* атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде *Әли* — орасан, алып күш иесі. *Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын* болыпты-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Ескендір Зұлқарнайын [б.д.д. 356-323]—Македонияның атышулы патшасы Александр Македонский. Ол туралы ертегі, аңыз, әңгімелер **Шығыс пен Батыс** халықтары фольклорында кең тараған. Сондай-ақ оған біраз әдеби шығармалар арналған. Солардың ішінде **шығыстың классиктері** [Низами, Фердауси, Абай т.б.] поэмаларының орны ерекше. Солардың басым көпшілігінде **Ескендір Зұлқарнайын әрі батыр, әрі кемеңгер** қолбасшы, әділетшіл, **құдіреті күшті, «аруағына» көптеген ел** табынған, аты өшпейтін қасиетті адам деп бейнеленеді.

Жақып — пайғамбар, Жүсіптің әкесі, Інжілдегі Иаков. Құран Кәрімде Ыбраһым ұрпағы ретінде Ысқақпен қатар аталады. Оның тақуалығы мен болжау қабілеті Алла Тағаланың бүкіл Ыбраһым (Авраам) руына ризашылығын білдіру ретінде суреттелген. Құран Кәрімде **Жақыптың** екінші есімі — Ысрайыл. Ал оның ұрпағы бәни Ысрайыл деп аталады.

Жүніс—пайғамбар, сондай-ақ сахиб әл-хут және зуннун деп аталады, Құранның бір сүресі оның атымен аталған. Аңыздарға қарағанда **Жүністің** Ирактың солтүстігіндегі Найнауада бір құдайға сиынушылықты уағыздауы сәтсіз болған көрінеді. Ол өз ісінің қиыншылықтарына шыдай алмай, кемеге жасырын тығылып, қашуды ойлайды. Бірақ кеме орнынан қозғала қоймайды, ол кемеде қашқынның бар екендігінің белгісі еді. **Жеребе** көрсеткендей, бар кінә **Жүністе** болғандықтан, оны теңізге тастайды. Суда үлкен балық **Жүністі** жұтып қояды. Киттің құрсағында аман қалған **Жүніс** Алла Тағалаға сенімсіздік білдірген кінәсін мойындап жалбарынады да, аман қалады. **Жағада** қалып, әбден жүдеген **Жүністі** шөл далада бөкен қоректендіреді. Құранда **Жүністің** есімі бірден аталмайды, оның алдында сахиб әл-хут, зуннун сияқты суреттеме ескертпелер аталады. Әңгіменің сипаты, яғни әңгіме желісінің қысқаша баяндалуы бұл хикаяның тыңдаушыларға өте танымал екендігін көрсетеді. Бұл жөнінде Құранда берілген ерекше түсініктеме де куә бола алады. Бұл аңыз тікелей Мұхаммедті шыдамдылық танытуға үгіттейтін нақты мысал ретінде пайдаланылады, яғни «құдіреттің шешімін күте тұр, киттің серігі болып жүрме!» дегенге саяды.

Қазіргі кезде Иракта, Мосул қаласының қасындағы көне Найнауа қалдықтарында орналасқан Жүністің «қасиетті» бейіті кең танымал болып отыр.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол **Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный)** деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-өңгімелерді негізге ала отырып, Фердоуси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Иса, Файса — Иса Мәсіхтің (Иусус) есімі христиан дініндегі сияқты исламда да ілтипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәриям хазіретке арналған сүре бар. Алайда, ислам қағидасы бойынша, Иса [а.с.]* — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шарифат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

** [а.с.] — *аләйһиссалам* /а/ — оны Алла жарылқасын деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Мұхаммедтен [с.а.с.] өзге пайғамбарлардың атына жалғаса айтылып жазылады.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр]—ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Ләйлі—Мәжнүн—Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Шығыс, Азия халықтарының «Ләйлі мен Мәжнүн» атты әдеби, фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Араб мәнбелері бойынша, Мәжнүн—өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген ақын. Ләйлі, Мәжнүн қазақ фольклорында таза, өшпес махаббат, әділ ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым]—ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол—Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570*-жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң нағашы атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң нағашы ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи** рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түсті. Мұхаммед 610-жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін—исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы—«хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

* Кейбір деректерде Мұхаммед пайғамбардың туған жылы 571-жыл деп көрсетіліп жүр. Зерттеушілер әлі бір пікірге келмегендіктен, біз қалыптасқан пікірді ұстандық.

** Уахи /а/—Мұхаммедке Жәбірейіл арқылы келген Алланың бұйрығы, жарлығы

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Намруд — аңызбойынша, көне Бабыл (Вавилон) патшалығын құрушы, Ыбраһым пайғамбарды отқа жақпақ болған патша.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Самұрық — мифтік аңыз, әңгімелерде, ертегі мен жырларда кездесетін алып құс; мифологиялық ұғым бойынша, бүркіт атаулының ең үлкені, зоры.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Ыбраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атасы, Інжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ыбраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ыбраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына

түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жазады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ыбраһымды патшаларына алып барады, оны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірде Ыбраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ыбраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын болжайды. Ол бала Ысқақ болатын... Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян береді. Ыбраһым да, ұлы да бұған өзір еді, бірақ Алла олардың сыннан өткендерін ескеріп, құрбандыққа шалу үшін көк қошқар береді...

Ыбраһым Алладан өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді. Алла Тағала Ыбраһымды өр кез жебеп-желеп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.

Ыбраһым есімімен Қағбаға төжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Ысмайыл — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Інжілдегі Исмаил. Ол Алланың өмірімен әкесі Ыбраһым екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді.

Аңыздарда Ысмайылды Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы айтылады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шешесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығады, оған құдықты, көгалды жер алыстан сағым боп көрінеді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның өмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

СӨЗДІК*

Абиат /а/ — шектеусіз; мәңгілік; тоқтаусыз

Абхаят шашма /п/ — [аб /п/ — су; хаят /а/ — өмір; мәңгілік; шашма /п/ — бұлақ] — мәңгілік бұлақ

Ағза /а/ — дене мүшелері

Ағла /а/ — ең жоғары; биік

Ағлайды — жылайды

Ағу /т/ — у

Ажиз /а/ — әлсіз, дәрменсіз

Ақ, Хақ /а/ — шын; күмәнсіз ақиқат; нағыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ақибат /п/ — нәтиже; соңы, аяғы

Ақырет, ахирет /а/ — ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы

Аламан /а/ — кешірім; сауға

Аләйһиссалам /а/ — оны Алла жарылқасын! Пайғамбардың атына жалғаса айтылатын сөз. Қысқартылған түрі — **а.с.**

Алудағ /а/ — қоштасу

Анда, андан соң, андайдан соң, анлар /т/ — сонда; содан кейін; олар; оның

Анша — сонша

* Қазақ тіліне басқа елдерден ауысып келген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін. Сол сөздер қазақ тілінде кейде ауыспалы мағынада да қолданылған. Сондықтан біз ұсынып отырған дастандарда кездесетін осындай сөздердің мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Аңа /т/ — оған

Асан /а/ — жеңіл

Асла /а/ — мүлде, еш

Ауш — жынды, есалаң

Аһад паймарди /п/ — көмек беру; көмектесу

Аһ, аһи /а/ — оһ, аһ ұру; өкініш; зор деген мағынада

Аһуа /а/ — аса қымбатты; сүйікті

Афган /п/ — жылау

Ашиян /п/ — құстың ұясы

Әбжад /а/ — араб әріптерінің сандық көрсеткіші; өліппе

Әгар — егер

Әзелде /а/ — алғашқы; о баста, әуелде

Әйла /т/ — жасау, істеу

Әлфирақ /п/ — айрылу, айрылысу, ажырасу, қол үзу

Әнбие /а/ — пайғамбарлар

Әпсана /а/ — аңыз, хикаят; ертегі; мысал; әңгіме; тарих

Әуел /а/ — алғашқы, бірінші; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Әслан /а/ — негізінде, шын мәнінде

Әһл /а/ — халық, ел

Бағыр /т/ — бауыр. Көне және орта ғасырдағы түркі әдебиеті мен фольклорында «бағырым езілді», «бағырым пара болды» және тағы басқа сол сияқты сөз тіркестері қайғылы, қасіретті жағдайды білдіреді.

Базарқан /п/ — базар басы

Байрам /а., т/ — мереке, мейрам; бет-пішін; беттің түсі

Батил /а/ — қате; теріс; бұрыс

Бахас /а/ — әңгімелесу; пікірлесу; талқыға салу

Баһа /а/ — сұлулық, әдемілік; жалт-жұлт ету

Баһана /п/ — сылтау; себеп

Баһар /п/ — ғибрат

Бәдан /а/ — дене, тұлға

Бәддұға — қарғыс

Бәйт /а/ — қос тармақты өлең шумағы

Бәйт ул-Ғаза /а/ — сабыр үйі

Бәна /а/ — құрылыс; бағана; мәтінде ислам дінінің бес парызы мағынасында қолданылған

Бәни /а/ — ел-жұрт, ру

Бәнт /п/ — бекіту, байлану; байлаулы; арқан, бау

Бәрак Алла /а/ — Алланың жақсылығы, нұры түссін

Бегірек /а/ — бек, өте

Бейнауа /п/ — қамқорсыз; кедей; әлсіз

Бейһүш /п/ — көңілсіз; ессіз болу, естен тану

Беңзі /к.т./ — жағдайы, маңызы, байызы

Бериан /п/ — жану, күйіп-пісу

Бешат /о/ — мөр; таңба

Биабан /п/ — құлазыған шөл дала, жапан түз

Бизар /п/ — қызғаншақтық; көре алмаушылық; жиіркену

Биләһи /а/ — Алланың атымен

Бина /а/ — құрылыс, ғимарат

Бисмилла /а/ — Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Битап /п/ — тынымсыз; тынышсыз; сабырсыз

Биһүш болу /п/ — естен тану, ессіз құлау; көңілсіз болу

Бостана /п/ — көңіл хош

Бустан /а/ — бақ, бау-бақша

Бұһтан /п/ — өсек

Бір уа Бар — Алла Тағаланың 99 есімінің бірі: оның барлығын, бірлігін білдіретін ұғым

Гәп, кәп, кеп /п/ — сөз; ірі әңгіме; хикая; оқиға; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі

Гәзал /т/ — көрікті, өдемі, сүйікті

Гәриан /п/ — қайғыру, жылау

Ғабир /п/ — бекем, берік; мәңгілік; бұрынғы, баяғы

Ғажам /а/ — араб еместер, шетелдіктер

Ғажиз /а/ — әлсіз, күйсіз

Ғазал, ғазалиат /а/ — шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең

Ғазиз /а/ — ардақты, қымбатты; аяулы

Ғайбана /п/ — сырттай; сыртынан

Ғақыл /а/ — саналы, ойшыл

Ғаламат /а/ — белгі, таңба; нышан, ырым; таңғажайып керемет, ғажайып

Ғалиб /а/ — көп, мол; артық

Ғамкасар /п/ — нәзік; сезімтал

Ғамкін /п/ — мұңлы; қайғылы; өкпелі

Ғанбар /а/ — амбра (кит тұқымдас ірі теңіз жануарларынан алынатын хош иісті, қоңыр түсті зат)

Ғапыл /а/ — алаңсыз, көңіл бөлмеу; ұқыпсыз

Ғарұр /а/ — ар-ұятсыз, абыройсыз

Ғаршы, Күрсі /а/ [*ғаршы* /а/ — тақ; ғарыш; аспан; *күрсі* /а/ — орындық; орын; тақ] — мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: жеті қат көк

Ғарық, ғарық болу /а/ — бату, суға кету

Ғаріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Ғасы /а/ — күнәһар

Ғейш-ғишрат /а/ — сауық-сайран, думан

Ғибрат /а/ — тәжірибе, өнеге, үлгі

Ғилаж, иглаж /а/ — ем; дауа; шипа

Ғұбар /п/ — шаң-тозаң; тұман, булану; бұлдырау

Ғұлман /а/ — жұмақта қызмет көрсететін қызметші бозбалалар

Ғұнчә — гүл

Ғұсыл /а/ — жуыну; тазалану

Дағалай /а/ — жетіспеушілік; кеміс; кемтарлық, кемшілік, мін тапшылық

Далдала — оқшау

Дарақ /п/ — оңаша өскен ағаш

Дафиқ /а/ — сел; ағыс; ағып бару

Дая — басыбайлы қызметші; бала бағушы

Дәпін /а/ — жерлеу, арулап қою; көму

Дәрғаһ /а.,п./ — Құдай құзыры; қақпа, есік; салтанатты сарай

Дәркар /п/ — керек, керекті

Дәруйш /а/ — суфизм ағымын қолдаушы, дүние қызығынан безген адам; диуана, қайыршы кедей

Дәрұр /а/ — зор; атақты, мәртебелі

Дәрхал /п/ — дереу, тез

Дәст /п/ — қол; орын, рет; күш, қуат

Дертменде — дертті

Дертмене — дерт сөзінің көпше түрі

Достана /п/ — достық; дос көңілдер

Дұр — інжу, гауһар; зор, атақты, әйгілі

Ділбар, ділбигар /п/ — ару, сұлу

Ділнауаз /п/ — нәзік; сүйкімді

Ділникаран /п/ — қорқыныш; үрей

Ерді, ерұр /т/ — еді

Жад ету /п/ — еске алу, есте ұстау

Жақұт /а/ — асыл тас

Жаллад /а/ — жендет, бас алғыш

Жам — құрылған тұзақ; қақпан; қазылған ор, шұңқыр

Жамал /а/ — келбет, дидар, жүз, көрік; сұлулық, әдемілік

Жанан /п/ — сүйікті; қымбатты, аяулы

Жаппар /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жариа /а/ — нөкер, күзетуші; күң

Жаһил /а/ — надан, білімсіз

Жәду /п/ — сиқыр, сиқыршы

Жисм /а/ — тұлға; дене, төн

Жиһад /а/ — тырысу, бір нәрсеге қол жеткізерде барлық күш пен мүмкіндікті жұмсау; кең мағынада жиһад — адам өзінің нәпсісімен күресу [өзінің жаман мінезін жою] және де басқа дінді уағыздаушылардың қысымына қарсы тұру; жиһад — мұсылман қауымының басты міндеттерінің бірі. Ислам дінінің салтанат құруы үшін мұсылманның бар күш-жігерін, мүмкіндіктерін, тіпті, қажет болған жағдайда өмірін де қию қажеттілігі. Орта ғасырлардан бері бұл «дінсіздерге» қарсы қарулы күрес жүргізу, соған байланысты терминнің мағынасы «қасиетті соғыс» деген түсінік беріп келді. Жоғарыда көрсетілгендей жиһад ұғымының ауқымы кең.

Жұда — құр алақан, жұрдай, мақұрым

Жұмла, жұмлә /а/ — бәрі, барлығы, түгел

Жұфұт /п/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай

Жыға — бас киімге сәндік үшін тағылатын (шаншылатын) құс қанаты немесе сол сияқты әшекей зат

Забун /а/ — әлсіз, халі кеткен

Загип /а/ — әлсіз; ауру; нашар; аз; соқыр

Зайығ, зайғы /а/ — зая, бос, құр; жоғалу, өткізу; шығындану; байғұс, мүсәпір

Зар сәргар /п/ — қайғы, зар

Зауал /а/ — жаза, сазай, азап

Зауқы-шауқы /а/ — ықылас, ынта, ниет, көңіл-күй

Зафа /а/ — үйлену тойы, некелесу

Заһар зақұм /а/ — діни ұғым бойынша, тозақта өсетін зақұм ағашының улы жемісі

Заһир /а/ — анық, ашық, нақты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зәмзәм — Меккедегі қасиетті құдықтың киелі, шарапатты суы.

Зәрре-қадар /а/ — [*зәрре* /а/ — кішкене, тамшы; *қадар* /а/ — өлшем, мөлшер] — кішкентай ғана, аз ғана

Зейіл /а/ — тоқтау, тоқталу; басылу

Зиарат /а/ — көрісу; сөлем беру, қол беру; құлшылық

Зиннат /а/ — әшекей

Зинһар /а/ — анық, өте

Зипа /п/ — сұлу, көрікті, **сымбат**

Зияпат /а/ — біреудің немесе бір нәрсенің құрметіне берілетін қонақасы, салтанатты кеш; құрмет; сый-сияпат

Зұлжалал /а/ — жоғары мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зүлеф, зүлфі /а/ — бұрымы, шашы; бұйра шаш

Иғламнама /а.п./ — хабарлама

Ижабат /а/ — жауап беру; келісу, **келісім беру; мақұлдау**

Изин /п/ — рұқсат; ізет

Изһар ету, болу /а/ — таныту, көрсету; нық, ашық; ауыспалы мағынада: қайтыс болу

Иләһ /а/ — Құдай, Құдірет, **Төңірі; иләһи, иләһим** — Құдайым

Илтимас /а/ — өтініш

Имам — діни жетекші, мұсылман қауымның басшысы; мешітті басқаратын және намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы

Инсал /а/ — ұрпақ; тұқым

Интиһа /а/ — соңы, аяғы; шегі

Иншалла /а/ — Алла қаласа (*ин* — егер, *шаа* — қалау)

Ирада, ерада /а/ — ниет, ықылас, ықтияр; шешім

Йасиг /п/ — Құтпан намазы. Кейде жасиық деп те атайды

Йасин /а/ — құранның 36-сүресі. Меккеде түскен қасиеті зор сүре. Бұл сүрені ауру-сырқау, бөле-жаладан қорғану үшін, сондай-ақ жан тапсырғалы жатқан мұсылманның иманын үйіргенде оқиды. Пайғамбарымыз бұл сүрені «Құранның жүрегі» деп санаған.

Катуб /а/ — жазушы

Кәлам /а/ — сөз, сөйлем

Кәлла /п/ — бас

Кәміл /а/ — толық, бүтін, аяқталған

Кәниз, кәнизак — хан сарайындағы қызметші қыз

Кебаб /а/ — кәуап

Кемер /а/ — белбеу

Керім, кәрім /а/ — жомарт, игі, шарапатты; Алла Тағаланың

99 есімінің бірі

Көдек, гөдек /п/ — жасөспірім бала, сәби

Көксі /т/ — кеуде; көкірек

Құлпат /а/ — қиындық; қысым; имену

Күнәһ — күнә

Кіруер /п/ — мұңды; көзге жас келтіру

Қабағат /п/ — орасан, керемет; өте; ірі үлкен, мал

Қадар /а/ — өлшем, мөлшер

Қади әл-хажат /а/ — пенделердің мұқтажын орындаушы

деген мағынада

Қадым /а/ — ерте, ежелгі; қызмет көрсету, сыйлау

Қайдум /а/ — жол көрсетуші; көсем

Қам /а/ — уайым, қайғы

Қамат /а/ — бұғау; байлаулы, таңулы

Қанділ /а/ — шам-шырақ

Қапу /п/ — есік; қақпа

Қарар /а/ — шешім, қаулы

Қардаш /т/ — туыс

Қаріп /а/ — әріп; таңба

Қатра /а/ — тамшы

Қауаб /а/ — ашу; қазу; шұңқыр

Қаһарат — ашу, айбын

Құда, Құдай /п/ — бүкіл ғаламды жаратушы, Алла Тағала,

Құдірет

Құдыс /а/ — әулие; пір; қасиетті

Құяш /п/ — күн

Лағыл — қызыл түсті асыл тас

Лахыт /а/ — қабір; зират; көр

Ләм, йа, қаф, нун, син — араб әліппесіндегі әріптер атауы

Либас /а/ — киім

Мағзұр /а/ — кешірім, кешу, ақтау; дәлел, сылтау

Мағрұр /а/ — алдану; көрмеу; атаққұмар, менменшіл

Мағшұқ /а/ — ғашық, сүйікті

Мажал /а/ — күш-қуат, әл-дәрмен

Мажара /а/ — таңғажайып оқиға

Мажрух /а/ — жаралы; жараланған

Мазлұм /а/ — әділетсіздікке тап болған, қиянатқа ұшыраған

Мақам /а/ — тұрғылықты жер, орын

Мақрұм /а/ — құр қалу

Мақшар /а/ — адамдардың о дүниеде жаза күніне жиналатын орны

Маниз /а/ — кедергі, қиындық, қарсылық

Маннан /а/ — жомарт, рақымды; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Мансуф /а/ — айырылу; екіге бөліну

Мастер /о/ — шебер

Матлуб /а/ — қажет, керек; талап, тілек

Махзұр /а/ — бақытсыз жағдай; қауіп-қатер

Махкам /а/ — берік, мекеме

Махфуз /а/ — сақталған, жадында ұстаған; тағдыр, пешене; Құран Көрім бойынша, адамдардың тағдыры жазылып тұрған орын; Лаухул Махфуз [*лаух* /а/ — тақта] — Құранның 85-Бурж сүресінің 22-аятында көрсетілгендей, Жерде болған және болашақта болатындардың бәрі жазылған, барлық қасиетті кітаптардың түп негізін сақтаған жазба, тақта

Маһ /а/ — ай

Маһир /а/ — шебер; өнерлі; маман; білгір, көріпкел

Маһруй /п/ — ай келбетті; ару, сұлу

Машық /а/ — үлгі; өнеге; таза, көркем жазу және сурет салу үшін пайдаланатын үлгі

Мәжнүн /а/ — жынды, есі ауысқан

Мәйіл /а/ — ынталы, ынтық; қызығу, ұнату

Мәкір /п/ — қолайсыз жағдай; қиындық

Мәлік /а/ — меншік иесі, қожайын

Мәнзіл /а/ — тұрақ, үй

Мәрк /п/ — өлім; соңы

Мәсжид /а/ — мешіт, Алланың үйі

Мәула /а/ — ие; қожайын

Мәула әлһаум /а/ — жарық дүниенің иесі

Мәшһүр /а/ — атақты; даңқты

Меркаб /п/ — құрам, топ; мәтінде сапарлас мағынасында

Мехнат /а/ — қиындық, бейнет, еңбек

Мейманнауаз /п/ — қонақжай; мейманшыл; меймандос

Мейіран /а/ — мейіран, рақымды

Миннат /а/ — мейірбандық; рақым; шапағат

Минут /о/ — уақыт өлшемі; минут

Мисли /а/ — сияқты, сықылды

Михтаб /п/ — айтушы; шешен

Михр /п/ — күн; махаббат; ынта-ықылас

Миясар /а/ — лайықты, жарасымды

Мохал /п/ — еркін, азат; бос

Мөһір /а/ — мөр

Муазин /а/ — азаншы

Муафиқ /а/ — келісім; келісілген; сөйкес, сай

Мұбтала /а/ — бейнет, қиындық; кіріптар болу

Мұғжиза /а/ — таңғажайып оқиға; керемет

Мұғтибар /а/ — құрмет білдіру, сыйлау; көңіл бөлу; қарым-қатынас

Мұддаға /а/ — тілек; ой; мақсат, арман; мүдде

Мұнафиқ /а/ — өтірікші, екі жүзді; алғашында ислам дінін қабылдап, Мұхаммедті Алланың елшісі деп мойындаған, кейін оның ықпалының күшейгенінен қауіптеніп, қастандық жасаған Мекке тұрғындарының бөлігі

Мұрсал нәби [мұрсал /а/ — жіберілген; нәби /а/ — пайғамбар] — Алла Тағаланың пенделерді тура жолға қою үшін жіберген пайғамбар

Мұхтабан /а/ — сөйлеуші, айтушы; жеткізуші

Мұштақ /п/ — аса құмарлану, аңсау; ынтызар

Мұбәда /а/ — егер де, алда-жалда; алдымен, бірінші

Мұһләт /а/ — мерзім, мәулет, уақыт; мезгіл

Мінәжат /а/ — құлшылық ету

Міскін /а/ — бейшара, мүсәпір

Надамат /а/ — өкініш

Налыс, налаш /т/ — қайғы-қасірет, мұң-шер

Нама /п/ — хат; сөз; кітап

Натауан /п/ — әлсіз, қауқарсыз

Нәби /а/ — пайғамбар

Нәжат /а/ — құтқару; құтылу

Нәжыныс /п/ — әр текті; басқа жыныс өкілі

Нәзний /а/ — сұлу, әдемі қыз

Нәзір /а/ — Құдай жолында берілген садақа, қайыр

Нәпіл /а/ — қосымша, міндетті емес, бірақ сауабы мол намаз, ораза т.б. құлшылықтар

Нәркес — нәркес көз, әдемі, сұлу қыз

Нәумиз /а/ — бақытсыздыққа ұшырату, бейшаралық халге түсіру

Никар /п/ — сүйікті, ғашық; сұлу, әдемі

Нишар /а/ — таралу; жария ету

Ниһаят /п/ — шегі; соңы

Нияз /п/ — керектік, қажетілік; өгініш, тілек; сый, тарту

Олған /т/ — болған

Опадар /п/ — ризық, нығмет беруші; Алла Тағаланың эпитеті

Пәришан /п/ — қапалы, қайғылы, қасіретті

Пәруаз /п/ — жарқыл; сәуле; шұғыла

Пәруана /п/ — түнде ұшатын көбелек. Ауыспалы мағынасы: біреудің жолына құрбан болу, садаға болу, жанын қию

Пәруардигар /п/ — жаратушы Алла, Құдай

Пұтпараст /п/ — пұтқа табынушы

Пінһан /п/ — жасырын, тығулы, бүркеулі

Рабб /а/ — тақсыр; ие, еге, қожа; патша; Алла Тағаланың 99 есімдерінің бірі

Рада /а/ — сүйеніш, тірек; көмек

Ракағат /а/ — намаздың жартысы, бір бөлігі

Расул /а/ — елші; негізінен Мұхаммед [с.а.с.] пайғамбарға айтылады

Рауа /а/ — орынды, жөн

Рауан /п/ — жүру, қозғалу, жылжу

Рауза /а/ — мекен

Рауи, рауиат /а/ — әңгімеші, таратушы

Раушан /а/ — жарық, сәуле

Рахима /а/ — мейірімді Алла Тағала жасаған деген мағынада

Рәмил /а/ — астрология ғылымы; құммен бал ашу

Рәуіш /п/ — төсіл, өрекет, қалып

Рефа /а/ — гүлдену

Руаят /а/ — әңгіме, аңыз

Руби ру /п/ — бетпе-бет; қарама-қарсы

Рузгар /п/ — хал; жағдай; тағдыр

Сағұр /а/ — жалын, алау

Садаф /п/ — маржан

Садық /а/ — адал, әділ; ақиқат

Садыр /а/ — көкірек, жүрек; алдында, алда; құрметті орын

Сақыл /а/ — ие

Салахат — кескін, түр

Санад /п/ — күш; дәлел

Сафа /а/ — сау-саламат; пәктік, тазалық; рахатану, көңіл көтеру

Сахара /а/ — кең жазық, мидай дала

Сахат, сихат /а/ — шынайылық, ақиқат; қиындық; дұрыстық.

Сахат /а/ — дені-бастың саулығы

Сәна /а/ — қайғы; қапа; алғыс, мадақ; тілек-өтініш білдіретін -шы, -ші орнына қолданылатын жұрнақ; *бар-сәна (баршы)*

Сәргардан /п/ — сергелдең

Сәруар /п/ — басшы, көсем (Мұхаммед пайғамбардың атына байланысты қолданылады)

Сәруи /п/ — сымбат, көркем

Сеңа /т/ — саған

Сират /а/ — жол, сапар, бағыт

Сиясат /а/ — салтанат; алаң, ашық жер; өнер; кейбір мәтіндерде үкімет орыны деген мағынада қолданылған

Субхан /а/ — жасаған, күшті, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Сүннет /а/ — діни ұғымда Мұхаммед пайғамбардың істеген іс-әрекеттері және ол құптаған жағымды қасиеттер; әдет, жол; дәстүр; заң, әдет-ғұрып; мәтінде сүндетке отырғызу мағынасында қолданған

Сүткі /о/ — тәулік

Табиб /а/ — дәрігер, емші

Тағбир /а/ — болжам, жорамал, түспал

Тағына /п/ — әжуа, мысқыл; күлкі

Тақат /а/ — күш-қуат

Тақыт — ою-өрнектеліп, безендірілген, арқасы және жақтауы бар мүлік [қазіргі диван тектес]; тақ

Тасифа /п/ — өкініш, мұң, шер

Тауази /п/ — қатар алып жүру; параллель

Тауарих /а/ — тарих сөзінің көпше түрі

Тахқиқ /а/ — шын; ақиқат; іске асыру

Таһарат /а/ — дәрет алу, тазалану. Құран Кәрімді оқырда, намазға жығылар алдында жасалынатын бірден-бір шарт — тазалану, яғни дәрет алу. Сумен үсті-басты, денені жуып қана қоймай, рухани ойды да тазалау.

Тәдбір /а/ — амал, шара

Тәлиб, талаба /а/ — өтінуші, сұраушы; студент, шәкірт, оқушы

Тәсілім /а/ — тапсыру; дүниеден өту; қайтыс болу

Тәрік ету /а/ — ұмыту, елемей; орындамау

Тәуап /а/ — құлшылық ету, табыну, тағзым ету, бас ию, қадір тұту

Тикрар /а/ — қайталау; қайталану

Тұғры /т/ — тура

Уасил /а/ — келу, жету

Уасуаса /а/ — азғырушы, тура жолдан тайдырушы, құлаққа сыбырлап «түртіп» тұратын шайтан; шайтанның көңілге күдік салуы, іштей азғыру, делсалдық

Уәжіп /а/ — міндет, борыш; қағида; шарт, парыз

Уисал /а/ — дидар, жүз; келбет

Ужуд /а/ — бар болу

Ұғыл /т/ — ұл

Ұжмақ /а/ — о дүниеде күнөдан ада, таза адамдардың баратын орны; жұмақ, пейіш

Ұлық /т/ — үлкен

Ұмбет, ұммет /а/ — ел, қауым, жамағат, жол; Мұхаммедтің ұмбеттері, мұсылмандар

Үшбу /т/ — осы

Фазыл /а/ — көрегенді, өнегелі, абзал; артық, артықшылық

Факир /а/ — зиялы; интеллигент

Фалак /а/ — аспан; жеті қат көк

Фариад /п/ — жылау, айқай

Фарқад /п/ — ойын-сауық; рахат; ләззат

Фатиха /а/ — беташар, кіріспе, Құран Кәрімнің бірінші сүресі; бата

Фасыл /а/ — бөлім; бөлік; түр

Фаһим /а/ — түсінік, пайым, зейін, ой

Фирағат /а/ — айырылысу; ажырасу; өзгешелік, ерекшелік, айырмашылық; айырма

Фирақ /а/ — айрылысу

Фирақ оты /а/ — тозақ оты

Фитна /а/ — жаман ниет, арам ой; алдамшы

Хадим /а/ — құл; қызыметші

Хазир /а/ — тыйым, тоқтам

Хаким /а/ — дәрігер, төуіп

Хақ /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Халал /а/ — шариғат бойынша ұлықсат берілген; заңды; не-келеп алған; таза; адал; жарамды

Халас, халас болу /а/ — құтылу, арылу, азат болу

Халик /а/ — жарату; жоқтан бар қылу

Халил /а/ — дос, жолдас; сүйікті

Халлаба /а/ — өтірікші; жалған

Хал-қадар /а/ — жағдайына қарай, әл-қүдіретінше

Хамд /а/ — мадақ, мадақтау, дәріптеу; шүкіршілік

Хамду сәна /а/ — Алланы мадақтау

Хамлә ету /а/ — шабуыл жасау

Хана /п/ — үй; жай

Хандан /п/ — көңілді, жарқын; қауызын ашқан гүл

Ханнан /а/ — қайырымды, жанашыр, мүсіркегіш; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хар /а/ — ыстық; аптап

Хараб /а/ — қирау, талқандау, бүлдіру; соғыс

Харам /а/ — шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]; таза емес, заңсыз

Харидар /п/ — зөру, ынтық болу; сатып алушы

Харир /а/ — жібек мата

Хаста, хасте /п/ — науқас, ауру болу

Хасыл /а/ — нәтиже, қорытынды; арманына, мақсатына жету; хасыл болды — тілегі орындалды

Хасыл кәлам /а/ — қорытынды сөз

Хауыз Кәусар /а/ — жаннаттағы Кәусар өзені

Хафиз /а/ — сақтау; қорғау

Хаят /а/ — өмір; мәңгілік

Хижаб /а/ — мұсылман әйелдерінің бетіне тұтатын жұқа перде

Хижра /а/ — мұсылманша жыл санауы, 622-жылы мұсылман-мандардың Меккеден Мәдинеге көшкен жылынан басталады

Хизан /а/ — мұң, қайғы, зар; қасірет; күз айы

Хилаф /а/ — ант, серт; келісім

Хикаят /а/ — фольклордың және жазба әдебиеттің түрі

Хикмат /а/ — керемет, ғажайып; дана сөз

Хитаб /а/ — бақытсыздық; қасірет

Хор /а/ — діни наным бойынша, жұмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыздар

Ху /п/ — шынайы, табиғи

Хүсни /а/ — жақсы; әдемі

Назар /п/ — бұлбұл

Нажран /п/ — айрылу; айрылысу; қол үзу

Наман /п/ — әрқашан, үнемі, әрдайым; барлығы

Намраһ /п/ — жолсерік; сапарлас; серік

Нанкар /п/ — асығыстық; асығу

Нәлак /а/ — алу, өлім, күйреу, құрып біту

Нәмма, әмма /п/ — барлық, бәрі

Нәңіз /п/ — әлі күнге шейін, әлі

Нидаят /а/ — тура жол іздеу; сый

Шады /п/ — шаттық, жайдарлылық, көңіл көтеру

Шаһариар [шаһар /п/ — төрт, яр /т/ — жар, серік] — яғни Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: **Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли**. Кейде төрт жар деп те аталады. Бұлар араб халифатын билеген төрт әділетті халифа болып, тарихта «әл-хулафа ар-рашидун» деген атқа ие болған.

Шаһид /а/ — ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды; куә, байқаушы, бақылаушы.

Шашма /т/ — бұлақ

Шигыр /а/ — өлең

Шүһри /а/ — даңқты, атақты; белгілі

Шүбһә /а/ — шүбә, күмән

Бждиһат /а/ — ынта, талап

Бқтибар /а/ — ескерту; назарға алу; сенім

Бқтимал /а/ — тасымалдау; сабыр, төзім, шыдам

Бқтиқад /а/ — илану, сену, нану, бойсұну

Бқтияж /а/ — қажеттілік, мұқтаждық

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Басра — Ирактың оңтүстігіндегі қала.

Ирамбагы, Ерамбагы, Ирамбақ, багы Ирам — Шығыс халықтарының әдебиеті мен фолькорында кереметтей, ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Ирамбақ — оңтүстік Арабия өмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Қағба — Меккедегі мұсылмандар құлшылық ететін аса қастерлі орындағы тұңғыш ғимарат. Ол мұсылмандар аспаннан түсті, Құдай жіберді деп санайтын үлкен қара тасты қоршай салынған.

Құддыс — қазіргі Израиль мемлекетінің астанасы Иерусалимнің ежелгі аты. Бұл шаһар әлемдік діндердің шығу тарихымен байланысты зор құрметке ие болған. Онда иудей, христиан және Ислам діндерінің қатар табынатын қадірлі діни ескерткіштері баршылық. Осы арада мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі — «Әл-Ақса» (Бәйтул Мұқаддас) мешіті бар. Құран Кәрімдегі «Миграж» сүресінде және басқа да діни аңыздарда Мұхаммед (с.а.с) пайғамбардың «Көкке көтерілу» (Алла Тағаламен дидаласу, яки оның хұзырында болу) сапары осынау мешіттен бастау алады.

Мәруа, Сафа — Қағбаға жақын маңайда орналасқан екі төбешік. Олардың үстіне шыққан адам Қағбаны көре алады. Ислам дінінің негізі бойынша, қажылық міндетін атқару мақсатымен Меккеге барған адам осы екі төбенің арасында жеті рет жаяу қалыпты жүріспен жүріп, тек белгілі сызық арасында ғана жылдам жүріп өтуі тиіс.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Османия — Осман империясы, сұлтандар билеген Түркияның ресми атауы. XV-XVI ғасырларда түріктердің Азиядағы, Еуропа мен Африкадағы басқыншылығы нәтижесінде пайда болды. 1258-1324 ж.ж. өмір сүрген түрік сұлтаны Осман I негізін салған. Осман I басқарған түріктің Қайы тайпасын, кейінірек Осман мемлекетінде билік құрған халықты құрайтын басқа түріктерді де «османдар», дәлірек айтқанда «османдықтар» деп атаған. Бұл мемлекет 1924 жылы 3 наурызға дейін өмір сүрді.

Тор тауы (Синай тауы) — аңыз бойынша, осы арада Мұса пайғамбар Алла Тағаламен тілдескен делінеді, қазірге дейін мінәжат тауы деп аталады. Құран Кәрімде бұл атау он мәрте кездеседі.

Фердаус (парсы) — дәл мағынасы: жұмақ бағы. Құранның айтуы бойынша, жұмақ бірнеше бөліктен тұрады. Біреуінің атауы — Фердаус. Мұсылман елдерінің фольклоры мен әдебиетінде «Фердаус» — мәңгі гүлдеп тұратын мәуе бақтың символы.

Шам — Сирияның арабша атауы.

Шын — Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырда Қытайды «Чин» деп атаған. Бұл — біздің дәуірімізге дейінгі 221 жылдан бастап Қытай елін билеген Цинь династиясының өзгертілген атауы

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Айтқожин Рамазан (1879-ж.-?)— халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Абай атындағы ауылда туып-өскен. 1895 жылы «Бозаманның қиссасы» дастанын Сейітқали Ментаевтан жазып алып, 1952 жылы ӘӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырған.

Есенжолов Ерғали (1888-1953) — Торғай облысы, Жанкелдин ауданында туып-өскен. 1902 жылы аудандық мектепті, 1907 жылы Қостанайдағы екі кластық училищені бітіреді. 1907-1951 жылдары ауылда мұғалім болып қызмет атқарады. Е.Есенжолов сол кезден бастап қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырған. 1948 жылы «Қисса Ләйлі — Мәжнүн» дастанын ОҒК-нің Қолжазба қорына тапсырған.

Сабалұлы Ақылбек (1880-1919) — ақын, жыршы, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ақын араб, парсы, түрік пен орыс тілдерін, шығыс әдебиетін жетік меңгерген. Өзінің айтуы бойынша, Сабалұлы Ақылбек Абай аулынан, тіпті шешесі Абайдың туысы болған.

Сабалұлы Ақылбек «Қисса Таһир — Зүһра», «Бозжігіт», «Алтын балық» т.б. дастандарды ел аузынан жинап, өңдеп кітап етіп бастырған.

Тінібеков Жақып — халық ақыны. Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Малдыбай аулында дүниеге келген. «Бозаманның қиссасы» дастанын ел аузындағы ертегіден өлең етіп жырлаушы.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Л — Ленинград

М — Москва

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қисса Ләйлі — Мәжнүн. — ОҒК: Ш.2001. Тапсырған: *Есенжолов Е.*
2. Қисса Таһир — Зүһра. — Қазан, 1911.
3. Бозаманның қиссасы. — ӘӨИ: П. №105. Жырлаушысы — *Тінібеков Жақып.* Жинаушысы — *Айтқожин Рамазан.*

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. *Азибаева Б. У.* Казахские народные романические дастаны. — Алма-Ата: Ғылым, 1990.
2. *Азибаева Б. У.* Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998.
3. *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы. — Алматы: Ғылым, 1993.
4. *Бертельс Е. Э.* Избранные труды. Низами и Фузуди. — М., 1962.
5. *Брагинский И.С.* Из истории таджикской народной поэзии. — М., 1956.
6. Ғашық-наме. — Алматы: Жазушы, 1976.
7. Ғашықтық дастандар. — Алматы: Ғылым, 1994.
8. *Дүйсенбаев Ы. Т.* Қазақтың лиро-эпосы — Алматы: Ғылым, 1973.
9. *Камалқызы Ж.* Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасы. // Филол.ғылым.кандид.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты. — Түркістан, 1999.

10. *Короглы Х.Г.* Узбекская литература. — М.: Высшая школа, 1976
11. *Крачковский И. Ю.* Избранные сочинения. Т. II. — М., 1956.
12. *Күмісбаев Ө.* Екі перне. — Алматы: Жазушы, 1980.
13. *Қыраубаева А.* ШЫҒЫСТЫҢ ҚИССА-ДАСТАНДАРЫ. — Алматы: Рауан, 1997.
14. *Нарзуллаева С.* «Лейли и Меджнун» в истории литературы народов Советского Востока. — Ташкент: Фан, 1983.
15. *Сатбаева Ш. К.* Казахская литература и Восток. — Алматы: Наука, 1982.
16. Тахир и Зухра. — Ташкент, 1951.
17. Тохир и Зухра. — Ташкент, 1941.
18. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов.* — М., 1968.
19. Древнетюркский словарь. — Л., Наука, 1969.
20. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
21. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
22. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І. К. Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
23. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов стотомного Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», издаваемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Деятнадцатый том названного Свода, также как семнадцатый и восемнадцатый, включает в себя романические (любовные) дастаны, это: «Қисса Ләйлі—Мәжнүн», «Қисса Таһир—Зүһра», «Бозаманның қиссасы».

Содержание этих произведений составляет чистая, беззаветная любовь героев по своему выбору и перепитии борьбы их за право на эту любовь, за счастье быть вместе.

«Қисса Ләйлі—Мәжнүн» является, по существу, фольклорным переложением известной поэмы Физули «Лейли—Меджнун», которая была хорошо известна в Казахстане. Сюжетную же основу поэмы Физули составили легенды и предания, связанные с именем Кайс ибн Муада, арабского поэта, жившего на рубеже VII-VIII веков. Кайс ибн Муад прославился своей страстной и нежной, беззаветной любовью к Лейли. В своей любви Кайс был неистов, он не признавал никаких условностей, за что был прозван Межнуном (одержимый любовью).

Рукопись «Қисса Лейлі—Мәжнүн» хранится в Центральной научной библиотеке МОН РК (Ш.2001, арабская графика). Сюжет и содержание дастана дают основание предполагать, что создатели казахского фольклорного варианта были знакомы не только с произведением Физули, но и с народными легендами о бессмертной любви Межнуна и Лейли.

Дастан «Қисса Тахир–Зухра», в целом, очень близко напоминает «Козы Корпеш — Баян Слу». Также как и в древнем эпосе, основу завязки составляет обручение неродившихся еще детей. Также клятвоотступником является кто-то из родителей невесты. Также появляется традиционная фигура раба-предателя, равнодушного к героине. Как и основные версии «Козы Корпеш — Баян Слу» дастан «Қисса Тахир-Зухра» имеет трагический исход. Анализ показывает, что дастан является более поздней формой интерпретации архаического сюжета, созданной в условиях городской феодальной культуры Средней Азии и Южного Казахстана. Другими словами в «Козы Корпеш — Баян Слу» древний сюжет разрабатывается в русле эпической традиции и отражает жизнь степного кочевого общества, а в «Қисса Тахир-Зухра» тот же самый сюжет разрабатывается уже в русле дастанной традиции и отражает типично городской уклад жизни восточного феодального общества. Именно по этой причине здесь бездетные падишах и визирь, вместо поклонений святым местам, обращаются к врачевателям; вполне понятно также появление образа дервиша, довольно типичной фигуры базаров, площадей и улиц всего мусульманского Востока, яблока, являющегося символом любви и т.д.

Лейтмотив дастана «Бозаманның қиссасы» — мечта о возлюбленной 15-летнего Бозамана, единственного сына Карабая. Своей мечтой и поиском красавицы он очень близок к образу Толегена из лиро-эпоса «Кыз Жибек».

Здесь так же, как и в эпосе «Кыз Жибек», действие начинается с того, что герой однажды слышит о дочери калмыцкого хана Бурахана — девушке несравненной красоты по имени Акбилек. Забыв о матери и отце («Ата-ана, жұрт ойда жоқ»), не слушая уговоров и предупреждений о предстоящих испытаниях, герой выезжает на поиски невесты.

Дастан «Бозаманның қиссасы» по сюжетному составу является контаминацией двух сюжетов: поиски жены и подмененная жена. Причем, первый сюжет разработан в духе эпоса, а второй — сохранил сказочный дух, при этом вторая часть дастана выглядит как бы своеобразным эпилогом, повествующим о том, что происходит с героем, достигшим своей цели. Например, выехав на поиски красавицы Акбилек, Бозаман (по прибытии в страну будущего тестя) ведет себя как эпический герой, и, как

это ни странно, в нарушение общепринятых фольклорных норм отец немедленно удовлетворяет требование девушки Бозамана и отдает за него свою дочь. Как видим, здесь выпали обязательные в эпосе и сказке трудные испытания героя тестем и героическое сватовство.

Дальнейшие события показывают, что эпический мотив узавания героя, облегчивший его сватовство, вводится для того, чтобы сконцентрировать внимание слушателей и читателей на психологических коллизиях, создавшихся в результате хитроумных и коварных козней черной рабыни, погубившей Акбилек и занявшей ее место, т.е. вторая часть почти полностью совпадает в основных компонентах с международным сказочным сюжетом «подменная жена».

Том подготовлен в соответствии с принципами издания серии «Бабалар сөзі», то есть он снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, героях фольклорных и литературных произведений, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Тексты, публикуемые в томе, подготовлены с первоисточников, адекватно оригиналам.

Объем тома — 20,5 п.л.

SUMMARY

M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of the 100 volume collection of Kazakh folklore «Babalar Sozi» published within the State Program «Madeni mura» («Cultural heredity»).

The nineteenth volume of the mentioned collection as well as the seventeenth and eighteenth includes romantic (love) dastans such as: «Kissa Lyaili-Mezhnun», «Kissa Takhir-Zukhra», «Bozamannin kissasi».

The content of those works is a clean devoted love of the heroes chosen by themselves and the upheaval of struggle for their love and happiness.

«Kissa Lyaili-Mezhnun» is a folklore interpretation of the well known poem of Fisuli «Leili-Medzhnun» that was well known in Kazakhstan. The plot of the poem of Fisuli is based on the legends related to the name of Kais ibn Muada the Arab poet who lived at the edge of VII-VIII centuries. Kais ibn Muad was famous for his passionate and delicate devoted love to Leili. Kais was furious in his love, he didn't recognize any conditions and for this he was named Medzhnun (obsessed by love).

The manuscript «Kissa Leili-Medzhnun» is preserved at the Central scientific library, Ministry of Education and Science, Republic of Kazakhstan (S.2001, Arabic graphics). The plot and content of dastan assume that the creators of Kazakh folklore version were familiar not only with the works of Fisuli but also with folklore legends about eternal love of Medzhnun and Leili.

In general the dastan «Kissa Takhir-Zukhra» is very close to «Kozy-Korpesh-Bayan-Sulu». Its plot is similar to the plot of the ancient epos- engagement of the unborn children. Also one of the

parents is breaking the rule. Also the type of traditional slave-betrayer who loves the fiancé. As the main versions of «Kozy-Korpesh-Bayan-Sulu» the dastan «Kissa Takhir-Zukhra» has a tragic end. The analysis shows that the dastan is the most late form of interpretation of the archaic plot created in the city feudal culture in Central Asia and South Kazakhstan. The ancient plot in «Kozy-Korpesh» is developed within epic tradition and reflects the life of steppe nomadic society and «Kissa Takhir-Zukhra» is the same plot that is developed within dastan tradition and reflects typical city life style of the Oriental feudal society. Namely because of this reason the childless vizier and the ruler instead of worshipping the holy places apply to sorcerers; also the appearance of the dervish typical type of the bazaars, squares and streets of the whole Moslem Oriental world is understandable and the apple — the symbol of love etc.

The leitmotif of the dastan «Bozamannin kissasi» is based on the dream of the 15 year old Bozaman the only son of Karabai about the beloved girl. He is similar to the type of Tolegen in his dream and search of the beauty from the lyric epos «Kyz Zhibek».

Like in the epos «Kyz Zhibek» the action begins from the moment when the hero learns about the daughter of the Kalmyk khan Burakhan- the girl Akbilek who is unusually beautiful. The hero doesn't obey his mother and father, doesn't hear the warnings about the future difficulties and obstacles and starts searching his fiancé.

Dastan «Bozamannin kissasi» according to the plot is a contamination of two plots: search of the wife and the substitution of the wife. The first plot is developed as an epos but the second has preserved tale spirit. If in the first part the events are developing in the tale-epic aspect and have complete entirety, the second part looks like an epilogue telling about what happens to the hero who has achieved his goal. For example, having started his search of the beauty Akbilek, Bozaman (when he arrived the land of his future father-in-law) behaves as an epic hero and the father of Akbilek immediately fulfils his demands and lets him marry his daughter Akbilek that is a violation of all folklore norms. As we can see here the difficult tests of the hero and heroic matching are missing although they are compulsory for the most of tales and epos.

Further events show that epic motive of recognizing the hero that made easier his matching is introduced in order to concentrate the listeners and readers attention on physiological collisions that occurred as a result of the cunning and insidious machinations of the black slave who made harm to Akbilek and took her place i.e. the second part is almost the same in main components with the international tale plot «substituted wife».

The volume is prepared according to the publication principles of the series «Babalar sozi» i.e. it includes the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textology analysis of the texts; data on historical and religious figures, heroes of folklore and literary works whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

All texts were prepared adequately to the original sources.

The volume includes 20,5 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Қисса Ләйлі — Мәжнүн 9

Қисса Таһир — Зүһра 162

Бозаманның қиссасы 258

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме 281

Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 294

Сөздік 301

Жер-су атаулары 315

Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
hәм жинаушылар туралы мәлімет 317

Шартты қысқартулар 318

Пайдаланылған әдебиеттер 319

Резюме 321

Summary 324

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

19 том

РОМАНИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. К. Тұрлынова*

Редакторы *Ү. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *Ж. Т. Салтақова*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген **«Баур» баспасы**

ИБ № 2041

Теруге 12.09.05 жіберілді. Басуға 05.10.05 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.

Қаріп түрі **«Мектептік»**. **Офсеттік қағаз**. **Офсеттік басылыс**.

Шартты баспа табағы 20,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №385.

«Фолиант» баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

